

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 378:091.3:82

Қолжазба құқығында

НАЙМАНБАЕВ АЛМАС АБДЫМАНАПОВИЧ

**Жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды
оқыту әдістемесі**

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD) дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:
Филология ғылымдарының докторы,
Профессор Б. Әбдіғазизұлы

Шетелдік ғылыми кеңесшісі
Доктор, доцент Мехмет Акиф Созер

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
КІРІСПЕ	6
1 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ МИФТІК САРЫНДАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	12
1.1 Фольклортану ғылымында мифтердің жанрлық түр ретінде зерделенуі.....	12
1.2 Қазақ мифтерінің мағыналық-құрылымдық ерекшеліктері: көркем прозаға кірігу процесі.....	29
1.3 Мифтік сарындардың қазіргі қазақ повестеріндегі интерпретациясы.....	46
2 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ МИФТІК САРЫНДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	67
2.1 Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың философиялық арналары.....	67
2.2 Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың психологиялық мәселелері.....	79
2.3 Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың педагогикалық негіздері.....	92
3 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ МИФТІК САРЫНДАРДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЭКСПЕРИМЕНТ НӘТИЖЕЛЕРІ	103
3.1 «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» пәнінің білім мазмұны.....	103
3.2 Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың инновациялық жолдары.....	116
3.3 Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту бойынша жүргізілген эксперимент және оның нәтижелері.....	129
ҚОРЫТЫНДЫ	147
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	149
ҚОСЫМШАЛАР	158

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті - Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // «Егемен Қазақстан», 2012 жылғы 15 желтоқсандағы № 828-831 (27902).

Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 06 сәуір. 2017 ж.

Қазақстан Республикасының Президенті - Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы // 28 ақпан 2007 ж.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. // Алматы: Юрист, 2007.— 42 б.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертацияда төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер пайдаланылған:

Автор – көркем туындыға таза ішкі ұстанымдағы қарым-қатынастағы тұлға, өмірлік тәжірибені тасымалдаушы, көркемдік әлемді тудырушы және онда әрекет ететін кейіпкерлерді дүниеге әкелуші, жасаушы. Автор тарихты жасайды, кейіпкерлерді ойлап табады, көркем туындыны детальдармен, оқиғалармен толықтырады, стиль таңдайды, пішінді өзі анықтайды. Басқаша айтқанда, автор көркем туындыны жасаушы қайнар көз.

Әдебиет – арабша «асыл сөз» деген мағына береді. Сөз өнері, әлеуметтік мәні бар шығармалар жиынтығы. Әдебиет жанрлық жағынан ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті болып бөлінеді. Мазмұнына қарай көркем әдебиет, ғылыми-техникалық, саяси болып бөлінеді.

Әдеби-көркем шығарма – үнемі қозғалыс, даму, өзгеріс, қайшылықта болатын адам өмірінің қандай да бір шектеулі ортадағы көркем бітімі.

Интерпретация – латынның «Interpretatio – делдалдық (посредничество)» деген ұғымынан тарайды. Яғни, көркем шығарманы қабылдау, түсіну мен талқылау, ой қорыту, шығармашық өңдеуден өткізу.

Миф – архетипті санадан құралған символикалық жүйе; интермәтіндік кең аямен байланысты мәтін, жиілігі жоғары үлігілі мәтін; табиғи тілге қатысты өзге де екінші деңгейлі метотілдермен қатар келетін морделдеуші жүйе.

Мифологизм – көркемдік тәсіл және осы тәсіл арқылы ашылатын әлемді сезіну ретінде қарастырылатын ХХ ғасырға тән әдеби құбылыс.

Мифологиялық ой – нақтылы-образдық ойлау тәсілі, байырғы нанымдар, әлемге қатынас пен эмпирикалық білім жинақталған шындықтың мәнін ашатын форма.

Мифопоэтика – шығармаға мифологиялық сюжет, образ, мотивтің «проекциясын» зерттеу. Әдеби мәтін сюжетіндегі мифологиялық құрылымдардан және мифологиялық образдардан тұрады.

Мифофольклор – мифтік сана мен ойлау-жүйесінің, мифтік таным мен наным-сенімнің фольклор нұсқаларында кездесіп, олардың астарында көркемделген форма мен мазмұнды пішінде көрініс табуы.

Эсхатологиялық мифтер – ақыр заман туралы мифтер, космогониялық мифтермен қатар жүреді және хаос пен ғарыш күштерінің тайталасымен байланысты. Мұндай мифтердің бір түрі алдағы уақытта болуы мүмкін заманның ақыры туралы мифтер.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚРБЖҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ЖОО – жоғары оқу орны

PhD – философия докторы

т.б. – тағы басқа

лат. – латын тілінен

RWCT – Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау

СТО – сын тұрғысынан ойлау

СӨЖ – студенттің өздік жұмысы

СОӨЖ – студент пен оқытушының өзара жұмыс

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі: Әдебиет – ұлттың рухани келбеті. Өскелең ұрпақ өз халқының рухын, жан дүниесін түсіну үшін алдымен ұлттық әдебиетін оқуы маңызды. Сонда ғана өткен тарихы мен болашағын тани алатын болады. Әдебиетті оқытудың – адамгершілік-эстетикалық тәрбие бағытын нығайтуға ықпалы зор. Ол өнердің бір саласы (А.Байтұрсынов). Адамның жаратылысын зерттейтін ғылым «адамтану» болса, адамды парасаттылық пен ізеттілікке тәрбиелеу құралы «әдебиет пәні» екендігі анық.

Басқа қоғамдық ғылымдар секілді қазақ әдебиеттануы да ұлттық көркем әдебиет туралы жеке ғылым саласы ретіндегі қалыптасу жолын, бастан өткерген тарихи дәуірлеріндегі қол жеткізе алған жетістіктері мен кемшіліктерін ғылыми тұрғыда саралауды қолға алды. Онсыз қандай да болсын ғылым саласының өсіп-өркендемейтіні белгілі. Әсіресе кешегі кеңестік дәуірдегі тоталитарлық жүйе кезіндегі маркстік-лениндік әдіснамаға сай артық-кем айтылып, қағидаға айналып кете жаздаған қателіктердің орын алу себеп-салдарларын бүгінгі күн тұрғысынан таразылауды заман өзі талап етіп отыр. Бұл тұрғыдан алғанда ұлттық әдебиеттану ғылымының бастан өткізген негізгі кезеңдері, яғни туу, жетілу, қалыптасу дәуірлерін арнайы зерттеудің, шығармашылық кескін-келбетін, әдіснамалық мәселелерін ғылыми тұрғыда саралаудың шешуші қадам болып табылатыны анық. Өйткені, ұлттық әдебиет туралы ғылым белгілі бір білімдер жиынтығы мен әдеби құбылыстарды танып-білу құралы ретінде өзінің ұғым-түсініктері теориясы, әдіснамасымен бірден қалыптаса қойған жоқ, қиын-қыстауға толы ұзақ та күрделі тарихи жолды бастан кешірді.

Қазіргі өзгермелі қоғам жағдайында өркениетті елдер қатарынан орын алу әр мемлекеттің білімінің беріктігіне байланысты. Қазақстандық білім беру жүйесі де әлемдік деңгейге сай жаңа құрылымдық сипат алуда. Сондықтан да отандық білім беру жүйесінің әлемдік стандартқа сай даму деңгейі еліміздің әлемдік қауымдастықтан орын алуының басты факторы болып табылады.

Еліміздің жоғары білім беру жүйесін дамыту стратегиясының басты мақсаты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тани отырып, оның шығармашылық еркіндігі мен белсенділігіне және кәсіби іскерлігінің дамуына жағдай жасау болып табылады. Әлемдік білім кеңістігінің барлық өркениетті елдері білім беру саласына үлкен жауапкершілік жүктейді және өзгермелі қоғамда өз пікірін айта алатын және шешім қабылдай алатын болашақ мамандарды жоғары дамыған тұлға ретінде қалыптастыруға үлкен мән береді. Бұған халықаралық деңгейде, соның ішінде Болон үдерісінде заманауи білім беруді дамытуға бағытталған реформалардың қарқынды дамуы дәлел. Сонымен бірге, білім беру философиясы мен әдістемесін жаңа бағытта қарастыру, пәндер бойынша білім беру мазмұнындағы құрылымдық өзгерістер жоғары оқу орындарында гуманитарлық пәндерді, атап айтқанда қазақ әдебиетін жаңаша оқытуды қажет етеді. Болашақ қазақ әдебиеті мамандарының ой-өрісін,

сонымен бірге зияткерлік қабілеттіліктерін, шығармашылық мүмкіндіктерін, тұлғалық әлеуетін дамытуда қазақ халқының ұлттық коды болып табылатын көркем әдебиеттің, соның ішінде қазіргі қазақ повестерінің алар орны ерекше.

Сондықтан да ел егемендігі тұсында дәстүрлі этнография мен фольклорлық сарындарға әдебиеттің қайта оралып, оқырманның танымдық көкжиегін кеңейтудің амал-тәсілдеріне айналғанын ғылыми дәлелмен жүйелей отырып ашып көрсету – заман мұраттарымен үндесіп жатқан міндеттердің бірі. Сол арқылы ғана қазақ әдебиетінің, соның ішінде қазақ повестеріндегі көне архаикалық ұжымдық ойдан фольклорлық поэтикалық ойлауға, одан жеке автордың даралық ой-сезіміне дейінгі даму сатыларын айқындауға болады.

Алаш зиялыларынан бастау алған бұл көркемдік үрдістің әртүрлі қоғамдық өзгерістерге сай даму ерекшелігін ашу бүгінгі жаһандану үрдісіндегі әдебиеттану үшін ең өзекті мәселе. Себебі, көркем әдебиеттің ұлттық руханияттың аса маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі мән-маңызын саралау – заман талабынан туған қажеттілік.

Ал, жоғары әдеби білім беруде қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды меңгеруге деген кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жолдарының нақтыланбауы, қазіргі заман әдебиетінің бағдарламалық деңгейде жеткілікті дәрежеде қамтылмауы, ғылымда қазіргі қазақ повестеріндегі эксперименттердің, әдеби туындыларды талдаудың әдіснамалық және оқытудың әдістемелік жүйесінің қалыптаспауынан туындаған мәселелердің әлі де шешімін толық таппай отырғандығы зерттеудің қарама-қайшылықты тұстарын көрсетеді. Атап айтқанда: қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту жоғары мектептің әдеби білім мазмұнында ғылыми әдістемелік тұрғыда жүйелі және монографиялық дәрежеде толық қамтамасыз етілмеуі; жоғары білімді филология, қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары түлектерінің қазіргі қазақ повестерін интерпретациялау, жинақтау, талдау, сараптау дағдыларын әдістемелік тұрғыда толық меңгере алмауы арасындағы қарама-қайшылықтар зерттеу жұмысымыздың тақырыбын «Жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесі» деп тандауымызға негіз болды. Сондықтан да ұлттық әдебиеттің ежелгі нұсқаларын, олардың повестердегі көріністерін ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан талдап, зерттеу, жүйелеу – тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдістеме ғылымында қарастыру тақырыптың өзектілігін айғақтайды.

Зерттеудің мақсаты: Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың теориялық және ғылыми-әдіснамалық негіздерін ұсынып, білім беру үдерісіне ендіру мүмкіндіктерін қарастыру.

Зерттеудің міндеттері:

- фольклортану ғылымында мифтердің жанрлық түр ретінде зерделенуіне мән беру;
- қазақ мифтерінің мағыналық-құрылымдық ерекшеліктері мен көркем прозаға кірігу процесін айқындау;
- мифтік сарындардың қазіргі қазақ повестеріндегі интерпретациясына талдау жасау;

– мифтік сарындарды оқытудың философиялық, психологиялық, педагогикалық арнасын зерделеу;

– қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту пәнін оқу үдерісінде пайдалану үшін таңдау курсының білім мазмұны мен әдістемесін ұсыну;

– қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың инновациялық жолдарын, оқыту бойынша эксперимент және оның тиімділігін нәтижелеріне сүйене отырып дәлелдеу.

Зерттеу нысаны: Жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту мәселесі.

Зерттеу пәні: Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту

Зерттеу әдістері: Зерттеу проблемасына сай кәсіби маман іс-әрекетінің табиғаты мен мақсатын ашатын теория мен практиканың тұтастығы туралы әдіснамалық ұстанымдар мен теориялар, маңызды философиялық қағидаларды құрайды. Философиялық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау, озық педагогикалық іс-тәжірибелерді жинақтау, эксперимент жүргізу, сауалнамалық тест алу, эксперимент нәтижелерін өңдеу мен қорытындылау.

Зерттеудің жетекші идеясы: Қазақ повестеріндегі мифтік сарындардың ерекшеліктерін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан саралап, оның нәтижесін білім беру үдерісінде пайдалану арқылы болашақ филолог және қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын дайындауға, жастардың бойында отанға деген патриоттық сезімін оятуға септігін тигізеді.

Зерттеудің ғылыми болжамы: Жоғары оқу орындарында «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» пәнін ұсыну, таңдау пәні ретінде енгізу студенттердің әдебиеттану бағытындағы ғылыми-теориялық білімін арттырады. Егер «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» пәні арқылы білімалушылардың пәндік құзыреттілігі қалыптасып, ғылыми-әдістемелік жүйесі айқындалған жағдайда, онда студенттер қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығын саралай отырып, өзіндік ой-пікірлерін айтуға және қорғауға дағдыланады. Көркем прозадағы ұлттық құндылықтар мен фольклорлық мұраларды құрметтей білуге үйренеді. Сонымен қатар жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде танылады. Өйткені теориялық білімге негізделген пәндік құзыреттіліктер қашанда өзінің оң нәтижесін береді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: Прозадағы, оның ішіндегі қазіргі қазақ повестеріндегі фольклорлық мұралар және әдебиетті оқыту әдістемесі жайлы еңбектерден А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, М.Қаратаев, С.Қирабаев, З.Ғабдолов, М.Дүйсенов, Р.Нұрғали, С.Қасқабасов, З.Ахметов, М.Ғабдуллин, Ж.Дәдебаев, Б.Майтанов, М.Қараев, С.Негимов, Д.Ысқақұлы, С. Асылбекұлы, Б.Әбдіғазыұлы, Б.Омарұлы, Ж.Жарылғапов, Т.Жұмажанова, Г.Пірәлиева, Қ.Жанұзақова, Г.Балтабаева, У.Қалижанұлы, М.Әйтімов, Қ.Бітібаева, Ұ.Ибрагимова, Б.Сманов, Б.Жұмақаева, С.Мақпыров, Б.Әрінова, Г.Орда,

А.Исмақова, А. Таңжарықова, К.Медеубаева және тағы да басқа зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде қолданылған әдістерді басшылыққа алып, жасаған теориялық тұжырымдарына сүйендік. Пәнді оқыту мен пән мазмұнын айқындауда дидактикалық және теориялық жетекші ұстанымдар, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне арналған тәжірибелер, соңғы жылдары кеңінен қолданылып жүрген оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері басшылыққа алынды. Педагогика, психология, философия, әдістеме ғылымының жетістіктері, отандық және шетелдік құндылықтарды ұтымды да тиімді пайдалану ескерілді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы: Қазіргі кезеңдегі әдебиеттану ғылымының оқыту әдістемесі мен жетістіктері, дидактиканың педагогикалық ережелері, оқыту нәтижесінде студенттердің ақыл-ой қабілеттерінің дамуы туралы отандық және шетелдік психолог-педагогтардың іргелі теориялық тұжырымдары, білім берудің мемлекеттік стандарты, оқу-әдістемелік тұжырымдамалар, бағдарламалар, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, оқытудың жаңа технологиялары туралы ғылыми-әдістемелік еңбектер зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңыздылығын жазуға негіз болды.

Біз ұсынып отырған жаңа пәннен алатын білім аясының ұлттық құндылықтарға негізделіп, әдебиетші-мұғалім тұлғасының қалыптасуы мен дамуының әлеуметтік, қоғамдық, психологиялық, педагогикалық мәнділігін тұжырымдауға септігін тигізеді. Мифтік сарындағы повестерді талдау уақыт, қоғам, адам, кейіпкер мінезі, ұлттық сана, философиялық ой, психологиялық маңыз, педагогикалық негіз жолдары анықталатын бұл ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері «Қазақ халық ауыз әдебиеті», «Әдебиеттануға кіріспе», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәндеріне альтернативті пән, арнаулы курс, семинар жүргізуде пайдалануға болады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- қазақ повестеріндегі мифтік сарындардың ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалды;
- мифтік сарындарды оқытудың философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздері анықталды;
- болашақ филолог, қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын даярлауда пайдалану үшін «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» курсының оқу-әдістемелік кешені дайындалып әзірленді;
- мифтік сарындарды оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдердің түрлері ұсынылды;
- оқыту бойынша жүргізілген эксперимент және оның нәтижелері берілді.

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік базасы: Эксперимент әдісі Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінде жүргізіліп, қорытындысы тұжырымдалды.

Зерттеу үш кезеңде жүргізілді:

1. Бірінші кезеңде (2015-2016 жж.) зерттеу жұмысының тақырыбы мен бағыттары анықталды. Білім философиясы, психологиясы, педагогикасы,

әдебиеттану ғылымы мен әдістеме салалары бойынша негізгі еңбектер зерделенді. Нәтижесінде зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негіздері мен мақсат- міндеттері айқындалып, ғылыми болжамы, пәні анықталды.

2. Екінші кезеңде (2016-2018 жж.) әдебиетті оқытудың жай-күйі, оқытудың жаңа бағыттарын анықтауда белгілі әдебиеттанушылар мен әдіскер-ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалды. Жоғары мектепте студенттердің пәндік құзыреттілігін қалыптастырудың жолдары сараланып, эксперимент жүргізудің материалдары дайындалды.

3. Үшінші кезеңде (2018-2020 жж.) қорытынды экспериментте экспериментке топтастырылған материалдардың негізінде студенттердің білім деңгейінің көрсеткіші тексеріліп, сапасы анықталды. Эксперимент және бақылау топтарының нәтижесі салыстырылды. Эксперимент жұмыстарының қорытындысы жасалды. Зерттеу жұмысының нәтижелері тұжырымдалынып, қорытындылар жүйеленіп, диссертация түрінде рәсімделді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Қазақ повестеріндегі фольклорлық элементтер ұлттық құндылығымен ерекшеленеді, жастардың бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады.

2. Жоғары мектеп студенттеріне қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту – болашақ мамандардың жан-жақты дамуына, білім сапасының артуына мүмкіндік береді. Ұлттық құндылықтарды, баға жетпес мұраны бағалай білуге үйренеді, сол арқылы интеллектуалдық әлеуетін дамытады.

3. Қазақ повестеріндегі фольклорлық сарындарды оқыту технологиялары арқылы меңгерту білімалушылардың болашақ мамандығына қажетті теориялық мәліметтерді талдап, саралай білуіне, жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін шыңдауға жетелейді.

4. Студенттердің танымдық қабілетін дамытуға бағытталған ғылыми-әдістемелік жүйе қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың арнайы ұстанымдары негізінде жүзеге асырылып, оң нәтижесін береді.

5. Қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды тәжірибелік (практикалық) тұрғыдан меңгертудің деңгейі студенттердің қалыптасқан дағдылары мен іс-әрекеттерінің көрсеткішімен анықталады. Нәтижесінде пәндік құзіреттіліктері қалыптасады.

6. «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» курсының оқу-әдістемелік кешені мен бағдарламасы ұсынылды.

Зерттеу нәтижесінің дәлелдігі мен негізділігі:

Зерттеу жұмысының нәтижелері әдіснамалық тұрғыда дәлелденуімен, зерттеу әдістерінің тиімділігімен, зерттеу еңбектеріне талдау жасалуымен, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті С. Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында бакалавр «5В011700 – қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» таңдау курсының оқу үдерісіне енгізілуімен қамтамасыз етілді.

Зерттеу жұмысының сарапталуы мен жариялануы: Зерттеу жұмысының теориялық мәселелері мен тұжырымдары халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық

конференцияларда баяндама тұрғысында тыңдалып, ғылыми жинақтарда 2 мақала жарияланды. Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда – 5, халықаралық скопус мәліметтер базасына тіркелген журналдарда 2 мақала, отандық ғылыми басылымдарда 1 мақала, барлығы – 10 ғылыми мақала жарияланды.

Диссертация құрылымы: Ғылыми еңбек кіріспеден, негізгі 3 тараудан, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттерден және қосымшалардан тұрады.

1 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ МИФТІК САРЫНДАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Фольклортану ғылымында мифтердің жанрлық түр ретінде зерделенуі

Бүгінгі кемелденген жазба әдебиеттің алтын арқауы, рухани өнеріміздің алғашқы тұғыры фольклор екені даусыз. Фольклор – ілкі заманда туып, ұрпақтан-ұрпаққа аманат ретінде қалдырылған рухани мұра. Ал, әдебиеттің фольклормен арақатынасы әдебиеттің даму тарихымен тығыз байланысты. Әдебиет өз даму тарихының әрбір кезеңінде фольклормен біте қайнасып, бірге тіршілік етіп келеді. Көркем шығармаларда белгілі бір сюжетті құруға, кейіпкердің образын ашуға, оқиғалардың шешімінде, жалпы шығарманың бүкіл өн бойына «жан» беріп, көркемдік тәсіл ретінде қолданылуына қызмет етіп отырады.

Әдебиеті мен мәдениеті дамыған елдердің тарихына көз жүгіртсек те, көркем әдебиеті мен өнерінің бастауын халық шығармашылығынан алғанын байқаймыз. Бізде де осы заңдылық сақталған. Ежелгі дәуірден бастап, бүгінгі күнге дейінгі қамтылатын әдебиетіміздің фольклорға иек артқаны орынды. Демек, әдебиет пен фольклордың ара-қатынасы – өте терең әрі тым күрделі процесс. Бұл жөнінде фольклортанушы С. Қасқабасов: «Әдебиет пен фольклордың байланысы – әлем мәдениетінің дамуындағы басты заңдылықтардың бірі. Жер жүзіндегі қай әдебиетті алсақ та, оның шығу тегі фольклор екенін көреміз. Сондықтан әдебиеттегі фольклоризм барлық әдебиеттің тарихы мен теориясын зерттегенде де, жеке ақын-жазушылардың шығармаларын талдағанда да көрнекті орын алады» [1, б.302], – деп баға береді. Ал әдебиеттанушы ғалым Р. Бердібаев: «Адамзаттың көркемдік дамуында фольклор мен әдебиеттің алатын орны үлкен. Өзара күрделі ұқсастықтары да бар бұл құбылыстардың мәні мен өзгешелігін нақтылы біліп отыру – рухани жолдарын түсіну үшін де аса қажет. Фольклор мен әдебиеттің жалпы заңдылықтары мен шарттылықтарын саралап ажырату – ауыз әдебиеті қоры мен дәстүрі күшті халықтар үшін өте-мөте керек» [2, б.14], – деген пікір айтады. Бұл көзқарастардан фольклорлық мұралардың көркем әдебиеттің туып, қалыптасуы мен оның даму тарихына жоғары деңгейде ықпал еткенін байқаймыз. Ондаған тіпті жүздеген ғасыр бойында сөз өнерінің екі түрі қалай қатар өмір сүргенін зерделеуге зерттеушілердің айрықша мән бергеніне көз жеткіземіз.

Ғылымда кез келген дүниені өткен тарихпен сабақтастыра зерттеудің қажеттілігі зор. Ол қоғам дамуының негізгі тетігі және оны сақтаудың негізгі әлеуметтік заңдылығының бірі болып табылады. Ал енді аңыздық-мифтік мұраларды зерттеу туралы сөз қозғағанда, өткен ғасырдың бас кезіндегі тарихына, сол замандағы білім беру сатыларына тоқталып өту маңызды. Қазақ әдебиеттану ғылымының жеке ғылым саласы болып алғаш танылып, туу кезеңін бастағанға дейінгі сонау ертедегі түркі заманынан басталған тарихи алғы шарттар ХІХ ғасырда ерекше орын алды.

Қазақ фольклоры алғаш XIX ғасырда зерттеле бастаған тұста миф жанры жанрлық түрге арнайы ажыратылып, қарастырылған жоқ. Бұл кезеңде қазақ қоғамы бұрынғы дәуірлерлерге қарағанда біраз өзгерістерді басынан өткеріп жатқан болатын. Яғни ресей билеушілері қазақ даласын толық отарлау мақсатында тарихи-этнографиялық бағытта зерттеу жүргізуді қолға алған еді. Орыстың фольклорист-ориенталист ғалымдары халық ауыз әдебиетіне қатысты зерттеулерді газет-журналдарда жариялап, оқулықтар мен жинақтар шығаруды ұйымдастырды. Бұл жөнінде: «XIX ғасырдағы қазақ фольклорын зерттеулер, көбінесе жолжазба мен очерктер түрінде жүргізілді. Мұндағы ғалымдардың фольклор туралы ойлары жалпылама сипат танытып, көбінесе жол бойы жазылғандықтан, басқа елдерге таныстыру мақсатымен шектеліп отырды. XIX ғасырдағы кейбір жинақтар мен зерттеулер ашық түрде таза отарлық-миссионерлік мақсат көздегені мәлім. Сол үрдіс XX ғасырдың алғашқы ширегінде де байқалды. Айталық, А. Алекторов, Н. Катанов, Н. Пантусов пен А. В. Васильев жарияланымдары ғылымдан гөрі миссионерлік мақсат көздегені аңғарылады» [3, б.7], – дейді фольклортанушы ғалым Н. Жүсіпов.

Олар жинақтаған қазақ даласындағы ауыз әдебиетінің озық үлгілеріне жататын ертегілер алғаш «Дала уалаяты газеті», «Айқап», «Тургайская газета», «Акмолинские областные ведомости», «Оренбургский листок», «Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям», «Киргизская степная газета», «Тургайская газета», «Туркестанские ведомости», «Астраханский вестник», «Русские ведомости», «Тургайские областные ведомости», «Оренбургские губернские ведомости», «Волжский вестник», «Этнографические материалы» Средняя Азия деген сияқты орыс тілінде шығатын кезекті баспасөз беттерінде орыс оқымыстылары мен қазақ зерттеушілерінің жинаған ертегі, аңыздары басылып отырған [4].

Шығыстанушы-фольклортанушы ғалымдардың бірі қазақ халқының тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін зерттеуге кіріссе, екіншісі тұрмыс-тіршілігіне байланысты халық өлеңдері, ертегілер, аңыз-әңгімелерге ерекше мән берді.

Жалпы қазақ ертегілерін жинақтап, басып шығаруда көп еңбек еткен зерттеушілердің бірі – академик В.В. Радлов. Ол «Түркі тайпаларының халық әдебиетінің үлгілері» атты еңбегінде түркі халықтарының, дәлірек айтсақ, қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр, әзірбайжан халықтарының эпикалық шығармалары мен ертегілерін жинақтап, жариялауда үлкен еңбек етті. Ол сонымен қатар қазақ тілінің бай тілдік қоры жайлы: «Өзге туыстас елдерінен қазақтың ерекшелігі – сөз орамына шебер, тамаша шешен» [5, б. 315], – деген пікір айтқан. Қазақ ертегілерін жинаушылардың бірі Г.Н. Потаниннің В. Радловтан ерекшелігі ол көбінесе өзіне белгілі ертегі, аңыз әңгімелерді айтып берген адамдардың аттарын, тұрған болыстарын, ауылдарын атап отырған. Сонымен қатар қазақ ертегілерін жинап, оны баспа бетіне шығарған ғалым [6] болғаны белгілі.

Ал А.Е. Алекторов (1861 – 1918) тек халық ауыз әдебиетінің озық үлгілерін жинап қана қоймай, қазақ тарихының, қазақ мәдениетінің, этнографиясының зерттелуіне елеулі үлес қосты. Қазақ тілі мен тарихына арналған «Қырғыздар өмірінің бейнесі», «Бақсы», «Қырғыздардың халық әдебиеті» және т.б. ғылыми еңбектер жазған [7]. Ол негізінен фольклор үлгілерінен аңыз бен ертегілерді жазып-жинауға ерекше мән берген.

Ауыз әдебиеті үлгілерін ел аузынан жинап, оны жариялауда еңбек еткен зерттеушілердің бірі – Н.Н. Пантусов. Орта Азия халықтарының көне археологиясын, әдебиеті мен мәдениетін қарастырған. Ғалым халық ауыз әдебиетінің озық үлгілерін, әсіресе Ұлы жүз қазақтарының географиялық орналасуына орай көптеп жинап, көбіне «Дала уалаяты газетіне» шығарып отырған. Н.Н. Пантусов бірнеше ғылыми еңбектерімен қатар «Қазақ халық әдебиетінің үлгілері» деген атпен жинақ шығарады[8]. Демек, фольклорды жинаушылар ғылым талабына сай болуы үшін, алдымен мәтіннің дұрыс қағазға түсуі мен жазылып алынуына ерекше көңіл аударған. Қазақ халқының тарихында мұндай үлкен зерттеу жұмыстарының бәрі жинаушылық қызметтің дұрыс ұйымдастырылуымен тікелей байланысты іске асты.

Әдеби мұраны игеру жұмысы ғылымның ең басты міндеті екені анық. Орыстың отаршылдық саясатымен қатар келген елеулі жаңалықтар ұлт зиялыларының қалыптасуына ықпалын тигізді. Мәдениет пен ғылымды игеруге деген ерекше құлшыныс қазақ оқығандарының арасынан да байқалды. Жалпы, ертегі мен аңыз туралы ғылыми таным-түсініктер қазақ арасында ХІХ ғасырдың екінші жартысынан Шоқан, Ыбырай, Абай еңбектерінен бастап қалыптаса бастады. Оған дейін ауызша айтылып, таралып келген фольклорлық үлгілерді жинап-жариялау, оны оқыту, әдеби мұраны игеру әрекеттері сирек те болса қолға алынған еді. Осыған байланысты сол дәуірді зерттеген ғалым Х. Сүйіншәлиев былай дейді: «Осы кездерден бастап, кейбір қазақ оқымыстылары да өз халқының мәдениеті мен әдебиеті туралы ой қозғай бастады. Бұл салада әсіресе Шоқан Уәлихановтың еңбегі ерекше. Қазақ халқының салты, әдеті, наным-сенімдері, ертегілері мен эпостары туралы Шоқанның зерттеулері қазақ әдебиетін таныту жолындағы алғашқы елеулі қадамдар еді. Осы саладағы Ыбырай, Абай еңбектері де Шоқан бастамаларының заңды жалғасы болатын»[9, б.11].

Расында қазақтың ауыз әдебиетін тұңғыш хатқа түсіруші ғалымы – Шоқан Уәлиханов. Ол қазақ халқының рухани мәдениеті мен ауыз әдебиетін ерінбей үйреніп, алғашқы зерттеу еңбектер жазды. Қазақтың ертегілерінен, жырларынан және өлеңдерінен материалдар жинады. Қазақ халқының ауыз әдебиеті мұраларын жинап, зерттей жүріп, Шоқан оларды славян халықтарының ауыз әдебиетімен салыстыра келе: «Көп уақыттан бері қазақтың ертегілерін, мифтерін, эпикалық жырлары мен аңыздарын жинаумен шұғылдана жүріп, мен олардың Еуропа халықтарындағы, әсіресе, славяндардағы осы тектес шығармалармен бір сарындастығына қайран

қалдым» [10], – деп жазады «Жоңғария очерктері» (1861) атты еңбегінде. Оның «Оңтүстік Сібір руларының тарихы туралы ескертпелер» деген жазбасында да ел арасындағы аңыз-ертегілер туралы айтылады. Ш.Уәлиханов «Қазақтардың космологиялық түсініктері» еңбегінде: «...Бұл жерде дөп басып айту өте қиын, аңыздардың бізге келіп жеткендердің қайсысы ертеден, қандай діннің ұғымынан пайда болды, қандай сенімнің әсеріне ұшырады деген мәселенің төңірегінде қарама-қайшы, әр түрлі пікірлер бар. ...Шамандық аңыздар бойынша, моңғолдар жұлдыздарға арнап құрбандық шалады, қазақтар сияқты, байлық, билік, бақыт жөніндегі жұлдыздарға үміт арта қарайды, кереметтігіне сенеді» [11, б.179], – деп жазады. Бұл пікірден Шоқанның ауыз әдебиетімен өте жақсы таныстығын, іштей сусындап өскендігін, бұл әдеби мұраларға таза халықтық ақыл-ойдың айғағы деп қарайтынына көз жеткіземіз. Қазақ фольклортану ғылымында табиғат құбылыстары мен оның басты күштеріне байланысты мифтер тәңірлік діннің ықпалынан пайда болғандығын алғаш айтқан да Шоқан Уәлиханов. «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты еңбегінде күн күркіреген кезде қазақтардың қандай «дәстүр» жасайтыны турасында жазады. Табиғат құбылыстарын ерекшеліктеріне сәйкес әуедегі құбылыстар, жердегі құбылыстар деп екіге бөледі. Табиғат құбылысына байланысты жасалатын амалдарды ислам дініне жат, шамандық дінінің негізінде қалыптасқан дәстүр екендігіне мысал келтіріп, кеңірек тоқталған.

Шоқаннан кейін білім беру ісін басты нысанаға алған Ы. Алтынсарин қазақ болмысындағы рухани байлық пен салт-дәстүрден бала тәрбиесін бөліп қараған емес. Өзінің ағартушылық идеяларын халыққа кеңінен жеткізу мақсатында көптеген мектептер ашты. Дегенмен мектептерде оқу құралдарының жоқтығына байланысты барлық қазақ балаларын толық оқыта алмайтынына көзі жетіп, жаңа оқулықтар жазуға кіріседі. Бұл Ыбырай тарапынан қолға алынған тарихи бастама болатын. Яғни қазақ әдебиеті үлгілерін мектепте оқытудың алғашқы қадамын жасап, «Қазақ хрестоматиясы» (1879) деген оқулықты баспадан шығарды. Осы бір игі бастама жөнінде Б. Әрінова «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы (1930-1990ж.ж.)» атты диссертациясында: «Ы. Алтынсариннің қазақ әдебиеті үлгілерін енгізіп алғаш жазған қазақ оқулығының дүниеге келу себебінің өзі, біріншіден, қазақ балалары үшін оның өзі ашып ұйымдастырған мектептердің қажеттігінен, сұранысынан туғандағанын, Ыбырай Алтынсаринге дейін әдеби мазмұндағы қазақ оқулығы былай тұрсын, таза қазақ тілінде оқытатын мектептің де болмағанын» [12] айтады.Ендігі жерде Ы. Алтынсарин екі бірдей маңызды тарихи бастама жасады:

а) қазақ тіліндегі оқулықты қажет еткен таза қазақ мектептерін ашты;
б) ашылған қазақ мектептерінің сұранысы қанағаттандырылды; алғашқы оқулық жасап шығарылды», – деп жазады зерттеуші [12, б.15]. Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясын» оқи отырып, оның қазақ халқының әдебиетін мәдени мұра ретінде тани білгенін байқауға болады.

Хрестоматияның екінші кітабында қазақтың төл әңгіме, аңыздарына кеңірек тоқталып, орын берген. Ауыз әдебиеті үлгілерін төрт түрге бөліп қарастырып оқытуды жөн санайды. Алдымен аңыз-әңгімелерден «Лұқпан Хәкім», «Таза бұлақ», «Жиренше шешен», ертегі жанрынан «Қара батыр», «Тазша бала» және эпостық шығармалардан «Қобыланды» жырларынан үзінділерді қосады. Өзі ашқан мектептерде жаңаша білім беру мен қатар ескіше дін сабағын оқытқан. Жас шәкірттерді адамгершілікке, адал еңбек пен әділдікке шақыру мақсатында фольклорлық мұралар мен шығыстық үлгідегі аңыз-жырлар мен пайғамбарлар өмірінен сыр шертетін хиссаларды «Мұсылманшылықтың тұтқасы» (Шариат-ул-ислам) (1884) кітабына да енгізеді. 1882 жылдың 12 қыркүйегінде Орынбордан Н.И. Ильминскийге жазған хатында «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегі туралы «...бірінші жағынан, халықтың өз дінін білу жөніндегі талабын, бұл талапты ешбір шарамен тоқтатуға болмайтынын еске ала келіп, екінші жағынан, осылай болған соң, қазақ жастарына, өзінің ана тілінде жазылған, мұсылман дінінің рухына толық сай, дін оқытуға негізгі құрал бола алатын оқу құралын жасап берудің қажет екендігін еске ала келіп, мұның үстіне, мүмкін болғанынша, біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал, екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін» [13] – деу арқылы оқу құралының басты себептерін айтып, қазақ жұртына пайда келтірмек ниетпен, түсінікті тілмен өзінің дінін түсіндіру үшін бұл кітапты жазуға кіріскендігін жеткізеді. Мәселен Ыбырайдың «Мұсылманшылықтың тұтқасында» пайғамбарлар өмірі туралы, олардың ғылымға ерекше көңіл бөлгендігін бар ықыласпен айтуы бекер емес. Басты мақсаты – шәкірттерге насихат айтып, өсиет ету және оқыту. Оның негізгі бір ойы «Өсиет өлеңдер» атты өлеңімен идеялас екендігі анық. Аталған өлеңде Құран Кәрімде аттары аталатын Дәуіт, Сүлеймен, Ілияс, Жүсіп және оның жары Зылиха сияқты аттары аңызға айналған тарихи кейіпкерлердің өмірлері өлеңмен өріліп, көркем баяндалады. Өлең жолдарындағы Дәуіт – даңқты патша Библиядағы Давид – мұсылман дініндегі Дәуіт пайғамбар, Сүлеймен-Саламон – Давидтің ұлы. Бұлар туралы аңыз-әңгімелер құранда да бар. Олар «Талұт», «Талұт пен Дәуіт», «Дәуіттің адасуы» деген хикаяларда баяндалып, оның адамгершілігі, адалдығы, әділдігі, әр уақыт пайғамбарлық мәртебесін сақтай білетіндігі сөз етіледі. «Шығыс аңыз-әңгімелерінде Сүлеймен патша туралы да көп айтылады. Ол жайында «Рабғузи қиссасында» да бірнеше әңгіме бар. Оларда Сүлейменнің жастығына қарамай ақылдылығы, білімділігі, әкесінің қате билігін түзеткені айтылады [14, б.35].

Зылиқа-Жүсіп – кіршіксіз адал махаббат, сұлулық символына айналған Фердаусидің «Иусиф вә Зулайха» дастанының кейіпкерлері. Бұл аңыз Шығыста көп тараған және көп жырланған. Өлеңде кездесетін Қыдыр-Ілияс – Ілияс Хызыр (Илья) пайғамбар. «Шығыс елдері ауыз әдебиетінде киелі адам бейнесінде көрініс табады. Наушеруан – ежелгі дәуірдегі Иран патшасы. Аюп – Айуб (Иов) пайғамбар, ал Қарынбай – қазақ ертегілері мен

аңыздарында кездесетін сараң, қайырымсыз, мейірімсіз бай адамның бейнесі. «Қарынбай мұсылман мифологиясындағы Құрандағы Карун туралы аңызға байланысты қалыптасқан. Құран мазмұнын жақсы білген Ы.Алтынсарин «...ұмытпа бай болдым деп бір құдайды, жер жұтқан қайырсыздан Қарынбайды» – деп қалыптасқан аңыздың алғашқы нұсқасының мазмұн-мәнін дәл сақтаған. Құранның 28 сүресінде (аятында) Корун қайырымсыздығы, сараңдығы үшін Тәңірі қаһарына ұшырап, оны жер жұтады [15, б.279]. Ыбырайдың «Өсиет өлеңдерінен» біріншіден, оның ізденімпаздығын, білімдарлығын, екіншіден, араб, шығыс классикалық әдебиетімен таныс болғанын, араб тілін еркін білгенін, Құранды да оқып, зерттегенін, үшіншіден, ислам дінін ардақтап, оның идеяларын насихаттағанын, төртіншіден, оның шығыстың нәзира дәстүрін қазақ жазба әдебиетінде алғаш қолданған ақын екенін, бесіншіден, қазақтың ертегілік-аңыздық әңгімелерін өзі ашқан мектептерде қазақ балаларына оқытқан тұңғыш ұстаз екендігін байқаймыз.

Дегенмен оған дейін де қазақ даласында ежелден қалыптасқан дәстүрлі білім жүйесі болды. Мың жылдық тарихы бар көне Түркістан, Отырар, Тараз, Құлан, Баласағұн секілді ежелгі қалалардың барлығында да өз деңгейінде алғашқы сауат ашу орталықтары жұмыс істегені тарихтан белгілі. Орта ғасырларда көптеген мектептер мен медреселер, діни білім беретін жоғары оқу орындарынан Әбу-Насыр әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Ахмед Игунеки, Қожа Ахмет Иасауи секілді ойшылдардың барлығы да осындай діни медреселерде оқып, білім алғаны өмір деректерінен жақсы таныс. Бұл дәстүрлі білім беру жүйесі ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр бас кезеңіне яғни, Қазан төңкерісіне дейін жалғасты. «ХХ ғасырдың басында қазақ арасындағы оқу-ағарту жұмысы екі түрлі болды. Оның бірі – мұсылманша оқу, екіншісі – орысша оқу еді. Қазақ арасында діни, мұсылманша оқу Қазақстан Россияға қосылмай тұрып та бар еді: әр жерде жеке ауыл болып, бірнеше ауыл болып бірігіп, ортадан молда ұстайтын, балаларды соған беріп оқытатын еді. Қазақстан Россияға қосылғаннан кейін де көпке дейін осылай болып келді. ХІХ ғасырдың ақырынан ХХ ғасырдың басынан бастап жаңа, төте оқу – ұсулы жәдит оқуы шығуға байланысты, қазақ арасындағы мұсылманша оқу Бұқара, Қазан жағындағы мұсылманша оқудың үлгісі, тәртібі бойынша мектеп (бастауыш оқу), медресе (орта дәрежелі оқу), болып аталады. Олар Қазан төңкерісіне дейін өмір сүріп келді [16, б.4], – дейді әдебиеттанушы-ғалым Бейсенбай Кенжебаев «ХХ ғасыр басындағы әдебиет» атты еңбегінде. Мұндай дәстүрлі мектептен сауаттарын ашқан Абай Құнанбайұлынан бастап, Шәкәрім Құдайбердіұлы ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғалары А. Байтұрсынов, М. Әуезов, М. Жұмабаев, Ж. Аймуытов, С. Көбеев, Х. Досмұхамедов т.б. «Қазақ хрестоматиясымен» мазмұндас еңбектер мен шығармалар жазғанда халық ауыз әдебиетінің үлгілерін, фольклорды арқау етеді. Сол кездегі баспадан шыққан оқулықтар екі бағытты ұстанғанын көреміз. Бірі төтеше оқу

мектептеріне арналған М.Нұрбайұлының «Қазақша әліппе» (1910), Е. Закарияұлының «Қазақ әліппесі» (1910), М. Малдыбаевтың «Қазақша жаңа әліппе» (1912) еңбектері жазылса, екінші бағытта, ауылдық мектептерге арналған хрестоматиялардан С. Көбеевтің «Үлгілі тәржіме» (1910) еңбегін атап көрсетеміз. Бұл еңбектерді сол кездегі білім беру мекемелері оқу құралы ретінде пайдаланғаны тарихтан жақсы таныс.

Ұлт болмысы мен дүниетанымының шырақшысы болған Абай өлеңдерінде де ауыз әдебиеті үлгілерінің сюжеттері мен мотивтері, белгі-бейнелері көрінеді. Ақын шығармашылығы жөнінде алғаш шағын зерттеу мақалаларда сөз болып, кейіннен ХХ ғасырдың 30 жылдарынан бастап мектеп, жоғары оқу орындарының оқыту бағдарламаларына енеді. Абайтанудың басында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов сынды ұлы тұлғалардың тұрғаны анық. Әсіресе ақын шығармашылығын оқыту мәселесіне айрықша күш салған М.Әуезовтің еңбегі ұшан-теңіз. А. Байтұрсынов «Қазақ» газетінде (1913) басылған «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» [17], – деп Абайды аса жоғары бағалайды. Ал ақынның шығармаларының тұңғыш жинағы Кәкітай Ысқақұлы мен Абайдың ұлы Тұрағұлдың ұйымдастыруымен 1909 жылы Санкт-Петербургте ақынның жүз қырықтай өлеңдері (аударма өлеңдерін қосып санағанда) және аңыздық «Ескендір», «Масғұт», «Әзімнің әңгімесі» поэмалары басылып шықты.

ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде совет өкіметінің орнауымен әдеби-мәдени мұраларға және ұлттық құндылықтарға көзқарас саяси-экономикалық жағдайға байланысты кешеуілдеп дамыды. Нақтырақ айтқанда 1918 жылы 1 қазаннан бастап барлық бастауыш және жоғарғы бастауыш училищелер, діни мектептер мен медреселер, төменгі және орта дәрежелі оқу орындары бірыңғай «совет еңбек мектебі» болып қайта құрылды. Дегенмен фольклорлық мұраларды хатқа түсіру жұмыстары аз-кем болса да ұйымдастырылып, жекелеген мақалалар жарық көре бастайды. Ал екінші жартысында бірте-бірте кең көлемді зерттеу еңбектеріне айналып, оқулықтарға фольклорлық туындылар енгізіліп, оны оқыту мәселесіне айрықша көңіл бөлінді.

ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен өсу жолын шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Мәселен: бірінші кезең – қазақ әдебиеттану ғылымының тарихи алғы шарттардан тұратын арғы бастаулары, яғни тарих алдындағы дәуірі. Бұл ежелгі дәуір әдебиетінен бастап ХХ ғасырға дейінгі аралықты қамтиды. Екінші кезең – қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Ол 1900-1940 жылдар арасында жүзеге асты. Үшінші кезең – қалыптасу дәуірі. Бұл 1941-1970 жылдар аралығын қамтиды. Осы бір кезең туралы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің негізін қалаушы ғалымдардың бірі А. Көшімбаев: «Қазақ әдебиеті революцияға дейін өз алдына дербес ғылым болып қалыптаса алмады. Ол кездегі қазақ әдебиеті осы күнгі әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдебиет сыны деген сияқты әдебиеттану ғылымының салаларына бөлініп зерттел-меген еді.

Сондай-ақ әдебиеттану ғылымының историография, библио-графия, текстология сияқты жанама салалары да зерттелмейтін қалпында жатты. Қазақ әдебиетінің толық зерттелмеуіне, оның ғылыми пән болып қалыптаса алмауына қазақтың орта және жоғары дәрежелі мектептерінің болмауы, сонымен қатар жазба әдебиеттің өте нашар дамуы да себеп болды. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ әдебиеті негізінен поэзия түрінен болды да, проза, драматургия сияқты салалары жоқтың қасында еді. Сөйтіп, революцияға дейінгі қазақ әдебиеті өзінің даму жолындағы мешеулігінен, ғылыми тұрғыда жан-жақты толық зерттелмеуінен өз алдына ғылым болып қалыптасып, ғылыми пән дәрежесіне жете алмады. Мұндай жағдайда әдебиетті оқыту жөніндегі педагогикалық, методикалық ой-пікірлердің дами алмайтындығы сөзсіз», – дейді [18, б.3].

Негізінен ұлттық әдебиеттанудың тарихи жолы турасында алғаш пікір айтқан ғалым Е. Ысмайылов: «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихына көз жіберсек, оның негізгі екі кезеңді бастан кешіргенін байқауға болады. Бірінші – үйрену, идеялық творчестволық принциптерді игеру кезеңі. Бұл революцияның алғашқы кезеңінен соғысқа дейінгі дәуірді қамтиды. Екіншісі – соғыстан кейінгі дәуір, яғни қалыптасу, даму дәуірі» [19, б.35], – деп екіге бөле отырып, алғашқы кезеңде заманның талап-тілектеріне байланысты дүниеге келуіне ана тілі мен әдебиетінің мектептер мен оқу орындарында оқытыла басталуына сай алғашқы оқулықтар мен хрестоматиялардың жазылуы түрткі болғанын атап көрсетеді.

XX ғасырдың бас кезінде әдістемелік ой-сананың қалыптасуына «Айқап» журналы (С. Торайғыров. «Қазақ ішінде оқу оқытудың жолы қалай?», №12) мен «Қазақ» (А. Байтұрсынұлы) газетінің маңызы зор болды. Аталған басылымдарда оқулықтар, халық ауыз әдебиеті жинақтары туралы мақалалар мен рецензиялар, әдеби-теориялық ой-пікірлер қалыптастыратын материалдар жарық көріп тұрды. С. Торайғыров «Айқап» журналында жарияланған мақаласында «Алпамыс» жырында кездесетін ертегіге тән мифтік белгілерге, образдар жүйесіне назар аударады. Мәселен, жырда кездесетін: жетібас, айдаһар, пері қыз, жалмауыз кемпір, дәу т.б. бейнелеріне тыңдаушы халықтың көздерін жұмып, нанып, мейірлері қанып т.б. мүлгіп отыратыны сөз болады [20].

XX ғасырдың бас кезінде қалыптасқан қазақ интеллигенциясы ел бостандығын ғана көксеп қойған жоқ. Олар халықты кең көлемде оқыту, білімге тарту мақсатын бірінші кезекке қойды. Бұл ретте олар Еуропаның романтиктері сияқты ұлттық фольклорды жинауға, жариялап зерттеуге ерекше мән берді. Сөйтіп, патшалық Ресей кезіндегі жинаудың мақсатын өзгертіп, әдіс-тәсілдерін өз мүдделері тұрғысынан пайдаланды.

Ә. Бөкейхановтың XX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлттық қазақ фольклорлық мұралардың зерделенуіне, фольклортану ғылымының қалыптасуына қосқан өзіндік үлесі орасан зор. Оның фольклортану ғылымына қатысты 10 шақты еңбегі жарық көрген. Олардың бірі – табиғат құбылысы, жыл мезгілдері туралы космологиялық түсініктер мен жыл басы

– наурыз айы туралы жазылған «Жаңа жыл» атты мақаласы, екіншісі – «Қара Қыпшақ Қобыланды» атты сын-мақаласы, үшіншісі – «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш Баян сұлу» атты жырларды өңдеп бастырған кітаптары, төртіншісі – белгілі зерттеуші А. Байтұрсынұлының жинап бастырған «Ер Сайын» мен «23 жоқтау» кітаптарын саралап, алғысөзін жазғандары т.б. бұлардың бәрі дерлік Ә. Бөкейханұлының «Қыр баласы» деген бүркеншік атымен жарияланады. Сонымен бірге қазақтар арасында «ақ боз ат», «жеті қарақшы» туралы айтылған түрлі аңыздарды моңғолдың Шыңғыс хан төңірегінде айтылатын үлгілерімен салыстырып, түбі бір төркіндіктің, ұқсастықтың бар екеніне оқырман назарын аудартады. Этнограф ғалым Г.Потаниннің фольклорды типологиялық тұрғыдан зерттеу әдісімен жиналған фольклорлық нұсқаларды жүйелеу, сараптау керектігін мысалға ала отырып, басқаларға үлгі-өнеге ретінде ұсынады. Оның фольклортану ғылымына сіңірген еңбегін зерделей келе фольклорды халықтың «мәдениет тарихының көзі» деп қарағанына көз жеткіземіз.

Негізінен, фольклорды романтикалық ниетпен жинаушылардың мақсаты халықты оқу мен жазуға үйрету, оның кітапқа деген сүйіспеншілігін ояту екені мәлім. Сондай-ақ фольклорды – халық талантын таныту құралы есебінде, халықтың рухани күшін көрсетудің қайнар көзі ретінде, халықтың талпынысын, арманын көрсету мүмкіндігі деп те қарастыру жүрді. Сол үшін фольклорды жинағанда, оны үлкен ыждаһатпен, ыстық махаббатпен, күш-жігермен т.б. жинау қажеттігі ескерілгені анық. Сонымен бірге ел мәдениетін көтеру үшін, оның санасын ояту мақсатында да т.с.с. фольклорды пайдалану кең өріс алды. ХХ ғасырдың бірінші жартысында кеңестік дәстүрде қазақ фольклорының бағдарламасы мен хрестоматиясын жасау, фольклорлық үлгілерді құрастырып, жариялау т.б. жұмыстары рет-ретімен жүргізілді. Әсіресе оқулықтар, хрестоматиялар мен бағдарламаларды жариялауда белгілі ғалымдар: Ә. Диваев, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов т.б. еңбектерін ерекше атап өту орынды. Зерттеушілердің негізгі мақсаты – төл әдебиетке көпшіліктің назарын аударту мен фольклорды маманданған түрде зерделеу болатын.

Қазақ халқының тарихында Ыбырай Алтынсариннен кейінгі, оның бастамасын шығармашылықпен ілгері дамыта білген ағартушы – Ахмет Байтұрсынұлы. «Әдебиет танытқыш» (1926) еңбегі – ғалымның әдебиеттің тарихы мен теориясы туралы ұлттық әдебиеттану ғылымында ең алғашқы жазылған мұрасы. ХХ ғасыр басында үлкен ізденіспен, терең дәлдікпен жазылған бұл еңбек ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің қалыптасуына ықпал еткені анық. Бұл туралы ғалым Р. Нұрғали: «Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қарастырылған» десе [21], тілші-ғалым Р. Сыздықова: «Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты көлемді еңбегі әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы. Мұнда автор көптеген жайттарды өзі

шешіп, көптеген ұғымдарға терминдік атаулар ұсынады» [22, б.13], – деп жазды.

Автор «Әдебиет танытқышта» қазақ әдебиетінің өзіне тән жанрлық формаларын жіктеп оқытуды ұсынады. Мәселен ауыз әдебиеті үлгілерін: ертегі, аңыз-әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш – бұлар бір топ, батырлар жыры, тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, толғау, терме – бұлар екінші топ. Мысал, ділмар сөз (афоризм), тақпақ, мақал, мәтел – бұлар үшінші топ. Тойбастар, жар-жар, неке қияр, беташар, жоқтау, жарапазан, бата – бұлар төртінші топ. Жын шақыру, құрт шақыру, дерт шақыру, бесік жыры – бесінші топ. Одан бөлек сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап көрсетеді. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ даласындағы мектептердің жай-жапсарын, ондағы оқыту жолдарын және олардың болмыс-бітімін, халықтың экономикалық тұрыс жағдайына байланысты тіршілігі туралы 1913 жылғы «Қазақ» газетінде жарияланған «Оқу жайы» [23] деген мақаласында қазақ жерінде мектептердің өте аздығынан халық қараңғылықта қалып, керек десе өзінің шикізатын ұқсата алмай, сауда-саттыққа араласуға да мүмкіндігі келмей отырғандығы – надандық екенін, одан құтылудың жалғыз жолы халықты оқу-ағарту ісіне жұмылдыру екенін жұртшылыққа ол терең ұқтыруға талпынады. Азын-аулақ мектептердегі бала оқытатын мамандардың жетіспейтіндігі, мұғалімдер даярлайтын оқу орындарының тапшылығына қатты қынжылады. «Қазақ әдебиетінің үлгілерін жинастыру, зерттеу және оны оқыту әдістемелерін жетілдіру саласындағы еңбегі де орасан зор. Дәлірек айтқанда, біріншіден, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинастырып, жариялады («Ер Сайын», «Жиырма үш жоқтау», «Киргиские приметы и пословицы»). Екіншіден, қазақ әдебиетінің тарихына байланысты еңбектер жазды («Қазақтың бас ақыны»). Үшіншіден, әдебиет теориясына байланысты оқулық жазып, әдебиетті пән ретінде оқыту методикасын жаңа белеске көтерді («Әдебиет танытқыш»). Төртіншіден, көркем аударма ісін дамытуға ат салысты («Қырық мысал») т.б. Бесіншіден, ақындық, публицистикалық еңбектермен танылған педагог-ғалым болды («Маса» және әртарапты жазылған мақала т.б.)» [24, б.118], – деп зерттеуші А.Е. Дайрабаеваның айтуы бекер емес. А.Байтұрсынұлы ана тілінің табиғилығын, тазалығын сақтауда, үлгі, нұсқа ретінде т.б. дайын аңыздық мәтіндерді (Асан Қайғы, Ер Тарғын, Ер Сайын, Қобыланды, Жиренше шешен т.б.) пайдаланған. Сөйтіп, фольклор үлгілерінің табиғатына сүйене отырып, ғалым елді мәдениетке үгіттеудегі, кітап жазудағы негізгі мақсат – ағартушылық екенін анық көрсетеді.

Қазақ фольклоры 1930-1940 жылдардан бастап мектеп бағдарламасына енгізіле бастады. Әрине, ол кезде қазақ фольклорын оқытқанда жанрға, т.б. ерекшелік тұрғысынан емес, тақырыптық талаптар тұрғысынан қарастырылды. Сондықтан зерттеушілердің бірі қазақ фольклорының материалдарын ғылыми түрде шығаруға күш салса, екіншісі түрлі оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, хрестоматиялар, т.б. қазақ ауыз

әдебиеті бойынша басылымға назар аударды. Сол кездерде жарық көрген М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927 ж.) мен Х. Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті. Қысқаша очерк» (1928 ж.) атты зерттеу еңбектері оқулық сипатында басылып шығады. Ол уақытта қазақ ғалымдары әдебиетті зерттеуден бөлек, қазақ мектептерінде оны оқытудың жүйелік жобаларын ұсынып, ондағы оқытудың жайын, оқу-методикалық негіздері мен оны оқытудың жолдарын үздіксіз мәселе етіп көтеріп те отырды. Бұл туралы зерттеуші Б. Әрінова былай деп пікір білдіреді: «Сол кезеңдегі көтерілген екінші мәселесі – қазақ оқу орындарында оқулықтардың жетіспеулігі. Әдебиет оқулығын жазу, оның тарихын зерттеуде жоғары басқыштағы мектептер мен оқу орындарына қазақ әдебиетінің арнайы түрде оқытылуын қажет еткен уақыт, дәуір талабын жан-жүрегімен сезінген, алғашқылардың бірі болып үн қосқан М. Әуезов бұл істі бағдарлама жазудан бастады» [12, б.23]. Содан 1927 жылы Қызылорда қаласында ғалым М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» атты монографиясы басылды. Бұл оқулығын автор:

1. Сыршылдық салт өлеңдері;
2. Батырлар әңгімесі;
3. Ел поэмалары;
4. Тарихи өлеңдер;
5. Ертегілер;
6. Айтыс өлеңдер;
7. XVIII-XIX ғасыр ақындары, – деп жеті бөлімге бөліп қарастырады.

Кітаптың кіріспе сөзінде М. Әуезов: «Бүгінгі күнде мектептегі ана тілінің алдында, өнер есігіне қарай аттап басудың міндеті тұрғандықтан, бұл кітапты сол бет, сол жолдағы алғашқы тәжірибе деп есептейміз. Кітапты тәрбие ғана деп есептегендіктен, көңілдегідей толықтықты іздеуге болмайды. Ол шартты бұл кітап орындай алған жоқ. Қай жолдағы білімді алсақ та, алғашқы тәжірибесінде сүрініп, қабынып, шала-шарпы, ала-құла болып шығады. Кемшілікті сын түзейді, көп болып біріккен ой түзейді. Сондықтан бұл кітап «Қазақ әдебиеті» деген атты толық аламын деп дәмеленбейді» [25, б.9], – деген шынайы көзқарасын жеткізеді. Дегенмен бұл кітап ғалымның қазақ фольклоры тарихын жасау, жоғары оқу орнында оқыту жолындағы тұңғыш талпынысы болса да әрі бұл салада жазылған күрделі еңбек екендігіне ешкім күмәнмен қарамасы анық. Өйткені монографиялық еңбек арқылы ғалым М. Әуезов қазақ фольклорын, тұңғыш рет оның жанрлық түрлерін, қазақ әдебиетінің тарихын кезеңге бөліп оқыту мәселесіне назар аудартады. Әдебиеттің жеке пән ретіндегі сипатын аша келіп, оның зерттеу нысанасын, яғни кімді, қалай, қайтып оқыту керек деген проблемалық мәселені алға қояды.

XX ғасыр басында Х.Досмұхамедұлының фольклортану саласындағы және оқу-ағартуды ұйымдастыру еңбектері ұшан-теңіз. Жиырмасыншы жылдары ауыз әдебиеті үлгілерін жинастыра отырып, оларды жеке кітап, не мақала түрінде болсын, баспа бетіне жариялап, қазақ фольклортануына елеулі үлес қосты. Оның фольклортанушылық жолға түсуіне ең алдымен

әсер еткен В.В. Радловтың еңбектері, екіншісі – Ә. Диваевпен бір ұжымда қызметтес болуы екен. Бұл туралы Х. Досмұхамедұлының «Аламан» жинағын құрастырушылар: «Демек, XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудың болашақ ұрпақ үшін, қазақтың мәдениеті, тарихы, тілі, әдебиеті т.б. тарихы үшін маңыздылығын, баға жетпес қазына көзі екенін дәйектесек, соның себепкерлері В.В. Радлов, Ә. Диваев ықпалын қабылдап, әрі өрістеткен Х. Досмұхамедұлының фольклортанушылық еңбектері ғылымдағы дәстүр жалғастығы рөлін дәлелдейді деп санаймыз», – деген пікір айтады [26, б.56]. Ол ағартушылықпен де айналысты. 1920 жылдан бастап Ташкенттегі халық ағарту институтында оқытушы болып қызмет істеді. Сол кезеңдерде ұлттық мектептердің жаңа жүйесін құруға, қазақ тілінде оқулықтар шығару ісімен белсенді айналысады. «Халел Досмұхамедұлының Ташкентте өткен (1920-1928 жылдар) өмірі творчестволық жемісті жылдары. Ол профессор Поливановпен бірге «Сұлтан Кенесары тарихына қосымша материал» кітапшасына (1923 ж.), Кенесары – Наурызбай» (1923 ж.) жыр кітаптарына редакторлық етті» [26, б.8].

Оның фольклортану саласындағы еңбектерінің ішінде ерекше аталатыны «Қазақ халық әдебиеті» (1928) очеркі. Бұл еңбекте ауыз әдебиеті үлгілерін бірнеше түрге бөліп қарастырады. «Халық әдебиетінің қазақ ғылыми әдебиетін (ғылыми терминдерін) қалыптастырудағы мәні, қазақ халқының тарихын, қоғамдық дамуын және тұрмыс-тіршілігін, сондай-ақ қазақтың жеке басын (мінез-құлқын) танып-білудегі орны сияқты мәселелерді де назардан тыс қалдырып отырмыз» деген ой айтады аталған очеркінде.

XX ғасырдың отызыншы жылдары қазақ фольклортануында сүбелі еңбек еткендерді бірі – Сәкен Сейфуллин. Қазақ әдебиетінің тарихын оқулық көлемінде баяндап шығуды аса зор міндеттің бірі деп түсінген ол қазақ әдебиеті тарихын екі кітап етіп жазуды қолға алады. Бұл кітаптың біріншісі 1931 жылы жазылып, 1932 жылы «Билер дәуірінің әдебиеті» деген атпен жарық көрді. С. Сейфуллин фольклорды: эпос, ертегі, тұрмыс-салт жырлары т.б. деп жүйелеген. Оның еңбегінде фольклордың алғаш рет күн жайлату, бұлт пен жауын шақыру түрлерінің ажыратылуы сөз жоқ, фольклортану ғылымының жетістігі болса керек. Батырлар жыры қатарында: «Едіге батыр», «Алпамыс», «Шора батыр», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын» т.б. үлгілері қарастырылған. С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» атты кітабының қазақ фольклортану ғылымының біртұтас жүйеге келтірілмеген заманында алғашқылардың бірі болып фольклор жөніндегі күрделі ізденістерді әрі тарихи, әрі әдеби жағынан қарастырып, жүйелеуге тырысқан еңбектердің бірі екендігі күмәнсіз. «Сонымен Сәкен 1930 жылдарда бұрынғы әдебиет мұрасына деген көзқарасын өзгертеді. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші үлкен ғалым екендігін танытады. Сәкен ақын, жазушы, революционер, қоғам қайраткері ретінде халық арасында қандайлық беделді, ағалық орында болса, оқытушы

ретінде студент, шәкірттер арасында да білімді ұстаз бола білді [27, б.28-29], – дейді Е. Ысмайылов.

Сәкеннен кейін қазақ ауыз әдебиетін оқулық көлемінде зерттеп, баяндау жөнінде отызыншы жылдары көп жұмыс жүргізілді. Осы ретте бастауыш және орталау мектептерге арнап М. Жолдыбаев, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Ө. Тұрманжанов, М. Қаратаев, С. Мұқанов, Қ. Бекхожин т.б. жазған және солар құрастырған оқулықтар мен хрестоматияларды атағанымыз орынды. Сонымен қатар отызыншы жылдары фольклористика бойынша қазақ халқының ертедегі ауыз әдебиетін зерттеу ісіне де көңіл бөліне бастайды. Бұл ретте М. Әуезовтің «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры», С. Мұқановтың «Батырлар жыры», Қажым Жұмалиевтің «Халық поэмалары», Ө. Марғұланның «Қазақ эпосын тудырған мотивтер», Б. Кенжебаевтың «Қазақ эпосы туралы» жазған еңбектерін ерекше атау керек. Өйткені аталған зерттеулерде қазақ ауыз әдебиеті тарихын, оның даму жолдарын ғылыми тұрғыдан жаңаша баяндау басым. Әсіресе, қазақ ауыз әдебиетінің халықтығы туралы мәселе көтеріліп, ол маркстік-лениндік ілім негізінде қарастырылады. Академик С.Қирабаев «Қазақ әдебиеті пәнінің арнаулы курс есебінде мектепте оқытылуы – біраз кешендікпен басталған іс. Ол кезде қалыптасып, бір жүйеге түскен әдебиетіміздің тарихы жоқ болатын, ретке келтірілген программалар мен оқулықтарға қазақ мектептерінің қолы тек отызыншы жылдардың аяқ кезінде ғана жетті» [28, б.11], – деп сол кезеңге баға берген. Бұл пікірден жоғарыда аталған еңбектердің ең алғашқылардың бірі болып білім беру саласында оқулық ретінде кешеуілдеп болса да қолданысқа енгенін аңғарамыз.

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ ұлты зиялыларының мерзімді баспасөз беттерінде әдебиетті дәуірлеп оқыту мәселелері жиі көтеріле бастады. Алғашқылардың бірі болып, қазақ әдебиеттану ғылымында әдебиет тарихын түркі халықтарының бәріне ортақ дәуірден бастаудың негізін салып, орнықтырған профессор Бейсенбай Кенжебаев еді. Ғалымның әдебиеттанудағы алғашқы қадамы Абай мұрасы жайлы жазған мақаласынан бастап, өмірінің соңғы тынысына дейін ұлттық мүдде, ортақ түркілік идея үшін күресу ұстанымынан бір айнымағанын еңбектерінен жақсы таныс. Коммунистік идеологияға бағынған цензураның зорлығына еріксіз иілген кейбір тұстарды айтпағанда, «заманның илеуінен» ғылымдағы қисынсыз пайым, ортақ тарихи негізге жүгін-беген тұжырым жетегінде кетпеуге, өз ұстанымын өзгертпеуге тырысқан. Бұл мәселеге байланысты ғалым И. Нұрахмет: «Қазақ әдебиеті тарихын тану туралы ғылыми көзқарастың қалыптасуы мен дамуында, күшті ғылыми негізге ие пікір қозғап, күрделі зерттеу еңбектер ұсынған ғалым Б.Кенжебаев өз тұсындағы ғылымның жетістіктерін жіті қадағалап, ішкі қажеттілікті қапысыз танып, әдебиет тарихына деген жаңаша көзқарастың ту ұстаушысы бола алды» [29, б.127] – деп жазады. Одан кейін ғалымның ғылыми ұстанымын кезеңдік саяси көзқарас аясында емес, тарихи шындық тұрғысынан айқындауға тырысады. Ол алғаш рет қазақ әдебиеті тарихын былайша жүйеледі:

I. Бұрынғы әдебиет (Ү-ХҮ ғасырлар арасы). Қазақ ру-тайпаларының ежелгі ру, ұлыс дәуірлеріндегі әдебиеті. Көбінше сол замандардағы түрік ру-тайпаларымен бірге жасаған ортақ әдебиет.

II. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет (ХҮ-ХІХ ғасыр арасы). Қазақтың өзіндік әдебиеті.

III. Қазақтың ХІХ ғасырдағы жаңа, сыншыл, реалистік әдебиет.

IV. Қазақтың ХХ ғасыр басындағы (1900-1920 жылдардағы) әдебиеті.

V. Қазақ халқының Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі советтік әдебиеті». Қазақ әдебиеті тарихын жүйелеу бойынша зерттеуді ұсынған ғалым тек тамыры бір түркі халықтарының әдебиеті де ортақ екендігіне қисынды байламдар жасайды.

Түркі халықтарының ежелгі дәуірде жасаған әдеби мұрасына қазақ халқының да мұрагер болу құқы бар деп білген Б. Кенжебаев осы бағытта мақсатты түрде жоспар жасап, оны шәкірттері арқылы жүзеге асырып, жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Қазақ әдебиетінің тарихы, әдебиеттану ғылымы үшін аса зор тарихи мәні бар бұл істің басы-қасында Б. Кенжебаевтың шәкірттері бүгінде әдебиеттанудың жеке-жеке салаларына айналған ғалымның негізгі ойтұжырымдары жаңа көзқарас тұрғысынан, тың фактілермен оның З.Ахметов, Р.Бердібай, Р.Нұрғали, Т.Кәкішев, Х.Сүйіншалиев, М.Жолдасбеков, Н.Келімбетов, М.Мағауин, А.Еспембетов, А.Қыраубаева, Т.Жұртбай, Қ.Ергөбек, З.Бейсенғали т.б. тәрізді идеялас шәкірттерінің зерттеулерінде жалғасын тауып, дамытылды. Әдебиеттанушы әдебиет тарихы, ертедегі әдебиет, фольклор, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, әдеби сын, әдебиет жанрлары және оның теориясы жайлы көкейкесті ойларын ортаға сап, қисынды жүйеге құрылған өз тұжырымдарын негіздеп отырды. Абайтануға, қазақ өлеңдерінің құрылысына қатысты, «Кодекс куманикус», «Дивани лұғат ат-түрік», «Құдатығу білік», «Оғуз-наме», «Қиссасул-Әнбия», «Мұхаббатнама», «Жұм-жұма», «Саяхатнама» т.б. көне ескерткіштер туралы алғашқылардың бірі болып мәселе көтеріп, ғылыми айналымға түсуге атсалысты.

Қазақстандағы фольклористердің қазақ ауыз әдебиетін зерттеу саласында соғыстан кейінгі жылдарда жүзеге асырған аса үлкен еңбегі – «Қазақ ауыз әдебиеті тарихының» бірінші томын екі кітап етіп жариялауы болғаны анық. М.О. Әуезовтің ғылыми жетекшілік етуімен құрастырылған аталған еңбекте қазақ ауыз әдебиетінің тарихы көне дәуірден бастап, 50 жылдарға дейін баяндалады. Кітаптың кіріспесінде: «Қазақ әдебиетінің тарихын түзген бірқатар оқулықтар мен оқу құралдары бар. Бірақ, бұл оқулықтар мен оқу құралдарының авторлары орта мектеп пен жоғары оқу орындары үшін белгіленген программалардың шеңберінен шыға алмағандықтан көп жағдайларда қазақ әдебиеті тарихының бірқыдыру келелі мәселелерін кең қамтымай жүр. Тіл мен әдебиет институты соңғы кезде қазақ әдебиетінің толық курсы жасауды қолға алды. 1940 жылдардың аяғында «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томы мен «Қазақ совет әдебиетінің очеркі» жаңадан жазылып, 1958 жылы екінші рет жарық көрді» [30, б.7], – деп жазады.

Әрине, фольклортанушылар соғыстан кейінгі жылдары тек бірінші томды жазумен отырып қалған жоқ, олар қазақ ауыз әдебиетінің басқа да көптеген мәселелерін іздене зерттеумен шұғылданды. Бұл мәселелер жеке тақырыптарға бөлініп қаралды, орта мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар көлемінде зерттеле бастайды. Мәселен М.Ғабдуллиннің «Қазақ халық ауыз әдебиеті» (1958, 1974) кітабында аңыз жайын ертегілер құрамында қарастырып, оқытуға мән береді. «Қазақ ертегілерін мазмұнына, әр алуан ерекшеліктеріне қарай бірнеше түрге бөлеміз. Солардың ішінде бастылары:

- а) қиял-ғажайып ертегілер;
- ә) хайуанаттар жайындағы ертегілер;

б) тұрмыс-салт ертегілер және аңыздар» [31, б.107], – дейді ғалым М.Ғабдуллин. Осы топтағы «Қиял-ғажайып» ертегілерді: «Бұл топқа кіретін ертегілер ескі заманда туып, содан бері қарай келе жатқандығын аңғартады. Ертедегі адамдар табиғат және оның құбылыстары туралы, адамның еңбегі, тіршілік-кәсібі, күресі жайында, дүние-жаратылыс, қас пен дос, неше түрлі керемет күштер туралы қиял-ғажайып ертегі-әңгімелер тудырған. Олар өздерімен алысқан жаулары жайында да, сол жауларды жеңу жолдары туралы да әр түрлі ертегілер шығарған. Оларды жалғыз көзді дәу, жын-пері, мыстан кемпір, жезтырнақ, жеті басты айдаһар, абжылан т.б. бейнесінде алған. Бұлардың бәрі адам баласына қастық жасаушылар, керемет күші, айла-амалы барлар деп түсінген. Ол түсініктері көбінесе мифтік ұғымға, бұлдыр сезімге, ертедегі адамдардың өздері иланған көп құдайларға байланысты болады. Ертегілердің оқиғасы фантазиялық түрде айтылады» [31, б.108], – деп бағамдайды. Жалпы кітап алты тарауға бөлінген. Бірінші тарауда «Тұрмыс-салтқа байланысты туған шығармаларды», екінші тарауда «Мақал-мәтел, жұмбақтар», үшінші тарауда «Ертегілер», төртінші тарауда «Батырлар жыры», бесінші тарауда «Лиро-эпостық жырлар», ал соңғы тарауды «Айтыс өлеңдері» зерделенген.

Соғыс жылдары, одан кейін де фольклорды зерттеу тоқтаған жоқ. Оның бірнеше себебі де бар: біріншіден, сол кезде Кеңес үкіметі әдебиет мәселесіне, әдебиеттану ғылымына, оның ішінде фольклористикаға зор қамқорлық көрсетсе, екіншіден, Қазақ ССР Ғылым академиясы құрылып, Әдебиет институты ашылғаны қазақ әдебиеті тарихын терең зерттеуге мол мүмкіндік берді. Әдебиетші ғалымдарды даярлау мәселесі де күн тәртібіне қойылғаны анық. Сол кезеңдерде қазақ ауыз әдебиетінің мәселелері орта мектепке арналған оқулық көлемінде де қарастырылады. Қ. Жұмалиев, Ә.Марғұлан, Е. Ысмайылов, Ә. Қоңыратбаев сынды зерттеушілер жазған оқулықтар мен хрестоматияларда қазақ ауыз әдебиетінің негізгі жанрлары жүйелініп, оқырманға толық мәлімет беруімен ерекшеленеді.

Қазақ фольклористикасында халқымыздың бай ауыз әдебиетімен, оның ішінде көлемі жағынан шағын жанр саналатын мақал-мәтелдер мен шешендік сөздерді ауқымды зерттеумен айналысқан ғалым Б. Адамбаев болды. Ғалымның «Шешендік өнер» (1969), «Халық даналығы» (1976),

«Қазақтың шешендік өнері» (1984) атты монографиялық зерттеу еңбектері жарық көрді. Сондай-ақ, «Қазақ ертегілері» (1962), «Шешендік сөздер» (1967), «Ел аузынан» (1985) жинақтарын құрастыруға қатысқан.

Қазақ аңыз-эпсаналарының мәтіндері 1957, 1962, 1964 жылдары жарық көрген қазақ ертегілерінің томдық жинақтарында да көрініс тапқандығын байқаймыз. «Қазақ фольклорының типологиясы» (1981) атты ұжымдық еңбек «Тарихи аңыз-әңгімелер» атты тарауында қамтылған. Сонымен қатар Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, А. Сейдімбек, Ш. Ыбыраев т.б. еңбектерінде ғылыми орталықтардың қолжазба қорларында сақталған қазақ аңыздық проза туындылары жанрлық сипаттарына қарай жіктелді. Ғалым Р.Бердібаев «Қазақ эпосы» еңбегінің (1982) негізгі нысаны – эпос болса да, ол ежелгі миф пен аңыздар туралы пікір қозғайды. Ол мифтің орнын, эпостағы мифтік құбылыстардың көрінісін анықтайды. Фольклортанушы Е.Тұрсынов «Легенды, предания и бытовые рассказы о животных в системе казахского повествовательного фольклора» (1979) атты мақаласында ертегі емес халық прозасының ішінде жануарлар туралы аңыз-әңгімелерге ерекше тоқталған.

Бұрын жинақталған көркем әдебиет мәтіндерінің қайта басылуы да оқырмандарды фольклор жанрымен қайта таныстыруға қызмет етті. Бұл ретте «Г.Н. Потанин жинағындағы қазақ фольклоры» (1972) атты еңбектің алатын орны ерекше. Жинаққа прозалық фольклорлық мәтіндер, салт-дәстүрлер, аңыздар, шежірелер енгізілген. Ә. Диваевтың «Қазақтың халық шығармашылығы» (1989), «Тарту» (1992) сияқты жинақтарында халық ауыз әдебиеті нұсқалары, оның ішінде аңыз-әңгімелер басылды.

Бүкіл саналы ғұмырын фольклортану ғылымына арнаған ғалым С.Қасқабасов қазақ халық прозасының жанрлық құрамын анықтап, аңызға айналған прозаны ерекше зерттеу көзіне айналдырды. Ғалым ғылыми ұстанымдарға сүйене отырып, өз зерттеулерінде теориялық тұрғыдан ұтымды тұжырымдар жасайды. Бұған ғалымның «Қазақ халық прозасы» (1984) еңбегі дәлел бола алады. С. Қасқабасовтың ғылыми үлкен бір белесі – «Казахская сказочная проза» (1990) атты монографиясы десек қателеспейміз. Қазақтың байырғы халық аңыз-әңгімелерін зерттеуге негіз болған іргелі еңбекте фольклорлық жанрлар теориясы мен олардың қазақ прозасын саралаудағы маңызы, қазақ тілінде сақталған халық прозасы жанрлары мен архаикалық мифтердің жұрнақтарын жіктеу мәселелері қарастырылды. Ертеден келе жатқан халық ауыз әдебиеті, сонымен қатар әңгіме түріндегі мифтерге, өлкетану аңыздарына жан-жақты талдау жасалған. Аталған еңбекте ертегілер мен олардың түрлері ашылып, қазақ ауыз әдебиетінде ертеден келе жатқан мифтер, тарихи-өлкелік аңыздар мен әңгімелер көптеп кездеседі. Олардың пайда болу уақыты мен жанрлық қызметі дәстүрлі дүниетаным мен наным-сеніммен салыстырыла қарастырылғаны көз жеткіземіз.

Тәуелсіздік алғаннан кейін де фольклорлық мұраларды зерттеу, оқулық жазу, оқыту мәселелері күн тәртібінен түскен жоқ. Бұл жұмыстарды

үйлестіруде де Сейіт Қасқабасов табанды еңбек етті. Ғалымның қазақ фольклортану ғылымында фольклор мәртебесін анықтап, оның теориялық негіздерін, тірек-тұғырларын белгілеуімен маңызды. Қазақ әдебиетіндегі бұған дейінгі айтылып жүрген «фольклор» терминіне жаңа түсінік береді. Қазақ фольклортануында тұңғыш рет фольклордың тарихын үш үлкен дәуірге бөліп, «ежелгі замандағы рухани мәдениет», «орта ғасырлардағы фольклор», «жаңа дәуірдегі фольклор» деп жіктеп көрсеткен. Әр дәуірде фольклордың қай жанры пайда болды, қай жанры өшіп жоғалды, жаңадан пайда болған жанрлар қалайша дамыды, өркендеді, ал, ұмытылған жанрлардың қоғамдық себебі неде? деген мәселелерді зерттеуге мұрындық болды. «Қазақтың ертегіден тыс прозасы» монографиясында ертегіден тыс проза алғаш рет бір жүйеде зерттеліп, құрылымы, поэтикасы, көркемдік ерекшеліктері нақты айқындалды, ғалымның бұл іргелі еңбегі арқасында қазақ фольклортану ғылымы тарихында жаңа бір үрдіс – қазақ халық прозасын салалап зерттеудің негізі қалыптасты. Одан кейін жарық көрген «Абай және фольклор» (1995), «Жаназық» (2002), «Ел зерде» (2008), «Ойөріс» (2009), «Алтын жылға» (2010), Таңдамалы жинағы Т. 1: Қазақтың халық прозасы. Т. 2: Мифология. Фольклор. Т. 3: Фольклорная проза казахов (2014) еңбектері арқылы қазақта миф пен мифология бар екендігін тұңғыш рет анықтап шықты. Миф – есте жоқ ескі замандағы фольклорға жататын, сол шақтағы мифтік сананың көрінісі екендігін дәлелдеді және қазақ мифтерінің өзіндік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан тұжырымдады.

Әрине қазақ фольклорының тарихы мен фольклордағы мифология элементі бұл еңбектермен ғана шектеліп қалмады. Мәселен Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ фольклорының тарихы» (1991) оқулығы – аңыздық проза саласынан деректерді қамтыған елеулі еңбектердің қатарына жатады. Кітаптың кіріспесінде фольклор және фольклористика ғылымының мәні жөнінде айта келіп: «...Әр елдің, әрбір халықтың өзіне тән ғана тән фольклоры болады десек, соның сан-алуан нұсқалары қай дәуірде туған? Фольклор туындыларының жаратушысы кімдер? Оның жанрлық, көркемдік ерекшеліктері, ұлттық және тарихи сипаты неде? Ауыз әдебиетінен бөлінетін ерекшелігі қайсы дейтін көптеген сауалдар туады. Мұның бәріне жауап беру үшін фольклор шығармаларының ерекшеліктерін зерттеп, анықтау қажет» [32, б.7], – деп оқырманға ой тастайды. Көптеген жылдар бойы қазақ фольклорының тарихынан дәріс оқыған көрнекті ғалым бұл еңбегінде «Фольклористика тарихы туралы», «Маркстік-лениндік фольклористика», «Совет дәуіріндегі фольклористика» т.б. кезеңдерге тоқталып өткен.

Немат Келімбетовтің де қазақ әдебиетінің көне бастау-бұлақтарын зерттеудегі еңбегі орасан зор. Ғалымның «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» (1986), «Ежелгі дәуір әдебиеті» (1991), «Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы» (1998), «Қазақ әдебиеті бастаулары» (1998), «Ежелгі әдеби жәдігерліктер» (2005) сияқты кітаптарында ұлттық сөз өнерінің түп-тамыры тереңде жатқандығын дәлелдеп көрсетті.

Қазақ ғалымдарынан алғашқылардың бірі болып халық дүниетанымын зерделеп, әр ғылым саласымен байланыстыра меңгертуді орынды пайдалана білген ғалым – Қ.Жұбанов. Ғалым «Қазақ тілі жөнінде зерттеулер» атты еңбегінде тілдің құрылымы жөнінде айта келіп, оның магиялық қызметіне де тоқталады. Тіл дыбыстарының да қазіргі дәрежеге жетуі үшін көп себептер керек болғандығын, арбау, айқайлау, құс шақыру, аң үркіту, қырман басында жел шақыру, табиғатты балталау, күн жайлатуды ғалым – магия деп санайды. Магиядан келіп, әдебиет, пәлсапа туады деген ой айтқан. Оның «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы» атты кітабында өнер атаулының ішіндегі «күй» жанрына толық тоқталып, оған қатысты бар деректің қыр-сырын ашып береді. Одан кейін А.Сейдімбектің «Қазақтың күй аңыздары (құрылымы және жанрлық ерекшеліктері)» диссертациялық жұмысы (1997) – ғылыми айналымға енген зор табыстардың біріне айналды. Тәуелсіздіктен кейінгі зерттеу еңбектерінен Ш. Ыбыраевтың «Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы» (1993), С. Қондыбайдың «Қазақ мифологиясына кіріспе» (1999), К. Ісләмжанұлының «Қазақтың отбасы фольклоры» (2007) еңбектері де – қазақ фольклортану ғылымындағы санаулы еңбектердің қатарына жатқызуға әбден болады.

Екі мыңыншы жылдардан кейін де әдебиет пен фольклор, фольклорды оқыту, фольклордың зерттелу тарихына байланысты біршама еңбектер жарық көрді. Атап айтқанда Н.Қ. Жүсіпов «Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы» монографиясы (кейіннен оқу құралы, 2007), Әдебиет және өнер институты құрастырып шығарған «Қазіргі әдебиет және фольклор» атты ұжымдық монографиясы (2009), А.Б. Абдуллинаның «Мифтік фольклор» атты оқу құралы (2014), «Тәуелсіздік және фольклор» (2012), «Қазақстандағы қазіргі заман фольклоры» (2014) т.б. еңбектер бүгінде тәуелсіз қазақ елінің қазақ әдебиеттану саласындағы тың бетбұрыстарды зерделеуге, қазақ фольклоры қалай жиналды және қандай түрде жарияланды әрі зерттелді деген мәселелерге, мифтік фольклор аясында образдар жүйесі, халықтық таным, мифологияның жіктелуі, мифтердің классификациясы, мифтік сюжеттер мен мотивтер секілді түсініктерді қалыптастыруға арналған оқу құралдарының қатарына еніп отыр.

1.2 Қазақ мифтерінің мағыналық-құрылымдық ерекшеліктері: көркем прозаға кірігу процесі

Ұлттық идея – ұлттың өмір сүру факторлары арқылы айқындалатын, тарих тәжірибесі мен таным-талғамына қатысты жаңғырып-жаңаланып отыратын, халықтың уақытқа сай талап-тілектерінің, әлеуметтік мұрат-мүдделерінің жалпы мәнін жинақтаған тарихи категория. Оның ұлттық рухани болмысының арналы саласы әдебиетте көрініс табуы «Мәңгілік Ел» идеясымен астасып жатыр. Бұл жөнінде мифолог С. Қондыбай өз зерттеуінде: «Киелі Қазақтың Мәңгі елі – реалды географияда емес, біздің санамыз бен түйсігімізде,

яғни әрбір қазақтың ішінде орналасқан, әбден тұмшаланып, шаң басып, танылмай жатқан «ішкі елімізде». Міне, мифология – осындай киелі кеңістікті қайтадан танып білуге жол ашып беретін кілттердің ішіндегі негізгісі. Қазіргімізді, өздеріміздің кім екенімізді (яғни, мұсылмандығымызды) естен шығармай, өткен заманның ұмыт болған қабаттарының бетін аршып алуға, естен шыққан Рухты, Киені, Ділді, Танымды еске түсіруге мүмкіндік беретін әдіс те – осы мифология. Әрине, ол тарих, археология, лингвистика, әдебиет пен фольклортану, жаратылыстану, дін сияқты т.б. салалардың өзара тоғысқан нүктесіне орналасқанда ғана нәтиже бере алады. Мифология, миф – ойдан шығарылған қиял емес, ол – өткен заман адамының шындығын бойына сақтап қалған ата-баба сарқыты. Бұл өткенді саналы түрде бұрмалаудың ескерткіші емес, бірнеше рет бұрмаланған ақиқат орағы, ақиқат пен жаңылыс бір-бірімен астасып, еріксіз абыржу шаңында байқалмай кеткен. ...Қазақ халқының да сан ғасырлық тарихи мәдени жетістіктерінің жемісін, рухани байлығын, жанына біткен еңбексүйгіштік, елжандылық, ерлік, имандылық, бауырмалдық т.б. қасиеттерін танытатын тәлімгерлік тәжірибесі бар.

Онда кешегі өткен данагөй қариялар, құлама ойшылдар, би-шешендер және ақын жыраулардың даналық болжамдардың психологиялық пайымдауларымен педагогикалық тұжырымдамаларының өшпес ізі жатыр» [33, б.13], – дейді. Бұл тұрғыдан алғанда жоғары мектепте халық мәдени ескерткіштерін (мұраларын) студенттерге оқыту арқылы халқымыздың танымдық, әлеуметтік саяси, адамгершілік тәрбие және дүниеге көзқарас ерекшеліктерін таныта түсеріміз анық. Яғни, қазақ әдебиетіндегі мифтің мәнін аша отырып, ата-бабаларымыздың рухани мәдениетінің алғашқы кезеңін, салт-санасы мен мәдениетіндегі бай құндылықтарын тануға болады. Олардың таным, ғылым, мәдениет, өркениет өркендеу жолында жазба әдебиетімізге қосқан үлесі мол екендігін осы шығармаларды оқып, шығармалардағы «мифтік тамырларға» терең бойлау арқылы ғана көз жеткіземіз.

XX ғасыр басында қазақ әдебиетіндегі ертегі-жыр, аңыздарда кездесетін фольклорлық үлгілерді көркем шығармаларда қолдану жаңа әдеби әдістерді өмірге әкелді [34, б.155]. Бұл тек шығарманың көркемдік-эстетикалық әсерін ғана емес, оның танымдық құдіретін, символдық мәнін, сол кездегі өмірлік құндылықтарды жан-жақты тануға мүмкіндік беруде. Сол себепті біз үшін әдебиеттегі «көркемдік таным» жетістіктерін миф, аңыздардан қарастыру өзекті мәселе. Ол үшін ең алдымен миф туралы түсінікті қалыптастырып, оның танымдық ерекшеліктеріне, фольклор мен мифтің арақатынасына мән беру аса маңызды дүние болса керек.

ҚР Тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыруда үлкен жауапкершілікті мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқына жүктей отырып, тек мәдени кодты сақтай отырып қана (тіл, руханилық, салт-дәстүрлер) уақыттың сын-қатерлеріне жауап қайтара алатынымызға баса назар аударды. «Егер ұлт өзінің мәдени кодын жоғалтса, онда ол ұлттың өзі де жойылады». Тек тағылымды тарих, ата-бабалар даңқы ғана қазіргі уақыт қиындықтарын жеңуге мүмкіндік береді» [35], – деген құнды

пікірінің ата салтымызды сақтауға, туған жер мен ел алдындағы парызымызды ақтауға шақыруында үлкен мән жатыр. Осы айтылған ойды Нұрсұлтан Әбішұлының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан да көреміз. Онда «...Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» [36], – деп айтқан болатын.

Яғни, ұлттық рухани код дегеніміз – ұлттық болмыс. Бір халықты басқа халықтан ажыратып, танытатын және сол халықтың әлем қауымдастығы алдында басқаға ұқсамайтын таным-түсінігі мен бітім-болмысын айқындап тұратын сипаты. Бұл сипаттың ерекшелігі – дара халықтың жаратылысындағы айрықша антропологиялық генезисінен бастап, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан салт-дәстүрі, мінез-құлқы, арман-мұраты, тілі мен ділі, тұрмыстық-шаруашылық негіздеріне дейін толық қамти алуында. Бір сөзбен айтқанда, этностың тұтастығын сақтап тұрған кілті – төл әдебиетінің қай кезде де бүтін болуы үлкен маңызға ие. Мұндай өлшеммен қарайтын болсақ, қазақ халқының бүкіл болмысы фольклорлық шығармаларда жатқандығы анық.

Фольклорлық шығармалар халық ақыл-ойының, қабілетінің жиынтығы, қазынасы. Көшпелілер мәдениетінде фольклордың ең бір көне нұсқалары деп – миф пен эпсаналарды есептейді. Өйткені мифтер белгілі бір дәрежеде әдебиет үшін көркемдік әрі танымдық қызмет атқарып келді және бұл қызметін әлі де жалғастыруда. Фольклорлық туындылардың қай-қайсысында да мифологиялық ойлау айқын. Біз әдебиетті бейнелі ойлаудың жемісі десек, оның алғашқы сатысы – фольклорда бейнелі ойлау түрімен адамдар өзін қоршаған әлемді тануға ұмтылды.

Фольклор мен миф байланысының тереңдігі жөнінде фольклортанушы ғалым Сейіт Қасқабасов былай дейді: «Фольклор – әрі көне дүниетаным, әрі көне мәдениет, әрі мұра. Фольклор көп заманның, бірнеше дәуірдің, әртүрлі қоғамның туындысы болғандықтан, ол көп қатпарлы, көп деңгейлі және көп мәнді, көп қырлы. Көне дәуірде пайда болған ырымдар мен ырым-жырымдар, діни түсініктер мен мифтер сол кездегі адамдардың ауызша әңгімелері мен әдет-ғұрыптары бір жағынан фольклор болып табылады. Екінші жағынан, сол кездегі қоғамның мәдениеті болды, өйткені сол кездегі адамдар орындаған салт-дәстүрлер мен мифтер бұл қоғам үшін де мәдени рөл атқарады. Үшіншіден, әртүрлі ырымдар, діни сенімдер мен мифтер бірінші қауымдағы адамдардың дүниені тану процесінде қалыптасқан рухани мұрасы болды. Өйткені, олар сол көне дәуірдегі адамдардың дүниетанымы еді. Мұның бәрі қазақ ауыз әдебиетінде кездеседі. Дүниетанымы да, рухани мәдениеті де атам заманда өмір сүрген ата-бабаларымыздың діни наным-сенімдері, сан алуан ырымдары мен мифтері түрінде өмір сүрген көне халық ауыз әдебиеті де бізге мұра болып қалды. Олармен бірге әр кезеңдегі қоғамда пайда болған басқа да көптеген ұғымдар мен идеялар, мифтер мен аңыздар фольклорлық дүниелерге айналып, сол дәуірдің белгілері мен идеяларын сақтап қалды. Олардың

барлығының тамыры фольклордан бастау алады[37, б.7]. Сөйтіп фольклорды сипатына қарай үшке бөліп қарастырады:

а) фольклор – ежелгі дүниетаным және көне мәдениет, әрі мұра;

ә) фольклор – тұрмыстың бір бөлшегі;

б) фольклор – сөз өнері». Осы пікір арқылы фольклор атаулы дүние – өз шекарасында талай дүниелерді жиыстырған синкретті жанр екендігіне көз жеткіземіз.

Қазақтың мифологиялық әдебиеті – тарихи құбылыс. Өте ірі хронологиялық тізбек құрайтын бұл жүйе құрылымы – сонау алғашқы танымдық ізденістерден бастау алып, кейінгі фольклор саласына сіңісіп, одан кейінгі басқа салаларда өз қасиетін сақтап, жаңаша «жаңғыратын» тұтас құбылыс. Жалпы мифология атаулы үлкен құбылысты 3 тарихи тұрғыдан байыптауға болады. Бұл туралы А.Б. Абдуллина «Мифтік фольклор» атты оқу құралында:

1. Табиғаттың, әлемнің, ғалам мен дүниенің, жалпы адамзаттық дүниәуи болмыстық құрылымның пайда болуы турасындағы алғашқы жаңа ой-пікірлердің «таза» жинағы;

2. Сол аталған қарым-қатынастардың негізінде қалыптасқан ой-пікірлердің жоғары сатыға көтеріліп, олардың көркемдік ырғағының өлең-жырлардың негізінде пайда болуы;

3. Мифтік сана мен наным-сенімнің заттанған модель ретінде көрініс тауып, жаңаша сипатпен қолданылуында;

Яғни тарихи ауқымнан біз қазақтың мифологиялық әдебиетін нақты анықтай аламыз және әр тарихи процесте түрліше дамып отыратынын білеміз [38, б.10], – деп жіктеп көрсетеді.

Миф жөніндегі зерттеу еңбектерге көз жүгірткенде мифтік сана өзінің даму жолында екі түрлі сатыдан өтетінін байқаймыз. Бірінші кезеңде рух пен табиғат толық тең, яғни бір болып көрінеді. Екінші кезеңде адамның табиғат қойнауынан алшақтауына байланысты жаңағы айтқан тендік бұзыла бастайды. Табиғаттағы дүниенің бәрі бірдей деген алғашқы мифтік сана әлемдегі жанды және жансыз, өлі мен тірі нәрсені анық жіктемеуден туған. Мәселен, қазақ ертегілерінде кездесетін мифтерде «өлі, тірі» ұғымдары бөлінбейді. Бұл дүние өмірбақи болады деген түсіністіктен туған. Өлім – алғашқы жағдайға қайтып келу деп түсінген. Ажал – ол да өмір, бірақ басқаша өмір. Өлген адам жоғалады деп саналмай, ол басқа өмірге көшті алғашқы өзінің түріне қайтып келді деп түсінген.

Ғылымда мифке берілетін анықтама өте көп. Әдетте, миф десе ойымызға ежелгі Греция мен Римнің тамаша әңгімелері түседі. Олардың көпшілігі бұрында антика дәуірінде дамыған мифологияға арналған мифтің атқаратын қызметіне қатысты (түсіндірмелі, психологиялық, социологиялық т.б.), нақтырақ айтқанда оның дінімен, өнерімен, философиясымен, әртүрлі ырымдарымен, ертегімен және эпсана хикаятпен болған қатынасына байланысты негізделсе керек. «Миф дегеніміз не? Миф (грек. mythos – баян, аңыз, мысал) – халық творчествосының өте ертеден қалыптасқан ең көне

жанрларының бірі. Миф алғашқы қауымдық қоғам адамдарының дүние туралы, әлемге әмір етер сыртқы күштер, яғни құдайлар мен рухтар образдары туралы және табиғаттан тыс құбылыстар мен оқиғалар жөніндегі түсінігі, сонымен қатар осылар жайындағы қалыптасқан мифтер, яғни аңыз-әңгімелер» [39, б.185].

Мифтің теориясы әлі күнге дейін толық құрылмағанымен, миф туралы әр түрлі концепциялар, болжамдар ХІХ ғасырдың ортасынан бері қалыптаса бастады. Солардың ішінде 19 ғасырдың соңы мен 20 ғасырдың басында жан-жақты зерттеле бастаған алғашқы қауымның ойлауы мен танымы, этнология мен этнографиядағы тың жаңалықтар зерттеудің аясын кеңейтті. Сол себепті аталған мәселелермен айналысқан еуропалық ірі ғалымдар К.Леви-Стросс, Л.Леви-Брюль, Дж.Фрэзер, Э.Кассирер, Э.Тайлор т.б. еңбектерінде мифология лингвистикалық, философиялық, логикалық аспектіде қарастырған.

Миф туралы алғаш зерттеу жасаған ғалым М.Элиаде мифке мынадай анықтама берді: «Миф белгілі бір қасиетті тарих туралы болған алғашқы оқиғаны сөз етеді. Бұл әрқашан «жаратылыс» туралы, белгілі бір заттың қалайша қалыптасқандығы, яғни өз тіршілігін қалай бастағандығы туралы сөз» [40, б.66]. Ал Дж.Ф. Бирлайн: «Миф – адам баласы үшін барлық уақытта да бейнебір өзгермейтін, тұрақты дүние. Мифте көрініс тапқан жалпы модельдер, сюжеттер, тіпті ұсақ детальдар барлық жерде немесе заттарда кездеседі. Басқаша айтқанда, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан біздің ата-бабаларымыздың естелік мұраларының жиынтығы. Миф – біздің дүниетанымымыздың құрылымында көрініс тапқан. Ол қанымызда, генімізде таңбаланған» [41, б.186], – дегенді айтса, әлемдік көзқарас тұрғысынан зерттеген К.Г. Юнг «Миф – энергияның сарқылмас қайнаркөзі» [42, б.17], – дейді.

Мифтің поэтикасын зерттеу нысаны ретінде қарастырып «Миф және ХХ ғасыр» атты еңбек жазған орыс ғалымы Е.М. Мелетинский ежелгі классикалық мифтердің келесі ерекшеліктерін атап көрсетеді: «Қандай да бір заттың мәнін оның пайда болуымен байланыстыру, яғни заттың жаратылысын түсіндіру деген сөз – оның қалай пайда болғанын әңгімелеу, айналаны қоршаған дүниені сипаттау деген сөз – сол дүниенің пайда болу тарихын баяндау» [43, б.251]. Қазақ зерттеушілерінен А. Қасымжановтың пікірінше «Мифология – барлық халықта өткен адамзат сана-сезімінің алғашқы тарихи формасы... Тұрпайы көзқарас ықпалынан өту кезеңінде ғылым адамзат дүниесіне мифология деп аталатын ауқымды әрі жан-жақты құбылысты алып келді. Бұл – әлем халықтарына түгел қатысты адамзат санасының өте ерекше қабаты. Бұл қабат қазақ халқының рухани мұрасында ерекше байқалады, оның іздері фольклорда, ескі аңыз – әңгімелерде, тілде сақталған» [44, б.76].

Егер мифке байланысты берілген барлық анықтамаларды жинастырып алып қарайтын болсақ, үлкен екі топқа бөлінетінін көреміз: біріншісі – миф дегеніміз дүние туралы фантастикалық түсінік, әлемде билік жүргізген құдайлар мен рухтардың ғажайып образдарының жүйесі (системасы), екіншісі – миф дегеніміз құдайлар мен қаһармандар жайлы ауызекі әңгіме. Яғни мифология дегеніміз мифтік әңгімелердің жиынтығы ғана емес. Кейбір

мифологиялық түсініктер әңгімеде емес, ырымдарда да бой көрсетеді. Тіпті көп жерлерде мифпен басқа фольклорлық прозаны ашып айырмайды. Себебі миф тарихи негізі бар аңыз, хикаят, тіпті ертегі сияқты да баяндалады. Ал мифология ұғымына келер босақ, бұл термин екі түрлі мағынада жұмсалады: біріншісі – белгілі бір ұлттың немесе жалпыадамзаттың көне дүниетанымының көрінісі саналатын мифтер жүйесі, екіншісі – мифтер мен мифтік дүниетанымды, оның өнер түрлері мен басқа да қоғамдық сана формаларына әсерін зерттейтін ғылым саласы деп білеміз.

Қазақ фольклорында «Қазақ халық прозасы» деген терминді орнықтырушы фольклорист ғалым С. Қасқабасов: «Ең көне мифтер – алғашқы қауым адамдарының өзін қоршаған ортадағы, маңайындағы әртүрлі объектілер мен табиғат құбылыстары турасындағы түсіндірме әңгімелері түрінде болып келеді. Ондай әңгімелерде заттардың, аңдардың пайда болуы мифтік сана бойынша түсіндіріледі. Ал, мифтік сананың өзі екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезең «адам мен табиғаттың бірлігі» жөніндегі түсінік. Яғни, адам өзін жан-жануар, адам мен зат бірдей деп түсінеді, өлі мен тірінің арасына да жік қоймайды. Дәл осы кезеңде анимистік наным жұмыс істеп, мифтерде адамның аңға, басқа бір затқа, немесе керісінше жануардың, заттың адамға айналуы – заңды құбылыс ретінде қабылданады. Мифтік сананың екінші кезеңі – «адам мен табиғаттың бірлігі» туралы ұғымның бұзылуы. Бұл уақытта адамдар өзінің жануарлардан, қоршаған табиғаттан өзгеше екенін түсінеді де, тотемистік нанымға негізделген мифтер шығарады. Сөйтіп, тотемистік және этиологиялық мифтер дүниеге келеді. Алғашқы кезеңде жер бетіндегі нәрселердің, аспан шырақтарының қалай пайда болғанын баяндайтын жасампаздық және космогониялық мифтер шықса, екінші кезеңде тотемистік, дуалистік мифтер туады» [45, б.65], – деген пікір айтады.

Мифтегі оқиғалар мифтік дәуірде өткен болып саналады. Мифтік дәуірде барлық заттар мен құбылыстар пайда болып, бүгінгі түр-түсі, ерекшелігін иеленгендіктен бұл уақыт «қасиетті уақыт» деп түсінілген. Мифтік сана бойынша заттың мәнін ұғу үшін оның шығу тарихын білу керек, яғни заттың мәні мен тегі теңестіріле байланыстырылған. Халық ұғымында қай заттың болмасын шығу тегін білмейінше, оны пайдалануға болмайды деген түсінік бар. Мәселен мифтік сананың маңызы жөніндегі мифолог ғалым Серікбол Қондыбай: «Мифті білгенде не, білмегенде не – онда тұрған ештеңе жоқ сияқты. Бірақ фольклордағы «кәкүр-шүкір» болып көрінетін тұстарға үңілу жауап туғызбаса да, сауал туғыза алады. Сауал пайда болған екен, оған жауап беруге деген талпыныс пайда болады, өйткені, «кәкүр-шүкір» деп отырғанымыз – өткен заманнан қалған естеліктердің жұрғанасы. Осыларды дұрыс талдау арқасында бүгінгі, пенде қазақтың қанында, тәнінде, түйсігінде орын алып, бірақ әрекет жасауға дәрменсіз болып отырған «басқа («мәңгі») қазақ» – «ішкі қазақтың» немесе «арғықазақтың» танымы мен сенімін оята аламыз. «Қандай да бір көзқарас тұрғысынан қарасақ та, анығы біреу – оптимистік материализм мен позитивизм дәуірі аяқталды. Ал бұл, күн тәртібіне ежелгі мифологиялық конструкцияларды, әр алуан, бір кездері асығыстықпен «берерін беріп болған»

немесе «қарабайыр» дәрежесіне өткізіліп қойған ғылымдар мен ғылыми пәндерді жаңадан ой елегінен өткізу ісі қойылып отыр. Бүгінгі ғылымның ең салауатты деуге болатын өкілдерінің мифологияға, дін тарихына, магияға, астрологияға деген, үнемі артып отыратын қызығушылығының бастауы да осында жатыр» [46, б.5-7], – деп пікір білдіруі кез келген зерттеушінің назарын өзіне аударта керек. Осы ойдың жалғасында «Адамзат өзгере отырып та өзімен-өзі болып қалып отыр (яғни, өзгермейді), сондықтан өткен шаққа және өркениеттерге менсінбеушілік, үстірттік, салғырттық ендігі жерде болмауы тиіс. Қазіргі уақытта біз глобусты ығыстырып қойып, жансыз, тіршіліксіз ғаламда ағып келе жатқан материяның түйіршігі (әңгіме Жер шары туралы болып отыр) дегенді ұмытып, киелі географияның сиқырлы әлеміне, біздің мәдениетімізді, біздің психологиямызды, біздің рухымызды табандылықпен және байыппен қалыптастарған ата-бабаларымыздың өздері мекен еткен, жасаған, сүйген және жауларын өлтірген сол бір ғажайып дүниесіне бет бұратын уақыт болды. Мифке оралатын сәт келді...» [46, б.9], – деген ой айтылады.

Расымен де көне дәуірлерден адамдар жады арқылы сақталып жеткен ертегілер мен аңыздардан, эпостық туындылардан мифтік танымның көрініп отыруы заңдылық. Мәселен оның түп-тарихын сонау алғашқы қауымдық құрылыстан бастаған орынды. Зерттеуші ғалым Жанат Әскербекқызы: «Миф зерттеушілерінің пікірі бойынша, миф таза түсінік күйінде кездесе бермейді. Қазақ фольклорындағы мифологизмнің көріністері дегенде, ең алдымен ертегілерді, аңыз, хикаяларды, сонан соң тұрмыс-салт жырларын, эпостарды, ырым-тыйымдарды еске алуға болады. Көне ертегілер мен алғашқы қауымдық мифтердің ара жігін ажырату қиын. Ертегілердің мифтік нанымдар негізінде туғанына зерттеушілердің көпшілігі күмән келтірмейді. Өйткені, көне ертегілер мен алғашқы дәуірдегі мифтер арасындағы оқиғалар желісі бір-бірімен үндесіп отырады. Әлемдік әдебиетке назар салсақ, мифологиялық ойлау адам санасында сәуленеліп, сол арқылы фольклорлық туындыларға сіңісіп кеткенін көреміз» [47] – деу арқылы фольклордағы мифтердің көріністеріне баға береді.

Жалпы мифологияны кең ауқымда, макроқозқараспен қарасақ, әлемдік мифологияның үш түрлі екенін көреміз. Біріншісіне алғашқы қауымда пайда болған рухты иелену туралы мифтер жатады. Олар негізінен әр түрлі заттардың, өсімдіктердің, жануарлардың және тіпті адамдардың өздерінің тарихын, сондай-ақ жеке аспалы терезелерді баяндайды. Екіншісі – құл иеленуші мемлекеттер дәуірінде туып, қалыптасқан мифтер. Олардың тақырыбы мен мазмұны біріншісіне қарағанда әлдеқайда кең. Мұнда екі процесс жүреді: ескі мифтер қайта өңделеді және жаңа мифтер дүниеге келеді. Қазір алғашқы қауымдастықта пайда болған рухты иелену туралы мифологияның аясы кеңейіп, жер бетіндегі заттардың ғана емес, бүкіл Ғарыштың хаостан босатылуы туралы әңгіме айтылады. Сонымен бірге алғашқы қауымға тән рулық-тайпалық қатынастар жағдайында өркениет, әлеуметтік теңдік, рулық бірлік, туысқандық және адамдардың өзара мейірімділігі жойылып, олардың қоғамдағы орнында таптық жіктелу пайда

болып, әлеуметтік және мемлекеттік қанау орныққан кезде, яғни құл иеленушілік және феодалдық мемлекеттерде деспотизм күшейген кезде ескі рулық өмірді аңсайтын және оны «алтын ғасыр» еді деп дәріптейтін мифтер туады. Кейін бұл мифтер «жұмақ», «пейіш» болып өзгереді[48, б.3].

Қазақ фольклорында мифтік сюжеттер айқын көрінеді. «Біздің қазақ фольклоры тұрғысынан қарағандағы миф деп отырғанмыз – әлемдік мифология ауқымынан шықпайтын, тіпті типологиялық сипаты мен оған сәйкес келетін дүниенің, жаратылыстың әр түрлі құбылыстарымен объектілерінің пайда болуын, аспан мен жердің жаратылуын, адамзаттың алғаш қалай пайда болғанын және аңдар мен құстардың шығу тегі мен мінез-құлқын, ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын прозалық шығармалар болып табылады» [45, б.65].

Қазақ мифі – өзінің тегін түркілік сарыннан, одан қала берді классикалық мифологиядан алатын әдебиеттегі аса үлкен жанр. С. Қасқабасов мифтің алғашқы формалары – фетишизм, тотемизм деп есептейді. Оның ең жоғарғы дамыған сатысы – анимизм дейді. Мифтің осындай алғашқы түрлері адам мен табиғаттың тікелей байланысуына, жақындасуына әкеліп соқтырса, одан кейінгі жағдай – керісінше, бір-бірінен тебісу заңдылығымен жүзеге асса керек. Қазақ мифтері – анау бір дәуірдегі халық дүниетанымының сығындысынан пайда болған көл сияқты. Сол мифтерде ғана халық түсінігі мен топшылаулары, арманы мен қиялы, жаны мен жүрегі, арқауы мен сенімі жатыр. Ол мифтерді белгілі бір жүйеге түсіріп, типологиясын жасау мәселесі әлі де болса күн тәртібінен түспей тұр. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты әдебиеттанушы ғалым Ш. Ыбыраевтың редакторлығымен жарық көрген «Қазақтың мифтік әңгімелері» (2002) кітабының «Қазақтың мифтері мен мифтік аңыздары туралы» тарауында космогониялық мифтер, антропогондық мифтер, эсхатологиялық мифтер деп үлкен үш топқа бөліп қарастырған. Ал А.Б. Абдуллина «Мифтік фольклор» (2014) атты еңбегінде қазақ мифтерінің типологиялық жіктелімін бірнеше топқа бөліп, оның негізгі компоненттерін ұсынады. «Қазақ мифтерін шартты түрде былайша бөлуімізге болады: космогониялық мифтер (дүние, әлем қалай жаратылды? Дүниенің, ғаламның пайда болуы туралы мифтері), антропологиялық мифтер (адамның жаралуы туралы мифтер), космологиялық мифтер (аспан денелерінің мәні, сыры, олардың алғаш пайда болуы, қазақтар арасындағы сенімі турасындағы мифтер), діни мифтер (дүниені топан су басу, аруақ, әулие-әнбиелердің халық санасында орын алуы, о дүние турасындағы мифтер), гигантоманиялық мифтер (алыптар (ертегі, әпсана-хикаяттардағы дәу, алыптар) турасындағы мифтер), жер-судың, тау-тастың жаралуы (алғаш жердің, судың, таудың жаралуы турасындағы мифтер), мифтік бейнелеулерге құрылған хикаялық қазақ «сайтаннамасы» (ел арасындағы үббе, жын-шайтан, албасты, пері, жезтырнақ сияқты, ит, жылқы, аққу, түйе тотемдерінің таралуы, осылар жөніндегі халық танымындағы мифтер), шежірелік мифтер (белгілі бір ұлт, ұлыстың шежірелік немесе жер атауының (Жерұйық, Өтүкен, Ергенеқон т.с.с.) аңыздық сипатына байланысты мифтер), аң-құстың, өсімдіктердің пайда болуы, халық арасында таралуы,

жаралуы туралы мифтер, диалектикалық мифтер (өмір мен өлім, әйел мен еркек, көк пен жер, ғалам мен табиғаттың т.б.)» [38, б.25].

Кесте 1 – Қазақ мифтерінің мағыналық-құрылымдық ерекшелігі

Космогониялық мифтер	Дүниенің, әлемнің жаралуы туралы мифтер
Антропологиялық мифтер	Адамның шығу тегі, пайда болуы турасындағы мифтер
Космологиялық мифтер	Аспан денелері, олардың пайда болуы, таралуы кеңістігі турасындағы мифтер
Діни мифтер	Белгілі наным-сенімге орай құдайлар, жаратушы ие турасында немесе ислам дініне байланысты (әлемдік топан су, пайғамбарлар т.б.) туған мифтер
Гигантоманиялық мифтер	Алыптар турасындағы мифтер (Көлтауысар, Таусоғар, Жалғыз көзді дәу т.б.)
Жер-судың жаралуы турасындағы мифтер	Жер атауларының (Баянауыл, Тасбас, Әулие-ата және олардың типологиялық белгілері), су атауларының (Еділ, Жайық, Жылаған ата), тау атауларының (Бурабай, Оқжетпес, Жеке батыр) шығуына байланысты мифтер.
Шежірелік мифтер	Белгілі бір халықтың, ұлттың, ұлыстың, тайпа-рудың шығуы («қазақ», «алаш» т.б. атаулары), халықтық наным-сенімдегі жер-су атауларының (Жерұйық, Жиделі Байсын, Өтүкен, Ергенекон т.б.) шығуына байланысты мифтер
Хикаялық мифонимдер мен тотемдерге байланысты туған мифтер (Қазақ «сайтаннамасы»)	Хикаялық мифонимдер (үббе, жезтырнақ, албасты, күлдіргіш, шайтан, пері т.б.) және халық арасында кең тараған тотемдер (ит, аққу-қаз, жылқы, аю, түйе т.б.) турасындағы мифтер
Құстар мен жануарлар (этиологиялық) және өсімдіктердің пайда болуына байланысты мифтер	Халық танымында кең тараған жануарлар, құстардың шығу тегі мен олардың мінез-құлқына байланысты (қарлығаштың құйрығы неге айыр, түйе неге боздайды, көртышқан туралы т.б.) және өсімдіктердің (бәйтерек (әлемдік ағаш), тобылғы, баялыш, арша т.б.) шығу тегіне байланысты туған мифтер
Диалектикалық мифтер	Дүниенің, өмірдің даму заңдылықтарының реттілігін қарастыра отырып, өмір мен өлім, әйел мен еркек (Адам Ата мен Хауа Ана), Көк пен Жер (Тәңір мен Ұмай), Ай мен Күн т.с.с. сияқты философиялық жұптар туралы айтылған мифтер

Осы көрсетілген мифтер – қазақ мифологиясының барлық сұрақтарына жауап береді. Мифтің жылжымалылығы – уақыт пен кеңістіктің бірлігінде. Жылжымалылық – мифтің астын сызып қояр тұсы. Жылжымалылық – тарихи құрылыстың жөнін сақтап, мифтің уақыты мен таралу аймағына, эволюциялық-диалектикалық сүрмектің «өмір сүруіне» басты назар аударыла отырып, қоғамдық-әлеуметтік, мәдени ахуалдардың негізгі хронологиялық тізбегінен түзіледі.

Қазіргі кезде қазақ мифологиясы – өзіндік жүйесі бар, жіктелімі мен құрылымдық жүйесі бар сала. Оны жіктеудің негізгі арнасы біреу. Яғни белгілі бір сала ретінде алатын қазақ мифологиясының және бұл саланың бір тармағы

қазақ мифологиялық әдебиетінің түп тамыры бір. Себебі қазақтың мифологиялық әдебиетін 3 арнаға бөліп қарастырар болсақ (қазақ мифологиялық таным, мифофольклор, мифопоэтика), оның негізгі айналып соғар шеңбері, қазығы – біздің алғашқы реттегі, яғни қазақ мифологиясын жіктеудегі негізгі ұстанымдар болып табылады.

«Осы уақытқа дейін шартты түрде біз қазақ мифологиясын 11 түрге бөліп қарастырдық, ал оның негізгі құрылымдық бөлшегі – қазақ мифтерін 10-ға жіктедік. Мұндағы ұстанған басты принцип – осы күнге дейін жеткен дәстүр мен жалғастық мәселесі. Халықтық таным мен қиял, сақталып, «жатталып», «қатып қалған» символика, ажырамас бөлшектер, «ұлттық теорема» мен «танымдық аксиомалар», өлең-жырлар – бәрі де мифологияға өзек, жүк болып артылды. Сол себептен осындай жіктеулерді жүргізгендегі басты шарттар мынадай:

1. Ежелгі танымның молынан сипат алуында. Яғни ежелгі түсініктен, алғаш белгілі бір нәрсенің жаралуы турасындағы көнедүниелік, ескілік танымдық сенімдер. Осындай факторлардан барып жетпек орын алады.

2. Культтық нанымның тереңдігінде. Адамзаттың дүниені тануда анимистік, фетишистік, магиялық, тотемдік «үлгіде» құрылған нұсқалықтардан туындаған түсініктердің жиынтығы.

3. Қоғамдық-тұрмыстық, әлеуметтік-«саяси» ахуалдың өзектілігінде. Яғни әлеуметтік теңсіздік, қоғамдық алғышарт, «саяси-қияли» тартыстардың тұрмыстық сипаттылығында.

4. Танымдық дәреженің діни нанымға негізделуінде. Көбінесе эсхатологиялық, тұрмыстық-қоғамдық, философиялық мәнге лайықталған түсініктің діни мағынаға лайықталуы. Осылайша мифологиялық трансформацияның кеңістіктік шеңберін осындай нанымдардан көре аламыз.

5. Диалектикалық ой-жүйенің, қиялдың өмірмен бірге ұштасуында. Адамзат баласының ойлау жүйесіндегі табиғи тылсым дүниенің әр тараптан, әр қисыннан келістіріліп, уақыт пен кеңістіктік өлшемнің саралануына байланысты жүргізілген пайымдаулар мен пікірлер «өмірмен» бірге жүрді.

6. Шежіре мен танымның бірлігінде. Шежіре – белгілі бір атаудың арғы, түпкі архетипі дейтін болсақ, онда ол әр құбылысқа тән өзгешеліктің мазмұнына жауап береді. Яки хронологиялық жолмен жетіп, өзіндік бір эволюциялық шеңбері бар атаудың тамырының моносинтезді (атаудың біржақтылығында) және полисинтезді (атаудың көп жақты болып, бірнеше нұсқалықтардың қалыптасуы) болуында.

7. Философия мен қиял шеңберінің бірлігінде. Қай таным жүйесін алсақ та, оның астарында халықтық дәстүр, халықтық қиял, ой жатыр. Сол себепті халықтық пайымдау – таза «философиялық» танымның жарқын көрінісі.

8. Түркілік танымның қазақ мифологиясындағы орны. Қазақ мифологиясы өздігінен дүниеге келе салған жоқ. Ең алдымен ол түркілік дәуірдің кеңістігінде қайнады. Уақыт өте келе түркі халықтары бөліне бастаған кезде, алғашқы архетип, ой-жүйе барлық түркі халықтарына таралып, бірдей

болып кетті. Дегенмен әркім өзінше «жаңалықтар» мен «өзгерістер» енгізіп, бірақ түп тамырын сақтады.

9. Әлемдік мифологияның әсері. Жіктеуді жүргізгендегі алатын басты мәселе – ұқсастық мәселесі. Жоғарыда айтқандай, түркілік таным – қазақ мифологиясының басты өзегі. Ал грек, славян, скандинавия, кельт т.б. секілді әр түрлі түп-тамырлы ұлыстардың танымымен қазақ мифологиясының ұқсастығы түркілік нанымға байланысты. Жоғарыда айтқан ұлыстар мен түркілік дүниенің арасындағы байланыс-бірлік «көшпелі сюжеттердің» типологиялық негіздемесіне сай келуінде.

10. Мифологияны жіктеуде басшылыққа алатын тағы бір принцип – оның синкреттілігінде. Яки өз арнасына бірнеше өнер, таным, ғылым салаларының біріктіруінде. Мифология әлеуметтану, психология, логистика, философия, мәдениеттану, дінтану, әдебиет, тіл, эстетика, антропология, космология, астрономия, ұлттық өнер түрлері (зергерлік, күйшілік, ақындық, аспаптық т.б.) секілді салалармен байланысты. Сол себепті мифологияны біржақты түсінікпен байыптамай, жоғарыда аталған ғылым салаларымен қатар қабылдауымыз жөн.

11. Мифологияны ізгілендіру, тарихты білгізу мақсатында қолдану керектігі жөнінде пікір қалыптастырту. Әйтпесе мифологияны халықтың «рухани жаны», «рухани тарихы» дер болсақ, ол тек осы мақсатта қолданылу керек» [38, б.27], – дейді. Бұл ретте Серікбол Қондыбайдың мына пікірінің де маңызы жоғары: «Дұрыс түсінілсе мифтік мұраның нақты қоғамға берері мол, ұшан теңіз. Шалағай түсініліп, оны тар мүдделі ортада, әсіресе саяси мақсаттарда пайдаланар болса мифтің қоғамға, нақты халыққа тигізер зияны да мол болып шығады» [49, б.16].

Жоғарыдағы пікірлерден қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен сөз өнерінің бастауы мифтерде жатқанына тағы да көз жеткіздік. Дүниенің жаратылуы, оның қалай және қайдан пайда болғаны, оның себеп-салдары, адамзат баласының сәбилік сана-сезімінің нәтижесінде жасалған қоршаған ортаның табиғаты туралы ғажайып әңгімелер, наным-сенімдер мен идеялар әлі де зерттеуді қажет етеді. Ауызша тараған мұрада өткен дәуірдің айғағы мен ата-бабаларымыздың ой-пікірлері болып табылатын мифтер мен мифтік дәстүрлер елеулі орын алды. Бұл қазақтың әндері мен күйлері, өлеңдері, аңыздары, т.б. сан ғасырлар бойы рухани азық болған бұл туындылар дала өмірінің талабына сай өңделіп, өзгертілді.

Қазақ мифологиясында көп ұшырасатын мифтік қаһармандар – Көкбөрі, Көк өгіз, Самұрық, Бәйтерек, Көлтауысар, Желаяқ, Таусоғар, Саққұлақ, Албасты, Жезтырнақ, Жалмауыз кемпір, Пері, Дию, Пірлер т.б. Аталған кейіпкерлер халық ұғымында бұрыннан бар «Күн астындағы Күнікей қыз», «Ер Төстік», «Қараұйрек» ертегілерінде бұл кейіпкерлер оқиға барысында көрініп отырады. Ертегі кейіпкерлері қиналған сәтте тылсым, ғажайып күштер көмек көрсетіп, жөн сілтейді. Аймұхамбетова Жанат Әскербекқызы аңыздық кейіпкерлерге қатысты диссертациясында: «Кейде мифтік бейнелер жағымсыз, қаскөй әрекеттерімен көрінеді. Мысалы, Жезтырнақ, Жалмауыз кемпір, Жеті

басты Дәу т.б. Мифтік аң-құстар да фольклорлық туындыларда айтылады (жеті басты айдаһар, самұрық т.б.). Көне дәуір ертегісі болып саналатын «Ер Төстік» ертегісінен алғашқы кездегі адамдардың дүниетанымын анық аңғарамыз. Бұл ертегіде мифтік таным жетекші орынға шыққан. Мифтік желілерді жүйелі түрде атап көрсетсек, олар мыналар: 1. Төстікке перінің қызы Бекторының жолығуы; 2. Жалмауыз кемпірден қашқан Төстіктің жер асытыа түсіп, жылан Бапы хан еліне келуі; 3. Шалқұйрыққа тіл бітіп, Төстікке жөн сілтеуі; 4. Төстікке достарының табылуы, көмектері; 5. Төстіктің зәулім бәйтерек басындағы алып қара құстың балапандарын ажалдан құтқарып, құстың көмегімен жер үстіне шығуы; 6. Шойынқұлақты өлтіруі. Халықтық мифологиядағы «үш әлем» туралы сенім «Ер Төстік» ертегісінен орын алған. «Ер Төстік» оқиғасы өзінің дүниеге келген дәуірінде шындық ретінде қабылданған. Перілер әлемі – Бекторы, жер үсті әлемі – Төстік, жер асты әлемі – жылан Бапы хан т.б. бейнелермен бедерленеді. Сорқұдық – мифологиялық мекен. «Ер Төстік» т.б. ертегілерде суреттелетін зәулім бәйтерек – үш әлемді жалғастырып тұратын «ғарыштық» немесе «әлемдік» ағаш. Әлемдік ағаш туралы мифтік ұғым қазақ ертегілері мен шамандық нанымында да кездеседі», – дейді[47, б.68].

Мифті ғылыми түсініктің утопиялық көрінісі деп қарастырсақ та қателеспейміз. Өйткені миф – ақиқат пен аңыздың тоғысқан жері. Миф арқылы болмысты қиялмен көруге болады. Мәселен халық ауыз әдебиетінде онтологияның алтын парадигмасын жасап, қиялмен өрнектеген мифтер көптеп кездеседі. Олардың қатарына «Үркер», «Жетіқарақшы», «Шолпан», «Есекқырған», «Ай мен күн», «Ұмай ана» сынды космологиялық, архаикалық, антропогендік мифтерді жатқызуға болады. Осылардың ішінде Ұмай анаға қатысты деректер фольклорлық ғұрыптардан бөлек, Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде, грек, үнді мифологиясында да кездеседі. Ұмай ананың этимологиясын зерттеген С. Қондыбай кейбір түркі халықтарында «Май-ене» деген атаумен сақталғанын, «Ұма – баланың жолдасы», Ұмай – әйел кейпіндегі мифтік тәңір ие дегенді білдіретінін айтады.

Дүниежүзі халықтарының мифтері ғылыми зерттеулердің нысанына алынып, тарихи салыстырмалы қарастырғалы бері мифтердің де түрлі-түрлі қоғамдық-әлеуметтік даму сатылары, тарихи деңгейлері, түрлері мен тақырыптық аясы болатыны анықталып отыр. Мұндай ізденістердің жұртшылық мойындаған бірқатар нәтижелеріне табан тірей отырып, қазақ мифтерінің де қайсыбір ерекшеліктерін анықтау ұлтымыздың рухани мұрасын түгелдеуге септігін тигізері сөзсіз.

Мифологиялық форма – қаламгерлік шығармашылықтың жемісі, көркемдік мүддеге қызмет ететін эстетикалық құрал. Мифтік шығармашылық авторлық сананың іске араласуынан пайда болады. Авторлық сананың әсерінен ежелгі мифтер әдебиетте идеялық және функционалдық жағынан өзгерістерге ұшырап, жаңа құрылымдық байланыстырға әкелді. Мифтік шығармашылықты әдебиетте қолдану сонау фольклорлық шығармалардан келе жатқан құбылыс. Өзінің сакральды, яғни киелілік қабатынан адамзат қоғамының дамуы

барысында біртіндеп ажыраған миф түрлі ертегі, хикаят, аңыз, эпсана т.с.с. ауыз әдебиеті үлгілерінің жасалуына материал болды [50, б.157].

Қазақ ғылымтануында мифология – өзіндік биік орны бар үлкен құбылыс. Бұл сала – бүгінгі әдебиеттану ғылымында жекелеген дербестікті қажет етіп тұрған ауқымды да көлемді дүниелерді қамтыған мол мұралар жиынтығы. Сондықтан да бүгінгі таңда мифология жаңа ғылым сала ретінде қалыптасып, дами отырып, өз құрамында біз білетін бүгінгі күнде жаһандану дәуіріндегі дербес гуманитарлық бағыттың негізгі пәндерін қарастырады. Бұрын керісінше шашыраңқы түрде кездесетін қазақ мифологиясын өзіміздің таным-түсінігіміздің жеткен жеріне байыптаған кезде барып әр пәннің құрылымынан іздейтін болсақ, бүгінгі таңда мифологиядан барлық ғылым саласына қатысты, соның ішінде адамтану (антропологиялық парадигма) мәселесін сараптауда қолданылатын замануи өзгеріс, мәдени-өркениеттік ауыс дүниелерді анық көре аламыз.

Әлемдік деңгейде миф, мифология және мифологиялық кейіпкерлер туралы біршама зерттеулер жүргізіліп, сан түрлі пікірлер айтылып келеді. Зерттеуші ғалымдар мифологиялық кейіпкерлерді барлық халықта өткен адамзат санасының алғашқы тарихи формасы деп баға беріп жүр. Одан бөлек мифті әлем халықтарына түгел қатысты адамзат санасының өте ерекше қабаты ретінде қарастырады [51, б.357]

Жазба әдебиет пен мифтің ара қатынасы өте терең. Әрине мұнда суреткердің фольклор арқылы мифопоэтикалық архетиптерге келуі әр сипатта көрінеді. Ол жазушының көркем әдебиетке енген өзіндік стилімен дараланатыны тағы бар. «Қазақ әдебиетінің эпикалық поэзиясының да бастау алар бұлағы мифтік аңыз-ертегілер болды» [52, б.95], – дейді А.Н. Ғалиева. Бұл айтылған пікірдің маңызы жоғары. Өйткені мифтік шығармашылық ХХ ғасырда жаңа көркемдік деңгейге, сапалық қасиеттерге қол жеткізді. Әсіресе, алғашқы ширегінде қазақ әдеби процесінің дамуында діни-мифологиялық сарындардың ықпалы зор болды.

Аңыздардың жалпыадамзаттық мазмұны мен оның философиялық астарын ашқандардың бірі – Абай. «Ескендір», «Масғұт», «Өзім әңгімесі» атты поэмаларында алғаш рет аңыздық-мифтік сарынды қолданды. Аталған шығармаларынан ақынның ғажайып суреткерлігін көреміз. Поэмаларының мәтіндік құрылымын зерделесек, сөз басында тілге тиек еткен «мифтік қабаттың» тереңдігін, символдық қолданыстардың ой мен сезімді бейнелеуде маңызды орын алғанын аңғарамыз. Бұл жөнінде ғалым А. Қыраубаева «Қисса дастандардың мифтік негіздері» мақаласында: «Қисса оқиғаларының негізгі фабулалық желілері ең көне шығыстық мифтерден бастау алады. Яғни миф мәдениетін жеткізуші ретінде маңызды рөл атқарады» [53, б.241], – деген пікір айтады.

Мифтік аңыз-әңгімелер, фольклорлық дәстүр қазақ әдебиеті үшін қашанда сарқылмас бастау болды. Сол себепті көркем әдебиеттің даму тәжірибесінде мифтік сюжеттерді, аңыз-әңгімелерді әдеби шығармада қажетіне қарай пайдалану ежелден бар үрдіс. «Көшпелі сюжеттер» өзінен-өзі көркемдік

сипатқа ие болып, белгілі бір жыр-аңыз, эпос, ертегілерде көрініс табады. Мәселен батырлардың туған елі үшін құт-мекен іздеуі, жол бойында кездесетін қиындықтар, ел бақыты үшін батырлардың алып-күштермен айқасуы халық танымындағы ауыз әдебиетінің кез келген үлгісінен кездестіреміз [54, б.187].

Қазақ әдебиетіндегі мифопоэтикалық дәстүр мен діни-мифологиялық, аңыздық сюжеттердің типологиялық, тарихилық тұрғыдағы көркемдік функциясын зерттеген ғалым А. Жақсылықов: «Қазақ әдебиетінде мифопоэтикалық ойлаудың дәстүрі генетикалық жағынан үзілмеген сабақтастық. Ол дәстүр А.Яссауи (12 ғ.), Асан Қайғы (15 ғ.) шығармаларынан XX ғасыр басына дейін өріс алған. Бірақ бұл эстетикалық сабақтастық большевиктік идеология және әдебиеттегі репрессия тазалығының отызыншы жыл басындағы социалистік реализм әдісінің кірігуінің нәтижесінде үзілген, тек осы жетпісінші жылдардың басындағы ғана жалғасын тапты» [55, б.317], – деп дәйектейді.

Абай қалыптастырған дәстүрді Б. Майлиннің «Хан күйеу», «Өтірікке бәйге», І. Жансүгіровтың «Күй», «Күйші», С. Мұқановтың «Сұлушаш», Ә.Тәжібаевтың «Толағай» т.б. сюжеттік желісі аңыз, ертегіден алған туындыларынан кездестіреміз. Бұл авторлардың қатарына сыршыл ақын М.Жұмабаевтың «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян», «Жүсіп хан», «Өтірік ертек», «Тоқсанның тобы» поэмалары мен қара сөзбен жазылған «Шолпанның күнәсі» повесін қосуға әбден болады.

Қазақ әдебиетіндегі мифологизм процесі Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин, М.Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов сынды қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларында да өзгеше формада көрініс тапты. Мәселен М. Әуезов [56, б.561] «Қорғансыздың күні» повесінде, Көксерек» әңгімесінде қазақ прозасындағы мифопоэтикалық форманы негізге алып пайдаланса, Ғ.Мүсірепов «Ер Қаптағай», «Жеңілген Есраил», «Өмір жорығы», «Қыран жыры», «Ана жыры» әңгімелерінде мифопоэтикалық ойлау дәстүрін жаңғырта қолданды.

М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі символикалық көркемдік дәстүрдің жалғасы. Бұл шығармада адам мен табиғат қарым-қатынасының трагедиялық сипатының көркемдік символы – Көксерек. Көксерек тек басты кейіпкер емес, ол табиғаттың бір бөлшегі ретінде алынады. Жазушы көксерек бейнесі арқылы адам мен табиғаттың қарым-қатынасын беруді көздейді. Адам өзі де табиғат перзенті бола тұра, табиғаттың бір бөлшегін оның болмысын қолдан күштеп өзгертпек болады, бірақ бұл іс-әрекет трагедияға алып келеді. Көркем мәтіндегі символизм мәселесін зерттеуші Л.Мұсалы: «Көркем бейнелер, яғни символдар көркемдік танымның мәнді де мазмұнды бағалы нәтижесі болуымен қатар, белгілі дәрежеде оның даму мен өзгеруінің индикаторы болып табылады. Себебі, ол қалыптағы көркемдік құралдар шеңберінен асып, таным формасына, әлемді символикалық жолмен тану-игеру жолына айналады десек, артық айтпаймыз» [57, б.165], - деген пікір айтқан. Бұдан, кейбір көркем бейне өздігінен дамып, шырқау шегіне жеткен кезде, көркемдігін жоғалтып, танымдық бағыттылығын арттырады деген ойды аңғару қиын емес. Яғни, мифте этикалық құндылықтар маңызды рөл атқарады. Ол адамның өмірі мен

өлімнің мәні, жақсылық пен жамандық, парасаттылық пен құндылық арасын айқындауынан байқалады. Мұның бәрі миф семантикасының бинарлық мазмұнында жіктеліп көрінеді. Ал мәтіндегі символдық қолданыс жөнінде С.Қондыбай: «Біз мынау жалған дүниені тек символдар арқылы ғана кескіндей аламыз, өйткені, шексіз ғаламның кескінін де, мөлшерін де, оның қандай материалдан және оның қандай жолмен пайда болғанын да, Жаратушы иенің оның қалай жасағанын да шын мәнінде көре, біле, тани алмайсыз. Сондықтан осылардың барлығын да пенделерге түсіндірудің ең қарапайым да универсал жолы символ арқылы кескіндеу болмақ. Мифология дегеніміз де – символ жүйесі» [46, б.34], – деп айтуы бекер емес.

Шындығында мифологиялық желі ХХ ғасыр басында әдебиетте жақсы көріне бастағанмен, кейіннен қуғындалу басталғаннан соң үзіліп қалды. «Қазақ прозасында өзгеше бітімді миф-аңыздардың бой көрсетуі жазушылар шығармашылығындағы ерекше бір құбылыс болды. Әрине, ХХ ғасырда қазақ әдеби процесінің дамуында діни-мифологиялық мотивтердің ықпалы зор болғанымен, оның дамуы біркелкі жүрген жоқ. Мифологиялық желі ХХ ғасыр басындағы әдебиетте жақсы көріне бастады да, 1930-60 жылдар аралығында әдебиетте үстемдік еткен идеологиялық себептердің салдарынан үзіліп қалды, кейіннен 1970 жылдардан бастап қазақ прозасындағы осы сабақтастық қайта жалғасты. Аңыздық желі, мифологиялық сюжеттер, мотив пен образдар ірі суреткерлер шығармаларында жиі қолданылып, көркемдік ізденістердің күрделі де белсенді процесі жүрді» [58, б.53].

Яғни алпысыншы жылдарға дейін қазақ жазушылары көркем проза мен поэзияда көне түркілік эпикалық дәстүр мен архетиптерді көркемдік мүддеге қызмет ететін эстетикалық құрал түрінде ғана қолданып келген. Одан кейінгі жылдарда көкжиегін кеңейтіп, қазіргі қазақ әдебиетіндегі мифопоэтикалық формаларды қолдану дәстүрі тым күрделене түседі. Бұл жөнінде әдебиеттанушы ғалым Қ. Жанұзақова: «Қазақ жазушыларының мифологиялық мотивтер мен образдарды жиі қолдануының бірнеше себептерін айқындауға болады. Біріншіден, кеңес әдебиетінде кей зерттеушілердің атап көрсеткеніндей, қаламгерлердің мифтік бастауға ден қоюы – өз дәуірінің көкейкесті мәселелерінен қашуы емес, керісінше, сол қоғам жүзеге асып жатқан саяси, экономикалық, рухани өзгерістерді қабылдай алмаудан, жалпы қоғамдық ахуалға наразы болудан туындап жатты. Қазақ қаламгерлері адамзаттың балаң кезінен жасаған рухани дүниесі боп саналған мифтер мен мифтердегі образдылықты жаңа көркемдік мақсатқа ғана емес, дәуірінің өзекті мәселелерін шешуде, өздерінің көңілі толмаған жағдайдан шығудың жолын қарастыруда өзгеріске ұшыратып пайдаланды. Олардың өткен тарихқа мойын бұруы өздері ғұмыр кешіп отырған уақыттың маңызды, дәуірлік, мәңгілік мәселелеріне деген қызығушылықтан туып жатты. Миф арқылы тарихи дәуірдің рухани дамуындағы басты ерекшеліктерді ашып көрсетуге болады.

Екіншіден, қазақ қаламгерлерін мифтің романтикалық пафосы, эмоционалдық және эстетикалық қуаты, экспрессивтік тіл көркемдігі т.б. қызықтырды. Қаламгерлер мифологиялық сарындар арқылы жинақталған

символдық бейнелерді жасауға ұмтылды. Сонымен қатар олар дәуірдің рухын бейнелейтін өздерінің мифтік образдарын жасады» [59, б.62], – деген пікір айтады. Бұл пікірден қазақ қаламгерлері халықтың өткеніне, рухани мұрасына айрықша мән беріп қана қоймай, өз мифологиясын жасай алатынын дәлелдеуге тырысуға ұмтылды деген ойды көргендей боламыз. Тіпті қаламгерлердің мифтің шығармашылық потенциалын, оның адамзат үшін уақыттан тыс мәнін де белгілегендей көрінеді. Осының негізінде мифтік сюжеттердің жаңғырып, жаңарып, авторлық мифология дәрежесіне жетеді. Біржағынан ғылыми-техникалық даму мифтік шығармашылыққа жаңа тақырыптар берген сияқты. Кеңес дәуірінде мифтік сюжет, мифтік мотивтер шығарма идеясын танытуға, оның көркемдік кестелерін айшықтап беруде қолданылды.

Адам санасының балаң дәуірінде пайда болды деп саналатын мифтік ойлау уақыт өте келе күрделеніп, көркемдік ойлауға негіз болды. Рим әдебиетінің көрнекті өкілі Овидий арқылы әлем әдебиетінде негізі қаланған метаморфоза құбылысы Апулейдің «Алтын есегі», австриялық Ф.Кафканың «Құбылу» повесі, латын американдық Г.Г. Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романы арқылы жалғасын тапты. Тылсым реализм – түп-тамыры үндістердің аңыздарынан бастау алатын, түсініксіз, шамадан тыс дүниенің қарапайым түсінікпен қосыла өрілетін, латынамерикандық жазушылар жиі пайдаланған әдіс. Заманымыздың ойшыл жазушысы Әбіш Кекілбаев «магиялық реализм» терминін «мистикалық реализм» деп тамаша аударған. Оның негізгі белгілері – реалистік және қиял-ғажайып немесе қиял-ғажайып дүниелердің араласуы мен қатар қойылуы, лабиринттік сюжет, күрделі баяндаулар мен сюжеттер, бояудың шамадан тыс қолданылуы, миф пен ертегі, экспрессистік, тіпті сюрреалистік баяндау, жабық эрудиция, қорқынышты, қорқынышты. түсініксіз, күтпеген жағдайларға назар аудару.

Бүгінгі латынамерикандық әдебиетте көрініс тапқан үш түрлі мифологиялық арна қатарына АҚШ-та кең тараған еуропалық дүниетаным (испандық, португалдық); жергілікті халық – үнділік мәдениеттің жауһар қоймасы: мифтері, аңыздары мен ертегілері; африкалық зәңгілердің жат өлкедегі жасырын нанымын, қиял әңгімелерін жатқызуға болады. Маркес осы көрсетілген үш арнаның бойынан өзгеше мифтер мен аңыздарды, сенімдер мен нанымдарды, өркениеттердің қақтығысы мен адами құндылықтардың өзгерісін ерекше шабытпен толғап, өзіндік байлам жасай білген бірегей суреткер деуге болады. Г.Г. Маркестің мифті пайдаланудағы бір ерекшелігі – ол шындық пен қиялды қатарластыра, астастыра суреттейді. Сондықтан да оның оқырмандары шындық пен қиял әлемінің ортасында жүріп, екеуінің ара жігін көп жағдайда ажырата алмай қалып жатады.

Бұл дәстүрді қазақ әдебиетінде М.Жұмабаев, С.Сейфуллиндер бастаса, Ә.Кекілбаев, О.Бөкей, М. Мағауин, Р.Нүрпейісов, Д.Досжан, М.Айтқожина, Е.Раушанов, Т.Нұрмағамбетов, М.Байғұт, Т. Әбдік, А. Алтай, Т. Әсемқұлов сынды қаламгерлер лайықты жалғастыра білді. Зерттеушілердің дені метаморфозалық құбылыста адамға тән сана сезім мен ойлау қабілетінің

сақталып қалатынын алға тартады. Және мифтік санаға тән құбылушылықтың бір ұшы адам мен жануар арасын бөлмеген мифтік санада жатқаны түсінікті.

Миф өз кезегінде рухани-адамгершілік құндылықтарды бейнелейді. Ғалым Л.Аннинскийдің мифті «тромбы в сосудах нашей прозы» деуі бекер емес. Қазіргі прозаның жұлын-жүйкесі деңгейіне көтерілген аңыз, мифтердің ұлттық құндылық, ұлттық ментальдікті сипаттаудағы мүмкіндігі ерен. Мифті зерделеу қазіргі әдебиеттанудың негізгі теориялық мәселесі болуымен қатар оны оқыту жайы да күн тәртібіне қойылып отыр. Мифтің бүгінгі әдебиеттегі орны мен мәні қандай дегенде оның шығармашылық иелері туындыларында қадау-қадау мәселелерді еркін игеруімен сипатталады. Атап айтқанда, миф – әрбір халықтың ойлау мәдениеті. Қазақ ойының жүйріктігін, оның ойлау мәдениетінің биіктігін бір ғана космогониялық мифтердің (дүниенің, ғаламның, адамның жаралуы туралы) дәлелдейтіні ақиқат. Ұлы даланы мекендеген халықтың дүниетанымын мифологиялық сана қалыптастырған.

Миф пен көркем әдебиеттің арақатынасы жөнінде «Дүниежүзі халықтарының мифтері» энциклопедиясында: «Миф пен көркем жазба әдебиеттің өзара байланысы екі қырынан (аспектіде) көрінеді. Бірі – эволюциялық, екіншісі – типологиялық тұрғыда. Эволюциялық жағынан миф сананың белгілі бір стадиясы, тарихи тұрғыда жазба әдебиеттің пайда болуына әсер етуші. Типологиялық қырынан мифология мен жазба әдебиет әлемді тану мен суреттеудің екі түрлі тәсілі», – деген пікір келтірген [60, б.59-65].

Адамның психологиясы, адам жаратылысы, өмірдегі орны мен рөлі қандай екендігі мифтің мысалында айқын көрінеді. Нарцисс трагедиясы (тәкаппарлық пен өзін-өзі жақсы көру) кешегі күні өмір сүрген миф емес, бүгінгі таңда да жастар арасында кең тараған эгоизм, менмендік, өзімшілдік, өзін-өзі шектен тыс жақсы көріп, өзін тым жоғары қоюшылық сынды дерттерді тудырып отырғаны аян.

Мифтің тәрбиелік мәні жоғары. Соның қатарында обал, сауап, кие ұғымдарын айтуға болады. Мысал ретінде А. Кемелбаеваның «Қоңырқаз» әңгімесіндегі құс жұмыртқасын шамадан тыс пайдалануы салдарынан құстың киесіне ұшырап, қызының арқасына қанат бітеді. Жалпыадамзаттық мәселені көтеру тұрғысынан келгенде де мифтер ең өзекті саналатын – экология тақырыбын оқырман жүрегіне жеткізуде зор үлес қосты. Уланған топырақта, уланған ауаны жұтып, уланған суды ішіп, Семей жеріндегі полигонның зардабынан дүниеге келген Кентавр-жігіт трагедиясы (А.Алтай) рецепиенттер арасында үлкен резонанс тудырды. Заман шындығы ретінде қоғам талқысына түсіп отырған бұл күрделі мәселеге белсенді түрде үн қосуға қатысты. Мифтің трансформацияға ұшырауынан пайда болған мифопоэтикалық форма миф пен әдебиетті байланыстырушы қызметке ие. Сонымен қатар қазіргі заман әдебиетінде фольклорлық элементтер рөлі шығарманың көркемдік идеялық концепиясының мазмұнын байытып қана қоймай, халықты адамгершілік рухта тәрбиелеуде де үлкен мәнге ие болып отыр [61, б.87].

Мифопоэтикалық форма арқылы проза жаңа, көркемдік парадигмаларды бағындырды. Суреткерлердің көркемдік ізденістері күрделеніп, нәтижесінде

авторлық ой мен мифопоэтикалық ой қиысып, прототипінен жаңаша мифтер туды (А.Жақсылықов шығармаларындағы миф негізінде). Мифтік сюжет, мифтік формалар көркем туындының құрылымына трансформациялау арқылы жаңа леп, жаңа образдар әкелді.

Мифтің қоғам өміріндегі маңызы зор. Мифтің жалпыға ортақ, нақты теориясы жоқ болғандықтан, оны түсіндіру мен зерттеу жұмыстары үздіксіз жалғасып келеді. Тіпті, мифті теория емес, әлеуметтік күш ретінде, сенім көрінісі ретінде қарастырғандар да бар. Расында миф алғашқы адамдар тіршілігінің ажырамас бір бөлігі. «Миф дегеніміз – ойдан шығарылған қиял да, ғылыми қағида да, символикалық таңба да, діни сенім де емес. Ол – сөз күдіретіне ие болған мәдени тұлғаның тарихы [62, б.55].

«Миф» сөзі тура мағынасында «сөз» деген ұғымды білдірсе, адам баласының өзін, қоршаған әлемді танып, түсіндіріп, сипаттап, бейнелеуінің өзі сөз арқылы жүзеге асатыны белгілі. Грек халқында «сөз», «эпос», «логос» деген ұғымдардың баламалары ортақ, бәрі де «миф» ұғымының ауқымына сыйып, еніп кете береді. Сөз тірі, сөздің магиясының күшті делінуіне мойралар (Клото, Лахесис, Атропос) туралы миф пен олардың айтқан сөздерінің жазылуы түбінде орындалмай қоймайды деген түсінікті туғызған. Қазақтың да «жазмыш», «мандайға жазғаны» дейтін түсініктері де осы ұғымға келіп саяды.

1.3 Мифтік сарындардың қазіргі қазақ повестеріндегі интерпретациясы

Фольклор мен прозаның байланысын адам жанының әртүрлі мінездік нышандарын табиғатпен егіздеу немесе жансыз дүниелерге жан бітіру (тасқа, көлге, тауға, ағашқа т.б.) сияқты көркемдік тәсілдерден байқауға болады. Қазіргі қазақ прозасындағы миф – шын мәнінде сан қырлы таңғажайып құбылысқа айналды. Прозалық шығармалар қайнар көзін ертегілік желілер мен ауыз әдебиетіндегі елге көп тараған аңыз әңгімелер, қиссалар мен хикаяттардан алады. Әдебиеттанушы ғалым З. Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде: «Проза – қазақ әдебиетінде кешендеу туған, бірақ орасан шапшаң дамыған сала» [63, б.306], – деген пікір айтады. Ғалымның «шапшаң дамыды» деп айтуы бекер емес.

Расында ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде ғана қалыптаса бастаған проза жанрында ауыз әдебиетінің үлгілері, аңыздарды көркем құралдар арқылы игеру дәстүрі қалыптасып, кейіннен әдеби мұраға айналғанын жоғарыда айтып өттік. Қазақ прозасының қоржынын шағын көлемді шымыр әңгімеден бастап, орта көлемді эпикалық повесть (хикаят), кең көлемді, ауқымы зор роман түрінде жазылған шығармалар молынан толықтырды. Бұл әдеби жанр түрлерінің ішінде қазақ әдебиетінің проза саласын қарқынды дамытуға үлес қосқан, эпикалық жанрдың бір түрі – повестің орны ерекше. Орта көлемді эпикалық түрге жататын повесть көлемі мен мазмұны, құрылысы жағынан өзгеше жанр. Мәселен, ол әңгіме мен новеллаға қарағанда анағұрлым көлемді, сондықтан оны ұзақ әңгіме (А. Байтұрсынов) деп те атайды. Осы орайда: «Повестің сөз болған жанрлардан көлемділігі, композициялық құрылымының күрделілігі,

сюжет ерекшелігі, кейіпкерлер санының айтарлықтай көптігі оның өмір шындығын қамту мен оны көркем жинақтап таныту мүмкіндігінің молдығын т.б. белгілейді. Повесте өмір келбеті адамдар арасындағы қарым-қатынас жайлары бірер оқиға, көріністі, санаулы сәттер шеңберінде емес, адам ғұмырының белгілі кезеңдерін, шақтарын қоғам шындығымен тығыз сабақтастыра отырып кеңірек те тереңірек қамту арқылы көркем танылады» [64, б.126], – деп айтуы орынды.

Ежелден өнерімізге сіңіскен аңыздар, мифтер көркем ойлауда әдебиеттің әр жанрында, әсіресе повестерде кеңінен қолданылып, оның символикалық және аллегориялық мәніне ширек ғасырдан бері баса назар аударылып келді. Қазіргі әдеби үдеріс, оның көркем ой жүйесі өткенге сүйенбей, көркемдік-философиялық тамырлардан нәр алмай өсе алмайды. Ұлттық ойлаудың арналарын пайдалану ұлттық көркемдік ерекшелігін түсінуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты академик С. Қасқабасовтың: «Қазақтың ән-күйлері, өлең-жырлары, аңыз-әңгімелері тәрізді мифтер де сан ғасырлық рухани азық болумен бірге дала тіршілігінің талап-талғамына лайық өңделіп, өзгеріп отырды. Сондықтан мифтер белгілі бір дәуірдің, адам дүниетанымының өткен бір кезеңінің нәтижесі болғанымен, тарихи-рухани мұра ретінде талай-талай ұрпақ санасына ұялады, сөйтіп пайда болу, даму, өзгеру, бағзы бір жағдайларда ұмыт болу сияқты үрдістерді бастан кешірді» [45, б.66], – деген пікірінде өткен тарихқа берілген баға жатыр. Ғалымның бұл пікірінен адамзат санасының алғашқы дәуіріне тән деп саналатын мифологиялық ойлау уақыт өте келе көркемдік ойлауға негіз болғандығын түсіну қиын болмаса керек.

Қазақ повестерін зерттеген ғалым Серік Асылбекұлы: «Қазақ повесінің прозасының жетекші бір жанры ретінде ұлттық әдебиетімізде қалай пайда болғанын түсіну үшін әуелі оның архетиптеріне, яғни алғашқы үлгілеріне тоқталуымыз керек. Сөз жоқ, жазба әдебиетіміздің басқа түрлері секілді повесть жанрының да алғашқы бастаулары фольклорымызда, ауыз әдебиетінде жатыр. Фольклор – жазба әдебиетіміздің ақ сүт берген анасы» [65, б.9], – деп повесть жанры мен фольклордың байланысында жатқан терең ұғымды ашып көрсетеді.

Өткен ғасырдың 70-80-жылдары миф заман шындығын көрсету мақсатында еркін қолданысқа түсе бастағанда С. Жүнісов («Аманай мен Заманай»), О. Бөкей («Атау кере», «Сайтан көпір», «Қар қызы»), Ә. Кекілбаев («Күй», «Ханша-дария», «Аңыздың ақыры»), М. Мағауин («Көк мұнар» повестер мен әңгімелер жинағы), Т. Әлімқұлов («Қара қобыз», «Қараой»), М.Сқақбаев («Ұят туралы аңыз»), А. Мекебаев («Жезтырнақ»), С. Санбаев («Ақ аруанасы», «Бекет бақсысы»), М. Ысқақбаев («Ұят туралы аңыз»), Д. Досжанов («Тілегімді бере гөр») секілді шығармашылық иелері повестері мен романдарында осы тенденцияны дамытып әкетті. Аңыздық-мифтік желілер негізінде шындықты көрсетуге, ұғындыруға талпынды. Кеңестік кезеңде ақын-жазушылардың шығармашылығында Марино айтқан «мылқау шешеннің» күйін кешкен жағдайда мифтік негізде туындаған образдар мен сюжеттер көркем

шындықтың бейнеленуі ғана емес, берілуінде де елеулі әрі шешуші қызмет атқарды.

Мәселен, Оралхан Бөкей шығармаларында миф – рухани сұраныстың жүгін көтеріп тұр. Халық тағдыры, ұлт мәселесіне қатысты дүниелерді жазуда автор үшін оңтайлы әрі шешуші құрал қызметін атқаруда. «Атау-кере» шығармасындағы Еріктің қуана қарсы алып, асыға күтетін жалғыз адамы – вертолетші орыс жігіті, ал айналысатын еңбегі – қазақтың салтында болмаған кәсіп – ара бағу. Қанша бай болса да, ешкімге қол жаймайтын, ешкімге ештеңе бермейтін тәуелсіз әрі мықты кейіпкер болса да оны жақтап, жақсы көретін оқырман кемде-кем. Себебі, халық ата кәсіптен қол үзіп, ел-жұрттан безініп материалдық игілікке құл болған Еріктің әрекетін аса құптамасы анық. Мұндағы Еріктің көк басты сонаға айналуы немесе Қатын суының арғы жағындағы жұмбақ қыз – символдық бейне. Ерікті мифтік образ ретінде қарастыру оның өзгергіштігіне (құбылуына) байланысты. Аталған повесте басында оқиғаның реалистік сипаты басым болғанымен, соңында автор шешімінен кейін мифтік сипаты көрініс табады. «Атау-кере» повесін оқи отырып, автордың бүкіл адамзат баласына ортақ мәселелерге назар аударғанына көз жеткіземіз. Сонымен қатар Оралхан Бөкейдің адам-жұмбақ, ғалам-жұмбақтың тереңіне үңілген ізденісін танытатын повестерінің бірі – «Қар қызы» повесі. Бұл повесте табиғатты негізгі фон ретінде ала отырып, оның құпия сырларымен бірге адам психологиясының қалтарыстарын ашуға ұмтылады. Повесте романтизм мен реализмнің байланыстары бар. «Қар қызы» повесінде өмір сүру мәселесі тағы бір қырынан көрінеді. Автор адамдардың әртүрлілігіне байланысты жақсылық пен жамандықтың күресі мәңгілік екендігін дәлелдей түскісі келеді. Тағы да «мәңгілік» ұғымы. Бұл ұғым жалпы әдебиетте көбінесе мифтік образдар мен сюжеттерде кездесіп жатады. Мәселен жалмауыз кемпір, жын-перілер, өлместің суын ішкен батырлар деген секілді образдарды халық ауыз әдебиетінен кездестіреміз.

Қазақ прозасында жазылуы мен көтерген тақырыбының, жеткізген мәселесінің күрделілігімен оқшауланатын шығармалардың тағы бірі – А.Мекебаевтың «Жезтырнақ» повесі. Бұл шытырман оқиғаға толы шығарма әу бастан-ақ қазақ халқының күнделікті өмірінде есте қалған, айтып жүрген мифологиялық аңыздардың негізінде жазылған. Шығармада діни наным-сенімдерді арам пиғылды адамдар өздерінің жеке мақсаттарына жету үшін үгіт-насихат құралы ретінде пайдаланады. Оның адам өміріне қаншалықты зиянды екені анық көрсетілген. Бұл ретте жазушының ғасырлар бойы адам санасында қалыптасқан дию, шайтан, пері, аруақ, құрбақ сияқты мифтік ұғымдарды қайта жаңғыртып, әңгімеге шебер араласа алуы оқырманды таң қалдырады.

М.Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» повесін фольклорлық таным пайымы сарынында жазылған жасампаздық мифке жатқызуға болады. Бұл мифтік повесте Тәңірі екі періштесін кезек-кезек тыңдап, ғаламда болып жатқан өзгерістерді солардың шар айналарынан қарап біліп отырады. Анда-санда жерге қарап, әуелде адамзат атаулы Адам ата мен Хауа ананы пейіштен қуғанда екеу-ақ еді, қазір ұзын саны бірер мың болыпты деп ой түйеді. Бұл шығарма

туралы ғалым А. Таңжарықова «Прозалық шығармалардағы этно-фольклорлық сарындар» атты мақаласында: «Бұл мифтік повесте Тәңірі екі періштесін кезек тыңдап, ғаламда болып жатқан өзгерістерді солардың шар айналарынан қарап біліп отырады. Анда-санда жерге қарап, әуелде адамзат атаулы Адам ата мен Хауа ананы пейіштен қуғанда екеу-ақ еді, қазір ұзын саны бірер мың болыпты деп ой түйеді. Шарапат қашанда ізгілік пен жақсылықтың символы іспеттес. Ал Кесепат болса мүлдем қарама-қарсы. Автор Шарапат пен Кесепатты антитезалық бейнелеу тәсілімен ізгілік пен зұлымдықтың, жақсылық пен жамандықтың қарама-қарсы символы ретінде алған. Дүние дүние болып жаралғалы жұмыр басты пенде бойындағы екіұдай мінез: бірі жамандыққа бастап тұратын – кесепат азғыруы, бірі адамдар үшін жақсылық жасауға бар Шарапаттың іс-әрекеті өмір-бойы бір-біріне кереғар күресіп өтетіні содан екен» [66, б.250], – деген пікір айтады.

Мифтің қазіргі әдебиетте жаңаша мақсатта, жаңа мазмұнда көрініс табуын С. Қасқабасов «Әдебиет әбден дамып, көп жанрлы, күрделі көркем-эстетикалық категория дәрежесіне жеткен шақта фольклорға қайта соғады, оны бұрынғыдан басқаша, өзінің деңгейіне сай қорыта пайдаланады. Мұндай жағдайда әдебиет фольклорды көбінесе символ ретінде, астарлы мағынада, көркемдік тәсіл ретінде қолданады және фольклордың ашық, сыртқы түрлерінен гөрі адам санасының терең түкпірінде жатқан, күнде тысқа шыға бермейтін ирреалдық нұсқаларын ассоциативтік мақсатта шығарманың ішіне сіңістіріп жібереді» [67, б.236], – деп түсіндіреді.

Қарымды қаламгер Ә. Кекілбаев «Күй», «Ханшадария хикаясы», «Шыңырау» атты повестерінде ежелгі аңыз-әңгімені, өткен күннің елесін ой елегінен өткізіп, бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін қозғайды. Автор ежелгі аңыз-әңгімелерді шебер пайдалана отырып, бұрынғы заманның жарқын да қаһарлы бейнесін, моральдық бейнесін жасайды. Ескі аңыздарды қайта жаңғыртып қана қоймай, оған философиялық, психологиялық реңк үстемелей отыра аңыздың әлеуметтік сипатын ашады. Жазушының «Күй» повесінде ежелден көрші отырған қазақ пен түркімен арасындағы жаулық сөз болады. Зорлық-зомбылықтың неше түрін қолданған соғыста ең ауыр жаза ретінде «мәңгүрт» жасайды. Әбіш Кекілбаев осы бір аңыздық желіні шығармада шебер қолдана білген. Бұл мәңгүрттікті айту арқылы қаламгер әр заманның, әр қоғамның өз мәңгүрті болады деген ой тастағысы келгені анық. «Күй» повесіндегі аңыздық желідегі сол кездегі мәңгүрттік қолдан жасау болса, бүгінде рухани мәңгүрттіктің белең алуын және ескі кезең мәңгүрттігін бір-біріне қарама-қарсы, антитеза формасында алынуы шығарманың әлеуметтік салмағын арттыра түседі» [66, б.250], – дейді әдебиеттанушы ғалым А. Таңжарықова. Повестің «Күй» атаулының да үлкен мәні бар. Мұнда суреттелетін барлық оқиғаны күй айтып тұр. Оның күрделі болатыны да сондықтан.

Әбіш Кекілбаевтың «Ханша-дария хикаясы» повесі – әйгілі Шыңғыс хан өмірінің соңғы сәтін (жорығын) бейнелеген шығармасы [68, б.17-26]. Повесті оқи отырып аңыз бен жазушы суреттеуі арасында бәлендей

айырмашылық жоқ екенін байқайсың. Жазушы тек көркем сипаттама берген сияқты. Автор Шыңғысханның тағдыры арқылы шектен шыққан нәпсі, талай адамды хан болса да, қара болса да тойымсыздық түбіне жетелейтінін айтқысы келеді. Ханның өлімі тарихта әртүрлі айтылып, жазылды. Бірақ жазушы өзіне қажетті оқиғаларды ғана таңдаған. Аңызды көркем тілмен баяндай отырып, ханның дүниені жаулап, қанды жеңіске жеткенімен, түптеп келгенде сазайын күшті батырдан емес, төменгі етек әйелден тартқанын суреттеген.

Жазушы «Шыңырау» повесінде де халық ұғымындағы аңыздық желіні орынды пайдаланған. Бұл повестің әлеуметтік тереңдігі сонда, адам рухын құлдырауға емес, құлшынысқа шақырған пафосқа толы болуында жатса керек. Повесті оқи отырып «Еңсеп трагедиясы» деп жанымыз ауыратыны анық. Бірақ көкбет табандылық та қазақ менталитетіне тән екенін іштей сезініп, автормен үнсіз ғана келісесің. Бір кейіпкердің ішкі монологына құрылған повесте тартыс, шиеленіс аса көрінбейді. Бар оқиға бір ғана кейіпкердің өмірі төңірегінде өрбиді. Бірақ, бастан аяқ кектеп отырған үрей, қорқыныштың салдары сол кейіпкердің қайғылы өліміне алып келеді. Бұл арқылы автор күнкөрістің қамымен жүрген құдықшының есімі халықтың жадында мәңгі сақталғанын жеткізіп отыр.

Адамның жан сезімін, көңіл-күйін, өмір құбылыстарын сыршылдықпен шебер суреттеген жазушыларымыздың бірі – Сәкен Жүнісов. Табысты туындыларының бірі – «Заманай мен Аманай» повесі. Повесте ХХ ғасырдың 30 жылдарындағы халық ахуалы, тіршілігі көрініс береді. Ұжымдастыру уақытында жат мекен, өзге қонысқа қоныстанған қазақтардың сұрықсыз өмірі, күйбең тірлігінен сыр беретін повес романға арқау болар ауыр жүкті арқалаған. Жат жерде жүрген қазақтың елін, жерін сағынып, көксеуі Отанға деген нағыз махаббатын көрсетеді. Өзге топырақта күн кешіп, өзге судан ішіп, өзге ауамен тыныстаса да, жүрегі темірқазық туған жері үшін соғып, кіндік қаны тамған өлкені бір сәтке болсын естен шығара алмауы оқырманның тұла бойын нәзік сезімге толтырып, ұлтын, жерін сүйеге үндейді. Жазушы жан сарайыңды жаулап алып, оны құдіретті, ізгі және ілтипатшыл ететін ұлы махаббат сезімі екенін өзінің «Заманай мен Аманай» повесіндегі аты аңызға айналған Сәукеле тауы арқылы жеткізіп, оны махаббаттың символы іспеттес еткен. Жазушы Сәукеле тауының идеялық-композициялық желісін көркемдік шеберлікпен қазақ ұғымына түсінікті етіп, біртұтас сюжеттік бөліктер жүйесімен шебер жеткізе білген.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін аса шебер игеріп, оны әлем халқына танытқан қаламгер – Ш.Айтматов. Ол «Ақ кеме» атты повесінде кішкентай ғана баланың көзімен бүкіл әлемнің қуанышы мен қайғысына үн қосқан аңыз бен мифті шындықпен астастыра суреттейді. Осы повестегі баяндалатын мифтер мен ертегілер тек қырғыз халқының басындағы трагедияны ғана емес, жалпы адамзат баласына ортақ проблема деп көрсете білген. Бұл туралы ғалым А.Мәуленов: ««Ақ кеме» повесіндегі кішкене ғана баланың басынан кешкен ауыр трагедиялық халі, үлкендерге ой салар, жанындағы жүрген адамдарға

жақсылық жасаудың не екендігін ұққызып кетер өте ауыр, қорғасындай салмақты ойлар туғызады. Повесте бала қуанышы мен бала қайғысы қатар өріліп, терең психологиялық тартыстарға дейін жеткізіледі. Баланың таза, мөлдір, пәк сезімдері оның қиял – ғажайып ертегілік армандарымен қатар өріліп сол бала әлеміне бірге шомып еріп отырсыз. Кеңестік дәуірде суреткерлер мифті астарлап ой айту құралы ретінде пайдаланса, бүгінде оның сипаты өзгерді. Әсіресе, қазақ прозасындағы мифтік қолданыстың рөлі ерекше», – деген пікір айтады [69, б.217]. «Ақ кеме» повесінде ерекше роль атқарып тұрған миф – «Бұғы ана» ертегісі. ««Бұғы ана» туралы миф қырғыз халқының ұлттық дүние танымын танытатын дүние. «Ақ кеме» повесіндегі «Бұғы ана» туралы мифте бір халықтың сол тарихи әлеуметтік дәуірінен ұрпақтан – ұрпаққа ауызша айтылып жеткен ғажайып бір тотемдік мифі. «Бұғы ана» мифінен қырғыз халқының бір кездері Енесай өзен аңғарын жайлағандығын, күшті де жауынгер ел болғандығын көреміз», – дейді А. Мәуленов «Ш.Айтматовтың повестеріндегі түркілік мифологияның трансформациялануы» [69, б.218] атты мақаласында. «Ақ кеме» повесінде жазушы мифтерге барынша көркемдік қуат дарытып, шығарманың композициялық бітімін ширата түскен. Повестегі суреттелетін негізгі кейіпкерлер О. Бөкей шығармаларындағы кейіпкерлер сынды қарапайым еңбек адамдары.

Жалпы алғанда мифтің қызметін былайша санамалап көрсетуге болады:

1. Ол – кодталған наным-сенімнің жоғарғы түрі.
2. Ол – халықтың рухани тарихы.
3. Тіпті, мәдениеті, өркениеті аз дамыған елдердің «таптырмас», «алмастырылмас» қазынасы, өйткені оның бойында «болмыс» деген құдіретті ұғым бар. Ал болмыс – адамзатты ұлттылық қасиетін ұстап тұрар «арқан» іспеттес.
4. Ғасырдан-ғасырға жеткен ілкі заманның «шындық» болмысы және бүгінгі тарихтың, қоғамның, әлеуметтік қоғамның, діни ахуал мен әдет-ғұрып, жөн-жоралғы, ырым-наным, сенімнің айнымаған «төлқұжаты».
5. Ол ешқандай адамдардың жанынан шығарар дүниесі емес, керісінше реалды болмысқа құрылатын «тірі» жаңалық. Егер миф жалған болса, оның белгілері бүгінде тіпті сақталмаған болар еді.
6. Миф – интеракпараттың тап ортасында орналасқан нүкте. Сол нүктеден барлық мәлімет жан-жаққа таралады (көркем әдебиетке, мәдениетке, символикаға т.б.) [38, б.23].

Мифтің қоғамдық белгі-бедерін Мирча Элиаде төмендегідей өреді: «Жалпылама ортақ мәнінде ілкі қоғамдардағы миф жөнінде былайша түйін жасауға болады:

- ол бетер-текті сүриеттердің (сверхъестественные существа) ерліктерінің тарихын құрайды;
- бұл озал (реалды дүниеге қатысты болуына орай) кәміл, шексіз ақиқат және (бетер-текті сүриеттердің жасампаз іс-әрекетінің нәтижесі болғандықтан) киелі деп есептеледі;

- миф әрқашан да «жаратуға» қатысты болады, ол әлдененің дүниеге қалай келгендігін немесе әлдебір жүріс-тұрыстың, ережелердің және еңбек машықтарының қалайша пайда болғандығын әңгімелейді; нақ сондықтан да, миф характертің парадигмасын құрайды;

- мифті тану арқылы адам заттардың «шығу тегін» танитын болады, мұнысы оған заттарды иеленуге және өз қалауына сай басқаруға мүмкіндік береді; бұл жердегі сөз «сыртқы», «елеңсіз» (абстрактный) таным жөнінде емес, мифті жоралғы түрінде қайталау кезінде немесе оны ғұрыпты өткізу барысында (сол ғұрыпқа тұғыр болып келетін) қайталау кезінде жоралғы деңгейінде «бастан кешіруге» (проживать) болатын таным жөнінде болып отыр;

- қалай болғанда да миф, жадында қайтадан көрсетіліп, реактуалданған оқиғалардың қасиетті және киелі құдіретіне «бой алдырған» (захвачена) аудитория тарапынан «бастан кешіріледі» [70, б.39]. Ғалымның ой-тұжырымы, пікір-пайымы өте орынды. Мифтің басты қызметі – халықтың интеройлау жүйесін бірнегізге түсіріп, ойсана қалыптастыру.

Қазақ әдебиетінің классиктері қалыптастыра алған мифологиялық ойлау жүйесі тәуелсіздік алғаннан кейін де із-түзсіз жоғалған жоқ. Бұл дәстүр керісінше қазіргі қазақ прозасында жаңа сипатқа ие болды. Реалистік принциптер аясынан табыла бермейтін сипат алды. Аңызға айналған желілер, мифологиялық кестелер тарихи-нақты уақытқа негізделіп қана қоймай, сонымен қатар шығарма логикасынан бөлек тұрған автономды мағынасын нығайта бастады. Жазушылардың танымы мен талғамына қарай көркем шығармаларда мифологияланған образдар архаикалық сананың қайта жаңғыруы ғана емес, түрленуі кейпінде көрініс тапты.

Мифологизмді енді қазақ жазушылары болмыс жұмбақтары мен өмірдің мәнісі туралы философиялық ой айтудың тәсілі тұрғысынан өрістетті. Бір сөзбен айтқанда, неомифологизм құбылысы аталмыш кезеңнің модернистік сипатын толықтыра түскен тәуелсіз әдеби ағымдардың біріне айналды. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының көркемдігін зерттеген ғалым Г.Орда: «Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі уақыт аралығында қазақ прозасы дамудың жаңа белесіне көтерілді. Тәуелсіздік тұсында қазақ жазушылары тоталитаризм қыспағынан босап, еркін тыныстауға бет алды. Бұл жылдары прозасының жетекші жанры романның өрісі кеңейді. Тәуелсіздік жазушыларға сөз бостандығын алып келді. Сөз бостандығы қазақ жазушыларына кеңестік дәуірде еркін бара алмаған, кең қозғай алмаған тақырыптарға қайта үңілуге мүмкіндік берді. Сондықтан да тәуелсіздік тұсында оған дейін біржақты бағаланған қазақ тарихы туралы шығармалар молынан жазылды» [71, б.43], – дейді «Сөз құдіреті» еңбегінде. Пікірде роман жанры туралы айтылғанмен де повестке де қатысы бар деп қабылдағанмыз орынды. Өйткені тәуелсіздіктен кейін повестерде тарихымызды, аңыз-әңгімелерімізді түгендеуге арналған біршама шығармалар жазылғаны анық.

Әдеби ортада алпысыншы жылдары әдебиет табалдырығын аттаған бір топ жазушылар ішінде шоқтығы биігі деп Мұхтар Мағауинді атаймыз.

Автор – повестің де шебері (Д.Амантай). Жазушының тәуелсіздік жылдарында жазған жаңа тұрпаттағы шығармалары да көркемдік әлемді игерудің тың арнасын қалыптастырып, ұлттық рухты сілкіндіретін өзгеше дүбірлі құбылысқа айналғанын оқырмандары жақсы біледі. Әсіресе, түрік рухын әлем әдебиетіне әкелген классик жазушының соңғы кездері жазған кез келген шығармасы форма жағынан мүлде күрделі, техникасы бөлек. Дегенмен, бұл шығармалардың терең қабаттары мен тамырларында халық мұрасының көптеген тұщымды да айшықты белгілері жасырынғандықтан, олар тылсым табиғатымен оқырманды баурап алады.

Оның «Қыпшақ аруы» повесін бір қарағанда сюжетсіз шығарма сияқты қабылдауымыз мүмкін. Алайда оның композициялық құрылымы ерекше. Мұнда автор тек баяндаушы суреткер ғана емес, повестің басты кейіпкерлерінің бірі. Осы тұста әдебиеттанушы ғалым Дандай Ысқақтың: «Көркем әдебиеттегі басты тұлға-суреткер. Сондықтан қандай да бір әдеби шығарма, құбылыс жайлы әңгіме еткенде, оның авторына соқпай өту қиын. Әдебиет туралы пікір білдіру – белгілі бір дәрежеде жазушы жайлы әңгімелесу» [72, б.205] – деген пікірінің орынды екеніне куә боламыз.

Жазушы қаламына қиял бітіреді. Әдебиетпен біте байланысқан өмір жолын мың жылға шегініс жасайды. Хикаяттың басында жазушыға мүсінші досы С.А. Половцеваның «Қыпшақ тас мүсіндері» альбомын ұсынады. Мүсінші алғысын білдіреді, ал жазушы өз кезегінде досының мүсінін ойып алмақшы екенін айтады. Оған кейіпкер: «Болмайды, – дедім, Саржанның шынымен айтып тұрғанына көзім жетіп: – Мен тәңіріге, әруаққа және тылсымға сенетін кісімін. Жадағай, жалғыз-ақ өлшемдегі фотосурет емес, басыңның, бар бітіміңнің нақпа-нақ көшірмесі – қолдан жасалған сыңарың... Мүмкін, шайтан қонар. Ең қорқыныштысы – менің жаным өзімді тастап, сол мүсінге көшіп кететін шығар. Түгел болмаса да, тең жарым, бөлшек бітісімен... Рахмет, әуре болмай-ақ қой, – дедім» [73, б.26]. Бұл эпизод хикаяттағы мифологиялық сананың құлақкүйі іспеттес. Альбомды ақтарып отырған Саржан, қыпшақ аруының тас мүсінін көргенде, оған бірден ғашық болып қалады. Ол мүсін орналасқан Украинаның Херсон өңіріне сапарға шығады. Музейлерді аралап, балбалдармен сырласады. Қыпшақ тарихына қатысты еңбектермен жіті танысады. Тас мүсіндегі қыздың аты Айсұлу бегім. Бір кездегі қыпшақ ордасындағы мүсінші Көбек ұғлы Саржан екенін сезініп, бұл сырды жазушы досына айтқанда ол басында өнер иесінің фантазиялық қиялы екен деп ойлайды. Енді өзінің де, жары – Айсұлу бегімнің де мүсінін толық қашап шығуы керек. Сонда ғана елес толық өмірге келеді. Ол қалпына келеді. Сөйтіп, мүсінші өнердегі ең биік мұратқа ұмтылады. Кескіндеме, жансыз мүсін өнердің шыңына жеткенде ғана өмірге келеді. Сөйтіп, өзін таба алмай жүрген мүсінші Саржан Көбеков «мазмұны мен формасы жағынан ұлттық» бірегей өнер туындысын жасау арқылы өзін табады. Айсұлу Бегім аян беріп, бұл іске қолдау көрсеткеннен кейін Саржан бірден іске кірісті. Мүсін бітпей жатып, Саржан екі дүниенің арасына, ата-баба әлеміне саяхат жасайды. Межелі

мерзімге жеткенде досын шақырып: «Ал, Мұхасы, Уақыт тығыз» – дейді де мүсіндерге жан кіргізу рәсімін бастап кетеді. Әуелі жігітке жүрек тұсындағы сол жақ шарайна үстіне шапқысын жиектей салады да мынадай арбау сөз айтады: «–Уа, тәңірім! Қуат бер, құтын қайтар, жан бер!» [73, б.75].

Осы бір оқиғаның баяндалуында құбылушылық мотивін автор ұтымды қолданған (Шетел әдебиетінде Овидийдің «Метаморфозасы» деген ұғым бар). Кейіпкерлердің іс-әрекеті мифтік ойлау дәстүрінің аясында өтеді. Мұндай мифтік құбылу желісі қазақ ертегілері мен аңыздарында көптеп ұшырасады. Тіпті дәстүрлі мотив десек қателеспейміз. Ескі санада бұл дүниеден о дүниеге өту де мифтік құбылыс түрінде түсіндірілетін көне аңыздар бар. Соның бірі, дүйім жұртқа таныс – «Қырық қыз» оқиғасы. Құбылтушылық жөнінде Е.М. Мелетинский: «Мифтік қайталау бұл тәжірибе жүзінде мифтің салт-дәстүрде қайталануы» [74], – деген пікір білдіреді. Осындай дәстүрлі мифологиялық әңгімелердің поэтикалық суреттеулерге ұласып, көркемдік-идеялық жүк арқалауы көне дүниетаным туындатқан мифологиялық ойлаудың көркемдік ойлауға сабақтасып, пішіндік өзгерістермен рухани игілікке қызмет етуінің көрінісі. М. Мағауин шығармашылығындағы құбылтушылық өткенді еске түсіреді, сол кезеңнің салт-санасынан хабар береді.

Қыпшақ аруында жазушы магиялық ескі үлгіге иек артып отыр. Мәселен қисынсыз жайттардан кейін өнер иесінің қала көшелеріне тұрғызған мүсіндері, тіпті энциклопедиядағы өмірбаяны да қырық күннің ішінде тылсым жағдайда жоғалады. Жазушы бұл жерде қырық күнді бекер суреттемесе керек. Өйткені қазақ ұғымында адамның рухы қырық күнде арғы дүниеге өтіп үлгереді деген мәнді айтқысы келгендей. Әрине, совет кезеңінде реалистік роман дәстүрінде тәрбиеленген оқырман үшін мұның бәрі мистика, елес болып көрінуі заңды. Жазушы бұны да алдын ала қарастырған. Реалист оқырманның кейпіндегі рөлді Жазушы өзі атқарады. Таң қала отырып, өз бойындағы күмән мен тұманды, сезік пен сескеністі қатар жеңе отырып, өзі де әрең сенеді, оқырманды да сендіреді.

Хикаятта ХІ-ХХІ ғасыр аралығындағы оқиғалар, яғни мың жылдық шегіндегі ел өміріндегі елеулі бел-белестер қамтылады. Автор хронологиялық аса ауқымды дәуірді қамту үшін мифопоэтикалық символдарды сәтті қолданып, нәтижеге жеткені көрінеді. Хикаятта кеңестік кезеңде өмір сүрген дарынды мүсінші Саржан тылсым жағдайда бүгінгі өмірден жоғалып, өзінің түпкі бейнесі қыпшақ ханы Көбектің ұлы бәдізші Саржанның дәуіріне өте алады. Осылайша замандар мен дәуірлер, өткен мен бүгін, тірі мен өлі, аруақ пен адамдар өзара тоғысып, тілдесіп, алмасып жатады. Уақыт пен кеңістікке бағынбау, ғаламдарды еркін шарлау, кедергілерді елемей – мифопоэтикалық танымның төл белгісі. Олай болса, М.Мағауин бұл шығармасында реалистік стильден саналы түрде алшақтап, керісінше, фольклорлық танымға табан тіреген деп түйін жасауға әбден негіз бар [75].

Ал жазушы Дидар Амантай М. Мағауин шығармашылығы жөнінде: «Қыпшақ аруы» мен «Жармақ» хикаяттары – жазушының жаңа кезеңі. Әрине, қазір фэнтези деп аталатын жанр, ғылыми фантастикадан бөлек болса да, Мағауин туындыларында екеуі бірігіп кетеді. Еркін, ұшқыр ой-қиялдың ойлап тапқаны ғылым, өнер күшімен қуаттана түседі. Мәні – ұлттық сана қалыптастыру мәселесі. Бірінде көне заман, бірінде кешегі дәуір бүгінгі күнмен арпалысады. Мағауин үшін ұлттық сана – жеке тұлға немесе дербес ұлт өміршендігінің барометрі. Ұлттық санадан айрылған ұлт ажал құшады. Жақсының да, жаманның да бастауы тілден көрінеді. Тіл мен сана тығыз байланысты»[76], – деген ой айтады.

«Қыпшақ Аруында» бүгінгі қоғамның нақтылы тыныс-тіршілігі мен жазушы М.Мағауиннің өмірбаяндық деректерінен үзіктерді кездестіруге болады. Мәселен, «Айсұлу... әй, иә, Бақытжамал, яғни Бақыт-сұлу ыдыс-аяғын жуып-шайып, балалардың ертеңгі киім-кешегін ыңғайлап, күнделікті күйбең шаруасына жегілген. Мен тағы да кабинетіме кіріп, оңашаландым» [73,б.53] осы бір жолдар оқиғаға мейлінше шыншыл сипат беруге көмектеседі. Мифопоэтикалық айшықтар бүгінгі ұрпақты бабалар дәуірімен табыстырып, жас буынның зердесінде ұлы қыпшақтың рәміздері жалғаса беретінін дәйектейді. Жазушының бас кейіпкері Саржан мүсіншіні ауыл мектебіне мұғалім етіп қайта оралтуы – тәуелсіздіктен кейін ұлттық құндылықтар тегеурінді күшке айналғанын тұспалдайтын ишара.

Повесте қыпшақ ғаламынан қайта оралған Саржан Көбеков өз қызы Айбике туралы: «Кішкентай қызымыз бар...Қазір кішкентай емес, әрине. Биыл он сегізге шықты, облыстық педагогика институтында оқиды...» [73, б.94], – деп нақтылы мәлімет беруі өткен мен бүгіннің қоғамда орын алып отырған сабақтастығын танытқандай. Бұл шығарманың өзіндік сипаты – жазушы екі түрлі қоғамдық жағдайды салыстыра келіп, өз замандастарымен қарым-қатынасын, қоғам, адам, уақыт деген көзқарасын, күйініш-сүйінішін танытып, өзіндік дүниетанымын ұсынып отырады. Саржан досына «Халқымның қасиетін әйгіледім. Таспен бедерленген тарихын жасадым... Бақытты болдық, Айсұлу екеуіміз. Екі жалғанның да қызығын көрдік... Қозы мен Баян тәңіріден құшақтары жазылмас үш күндік ғұмыр сұраған екен. Ал, біз, міне, отыз... жоқ, тура қырық төрт жыл! Бұдан асқан қандай бақыт, қандай мерей, мәртебе болуы мүмкін!?»[73, б.97], – дейді.

Сан қырлы тағдыр, ұлттық рухтың қайта оралу жолындағы күресті, жолдағы түрлі көлденең кедергілерді шынайы суреттейді. Хикаятта автор ежелгі қыпшақтың сынған мүсінін бүтіндеуді мақсат қылған өнерпаздың жанкешті өмірін суреттей отырып, қазіргі қазақтың толымды кескін-келбеті, ірі түр-тұлғасы бабалар мұратымен үндескенде түгенделеді деген ойды ишаралайды.

Повестегі фольклорлық таным, мифопоэтикалық танымнан бөлек, мұнда постмодернистік әдебиеттің шешуші тәсілдерінің бірі – трансгрессия бар. Жазушы хикаясының бас протогонисі Саржанның трансгрессия тәсілі

арқылы бүгінгі өмірдегі өз «менін» тауып, қайта оралуы, бұрынғы мүсінші Саржанды ауыл мектебінде мұғалім етіп, қайта оралтуы – тәуелсіздіктен кейінгі ұлттық құндылықтар тегеурінді күшке айналғанын тұсталдайтын символдық ишара. Сонау сақ-хунну, көне түрік таңба символдары, ежелгі қыпшақ рәміздері тәуелсіз еліміздің рухани саяси өмірінде шешуші мәнге ие болып отырған ақиқат шындық. Осы сияқты құндылықтарды, ежелгі бабалар жәдігерліктерін бүгінгі ұрпақпен табыстыруды трансгрессиялық тәсіл арқылы беріп, жазушы үлкен концептуалды ойды жеткізіп отыр [77].

Автордың жазушылық шеберлігі туралы әдебиеттанушы ғалым Қ.Т. Жанұзақова былай дейді: «М. Мағауин «Қыпшақ аруы» хикаяты арқылы халқымыздың бұрынғы бет-бейнесін, рухани кескін-келбетін тұтастай қайтадан қалпына келтіріп, бүгінгі қазақтың қанындағы бабалар рухын қайта жаңғыртқысы келетін ынта-ұмтылысын танытады. Көлемі шағын болғанымен, романның жүгін көтерген, уақыты мен кеңістігі кең шығарма жазушының шеберлік қуатын танытады. Туындыда қиял мен шындық, өткен мен бүгін, романтикалық, поэтикалық және публицистикалық бастаулардың синтезі, жарасым тапқан» [78, б.72].

Қазақ танымындағы отбасының ұйытқысы болып табылатын Ұмай Ана туралы аңыз жасап оны шынайы өмірге сіңістіруге талпынған жазушы хикаясы сәтті шыққан. Құт-келін атанған Айсұлу-бегім толғақ үстінде өлген соң оның мүсінін Саржан балбал тастан соғады. Айсұлу-бегімнің сөзі: – Содан соң бүкіл қыпшақта жоқ мүсін жасадың. Менің ғажайып мүсінімді. Мен сенің өнеріңнің күшімен қайта тірілдім. Ет пен сүйектен жаралған балғын кейпімде емес, сырлы, мұңды тас қалпымда. Мен – суық тас. Сен – ыстық қан. Менің қайтып келгенімді сен аңдадың. Қуандың, сүйіндің, және шарасыздан жер бетіне сыймай, шарқ ұрдың. Ақыры амалын таптың. Арада ай өтпей сенің өзің тасқа айналғың келді. Ол заманда дана қыпшақта тірі кісіге балбал тұрғызбас еді. Сен ешкімге жар салмадың. Тағы бір тоқсан және жеті тәулікте қашап біттің өзінді-өзің. Сол күні бахадүр ініңді көрсеттің. Мынау – мен дедің. Сол күні... демін үзілді, ұша бардық, бірақ ұзап кетпедің, менің қасыма жеттің. Елің жылады, сықтады. Ақ жуып атқарды. Өткінші, опасыз тәніңді. Мәңгілік жаның шақа таста қалды. Баба. Сен Баба. Мен өзің кейіптеген – Ана...» [73, б.43].

Осындағы Айсұлу бегім жанының балбал тасқа айналуы да мифтік сенімдегі жан-тәннен өмір сүре береді деген түсінікпен жалғасады. Ал қыпшақ елінің, ірі кісіге балбал тұрғызуға болмайтын таным-сенімін бұзған Саржанның жаны да өзінің мүсінін жасаған балбал тасқа көшеді. Мұнда біз В.И.Ереминаның «Миф бойынша, тайпаның тотемдік ережелерін бұзған немесе оны құрметтемейтін адамдар қатаң жазаланады. Сондай жазалардың бірі – адамдарды хайуанға немесе жансыз затқа айналдыру. Жаза түрінің бұлайша өзгеруі сөздің құдіреті бар және тек мифтік санада ғана сақталады деген сеніммен байланысты... Жазаның нәтижесінде пайда болатын өзгеріс әрқашан тотемдік ғұрыпты бұзумен байланысты бола бермейді. Бұл мифте әрқашан тыйым салынған. Адамның сыртқы келбетін жоғалту себебі көбінесе бүкіл тектің этикалық тәртібін бұзу болып табылады» [79], – деген пікіріне сүйене

аламыз. Саржан да қыпшақтардың тотемдік салтын бұзып өзіне балбал тас орнатып жазаға ұшырады, ол балбал тасқа айналды. Бұл грек мифологиясында да кездеседі. Пигмалион мүсінші өзі піл сүйегінен жасаған қызға ғашық болып, махаббат құдайына құрбандық шалып, өзі жасаған мүсінге жан беруін сұрайды. Тілегі қабыл болады. Сол сияқты кейінгі Саржан да өзі жасаған мүсінге жан бітіруін сұрайды. Ақыры мүсінге жан бітеді.

Осындай аңыздың шындыққа бергісіз желісі негізінде керемет туынды өмірге келген. М. Мағауиннің бұл шығармасында таза өнер, адал махаббат, қыпшақ жері мен елінің тарихы сөз болады. Ұлы өнер мүсіншілік дарыған Саржан өз өнерін саудаға салады. Оны осы жолдан аман алып қалушы қыпшақ аруы – Айсұлу-бегім. Екеуінің арасындағы махаббат, мифтік желі.

Шығармадағы бүгінгі күннің Саржанының рухына жетіспеген нәрсе кезіндегі ата-бабаларымыздың мол мұрасы, тарихы, танымы. Осыларды аралап көргеннен кейін ғана Саржан сонау ғасырлар аясында қалған таза Саржанға айналады. Мұны рухтың қайта оралуы деп түсінуіміз керек.

Өз мүсінін жасаған адамның жаны «арғы әлемге» кіріп кетеді. Мүсінші ғайып болып кетеді. Мифтік аңыздарда сондай тылсымдық бар. Бірақ жазушы мифтік желі екен деп соның артына түсіп кетпейді, реалистік элементтерге де арқа сүйеп, шындыққа үйлестіріп отырады. Шығармадағы қыпшақ тарихы, ондағы Саржан мен Айсұлу Бегімнің арасындағы махаббат тек фон ретінде алынып отыр. Негізгі көтерген проблемасы адам. Ол адам Саржан болатын. Сол Саржанның өнер иесі ретіндегі қалыптасу жолының қиындығын көрсетеді. Жазушы ол мақсатына Саржанға қилы қыпшақ тарихына үңілту арқылы жетеді. Қыпшақ даласына барып қайтқан Саржан рухани жаңарумен, толығымен оралады. Негізінде Саржан жазушының өзі болатын. Оны Саржанның сөздерінен аңғаруға болады: – Жазу мен мүсін емес Саржан мен Мұхтар, деді. Қаны жалғас жаны туыс, мақсат, мұраты ортақ. Сегіз ғасыр шегінен озып, үндесіп, ұшқасып жатқан. Екеуіміз бір кісі. Қай заманда жасасақ та. Сен деген мен. Мен деген сен. Біртұтас тұлғамыз. Жартылай емес, жарымжан емес, толық қалпымызда. Ортамыздан бөлінсек, екеуіміз де орташа шығамыз... Сенің айтқаныңдай, жұрттың жақсысынан артық. Одан не пайда Үлкен өлшеммен алғанда шамалы. Шамалыны сен де, мен де қанағат тұтпаймыз... [73, б.96].

Мұны екіге жарылу деуге келеді. Жазушылық өнер мен мүсіншілік өнерді тоғыстырған М. Мағауин жазуда да мүсіншіліктегідей қиындығы мол болатындығын дәлелдей түседі. М. Мағауиннің бұл туындысы қазақ фольклорында кездесетін отбасының қамқоршысы Ұмай анаға байланысты. Шығармада өзі айтқандай келін болып түскен соң «құт келін» атанады. Оның бұлай аталуы да қазақ танымындағы Ұмай бейнесімен ұштасып беріледі. Сонымен қорыта айтсақ автор Айсұлу Бегім – Ұмай ана бейнесі арқылы жас талант Саржанды құтқарып қана қоймай, қазақ танымындағы Ұмай ананың образын сомдап береді. Бұл жазушының тыңнан тапқан шебер ойы десек қателеспегеніміз болар.

«Қыпшақ аруы» хикаятында мифопоэтикалық өрлеулер көркемдік құрал ретінде шынымен мол қолданылғандықтан қазақ әдебиетінде мүлде

тосын, соны стильдің басы болғандықтан да сырттай қараған жанға шығарма тылсым рай танытады. Бірақ шығармада бүгінгі күнгі тұрмыс-тіршілік деректермен суреттеліп, қоғамдық-рухани өміріміздегі әдепкі істер айна-қатесіз әшкереленіп отырады (Мәселен, бір ғана деталь, телефон соққан біреу: – Мақауин деген жазушы сен боласың ба?, – дейді. Оған жазушы: – Адам естімеген мақауды іздейтін сенің өзің қай мақұлықсың?, – дейді дік етіп) [73, б.82].. Осындай себептерге де байланысты шығарма шынайы, шыншыл сипатта.

М.Мағауин қолданған әдеби әдіс-тәсіл Батыс әдебиетінде ішінара болса да қолданылады. Мысалы, ХІХ ғасырда өмір сүрген ағылшын жазушысы Оскар Уайльдтың «Дориан Грейдің портреті» (1891 ж.) атты шығармасында осыған ұқсас тұстар бар. Суретші салған кейіпкердің жаны суретке көшіп, сурет иесімен бірге қартайды. Кейіпкер жасаған бүкіл күнә мен бассыздықтардың табы мен таңбасы суреттің бетіне түсіп отырады [80, б.17].

Хикаятта автор ежелгі қыпшақтың сынған мүсінін бүтіндеуді мақсат қылған өнерпаздың жан-кешті өмірін суреттей отырып, қазіргі қазақтың толымды кескін-келбеті, ірі түр-тұлғасы бабалар мұратымен үндескенде түгенделеді деген ойды ишаралайды. Қыпшақ аруы хикаяты – жазушының жаңа белесі. Автор аңыздық желіні қолдану арқылы ұлттық сана қалыптастыруды мақсат еткені анық.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің интеллектуалды проза өкілдерінің бірі – Таласбек Әсемқұлов. Оның мифологияға негізделіп жазылған «Бекторының қазынасы» атты хикаяты – адам баласының болмысына үңілетін шығарма. Автор шым-шытырық оқиғалар желісінде реалды өмір мен мифті қатар пайдалана отырып, қиюластыра суреттейді. Бұл шығармасында Таласбек Әсемқұлов формалық жағынан өзіне дейінгі ешкімді қайталамай, сюжеттің соңында күтпеген түйін жасайды.

Шын мәнінде «Бекторының қазынасы» құпияға толы, күрделі хикаят. Шығарманы парақтай бастағанда-ақ Бекторы есімі «Ер Төстік» ертегісіндегі батырға ғашық болып, қастық ойлаған перінің қызы Бекторы емес пе екен? деген ойға жетелейді. Сол кезде «Бала кезінде ең жақсы көріп тыңдайтын ертегісі «Ер Төстік» еді. Әжесі таңғажайып хикаяны айтып болып, – Міне, немелтайым, осындай да кеп болған екен, – дейтін күрсініп. Түнде түсіне, Ерназарды құдықтың жанында ұстап алып азапқа салған Бекторы кіреді. Оянғанда көргенін әжесіне айтатын.

– Ол жын-пері ғой, ойлама, – деуші еді бұндайда әжесі, – Құдай Бекторыны кездестіргеннен сақтасын» [81] деген үзіндіні оқығанда бірден байланыс бар екендігін түсінесің. Бірақ, шығармадағы Бекторының зұлым бейнесі трансформацияланған. Суреткер кейіпкердің нәзік санасына ерте кезде құйылған сәуленің ғұмырының әр сәтінде орала беретінін меңзеп тұрғандай. Түпсанадағы талмаурап естілетін үннің жанымызды қажап кеміруге түсетінін аңдатады.

«Қайырболды есейіп ержетті. Әскерден кейін Алматының орталығындағы ресторанның біріне жұмысқа тұрды. Ет пен көкөніс турап, қамыр илейтін ас

үйдің қызметшісі болып бастаған талапты жігіт бес жыл дегенде түнгі ресторанның даяшысы дәрежесіне көтерілген» [81].

Бір күні ресторанда қымбат коктейль ішіп, есеп айырысуға ақшасы жетпей тұрған үш қызды аяп, өз қалтасынан олардың ақысын төлеп жібереді. Бұрыннан келіп жүретін жүзі таныс «Бекторымын» деп танысқан сұлу қыз есесіне гаухар орнатылған ауыр алтын жүзікті жігіттің алақанына қоярдақоймай салып кетеді. Арада екі ай уақыт өтеді. Қыздан үміт үзген жігіт ломбардта сарапшы болып істейтін Сәрсен деген досына жүзікті көрсетеді. Ол әлемдік каталогтан жүзікті тексертеді. Осы саланың арнайы маманы Аристарх Никанорович сақинаны өте жоғары бағалап, Қайырболдыға жүз жиырма бес мың доллар санап береді. Ол бұл ақшаға ескілеу үйден үш бөлмелі пәтер сатып алады. Арада төрт ай өткен соң Бекторы ресторанға тағы келеді. Қайырболды тағы да оның жетпей қалған ақшасын төлейді. Қайырболды өз әрекеті туралы ештеңе айтпаса да, Бекторы оның не істеп, не қойғанының бәрін білетін боп шығады. Одан сескене бастаған жігіт Бекторының айтқанына амалсыз көніп, қыз тұратын зәулім сарайға барады. Бұл сәтті жазушы: «Ақ, қара, сары, қызыл мәрмәр діңгектер, әр бұрышта зүбәржаттан қашап жасаған алып вазалар, төбеден салбырап тұрған алтын люстралар. Атшаптырым залда кем дегенде жүз адам сиятын үстел. Ақ дастарқанның үсті қисабы жоқ тамақтың, шараптың түрлері... Қайырболдының көзі бұлдырап кетті», – деп суреттейді.

«Иә, иә, сол баяғы перінің қызы Бекторымын, – деген қыз, адамның ойын оқитын әдетімен, – әжең талай айтып берген «Ер Төстік», – дегенде оқырман мекеншақтың мүлде өзгергенін нақты сезінеді. Мұнда әлдебір сұйыққа салынған ресторанның бастығының жүрегін, өзі танитын бірнеше кеден офицерінің, полиция қызметкерлерінің, жұмыс бабымен алдарына барған тағы да талай-талай үлкен шенеуніктердің жүректерін көріп, «олардың адамға деген аяусыздығының, зорлық-зомбылықтарының сырын» түсініп, «адамдардың бір-біріне неге қиянат жасайтынын» ұғады. Әлмисақтан бері жиналған адам жүрегіне сан жетпейді. Қайырболды ойлана келе: «Жәрдеміңді күте-күте шаршаған жетім қозы, өз несібемді татуға кеттім», – деп, өз жүрегін мәрмәр жүрекке ауыстыруға келісім береді.

Осылайша, Бекторының қолбаласына айналған Қайырболды қазіргі заманға қайта оралғаннан кейін иелігіне өткен ресторанды місе тұтпай, «Меркурий» халықаралық қаржы жүйесінің депозиттерін, швейцар банкісінің депозиттерін қалағанынша шашады. Аз жылдың ішінде шетелдік сапармен бармаған жері, баспаған тауы қалмайды. Ресторанның директоры етіп тағайындаған Сәрсен досының ақылымен несие беретін банктің алпауыт иесіне айналады. Кредиттің кесірінен үй-күйінен айрылып, қарызын өтей алмай, жылап-еңіреп келгендердің ешқайсына қайырымдылық жасамайды. Тіпті өзінің атасы мен әжесін де ұмытып кетеді.

Осындай жапанды жалпағынан кешкен сегіз жыл өте шығады. Бір күні кездесуге келе жатқанда Қайырболдының көлігі ойда-жоқта бұрқактың тасасынан жүгіріп шыққан қолында шелегі бар бір баланы қағып кетеді. Машина жуып күнін көріп жүрген баланың бетіне үңілген Қайырболды оның

өзінен айнымайтындығын көріп, айғайлап жібере жаздайды. Бұл жайттан соң оқиға желісі күрт өзгереді. Осы арқылы жазушы оны өткен шаққа қайта оралтады. Бірінші сыныпта оқып жүрген уақытында жолдың шетінде тұрған Қайырболдыны машина қағып кетеді. Реанимациядан мүгедек болып шыққан Қайырболды жүргізушінің кінәсін дәлелдей алмайды, себебі ауыл арасындағы сот қана болды. Жүргізуші ештеңені мойындамай, сытылып кеткен еді... Қайырболды Тұздыбастау ауылынан қалаға қатынап, машина жуып күн көретін баланың аман-сау қалуына бар күшін салады. Кезінде банктен алған кредитін жаба алмай, үйі мен бар байлығынан айырылып, қайтыс боп кеткен әкесінің жиған-тергенін түгел қайтартады. Шұғыл түрде жасалған медициналық көмектен кейін бала да аман қалады. Енді Қайырболды Бекторы тұрған жерге қайта келіп, санаулы адамдарың қатарында өз жүрегін қайтарып алады. Есік алдына шыққанда Қайырболдының қымбат машинасы енді жоқ, үстінде баяғы ескі киімі болады. «Ол кейін әжесімен кешу айтысып табысады, атасының төрт жыл бұрын дүниеден қайтқанын естіп қайғырады, ақырында өзі сүйген қызға жүрегі дауалап, асықтық сөзін де айтады. Бірақ бұның бәрі кейін болады. Ал қазір ол Алматыға, өзінің Алматысына асығып бара жатыр еді» деп аяқтайды жазушы Қайырболды оқиғасын.

Сюжеттің байланысы енді Қайырболдыдан басқа адамға ауысады. Ол – қазақ теледидарында қатардағы тележурналист-редактор болып қызмет істейтін Сағындық Тілешев. Жоғарыдағы оқиғаның бәрі Сағындықтың түсі еді. «Басқа адам болғанына, Қайырболды деген адам болып өмір кешкеніне зәредей күмәні жоқ» ол орнынан тұра салысымен, өзі түсінде қызмет атқарған ресторанға келеді. Мұнда өзін тосып тұрған Бекторымен кездеседі. Одан неге басқа адам болып өмір сүргенін сұрағанда Бекторы былай деп жауап береді: «Дүние барған сайын қиындап, адамдардың бір-біріне деген көңілі барған сайын суып барады. Қазақтан пейіл кетті. Бұрын жақсылығы асып-төгілген, төңіректегі жұрттың бәріне пана болып, шарапаты жеткен қазақ, енді өзіне қайырым қыла алмай отыр. Сен Қайырболдының тағдырын кештің. Қайырболды болып, кедейшіліктің қорлығын да, байлықтың игілігін де көрдің. Асып-тасқан меймананың неге апарып соғатынына да көзің жетті. Сен өзің мүлдем танымайтын адамның тағдырына теліндің. Бөгденің тағдырын өз тағдырыңдай кешкендіктен, сен сол Қайырболдыны енді өзіңдей көресің. Ұрпақ ендігі жерде бір-біріне осындай бауырмал болмаса, өмір сүру қиын болады», – дейді.

Осыны айтып, перінің қызы қоштасып кеткенімен, жазушы оның ешуақытта өмірден жоғалмайтынын сездіреді. Тек адамдар өз жүрегін таза сақтай білуі керек деген ойды меңзейді. Сюжеттің шарықтау шегі Сағындықтың Қайырболды Намазбеков деген даяшыны іздеп, таба алмауымен түйінделеді. Тіпті ондай адам ресторанда тіркелмеген де болып шығады. Бұған Сағындық қуанып: «Сен пері емессің – періштесің!.. Жаса, Бекторы!» – дейді.

Түйіндеп айтқанда, автор үш түрлі уақыт пен кеңістікті көрсете отырып, қазіргі қоғамдағы өмір шындығын ашып береді. Біріншісі – Қайырболдының басынан кешкен оқиғалары, екіншісі – Сағындықтың перінің қызы Бекторымен

кездесуі, үшіншісі – әңгіме кейіпкері және әңгіме ішіндегі автор. Т.Әсемқұлов шығармасында симулякрді екі рет қолданған. Біріншісі – Бекторы мен Қайырболды оқиғасы, екіншісі – Бекторы мен Сағындық оқиғасы. Бұл екі оқиға да шынайы өмірде болмаған. Бірақ жазушы мифтік кейіпкер Бекторыны реалды өмірге алып келіп, осы тәсілді қолдану арқылы бүгінгі заман ахуалына орай адам санасының сан түрлі құбылуына мән береді. Жазушы Таласбек Әсемқұлов мифтік кейіпкерді өз шығармасына табиғи түрде шебер кіріктіреді. Қазіргі қазақ қоғамының материалдық байлыққа табынған дүниеқұмар бет-бейнесін перінің қызы арқылы сынап отыр.

Адам болмысының қарама-қайшылықты күрделі табиғатын, жаратылысының құпиясын түсінуге деген талпынысынан туған миф жанрының ерекшелігін тәуелсіз кезең қаламгерлері өз позициясында еркін пайдаланып, шеберлікпен пайдаланды деуге толық негіз бар. Байыптай қарағанда, миф көркемдік мүддеге ғана қызмет етумен шектелмегенін түсінеміз. Миф дайын көркемдік форма ретінде пайдаланылып, шығарма тінімен қабысып жатты. Сол арқылы заман шындығы ашылып, жазушының этикалық идеясы ұғынықты болды. Кеңестік кезең суреткерлері мифті тоталитарлық жүйеге деген қарсылық, ұлттық сананы ояту мақсатында пайдаланып, қалың қазағын рухани кеңістікке өткенін қаласа, тәуелсіз кезең қаламгерлері мифтің бар мүмкіндігі мен потенциалын ашып көрсетумен шектелмей, оны түрлендіре қолданудың жаңа сатысына шықты деуге болады.

Кеңестік кезең жазушылары идеал кейіпкерді өткен ғасырдан іздеп, тарихқа саналы түрде барса, тәуелсіздік кезең жазушылары миф арқылы бүгінгі заман шындығына бойлады.

Жазушылар сол арқылы маңызды мәселелерді бір арнаға тоғыстырып, әлеуметтік ірі идеяларды өзек етеді. Өзіндік айтар ойы, психологиялық салмағы бар дүниелерді тудырды. Д.Досжанның «Тілегімді бере гөр» повесі осындай мақсаттан туған. Адам баласының қатігездігі мен жауыздығынан табиғаттың қаншалықты зардап шегіп жатқаны жазушының «Жолбарыстың сүрлеуі» хикаятында да кеңінен айтылған болатын. Бұл туындысында да автор адамның күрделі де қиын тағдыры арқылы табиғат пен адам арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы салдарынан тіршілік гармониясының бұзылып, адамның пиғыл-ниеті өзгеруі жайын сөз еткен. Қу құлқынның жолында жанкешті қылмысқа барып, аулына жақсы ниетпен – қорық салу жоспарымен келген өкілді айдалаға апарып, соққыға жығып, қара жаяу қаңғытып тастап кеткен қатігез Охотсоюз – Молдаберді әрекетімен таныс боламыз. Маңайын тырмалап обып асай берген, өңеші апан бірер белсенді, бастықтармен жең ұшынан жалғасып, сеніміне кіріп алған соң, маңыратып мал жиып, бір емес бірнеше машина алып («Москвич», «Жигули», «Волга» бәрі бар), саңғыратып қызыл қыштан там салып, ішін жиһазға толтырып, дәулет жиып, қалтасын ақшаға толтырған сұмпайының арамдық әрекеті баяндалады. Қорық ашса соның бәрінен айрылып қаламын деп қорыққан Молдаберді қорық аштырмауға жанын салып, ақкөз қысастыққа барды. Қыстың көзі қырауда далада жалғыз плащпен далада қалған өкіл жігіт Дананың қасқырмен арпалысқан түнін айтпағанда, үсіп өлуге шақ қалғанда

ақкөңіл адал түйеші тауып алып, жаны қалды. Соның үйінде жатып, үшінші тоқтысының сорпасы таусылғанда ғана өз-өзіне келді. Дананың үсіген терісі сыпырылып, астынан қызылшақа денесі көрінгенде таяққа сүйеніп, төсектен тұрғанымен, қақылдаған жөтелі ұзаққа дейін кетпеді. Бірақ, оның көрген қорлығы мен зорлығы мұнымен де біткен жоқ. Молдаберді сынды жәһіл де жауыз адам өз қылмысын жасыру үшін Алматыға оның үстінен арыз жазып, жұмысынан да қуылады. Міне, осы жүрегіне шемен болып қатқан жара тыртық болып бітті. Соның зардабын Дана он сегіз жыл тартты. Молдабердіден көрген әділетсіздігі мен зорлығы көңілінің көлеңкесінен ешқашан семген емес, арына тиген ауыр сөз ұмытылмай, жақсы жандардың ортасында жарқылдап отырып та есіне түсіп кеткенде таппа тыйылып, жанарының терең түбінен салқын мұң тарқамады. Дананың көрген құқайын Прокрустке әділ жазасын қолданған Тесей батырдың әрекетіндей, Молдабердінің де лайықты жазасын алуы үшін, оқырманын қанағаттандыру үшін деуге де болады, автор мифті шебер пайдалана білген. Мифті пайдалану арқылы автор көкейінде «әрі қарай не болды» деген сауал қалмасы анық.

Әдебиеттің мұраты – адамды пендешіліктің тоты басудан арашалау. «Әдебиеттің мақсаты адам атты құпияның ішкі-сыртқы әлемін, пиғыл-ниетін астастыра айшықтау, ашу. Адам атты небір кереметіне шаң алдырып, шаша қақтырмас ғажайыптың құпиясы, құлпы көп. Соның бәріне кілт табу... Жазушы атаулының сол кілтті тапсам деп талпынбайтыны кемде-кем», – деп жазады ғалым Қ.Мәдібаева [82, б.106]. Міне, соның кілтін табу мақсатында жазушы мифті асқан шеберлікпен қолдана білген. Повесте бір емес, бірнеше мифтік элементтер орын алған. Жазушының шеберлігі – онда мифтің көркемдік қолданысы повесть құрылымына жігін тауып кірігіп, орайласып жатады. Ел ішінде абырой-беделі мықты әулие жайындағы әңгімесі де аңыз-мифке бергісіз дүние болғанымен, нақ шындық екендігіне кейіпкер Дана да, оқырман да қалтқысыз сенеді. «Әулиенің ел аңыз қып айтып кеткен талай кереметтері бар. Құй сен, құй сенбе, көзіммен көргенімді айтамын, сол кісі есігінің алдында күнге қыздырынып отырып, Ырғыз бойында жыртылып айрылып жатқан ақбөкен, киік атаулыны дуамен арбар алдына тізбектеп келтіріп ала беруші еді. Бір күні асық ойнап жүрген мені шақырып қарсы бетте үймелеп тұрған киіктің біреуін бауыздап бер деді. Қорқып кеттім. Жабайы мақұлық қарасирақ мені қайтсін: мүйіздеп, я тапап өлтірмей ме. «Қорықпа» – дейді әулие, – мен ішіндегі біреуін-ақ байладым, жақындасаң – өзгесі үркіп жайына кетеді. Бір аттап, екі аттап, тағы ешкілерге тақайын, құданың құдіреті жанары боталаған семіз тушадан өзгесі сынаптай сырғып жосып жоғалғаны. Әргі туша тырп етпей тұрып-тұрып жақындап келіп жалынан ұстағанымда жантайып жата кеткені. Бауыздап бердім. Кешегі аласапыранда белсенділер қара халықты дінмен уладың деп жер аударып жіберді. Кімді кім улағанын білмеймін, әлгі кісі жүрген жеріне ылғи сәуле шашып, жылу таратып жүргендей сезілуші еді. Берген батасы айнымай келетін. Мені де жер бетінен жібермей жүрген «көп жаса» деген жалғыз ауыз сөзі мен деп тоба қыламын. Сол әулие жылан шаққан, қаракұрт тиген кісіні көрсе «біздерге сол жыланды...сол қаракұртты іздендер»

деп жарлық беруші еді. Біз іздейміз, әрине таппаймыз. Сонда әлгі әулие қарап отырып қақырынып-түкірініп бұрқ-сарқ ашуланып мұндар мақұлықты тыпырлатып алдына шақырып алатын. Не кереметі барын қайдам. «Өзің шашқан зәрді өзің арбап қайтар, деп әлгі жәндіктерге көз сұғын қадап шүйліккенде, сізге өтірік, маған шын, жыланы да, қара құрты да өз-өзінен бүрісіп-құрысып ышқынушы еді, уланып жатқан кісінің бойы жеңілдеп жүре беруші еді. Біраздасын мақұлық байғұс қарап жатып жан тәсілім беретін, уланған кісі әл жиып – аяғына мінетін. Енді міне халық бойындағы қадыр-қасиет, ілім-білімнен мақұрым қалып, аузымыздың дуасы кетіп, кішкентай бүйіге шамамыз жетпей, ел болып дүрлігіп жатқанымыз» [83, б.85].

Ақсақалдың сөзімен берілген діннің күштілігі арқасында әулиелердің ғажайып, ауыз аштырар кереметтер жасай алатын қабілеті әрине, жетпіс жыл діннен безген қоғам адамдарына қиял, ойдан шығарылған сандырақ ретінде әсер етуі әбден мүмкін. Жазушы Д.Досжан аталған повесінде осы өзекті мәселені идеялық-образдық тұрғыдан шешу құралы ретінде пайдаланған.

Жазушы ойының түпкі қазығы, кейіпкерге деген оның негізгі көзқарасы, суреткерлік позициясы да миф арқылы да жобаланып жатады. Ол Молдабердінің бір сәтте қартайып кетуі сәтінде айрықша көрініс тапқан. Он сегіз жылдан кейін кездесіп, іші мұз боп қатқан Дана Молдабердіні қамшының астына алып, аяусыз соққыға жыққаннан кейін, атынан түсіп етпетінен сұлық жатқан ферма меңгерушісін аударып, бетіне қарағанда өз көзіне өзі сенбей, шошып кетті: «жаңа ғана алыса кетсе, өзін аттан аударып алатын алып денелі атан жігіттің орнында шоқша сақалы шошайған құп-қу, бетін өрмекшінің торындай әжім сызған, жүзіне қан жұққан, әбден арыған, алжуға қалған шал жатты. Демнің арасында адам да осынша өзгереді екен-ау деп Дана жағасын ұстады» [83, б.103].

Құдды бір О.Бальзактың «Шегірен былғары» шығармасындағы арманы орындалған сайын өмірі қысқаратын Рафаэль немесе О.Уайльдтың «Дориан Грэйдің портреті» туындысындағы Дорианның айнаға қараған сайын қартайтын қасірет-мифімен сабақтасып жатқандай. Адамның материалдық игіліктің құлы болып, аманат өмірін мағынасыз, мәнсіз өткізу идеясын Д.Досжан да лайықты жалғастыра білген. Ұлттық колоритті қапысыз танытатын бұл туындысында автор азды-көпті ғұмырында адамның адамшылығын белінен басып, ешкімге пейіл бұрмай, тіршіліктегі сыбағасын артық алып, мол қарпытып үйренген жігіттің өз зауалымен беттескен мезгілде бір сәтте морт сынып, қартайып кетуі – соның дәлелі. Автор адамды кісі наласы құр жібермейтінін, көп асқанның бір тосқаны болатынын негіздейді.

«Өз халқының ең көкейтесті деген мәселелерін қозғап отыру – қай қаламгердің де абыройлы парызы. Тіпті, ол – абыройлы ғана емес, туған халқының алдындағы ең қасиетті перзенттік борыштарының бірі... ойдан ойды қозғай отырып, биік қоғамдық деңгейдегі өзекті мәселелердің көркемдікпен санаға сіңуіне, оқырманды толғанып, тебіренуіне өзінің жазушылық шеберлігін жұмсайды» [84, б.93] дейтін Н.Ақыш пікірі Д.Досжанның аталған повесі хақында айтылғандай. Кеңестік кезеңде О.Бөкейдің «Атау-кере»

повесінде көтерілген метаморфоза мәселесі Д.Досжан повесінде көрініс тапқан. Адамның тіршіліктегі пиғылы, ниеті, ықыласына қарай, құдіреттің күшімен басқа тіршілік иесіне айналып, ауысып кету процесі Молдаберді тағдырында да қайталаанады. Ауыл адамдарына, әсіресе момын жандарға тізесі батқан Молдаберді сұмның жым-жылас жоғалып кеткеніне жұрт сенбеді. Ақырында Мәнәулие маңында жүз жасқа келген аңшының сөзі елге жетті: «аңшы айдалада, ми далада киік қарап жүрсе, бүйірі қабысып бұратылған аш қасқыр көріпті. Құдая тоба, сол қасқырдың көзі құдды Молдабердінің көзі, үні құдды Молдабердінің үні дейді: қарты аңшы қарап тұрып қайран қалыпты, қатты шошыпты, көріп тұрып сенбеуге амалы болмапты. Аш қасқырға айналып, айдалаға қаңғып кеткен Молдаберді сол деп иманын айтып жат та қарғаныпты. Үйірінен, туған жерінен қарадай безініп, айдалада алып соғып тояттауға аң таппай сілесі қатып сенделіп жүрген аш қасқыр – сол Молдаберді» [83, б.109]. Міне, мифтегі метаморфозаға мысал. О.Бөкейде елден іргесін бөліп, жырақтап, тау асып шығандап кетіп, ата кәсібінде жоқ ара бағумен айналысқан Ерік сонаға айналып кетсе, Д.Досжанның тірі күнінде байлық пен дүниеге тоймаған Молдабердісі аш қасқырға айналып кетті. Екеуі тірі күнінде жалғанды жалпағынан басып күн кешкенімен, өмірден өткен соң артында белгі ретінде көк тасы да қалмайтын елес-бейнеге айналып кетті. Екеуінің я тірі, я өлі екені адам баласына белгісіз. Мифтің адамзатқа қажеті де, берер тәлім-тәрбиесі де осында. Аз ғұмырында ешкімге қиянат қылмай, кісі баласын жылатпай, жазықсыз жазаламай, Абай айтқандай «бірін-бірі дос көріп», татулық пен бірлікте өмір сүрудің қажеттігін ұғындыру.

«Адамның қасиетін ашуға талпынған жазушы қашан да өз геройының мінез-бейнесіне кіріп алып, оның жан түкпіріндегі ең аяулы дірілін басып, қуанышы мен мұңын, күдігі мен қайшылығын, ойы мен арманын, өз-өзімен не жан-жақынымен сырласушы бәрі-бәрісін суреттеуге тырысады», – [85, б.188] деген Ш.Елеуенов пікірі ойға оралады.

Байыптай қарасақ, мифтің қызметін еркін пайдалану жазушының сезім-түйсігі мен тәжірибесіне, қиял ұшқырлығына, жазушылық суреткерлігіне тікелей байланысты болады екен. Жазушы Айгүл Кемелбайдың адамгершілік негізі терең «Майя» атты повесіне бүгінгі күн шындығы арқау болған. Мифтің шығармашылық потенциалын терең түсінген, телегей теңіз білім иесі ғибратты ойлары үшін қажет болған ежелгі грек мифтерін айтар ойына, идеялық мақсатына қарай ұтымды пайдалана білген. Шығарманың ішкі мазмұнында жалғыздықтан құса болып, туған жерін, ауасын, даласын, ата-ана, бауырын сағынған студент қыздың жалбыраған жанына тас қаладан жылулық, демеу іздеп, аласұрған сезімі бейнеленген. Осы тұста суреткердің мифті материалды сығымдай беруде шебер пайдаланғанын аңдаймыз. Повесте мистикалық, оккульттық әдебиет үлгілері көптеп ұшырасады. Адольф Беккердің бір әңгімесінің кейіпкері жансыз мүсінге ғашықтықтан күйіп-жанып аласұрады. Сол аңыз тірілді: тастан қашалған әйелдің мұздай суық ерніне жабысып, құмарлана сүйетін әнтек мінезді капитан туралы миф кездеседі. Автор бірақ басты кейіпкері мүсіншіге Антипигмалион деп ат қойған.

А.Кемелбаева мифті көркемдік образдық ойлаудың өзіндік табиғатымен байланыстырады. «Дала. Сәби қыз жүгіріп өтпек. Жете бергенде пішіні қара барыс бір жұмбақ аң бауырын жазып, көсіле құйындатып төніп қалды. Қайқан қағып, тұз тағысы бүркітке айналды. Әуелете сорғалап әлгі шырылдаған бала сорлыны қанды тырнағымен бүріп әкетті. Аспаннан құйылған ажал ғой... Лезде қасына сумаңдап өңдері өрт сөндіргендей қап-қара екеу келді. Адам басты. Бірақ аяқтары кәдімгі түйекүстікі тәрізді, керіктің санына ұқсай ма, қапелімде айыру қиын. Шаштары ат жалындай ұйысқан. Сирақтары құрықтай. Қаралықтары қазанның түбіндегі көз қарыды. Адам әлпетті, аң денелі екеуі үңіліп бетіне қарайды. Демдері сасық. Көздері қадалғанда өңменінен өтті» [86, б.41]. Өз кезегінде дәл осы жолдар Еврипидтің «Алкестида» трагедиясындағы жан алғыш, өлім құдайы Аидтың қызметшісі қап-қара, демі сасық Танатты елестетумен қатар, әлем әдебиеті мифологиясында кеңінен тараған адам басты, жануар денелі құбыжықтарды да еске салады. Ажал теңізіндегі қайық ескекшісі Херон абайсызда жарақаттап, жазым еткен Кентавр (А.Алтайдағы кентавр жігіт), жұмбақ жасырып, құрбандық талап етіп отырған Сфинкс бейнесін елестетеді. Осы мифтік образдар арқылы автор дәуір дамуындағы негізгі тенденцияларды ашып көрсетуге талпынады. Жарқыраған зәулім ғимараттар, зулаған метро, поездар, асфальтталған көшелер, биік-биік аспанмен бой таластырған үйлер, театр, шіркеу т.б. дамыған қоғамда өмір сүріп отырған адамның ішкі жалғыздығы шығармаға негізгі арқау болған. Осыншама материалдық игіліктің бәрі – адам жанына ешқандай жылылық, мейірім сыйламайды. Керісінше, тас қамал, тас мола секілді еңсесін басып, езгілеп, бойындағы бар күш-қуатын алып қояды. Соның жарқын мысалы ретінде ғасыр соңында қаптап кеткен қара ниетті адамдардың дуалау сынды қаралығын да автор повесть фабуласына енгізген. Білім қуып ауылдан Мәскеуге келген талапты қыздың адымын аштырмай, көңілін зіл темірше басып, еңсесін көтертпей қойған да – дәл осы қаралық. Қызғаныштан жасалған дуа. Повестің ішкі мазмұнын құрайтын қызғаншақтық, көре алмаушылық, қараңғылық, арам пиғыл – бүгінгі дамыған қоғам адамдарының келбеті. Шынайы келбеті: бір-бірін өтірік мақтау, бір-біріне көлгірси сөйлеп, бетіне өтірік күлу, бірін-бірі көре алмай, жолына қастандық жасау – қазіргі адамдар үшін үйреншікті жағдай. Автор осы снобизмді оқырманына түсіндіру үшін ежелгі грек мифологиясындағы кілең бір жағымсыз мифтік бейнелерді алады. Жұмбақ жасырып, шешімін таппағаны үшін жыл сайын жеті қыз бен жеті жігітті құрбандыққа шалдырып, өзінің тамағы ететін – Минотавр, Гераклға қиындық келтіріп, сиыр күзеткен жүз көзді Аргус, жартылай адам, жартылай аң бейнесіндегі құбыжықтар, т.б. соның ішінде автордың этикалық идеясына қызмет етіп тұрған – Прокруст төсегі туралы мифке ерекше тоқталсақ.

Прокруст төсегі – әлем әдебиетінде кеңінен тараған миф. Ежелгі грек мифологиясындағы Полипемон есімді қарақшының лақап атына айналған Прокрусттың адамға тигізер қиянаты – жолға шыққан жолаушыны жол бойында іңір қараңғылығында торуылдап, алдап, арбап, үйіне апарып, өзінің төсегіне жатқызуында. Түн ішінде ұйқыға кеткен жолаушы-қонағының жанына

келіп, Прокруст өзінің төсегінде жатқан адамның аяқ-қолы ұзын болып, төсектен шығып жатса; балтасын алып, аяусыз шауып тастайды. Ал егер бойы төсегіне жетпей жатса, байғұс жолаушыны шырылдатып аяқ-қолын төсек көлеміне жеткіземін деп, созып-созып, жұлып алады. Бүгінде «прокруст төсегі» аталған осы қорқынышты мифті әлем әдебиетіндегі көптеген жазушылар өз шығармаларында кеңінен қолданып отырады. Мақсат – шындық өмірді, шығармашылықты, авторлық идеяны қасаң да қалыптасқан, ақылға сыймайтын формальды шаблонға салу немесе ойдан шығарылған өлшемге қарсылық деп ұғуға болады. Жазушылар сынды таза өнердің, шығармашылық иелерін арнайы бір заң, тәртіп, ереженің ішіне салып қою, олардың үнін шығармай отыру мүмкін емес. Озық ойдың өкілдері қашан да өз қоғамының шындығын айтуға құштар келеді. Жазушы А.Кемелбаева да өз қоғамындағы әділетсіздікке, шындықтың шырмалуына қарсылығын көрсетуде қажетті мифті сыналап шығарма тініне енгізе білген. Оқуға ұмтылған жас кейіпкері – Майяны толғандырған мәселенің басын ашып, оның әлеуметтік, материалдық, экономикалық проблемасын айқын көрсете алған. Мүсіншінің жалынышын жерге тастай алмай, музей-үйінің подвалына екінші қайтара түскенде, әдейілеп қойнына балға тығып алып кіріп, жансыз мүсіннің бәрін аяусыз қиратуы – соның дәлелі. Музей-үйдегі заттық детальдар арқылы кейіпкер характерін, оның ішкі жан-дүниесінің тереңінде тұнып жатқан сырына қанық болып, әлеуметтік статусын ажырату қиындық келтірмейді. Повесте қолданылған мифтің барлығы кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесін ақтаруға септесіп, ерекше психологиялық фон қалыптастыра алған.

Мифті өз шығармасына психологиялық фон ретінде алу қазақ прозасында А.Кемелбаеваның «Майя» атты повесінен бастау алды деп айтуға негіз бар. Автор осы әлеуметтік-психологиялық туындысында өмір құбылыстарын кейіпкердің ішкі әлемі арқылы өткізіп, оның жан дүниесіне сыртқы жағдайдың еткен әсері, жасаған өзгерісін көрсетуге күш салады. Бірақ, автор кейіпкер психологиясын бейнелеуді желеу етіп, көп сөзділікке салынбаған, оның ішкі сарайын ашатын кілтті ұтымды таба білген.

Түйіндей келгенде, бүгінгі қазақ жазушылары мифтік сюжеттерді пайдалануда заман шындығынан, өмірдің көкейтесті мәселелерінен қол үзген жоқ. Керісінше, сол маңызды мәселелерге үн қосуға көркемдік тәсіл ретінде пайдаланды. Атап айтқанда қазіргі қазақ повестеріндегі миф:

- шығармада композициялық негізгі қазық, оқиғаға фон қызметін атқарады;

- автордың идеясын, ұстанымын ашады, суреткерлік позициясын анықтауға көмектеседі;

- кейіпкердің әлеуметтік статусын анықтап, жеке психологиясын тануға мүмкіндік береді;

- мифтік элемент, сюжеттің оқырманға эмоционалдық-экспрессивтік әсері күшті болады.

2 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ МИФТІК САРЫНДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың философиялық арналары

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары егемен еліміздің, қоғамымыздың әлеуметтік-саяси және басқа да салаларында түбегейлі өзгерістер орын алды. Соның бірі – білім беру саласы. Қазақстанның Білім беру туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық қазыналар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінен жеке адамды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалуы керек» [87], – деп атап көрсетеді. Демек, қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең маңызды, жауапты іс болып қалатаны анық. Сондықтан мемлекетіміздің даму, жаңару жолындағы жаңалықтары мен түрлі өзгерістері еліміздің білім беру саласына оң әсерін тигізуде. Яғни, әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылыстар, қоғам дамуындағы қалыптасып отырған жаңа жағдайлар, тыңнан туындаған мәселелер, өзгеріп жатқан өмірге бейімделу қажеттілігінен екендігін көрсетті.

Бұл мәселе Тұңғыш президенттің «Жаңа замандағы жаңа Қазақстан» [88] атты Жолдауында да айтылды. Мәселен: «Алтыншы міндет – осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту. Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтеру болып табылады», – деген болатын. Сондықтан да білім мен тәрбие берудегі әдіс-тәсілдерді жетілдіру, оларды жүйеге келтіру, оқу үдерісін жаңа технологияға құру, инновациялық оқытуды ұйымдастыру сол арқылы жан-жақты жетілген қоғамның жаңа адамын қалыптастыру – уақыт күттірмейтін өзекті мәселе екендігі даусыз.

Еліміздің болашағы жастар десек, жастардың болашағы оларды саналы тәрбиемен, сапалы біліммен қаруландырып, білімі озық елдердің әлемдік озық үлгісін-өнегесін, тәжірибесін үйрететін ұстаздар қауымына жүктелген еңбегіне байланысты болмақ. Осы сәтте В.Г. Белинскийдің: «...адам өмірінің одан арғы бүкіл тағдыры мұғалімнің қолында», – деген сөзі оралады. Себебі, ұстаз – болашақтың кепілі. Жас ұрпаққа терең де жан-жақты білім беру жолындағы қоғамның сенімді өкілі деп те айтуға болады. Жас ұрпақтың тәрбиесін, әдет-ғұрпын, дүниетанымын, өмірлік мақсатын қалыптастыратын басты тұлға. Уақыт өткен сайын тәрбиенің әлеуметтік рөлі де арта түседі. Бұған дәлел – бүгінгі таңда еліміздің білім беру мекемелерінің алдында Қазақстан Республикасының 2030 жылдарға дейінгі стратегиялық дамуын жүзеге асыру, 2015 жылға дейінгі Қазақстандағы білім беру Тұжырымдамасының бекітілуі. Осы аталған құжаттардың көздеген мақсаттары бір арнаға тоғысады. Ол мақсат

– білім беру мекемелерінің мамандарына еліміздің болашағы – жастарды терең біліммен сусындату, яғни бір сөзбен айтқанда бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындау мәселесі болып табылады.

Білім беру – педагогика ғылымының негізгі категорияларының бірі. Бұл ұғымды әр түрлі мағынада, мәселен «білім беру – процес», «білім беру – нәтиже, жүйе» деп қарастыруға болады. Білім беру ұғымын процесс ретінде қарастырғанда – тұлғаның жетістікке жетуі үшін ұйымдастырылған оқу-тәрбие жұмыстарын сөз етеміз. Яғни, педагогикалық процеске ұстаздың сабақты оқытуы мен оқушының оқуы арқылы жүзеге асатын барлық іс-әрекеттерді жатқызған орынды. Ал білім беру ұғымын нәтиже деп қарастырғанда, ол кезде тұлғаның жетістіктеріне, жинаған біліміне, іскерлік-дағдыларына мән беруге болады. Осы ұғымдардың ішіндегі «білім беру жүйесінің» салмағы басымдау. Өйткені оған оқу-тәрбие, білім беру мекемелерінің қалыптасқан тарихи және оқу бағдарламаларының жиынтығы ретінде мән береміз.

Білім беруді құндылық ретінде де қарастыру заңдылық. Бұл пікірде тарихи негізі бар. Адамзаттың кез келген даму формациясында әрбір мемлекеттің дамуының қозғаушы күші – ғылым мен білім берудің дамуы болғандығы тарихтан белгілі. Білім беруді өз кезегінде үш бағыт бойынша мемлекеттік, қоғамдық және жеке құндылықтар (тұлғалық) деп түсіндіруге болады. Білім беру мемлекеттік құндылық деген ойды дәлелдеудің аса қажеті болмаса керек, яғни «аксиома». Кез келген елдің экономикалық, интеллектуалдық, адамгер-шілік және мәдени потенциалы білім берудің жағдайына, оның прогрессивті дамуына тікелей байланысты.

Болашақ ұрпақты жастайынан ғасырлар бойы қалыптасып-дамыған өзіндік тарихы бар құндылықтар негізінде тәрбиелейтін мазмұнды ақпараттар соңғы кездері көп айтылып жүр. Әрбір ғылым саласы өзінің зерттеу бағытына сәйкес құндылықтарды түрліше деңгейде қарастырады. Қазіргі кезде құндылық термині философия, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, эстетика, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қарастырылуда. Тарихта аксиология («құндылықтар» ілімі) терминін алғаш рет қолданған – Э.Гартман. Батыс философиясының тарихында натуралистік психологизм (Мейнонг, Перри, Дьюи), трансцендентализм (Виндельбандт, Риккерт), персоналды онтологизм (Шелер, Гартман), мәдени-тарихи релятивизм (Ницше, Дильтей), социологизм (Вебер, Парсонс, Толкотт) сынды бірқатар аксиологиялық теориялар қалыптасты.

Бүгінде әлеуметтік құндылықтар тұрғысынан қарастыратын адамгершілік құндылықтардың мәні ерекше. Әрине, адамгершілік құндылық тақырыбы тек бүгінгі күннің мәселесі дей алмаймыз. Бұл адамзат тарихында сонау IX-XV ғасырлардағы Қорқыт [89], Әл-Фараби [90], Ж. Баласағұни [91], М.Қашқари [92], Қожа Ахмет Йасауи [93], Асан Қайғы [94] сияқты қазақ даласының ойшылдарының еңбектеріндегі «Кемел адам» тұлғасын жасау идеяларында айқындалған. Қазақ даласының ғұлама ойшылдарының еңбектеріндегі адамгершілік құндылықтар: Адам, Өмір, Теңдік, Жер, Парасаттылық, Татулық, Ізгілік, тәубешілдік идеяларын біртіндеп жетілдіреді. Мәселен, әл-Фарабидің ерекше қарастырған құндылықтарға даналық, ақылгөйлік, ізгілік,

пайымдағыштық, парасаттылықты жатқызады. Ол өзінің «Әлеуметтік-этикалық трактатында» адамзат үшін интеллект өте қажет нәрсе деп есептейді. Шынайы бақытқа жетуде көп іздену мен оқудың мүмкіндігі жоғары болады деген тұжырым жасайды. Жүсіп Баласағұнның «Кұтты білік» дастанында адамгершілік құндылықтар жан-жақты деңгейде ашылады. Дәріптелетін құндылықтар әр кейіпкер бейнесі арқылы ашылған. Мысалы: Күнтуды – әділдік, әділ заң, Айтолды – дәулет, ырыс, бақ, Өғдүлмүш – ақыл мен білім, парасаттылық, Одғұрмүш – қанағат, ынсап, ұстамдылық символдары ретінде көрініс табады.

Сонымен қоса, ғұламаның ерекше қарастырған құндылығы – ақыл мен білім. Оны мына өлең жолдарынан байқауға болады:

«Пайдасы көп аз ақылды аз деме,

Қадыры көп аз білімді аз деме».

Ал М.Қашқаридың басты еңбегі – «Дивани лұғат-ат-түрік» сол кездегі түркі халықтарының дүниетанымы, этикалық нормалары мен құндылықтары туралы мол мағлұматтардан тұрады. Ол тілді ерекше құндылық ретінде бағалап, ақылды сөздер мен есті сөздер ғылымды бастаудың бір жолы деп тұжырымдайды. Қожа Ахмет Йасауи де еңбектерінде тәубешілдік, ғибадатшылдық қасиеттерді мұсылманның құнды сипаты деп бағалайды. Бұл ойлар ислам дінінің шарттарымен толықтай үндеседі. Оның «Диуани хикмет» еңбегіндегі имандылық идеяларын құндылық ретінде меңгерту арқылы студенттерді қазақ елінің болашағы, ұлт өкілі ретіндегі рухани келбетін қалыптастыру мүмкіндігіне ие боламыз. Түркі кезеңінен бастап қалыптасқан құндылықтар орта ғасырда жыраулардың өмірі мен шығармашылығында да философиялық тұжырым ретінде қалыптасты.

Сол дәуірден жеткен аңыз-әңгімелердегі Асан Сәбитұлының (Асан қайғы!) Жерұйық іздеп жер-дүниені шарлауы қазақ танымындағы адам, қоғам, табиғат бірлікте қарау идеясының көрінісі болса керек. «XV ғасырдың басында өмір сүрген қазақ халқының ойшылы Асан Қайғының ұсынған басты құндылығы – Жер. Оның дүниетанымында жер жәй ғана жер емес – Жер-ұйық. Ұрпақтар өсіп-өнетін жер, әншейін жер емес, жақсы жер-ол Жер-ұйық болуы керек деп санаған. Қазақ дүниетанымында жер қашанда қасиетті ұғым саналған. Асан Қайғы болса Жер-ұйық ұғымын қазақ танымына енгізе отырып, оның ерекше құндылығы мен маңызын жаңа қырынан көрсетеді. Жер-ұйық деген ұғыммен бірге сол кездегі қазақ халқының тарихи жаңа тәртібінің жаршысы, ұраны болған Асан Қайғы ел кезіп, жер аралады. Оның мақсаты қазақ халқы бақытты өмір сүретін жақсы жер табу еді. Осылайша ол әр жерді, әр аймақты сипаттайды. Атап айтқанда, Сыр бойында мал шаруашылығына қолайлы жағдайлардың молдығын, Шідерті бойының топырағы асыл, суы шыны екендігін жырлап, дәріптесе, Алатауға келгенде:

Түні суық, күні ыстық жер даласы, Ананың емшегіндей сай саласы.

Төрт елі топырақ асты алтын екен, Ішпей, жемей тоятын айналасы, – деп жырлайды. Еділ менен Жайықты былайша сипаттайды:

Еділ менен Жайықтың

Бірін жазға жайласаң,
 Бірін қысқа қыстасаң,
 Ал қолыңды маларсың
 Алтын менен күміске[95].

Асан Қайғы осылайша жер-жерге мінездеме беру арқылы әр жердің өзіндік құндылығын көрсетеді. Қазақ халқының туған жерге деген ыстық ықыласы мен аялы алақанын, жүрек жылуын үлгі еткенде көз алдымызда данышпан абыз Асан Қайғы тұрады. Әр адамның Жер-ұйығы – өз туған жері. Оқушыларға туған жер құндылығын, кіші отан ұғымын меңгертудегі негізгі мысал мен дерек осы болмақшы» [95], – деген пікір келтіреді Джонисова Г.К. «Бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру» атты зерттеу жұмысында. Сонымен қатар IX – XV ғасырларда өмір сүрген ойшылдардың еңбектеріндегі адамгершілік құндылықтарды төмендегідей кестеге бөліп қарастырады.

Кесте 2 – IX – XV ғасырларда өмір сүрген ойшылдардың еңбектеріндегі адамгершілік құндылықтар

Ғұламалар	Еңбектері	Еңбектеріндегі басты құндылықтар
<i>Қорқыт</i> VIII-IX ғ.ғ.	Қорқыт ата кітабы	Өмір, теңдік, қайырымдылық, имандылық, өмірсүйгіштік
<i>Әл-Фараби</i> IX-X ғ.ғ.	Философиялық трактаттар	Даналық, ізгілік, пайымдағыштық, парасаттылық
<i>Баласағұн</i> XI ғ.ғ.	«Құтты білік»	Өмір, Отбасы, Тектілік, имандылық, парасаттылық, қанағат, әділдік, ақыл мен білім, өнер т.б
<i>М.Қашқари</i> XI ғ.	«Диуани лұғати-ат-түрк»	Ізгілік, достық, жолдастық
<i>А.Йассауи</i> XII ғ.	«Диуани хикмет»	Адамилық, имандылық, тәубешілдік, ар, ұят
<i>Асан Қайғы</i> XV ғ.	Толғау, терме, шешендік сөздері	Жер-ұйық, әділдік, туысқандық

Асан қайғы шығармашылығының негізгі идеясы жөнінде әдебиеттанушы Ә. Қоңыратбаев «Қазақ әдебиетінің тарихы» [96, б.17] атты еңбегінде «Оның жырларының негізгі идеясы – қазақ халқының бірлігі екендігін, Асан қайғы философиясының мән-мағынасы – халықтың мұңы мен мұқтажында жатқандығын айтып өтеді. Оның Асан атына «қайғы» сөзінің жалғануы да осы тұста жатыр» деген көзқарасын білдіреді. Ал ғалым Бауыржан Омарұлы «Зар заман поэзиясы» еңбегінде: «Санамызға әбден сіңісті болған мағына тұрғысынан келсек, ойшылдың өлең-толғауларының мазмұндық сипаты «Асан Қайғы» ұғымымен үндес. Бұл қайғы қара бастың қайғысы емес, елдің қамын ойлап, келешегіне алаңдаудың қайғысы. Күмән мен күдікті, зар мен мұңды, шемен мен шерді тұтастандырып тұрған қайғы» [97, б.79], – деген баға береді.

Сонау түркілік кезеңнен одан кейінгі қазақтық тарихи кезеңдерінің (қазақ хандығы) тұлғалары – Асан қайғы, Бұқар жырау т.б., «Зар-заман» дәуірінің

ақындары – Дулаттың, Шортанбайдың, Мұраттың философиялық көзқарастары – Шығыс халықтарының рухани мәдениеті мен ұлттық танымдық ойларымен терең үндестік бар. Ол дәстүрді қазақтың ұлы ойшыл-философтары Абай мен Шәкәрім өздерінің діни-эстетикалық, гуманистік идеяларға, ұлтты біріктіру идеясына толы өлеңдері мен аңыздық қисса-дастандарында жалғастырып, қолданды. Шәкәрімтанушы Балтабай Әбдіғазизұлының: «Лирик Шәкәрім өзінің жүрек қылын шерткен кез келген құбылысты жырлай отырып, одан философиялық түйін жасауға аса шебер» [98, б.87], – деген пікірі сөзімізге дәлел болса керек. Жас ұрпақ бойында өз еліне, жеріне, туған ортасына деген сүйіспеншілік, ұлттық мәдениеттің тұлға бойында қалыптасу барысы ХІХ ғасырдың көрнекті тұлғалары, ағартушылар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин еңбектерінен, сондай-ақ, ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы Абай мен Шәкәрімнің шығармашыл ізбасарлары педагог-ағартушылар М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, А.Байтұрсыновтың рухани мұраларында жалғасын тапты.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Т. Ғабитов, Б. Ерасов, Ғ. Есім, Д. Кішібеков, Қ. Әбішев, С. Нұрмұратов т.б. сынды философтар мен мәдениеттанушылар патриоттық тәрбиенің негізі, құндылықтардың әлеуметтік-философиялық мәнін айқындауға мән береді. Эстетикалық тәрбие, қазақ халқының ұлттық тәлім-тәрбиесіне педагогикалық көзқарас тұрғысынан зерттеу жүргізген С.А. Ұзақбаева [99], Қ.Б. Жарықбаев [100], С.К. Қалиев [101], К.Ж. Қожахметова [102], К.Оразбекова [103], Ш.И.Джанзакова [104] және т.б. құндылық ұғымын тәрбиеге қатысты қарастырады. Олар ұрпақ тәрбиесінде құндылық қазынасына көңіл аударып отырып, адамгершілік құндылықтардың ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, өмірге енуіне үлес қосты. Аталған ғалымдардың ішінде Қ.Жарықбаев құндылық мәселесін ұлттық психология тұрғысынан қарастырады. Ғалымның тұжырымдауынша құндылық тұлға іс-әрекетінің барлық түрінде маңыздылығы, пайдалылығы, қажеттілігі арқылы көрініп отырады да іс-әрекетін, мақсат-мұраттарын, себеп-салдарын анықтап, олардың іске асуына ықпал етеді және жеке тұлғаны қалыптастыруға тигізетін әсері де мол болады деген ой айтады.

Қазақ энциклопедиясында «құндылық» объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-әлеуметтік ұғым деген анықтама берілген [105, б.124]. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әр түрлі көріністеріне жататын табиғи, қоғамдық құбылыстар, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылады. Объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екенін құндылық анықтайды. Құндылықтар өмірмен, еңбекпен, шығармашылықпен, адам өмірінің мәнімен және т.б. байланысты. Ол бағалау қатынастарынан тұрады. Құндылықтары қоғам үшін ең маңызды болып табылатын әдет-ғұрыптар, нормалар мен мағыналар әрекетті бағындырады және реттейді. Ал философияға арналған сөздікте «құндылықты» – білімді, белгілі бір затты адам үшін, қоғам үшін қасиетті деп тану» деп түсіндіреді.

«Құндылыққа ешқандай күмән келтіруге болмайды, ол барлық адамдар үшін идеал, эталон қызметін атқарады» [106, б.156], – деген анықтама берген.

Құндылықтар хақындағы жаңа зерттеулерге көз салғанда, оның (құндылықтар) – қоғамның ілгері жылжуының алғышарты, мәдениеттің іргетасы һәм саяси-экономикалық тұрақтылыққа кепіл болушы басты факторлардың бірі екендігіне көз жеткіземіз. Мәселен «Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар» тақырыбында зерттеу жүргізген Нұрбол Құдайбергенов былай дейді: «Құндылық – гуманитарлық ғылым салаларының ортақ нысаны. Оның табиғатын терең танып білу үшін пәлсапа, психология, әлеуметтану, дінтану, мәдениеттану, антропология, этнография т.б...ғылымдардың құндылықтарға деген қатынасын зерделеу керек. Өйткені аталмыш салалардың бәрі өзара тығыз байланысты әрі құндылықтарды әр қырынан танып білуге мүмкіндік береді. Екі мыңыншы жылдарға дейін Қазақстанда құндылықтар жүйесін, негізінен, философия ғылымының өкілдері зерттеп келді. Өйткені құндылықтардың табиғатын танып, өзіне тән ерекшеліктерін ашумен айналысатын аксиология философия ғылымының ажырамас бөлшегі саналады [107, б.10].

Құндылықтар туралы ойшылдардың тарихтың қай кезеңінде де айтқандарын ескерсек, бұл құбылысты заңдылық деп санар едік. Әрине бұл жерде құндылық жүйесіне деген көзқарастардың бастауы ежелгі дәуірде жатқанын айта кеткен жөн. Антикалық философияда да, ежелгі шығыс философиясында да сұлулық, мейірімділік, жақсылық пен зұлымдық, әділдік, ақиқат пен сұлулық ұғымдарына әртүрлі көзқарастар болғаны тарихтан белгілі.

Құндылықтарға мән берудің маңызы туралы зерттеген, қазақтың ұлттық ой-санасына зер салған ғалым А.Қасабек «Ұлттық руханияттың құндылық болмысы» атты мақаласында: «Әлемдегі барлық халықтар мен ұлттарға, нәсілдерге тән жалпыадамзаттық құндылықтармен қатар, тарихи қалыптасқан рухани, мәдени құндылықтарды, адамгершілік қасиеттерді жаңғырту – бүгінгі күннің талабы. Сондықтан да қазақ халқының белгілі бір ұстанымға байланысты тоқырауға ұшыраған философиялық-тарихи құндылықтарын терең зерттеп, оның ішкі мәнін айқындау, адамзат өркениеті аясындағы даму бағыттарын зерделеу – басты міндеттердің бірі» [108, б.115], – деген ой айтады.

Ал философ ғалым Т.Қ. Ғабитов [109, б.291] «құндылықтар – қасиеттер» дей отырып, бұл қасиеттердің бала кезден, ана сүтімен бірге өзінің әдебиеттік оқыту арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығатындығын ерекше бағалайды. Бұл құндылық қатынас әрқашан субъектіде белгілі бір эмоцияларды тудырады – қуану, таңдану, таңдану, таңдану және т.б. келесі құндылықтарды анықтау: адам өмірі, бостандығы, адамгершілік, отбасы, қарым-қатынас, жеке бақыт, ұрпақты болу, өмір сүрудің қайнар көзі ретіндегі еңбек. және әрекет, жақсылық, билік, заңдылық, мейірімділік, тәуелсіздік мағынасы. Құндылықтар өмір сүріп қана қоймайды, бірақ бір-бірімен салыстыра отырып, олардың өзіндік құндылық диапазоны, құндылық деңгейі қалыптасады.

Білім беру мен білім берудегі құндылық ұғымдары білім беру философиясымен тікелей байланысты. Философияны зерттеуші ғалымдардың кейбірі құндылықтар туралы алғашқы түсінікті ежелгі грек ғалымы Сократтан бастайды. Сократ үшін құндылық «адамның өмірді бағалауы» болса, ал әлемнің бірінші ұстазы – Аристотель үшін «игілік», «жақсылық» ұғымдарын және адам бойындағы жағымды мінез-құлықты, рухани құндылықты бейнелеуде қолданған екен. «Құбылысты және затты жағымды бағалау адам үшін құнды игілікті түсінуге негізделген. «Ізгілік» сөзі салыстырмалы мағынада белгілі бір жағдайдағы адам үшін жақсылық, пайдалы нәрсе деп түсіндіріледі. Рухани-адамгершілікке тәрбиелейтін ғылым ретінде этиканы белгілеген. Аристотельдің пайымдауында «этиканың мақсаты – таным емес, ізгілікке үйрету. Этикалық зерттеулер рухани-адамгершілік дегеннің не екендігін білу үшін емес, осы рухани-адамгершілікке жетудің жолдарын үйрету үшін қажет, олай болмағанда бұл ғылымның пайдасы болмас еді» [110, б.117], – деген пікірді алға тартады философ ғалым Нұрышева Г.Ж.

Қазақтың философиялық ой дамуының тұтастай картинасын бүгінгі қоғам болмысы мен қазіргі құндылықтықтар тұрғысынан қарастырып, қайта қалыптастыру, зерттеу – бұл бүгінгі гуманитарлық, педагогикалық ғылымдардың негізгі зерттеу объектісі болып табылатын философиялық танымның жаңа арнасы сияқты. Әрине оны әртүрлі тарихи кезеңдердегі қазақ ойшылдарының философиялық дүниетанымын тарихи-мәдени және рухани аядан оқшау қарастыруға болмайды. Соңғы жиырма жылда қорғалып, зерттеліп жатқан ғылыми жұмыстарда, әсіресе педагогикалық бағыт бойынша білім берудің философиясына ерекше мән беріліп жүр.

Білім философиясы – жалпы философияның бір бөлігі. Ол философияның өзегін құрайтын «адам-әлем қарым-қатынасын» білім алу, білім беру, басқаша айтқанда, адам капиталының қалыптасу тұғырнамасы тұрғысынан қарастырады. Философияның бүкіл тарихында білімнің сипаты, білім мен сенім, білім мен адамгершілік, білім мен іскерлік сияқты мәселелер жан-жақты қарастырылып келеді. Білім беру философиясын ерекше ғылым сала ретінде көрсетудің маңызды себептері – ол білім беру технологияларының өзгеруі, қоғамда пайда болған ақпараттар мен конфликттердің көлемінің артуы, білім беруден туындаған мәселелердің тереңдей түсуінен деп түсінеміз.

Философ ғалым Ж.Қ. Мадалиева «Қазіргі заманғы білім беру философиясы: мақсаттары, міндеттері, функциялары» атты мақаласында: «Білім беру философиясы адамның мәдени ортада жан-жақты, рухани дамуы қалай жүзеге асады және бұл үдеріске білім беру жүйесі қалай ықпал етеді және қайтіп әсер ету керек деген мәселелерді қарастырады. Басқаша айтсақ, білім беру философиясы білім беру үдерісіндегі барлық құбылыстардың мәні мен табиғатын қарастырады. Мысалы, білім беру үдерісі қалай жүзеге асады, неден басталады, қандай кезеңдерден тұрады, олардың арасындағы өзара байланыс қандай, яғни білім беру логикасы неде деген сұраққа жауап береді. Сонымен қатар, білім беру үдерісіне қатысушылардың тәлім-тәртібі қандай немесе қандай болуы керек деген мәселені білім беру этикасы шеңберінде

қарастыратынын көруге болады. Білім алушы мен білім берушінің, мектепте оқушы мен мұғалімнің, жоғары оқу орнындағы студент пен оқытушының міндеттері, еркіндіктері, жауапкершіліктері мәселелері де білім беру философиясының назарындағы мәселелер жиынтығы болып табылады. Сонымен бірге, білім беру аксиологиясы, білім беру әдіснамасы, білім беру идеологиясы да білім беру философиясы қарастыратын мәселелер қатарына жатады [111], – деп жазады. Жоғарыда білім беру философиясы философия ғылымының жеке зерттеу саласы болып бөлінгенін туралы айтқан едік. Аталған мақалада автор ол мәселені бірнеше себептерге байланысты бөліп қарастырады:

1) білім беру үдерісінің қоғамдық өмірдің жеке, дербес саласына айналуы;

2) білім беру институттарының көптүрлі болуы, көбеюі (мысалы, қазақ даласындағы білім беру институттарын, яғни мекемелерін қарасақ, Қазан төңкерісіне дейін тек ауыл молдасының мектебі, медреселер және біраз ғана орыс тілінде білім беретін мектептер болғанын білеміз. Ал Кеңестер Одағы кезінде қазақ, орыс тілдерінде білім беретін мектептер жаппай ашылып, сонымен қатар училищелер, техникумдар, жоғары оқу орындары – институттар мен университеттер ашылған болатын. Олардың барлығы мемлекеттік еді. Ал енді тәуелсіздік алғалы жеке меншік білім беру ошақтары пайда бола бастады. Олар мектептер, колледждер, университеттер);

3) білім берудің мақсаттары мен идеалдарын әртүрлі түсіндіру. Ол педагогикалық білімнің көп парадигмалы болуымен байланысты;

4) адамзат қоғамының постиндустриалды, ақпараттық қоғамға өтуіне байланысты білім беру жүйесіне жаңа талаптардың қойылуы. Осылардың барлығы білім беру философиясының жеке сала болып бөлінуіне ықпал етті[111].

Кез келген философиялық жүйе адамзат тарихында өзінің бастауын мифологиядан туындатады. «Қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруындағы қазақ философиясының рөлі мен маңызы» атты ұжымдық монографияда: «Мифология дүниетанымның алғашқы тарихи қалыптасқан тұтас жүйесі болып табылады. Мифтер Ежелгі әлемнің барлық мәдени аймақтарында кездеседі. Мифология – қоғамдық сананың жүйеленген, әмбебап формасы және алғашқы қоғамның әлемді игерудегі рухани-тәжірибелік тәсілі. Бұл – адамдардың дүниетанымдық мәселесіне, олардың әлемді түсінуі мен өзін-өзі анықтауындағы қажеттілігін қанағаттандыруға берілген алғашқы тарихи әрекеті. Қарапайым сана бойынша миф дегеніміз – бұл ертегі, сағым, бірақ XX ғасырдың ортасынан бастап академиялық ғылым миф ешқандай ойдан шығарылмаған, ол да басқа қоғам өмірін құрушы шындық деген түсінікке келді. Грек тілінен аударғанда «миф» аңыз әңгіме дегенді білдіреді және оның осы ұғымы бүгінге дейін сақталып қалды. Ол дүниетанымдық ойлаудың да, тарихи ойлаудың да бастапқы бейнесі ретінде көрінеді. Мифология белгілі бір әлеуметтік-этностық топтың белгілі бір дәстүрін, нанымсенім жүйесін береді» [112, б.62], – дейді. Ал академик А. Лосев мифті жоғарғы ақиқат деп таныған. Ол мифологияны дін мен діни санадан тыс

қарастырып: «Миф алғашқы дәуірмен де, кейінгі уақыттармен де байланысты болғанымен діни сенімге ешқандай қатысы жоқ» [113], – деп айтқан. Философтың көзқарасы бойынша миф ұғымы алты бөлікке бөлінеді:

1. Миф ойдан шығарылған, фантастика емес, логикалық, ең алдымен диалектикалық сана мен болмыстың қажетті категориясы.

2. Миф мінсіз болмыс емес, өмірде сезілетін және тудыратын заттық ақиқат.

3. Миф ғылыми, қарапайым-ғылыми емес құрылым, өзіндік, ғылымнан тыс, таза мифтік ақиқаты, нақтылығы, түбегейлі заңдылығы мен құрылымы бар субъектілі-объектілі өзарабайланыс.

4. Миф метафизикалық құрылым емес, иерархиялықтың, жатсынудың түрлі дәрежесін өзіне сақтаған, нақтылық пен сезімді тудыратын ақиқат.

5. Миф үлгі де, тұспалдау да емес, бірақ нышан, онда үлгілік, тұспалдық және өмірлік-нышандық қабаттар бар.

6. Миф поэтикалық шығарма емес, бірақ берік, тығыз байланыста біріккен ортаға адам субъектісімен интуициялық-түйсікті және қарапайым-биологиялық өзарақатынаста оқшауланған және дерексіз заттарды көрсету [113, б.243].

Өзінің рухани тарихында мифологиялық кезеңнен өтпеген халық жоқ. Қазақ халқының мифологиясының тарихы, мифологиялық мұрасы өзінің бастауын көне түркілер дүниетанымынан алады. Түркі кезеңінен келе жатқан ертегі, жыр-аңыздарда өзіндік ерекшелік бар. Көне түркілердің діни-мифологиялық тағылымдарында, Орхон руникалық жазбаларының мән-мәтінінде Тәңір, Ұмай және Жер-Су наным-сенім ұғымдары берілген. Олар (Ежелгі түркілер) әлемді «Жоғары», «Орта» және «Төменгі» деп үшке бөліп қарастырған. Мәселен, Көк Тәңірі Жоғары әлемнің билеушісі және көне түркі пантео-нының құдайы деп есептеген. Ескі түсінік бойынша Көк Тәңірі басқа құдайлармен бірлесе отырып, адамдардың тағдырын билейді. Тәңір қағандарға билік пен даналықты сыйлайтынына сенген. Ұмай ананы Жоғары әлемнің бір құдайы, оны адамзат баласына өмір сыйлаушы ретінде қабылдаған. Ал Орта әлемде «Жер-Суды» киелі санаған.

Мифте әртүрлі уақытты әр халықтың бейсаналық құрылымы мен, тотемдік ойлау логикасымен анықталатын белгілі бір жалпыға ортақтық бар. Солай болса да әр мәдениет өз бірегейлігінің мөлшерінде болмыстың мәңгілік мәселелерін ерекше көрсете отырып, өз мифін тудырады. Ф.Ницшенің айтуынша мифсіз қандай мәдениет болса да өзінің табиғи күшінің шығармашылық сипатын жоғалтады: тек жекелеген мифтермен ғана олардың ой-өрісі қандай да бір тұтас мәдени қозғалыспен тұйықталады екен.

Миф – алғашқы адамдар өмірінің ажырамас бөлігі. Миф – ойдан шығарылған қиял да, ғылыми қағида да, символдық символ да, діни сенім де емес. Бұл сөз күдіреті бар мәдениетті адамның заманы. Жазбаша ақпарат болмаған кезде миф адам мен дүние арасындағы байланыстырушы қызметін атқарды. Осылайша, мифологиялық кезеңде адам мен табиғаттың бірлігі жоғары бағаланды. Екіншілік пен мал шаруашылығы, тіпті қолөнер де ежелгі

дәуір мәдениетінен табиғатқа жақындықты талап етті. Скиф өркениетіндегі «ан стилі», қытайлық инь мен янның бастамалары, өлген және қайта тірілген құдай туралы мысырлық және шумер аңыздары, табиғат пен үйлесімділікке шақыратын белгілер және т.б. Әлемдік мифология үш түрде көрінеді: біріншісі - пайда болған рухани мифтер. Олар жер бетінде әртүрлі заттардың, өсімдіктердің, жануарлардың, тіпті адамдардың пайда болу тарихы туралы, сондай-ақ жеке аспан денелері туралы әңгімелейді. Екіншісі – құлиеленуші мемлекеттер заманында туып, қалыптасқан мифтер. Мұнда екі процесс жүреді: ескі мифтер қайта өңделеді және жаңа мифтер дүниеге келеді. Үшіншісі – феодалдық мемлекет кезеңінде қалыптасып, дамыған монотеистік мифология. Мұнда алғашқы қауымның рухани мифологиясы да, құлдық мемлекеттің политеистік мифологиясы да қарастырылып, қазір рухтар мен көп құдайлардың орнын әлемді жаратушы және билеуші бір Тәңір иеленіп, оның барлық қасиеттері қарастырылады. Бұрынғы рухтар мен құдайлар бір Құдайға жиналады. Сонымен, бірқұдайлық мифология адамзат қоғамының дамуындағы жаңа белес және жаңа дәуір пайда болғанын айғақтайды.

Мифологияның осы үш түрінің тақырыбы бір – дүниенің жаратылуы мен жойылуы, яғни топан су және ақырет туралы миф. Осы алуан түрлі мифтерді зерттей отырып, әлемдік мифологияның жалпы даму жолдарын, оның жалпыадамзаттық (типологиялық) және ұлттық ерекшеліктерін анықтауға болады. Топан су туралы мифтерде дүниенің қирауы мен ақырзаман жайында баяндалады. Бұлар – эсхатологиялық мифтер. Олардың қарапайым үлгілері сонау алғашқы қауымда пайда болған және космогониялық сипаттағы мифтермен араласып жүрген.

Исламға дейінгі түркілік дүниетанымдағы әлемнің мифологиялық суреттемелерінің рәміздік негіздері енді ғана зерттеліп келе жатқан мәселе. Өйткені тәуелсіздік алғаннан кейін ғана тарихи сана мен дүниетанымды еркін зерттеуге мүмкіндік туды. Бұл мәселенің қазіргі руханият үшін де маңызы зор. Абайдың сөзімен айтқанда, дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгендеп, ең болмаса білмесе, адамдықтың орны болмаса керек.

Мифте әрдайым өткен тарих айтылады, бірақ ол бүгінгі өмірдің мәнін түсіндіруге, сол арқылы болашақ нәтижені пайымдауға арналады. Сол себептен мифте өткен шақ, осы шақ, болашақ – үшеуі тоғысып тұрады. Бұл жанр әсіре түсіндірмелі, себебі ол байырғы замандарда (мифтік дәуірде) бабалар орнатқан реттілік пен тәртіпті, үйлесім мен үлгілерді қорғаушы әрі орнықтырушы. Оның мәтіндері осы құндылықтарды растай- ды, куәлендіреді, сендіреді, сол мақсатта түсіндіреді, демек, мифтің этиологиялық болуы содан. «Миф» – деп жазады А.Қасымжанов «Рухани тамырлар» еңбегінде, – «алғашқы қауым адамына тән ойлаудың бірінші бөлінбеген формасы. Мұнда поэзия мен қазіргі ғылымның, дін мен моральдың, рационалды әсердің белгілері бар. Миф алғашқы адамның тіршілігінің ажырамас бір бөлігі болып табылады» [44, б.76].

Қазақ философиясының және дүниетанымының қалыптасуына мифологиялық (қиял-ғажайып) ертегілер, хайуанаттар (жан-жануар) жайындағы ертегілер; реалистік (тұрмыс салт) ертегілерінің де үлкен әсері

болды. Қазақ мифтерінің тағы бір ең байырғы түрлерінің бірі – жан-жануарлардың, өсімдіктердің қалай пайда болғандығы туралы айтылатын түрлері. Бұлардың дені адамдарға да қатысты. Әсіресе, бір кездегі адамдардың жан-жануарларға, жәндіктерге, құстарға немесе олардың керісінше адамға айналғандығы жайында мифтер өзінің қарабайырлығымен ғана емес, логикалық-құрылымдық жүйесінің де біртектестігімен де ерекшеленеді. «Халықтың байырғы тұрмыс-тіршілігіне тән, этнографиясы мен ұлттық өмір сүру ерекшеліктеріне сәйкес, әбден орныққан, қалыптасқан фольклорлық этнографиялық заңдылықтар мен ұғым-түсініктердің, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерге қатысты қағида, ережелердің қатаң сақталуын және сонымен бірге көшпелі тұрмысқа тән көркем детальдардың орнымен қолданылуын айтуға болады» [114, б.109].

Қазақ ертегілеріндегі қиял-ғажайып ерекшелік ондағы фантастика арқылы өріледі, яғни, фантастика – қиял-ғажайып ертегілердің жаны. Халық ертегілерінде фантастиканы жасау үшін неше қилы тәсілдер қолданылған. 1) Сенім-нанымды оқиғаға айналдыру; 2) Әсірелеу. Алғашқы қоғам адамдарының ұғымынша табиғат дүниесіндегі барлық заттардың рухы бар, сол рухтар бейне адам баласы секілді ой-сезімге, түйсікке ие. Ертегілердегі жердің жарылып немесе бас кейіпкердің жер астына түсіп (Ер Төстік ертегісі), қатерден құтылуы, сиқырлы сулардың адам баласын әр қилы хайуанға айналдыруы, жануарлардың адам баласына қамқорлық жасауы, сол сияқты адамға серік болуы, аруақтардың тірі адамдармен қарым-қатынас жасауы, балгерлердің болжам айтуының нақты өмірде іске асуы, адамды хайуанға айналдыру секілді әрекеттердің бәрі таңғажайып фантастика. Мұның бәрі ертедегі адамдардың жерге, суға, тауға, ағашқа, жануарларға және ата-бабалар рухына сыйынатын көзқарастары.

Сонымен, фольклорлық – мифологиялық желілер халықтың рухани әлемін танытып, жалпы адамзаттың дүниетанымының кең шеңбердегі ауқымының көрінісі ретінде ұрпақ санасына орнығып отырды. Фольклорды халықтың рухы деп танитын болсақ, біз айтып отырған мифология – сол халық рухының тынысы. Фольклор жанрларының бәрі дерлік мифтік ұғымдарды өз бойына сіңіріп, тұтастай халықтық танымға негізделеді. Бастапқы кезде таза түсінік күйінде болған мифтер уақыт өте келе фольклорлық шығармаларға кіріп, танымдық, көркемдік- идеялық мақсатқа қызмет етті.

Аңыздың таным негізінде туындаған оқиғалар мен сол негіздегі бейнелер адамзаттың эстетикалық мұраттарына қызмет етіп келе жатқанына арғы-бергі дәуірлердегі фольклорлық мұралар, ауыз әдебиетінің үлгілері, қазіргі көркем әдебиет туындылары мысал бола алады. Әлем әдебиетіндегі классикалық дәуірден басталып, бүгінгі постмодернистік әдебиетке дейін жалғасқан, жаңашыл әдебиетте жаңаша жаңарған мифтік дүниетаным сан алуан бейнелілікті, көркемдік қалыптарды түзіп, өзінің мүмкіндігін танытуда. Соңғы кездері ұлттық әдебиетіміздегі жаңа сипатты поэзиялық, прозалық туындылардың дерлігі осы мифопоэтикалық пішіндерімен түрленуде. Адамзат санасының терең де мәнді «қабаты» болып саналатын аңыз өз бойына тылсым сырды, киелілік пен қасиет, ең әуелі адам болмысы турасындағы мағыналы

ойларды жинақтаса, сол мифтік таным адам атты күрделі болмыстың «ішкі әлемін» бейнелеуде де маңызды көркемдік тәсілге айналды. Мәселен, тарихтың алыс қойнауларында қалыптасқан Көк бөрі туралы аңыздар, сондай-ақ көркем шығармаларда бейнеленген тотемдер мифтің әсерлі белгілері саналады. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде тотемдік ұғымдар (Самұрық, Көк бөрі, Бәйтерек т.б.) сақталғанымен, олардың нақтылы көріністері шығармада өзгертіліп суреттелді. Мифтік уақытты басқа типтер ауыстырған соң да тотемдік түсініктер халық жадында архетиптік қызметін атқарып, басқа рәміздер мен таңбаларға айналды. Нақтырақ айтқанда жаугершілік және бостандық үшін күрес заманында Көкбөрі қайсарлыққа шақырған рәміздік рөл атқарды.

Жоғары мектепте «қазақ тілі мен әдебиеті», «филология» мамандығының білімалушыларына мифтік сарындағы повестерді оқыту арқылы киелі ұғымдар, сакральды дүниетаным, ұлттық код, сөздің киесі т.б. мәселелерге назарын аударта аламыз. Олардың жан-дүниесіне білім мен тәрбиенің бүкіл даму тарихында оған белгілі бір философиялық ой-пікірлер мен тұжырымдар тікелей әсер ететіні анық. Мәселен философия пайда болғаннан бері дүниенің жаратылуы, ондағы адамның орны, оның әлемді танып-білуі ең басты мәселе болды. Бұл ақпараттар да білімалушыларды қай кезде қызықтырары сөзсіз.

«Әдеби білімнің басты мақсаты отандық және әлемдік классикалық әдебиетті, рухани байлықты қабылдау, көркем мәдени түйсік және тәрбие, оның негізінде адамшылық, эстетикалық талғам, сөйлеудің мәдениеті қалыптасады. Әдеби білімнің мазмұнының негізі көркем мәтіндерді әдеби, этико-философиялық және тарихи-мәдениетті компоненттер түрінде оқу және зерттеу болып саналады» [115, б.6], – дейді ғалым Б. Жұмақаева.

Бүгінгі педагог ғалымдар мен философтар білім беру саласында жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін енгізумен ғана шектелмей, білім берудегі дүниетанымдық ұстанымдарды қайта қарау, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасау қажеттігін дәлелдеуде. Әлемдегі өркениет пен ғаламдану үрдісіндегі мәдениетті игеру, әлемдік білім кеңістігіне ену, терең де сапалы білім беру, жан-жақты дамыған дара тұлға дайындау – қазіргі өзекті мәселе айналғаны анық.

Қазіргі заман талабынан туындайтын міндеттердің бірі – жас ұрпақты жаңа қоғам мүддесіне лайықты жан-жақты дамыған парасатты тұлға ретінде қалыптастыру, ұлттық психологияны, ұлттық өзіндік сананы, табиғатты әлеуметтік ортада орнықтыру, ұлттық сананы қалыптастыру, әлеуметтік ортада, өз айналасында, адам өмірінде, әдебиет пен өнерде, күнделікті өмірде, салт-дәстүрде сұлулықты, жақсы мен жаманды ажырата білуге тәрбиелеу. Осы орайда ата-бабамыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, әдеби-мәдени байлығын балалардың бойына сіңіру, эстетикалық талғамы биік саналы азамат етіп тәрбиелеу әркімнің міндеті.

Әсіресе гуманитарлық ғылым саласында ұлттық идея, ұлттық мемлекеттілікті нығайту және дамыту мәселелерін кең түрде зерттеу қолға алынып отыр. Бұл мәселе белгілі саясаттанушылардың, тарихшылардың, мәдениеттанушылардың, философтардың, журналистердің еңбектерінде

назарға алына бастады. Бүгінгі әдебиеттану ғылымында да бұл тақырыпты түйсінуге үлкен мән беріліп келеді. Құқықтық мемлекет қалыптастыру, ел тұрақтылығын нығайту мен дамытуды қамтамасыз етуде, адамзаттың болашағын ойлауда ұлттық идея мәселесінің өзектілігі анық сезілуде.

Осы тұрғыдан алғанда жоғары мектепте халық мәдени ескерткіштерін (мұраларын) студенттерге оқыту арқылы халқымыздың танымдық, әлеуметтік саяси, адамгершілік тәрбие және дүниеге көзқарас ерекшеліктерін таныта түсеріміз анық. Яғни, қазақ әдебиетіндегі мифтің мәнін аша отырып, ата-бабаларымыздың рухани мәдениетінің алғашқы сатысын, салт-санасы мен мәдениетіндегі бай құндылықтарын тануға болады. Олардың таным, ғылым, мәдениет, өркениет өркендеу жолында жазба әдебиетімізге қосқан үлесі мол екендігін осы шығармаларды оқып, шығармалардағы «мифтік тамырларға» терең бойлау арқылы ғана көз жеткіземіз. XX ғасыр басында қазақ әдебиетіндегі ертегі-жыр, аңыздарда кездесетін фольклорлық үлгілерді көркем шығармаларда қолдану жаңа әдеби әдістерді өмірге әкелді. Бұл тек шығарманың көркемдік-эстетикалық әсерін ғана емес, оның танымдық құдыретін, символдық мәнін, сол кездегі өмірлік құндылықтарды жан-жақты тануға мүмкіндік беруде. Сол себепті біз үшін әдебиеттегі «көркемдік таным» жетістіктерін осы миф, аңыздардан қарастыру өзекті мәселе. Ол үшін ең алдымен миф туралы түсінікті қалыптастырып, оның танымдық ерекшеліктеріне, фольклор мен мифтің арақтынасына мән беру аса маңызды дүние болса керек. Бұл айтылған мәселе өз кезегінде «Мәңгілік ел» идеясында да көрініс берері анық.

Миф – дүниетанымдық феномен. Философияның өзі мифтің негізінде қалыптасқанын ғалымдар тарапынан толық зерттеліп, дәлелденді деуге негіз бар. Грек мифологиясы антикалық философияның негізгі іргетасы – фундаменті болса, қазақ мифологиясы да қазақ философиясы үшін соншалықты маңызды, мәнді, тағылымды дүние.

2.2 Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың психологиялық мәселелері

Педагогика, философия, психология т.б. ғылым салаларының зерттейтін нысандарының негізгі мәселесі – адамтану екендігі белгілі. Әр ғылым саласы оны өз бағыты бойынша қарастырады анық. Соның ішінде психология – адамның (тұлғаның) психикасын, өзіне тән күш-жігерін, мінез-құлқын, психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттейтін ғылымға жатады. Психология ерте заманнан бері келе жатқан ғылым, ғалымдар мұның даму тарихына екі жарым мыңдай жылдай болды деп есептейді. Оның дүниеге тұңғыш келген жері ежелгі Грекия. Психология атауы «псюхе» – қазақ тілінде «жан», «логос» – «ілім», «ұғым», «ой» деген гректің екі сөзінен тұрады. Психика объективті дүниенің субъективті бейнесі.

Психикалық құбылыстар бізді қоршап тұрған сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мидағы бейнесі. Олар (түйсік, ой, елес, сезім, қабілет, мінез,

т.б.) көпшілігімізге мәлім, тілімізде жиі кездесетін ұғымдар. Осылардың бәрін ғылыми тұрғыда психология ғылымы зерттейді.

Энциклопедиялық сөздікте «Психологияда тұлға өзінің өмір жолын белгілей алатын, қайталанбас даралық ерекшеліктерін сезінетін субъект. Тұлға адам ұғымынан гөрі нақты мағынаға ие. Өйткені адам тұлғалық сипатты иелену үшін өз «менін» өзге «меннен» ажыратып, есейіп өз бетінше дербес әрекет ету мүмкіндігін ашуы керек. Яғни белгілі бір мәнді іспен айналысатын, азды-көпті білімі, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымы мен сенімі бар адамды тұлға деп атайды. Тұлға бойындағы адамгершілік қасиеттің көрінісі ар-ұятқа кір келтірмеуінен, намысын жоғары ұстауынан байқалады» [116, б.525], – деп көрсетілген.

Ал оқыту психологиясы-педагогикалық психологияның ең дамыған және әлі де қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі. Бұл саланың негізгі міндеті – педагогикалық психологияның бөлігі ретінде, адамның білім, білік және дағдыларды игеру процесінің механизмдері мен заңдылықтарын зерттеу. Нақтырақ айтқанда, білім алушыға берілетін ақпарат қалай игеріледі және ол білім – жалпы білімге қалай айналады? Жеке адамның дағдылары қалай қалыптасып дамиды? Осы сұрақтар білім беру практикасы үшін қай кезде де маңызды және оқыту психологиясымен арнайы зерттеледі. Жантану атауларының түсіндірме сөздігінде: «Психологияны оқытудың тиімділігі негізінен педагогтың оқу процесін психология ғылымының теориясы мен тәжірибесінің мазмұнына сай ұйымдастыру іскерлігіне байланысты болады. Оқыту психологиясы – оқытудың жүйелілігі жағдайындағы танымдық іс-әрекеттің дамуын зерттейтін педагогикалық психологияның бөлімі. Өртүрлі дидактикалық жүйе жағдайындағы танымдық іс-әрекеттің өзгешелігіне себепші болатын сыртқы және ішкі факторлардың өзара байланысын анықтайды, баланың дамуы мен оқу үрдістерін басқару мүмкіндіктерін, оқыту мен оқудың психологиялық заңдылықтарын, оқыту тиімділігінің психологиялық-педагогикалық өлшемдерін зерттейді [117] деп анықтама берген.

Педагогикалық психология басқа ғылым салаларымен бірнеше негізде байланысады. Ең алдымен, ол ғылыми білім үшбұрышының ортасында орналасқан жалпы психологиялық білімнің нақты саласы болып табылады. Екіншіден, оның басқа ғылымдармен байланыста болуының себебі, білім беру процесі өз мақсаты мен мазмұнына сәйкес әлеуметтік мәдени тәжірибені беруші болып табылатынында және осындай мәдениетте бүкіл өркениеттік білімдердің таңбалық, тілдік формада шоғырландырылғанына байланысты. Үшіншіден, оның зерттеу пәні өзі танып білуші және танып білуге үйретілуші, басқа да көптеген адамтанушы ғылымдармен зерттелінетін адам болып табылады. Педагогикалық психология, мысалға педагогика, физиология, философия, лингвистика, әлеуметтану және т.б. ғылымдармен үздіксіз байланыста екені анық. Соның өзінде, педагогикалық психология – жалпы психологиялық білімнің саласы деген тұжырымдама оның осы білімдердің негізінде, яғни психикалық даму, оның қозғаушы күштері, адамның даралық және жыныстық-жас ерекшеліктері, оның тұлға ретінде жетілуі мен дамуы

жайлы білімдердің негізінде қалыптасатынын білдіреді. Сондықтан педагогикалық психология психологиялық білімдердің (әлеуметтік, дифференциалды психологиямен және т.б.) басқа салаларымен, ең алдымен жас ерекшелік психологиямен байланысты.

Педагогикалық психологияның зерттеу пәніне кеңірек түсінік бергенде (оған оқушының оқу қызметі, педагогтың педагогикалық қызметінің бірлігі ретінде білім беру процесі, сонымен қатар оқушы тұлғасының позитивті дамуының психологиялық заңдылықтарын анықтау) осы ғылым саласының құрылымы әр түрлі қырынан ұсынылуы мүмкін. Бұл позиция ғылыми білімнің дербес саласы болса да, бастапқы белгісі бойынша «психологиялық ғылым» болып табылатын педагогикалық ғылымның пәнін пәнаралық деп түсінумен анықталады. Осыған сәйкес бұл пәнге тұлға, ұжым, еңбек психологиясының көптеген жақтары, жас ерекшелік және әлеуметтік психология, психофизиологияның аспектілері кіреді. Ал осы жақтар білім беру процесі мен оның нәтижесіне қатысты қарастырылғандықтан, олар педагогикалық психологияның пәнін құрайды. Педагогикалық психологияға осылайша түсінік беру қазіргі заманда оның білім беру психологиясы (Psychology Education) деп аталатын пәніне тән білім салаларының сан алуандылығымен немесе оқытудың өзі білім беру және үйрету сияқты екіжақты процесс деп түсінілетін оқыту теориясымен түсіндіруге болады. Сонымен қатар педагогикалық психология құрылымын қарастырудың ұсынылған позициясы оқыту мен тәрбие берудің өзара байланысын біраз басқаша анықтауды қарастырады. Қазіргі заманғы ғылым мен педагогикалық тәжірибеде оқыту деп оқушыларға алдыңғы ұрпақтың әлеуметтік мәдени тәжірибесін табыс етудің (білім, норма, іс-әрекеттердің жинақтап қорытылған тәсілдері және т.б.) белсенді, мақсатты бағытталған процесі және осы тәжірибені игеруді ұйымдастыру, сонымен қатар бұл тәжірибені әртүрлі жағдайларда қолдануға мүмкіндік пен дайындықты түсінеді. Оқыту осыған сәйкес, өз шарты ретінде осы тәжірибені игеруде үйрету немесе оқыту процесін ұйғарады.

XX ғасырдан бастап әлемде білім берудің көптеген парадигмалары, типтері және түрлері пайда болды. Дегенмен, қандай түрде болса да, жүйелі білім алудың ең сенімді жолы оқыту процесі болып табылады. Сондықтан, оқыту білім беруді ұйымдастырудың тәсілі болады. Оқытудың кез келген түрі немесе типі «оқыту-оқу» жүйесі бойынша анықталады. Олай болса, оқыту – педагог пен білім алушылардың өзара әрекеттестігі белсенді түрде жүзеге асырылатын процесс. Сондықтан, оқыту ұрпақтың алдыңғы тәжірибені меңгеруіне бағытталған әлеуметтік жүйе ретінде сипатталады. Оқытудың психология жақтары ерекше іс-әрекет ретіндегі оқу құрылымы; оқудың тектіктері; педагог пен білім алушылардың психологиялық ерекшеліктері; оқытудың басты әдістері, тәсілдері және формалары арқылы көрінеді. Оларға:

- Оқыту пәні;
- білім алушы – оқыту процесіндегі субъект;
- оқытудың тәсілдері, құралдары;
- педагог – оқыту процесіндегі субъект т.б. жатады.

Оқытудың бұл құраушылары бір-бірімен тығыз әрі үйлесімді байланыста болуы керек. Тек сонда ғана оқыту жүйе ретінде тиімді жүзеге асырылады. Осы орайда оқыту процесін ұйымдастыру үшін екі бағытты қамтитын мәселеге ерекше мән берілу керек:

- Таным қызметіне жағдай жасау;
- студенттерге психикалық дамуды жүзеге асыру.

Оқыту мен дамудың өзара қарым-қатынасы барлық уақытта педагогиканың өзекті мәселесі болып отырған. Мәселен Я.А. Коменскийдің еңбегінен бастап («Ұлы дидактика»), оқытудың ғылыми негізін іздестіру басталған, соның негізінде әрбір оқушының жеке мүмкіндіктері мен олардың жасының даму процесіндегі өзгерістерін ескере отырып дамыта оқытудың ғылыми негізін іздестіру басталған. Бұл мәселеге орыс педагогикасының негізін салушы К.Д. Ушинский де назар аударады. Ол өзінің «Адам тәрбие пәні» атты еңбегінде, баланың түрлі жас ерекшелігі кезеңіндегі негізгі психологиялық даму ерекшеліктерін айта отырып, баланы оқытудың ең күшті факторы оқыту мен тәрбиелеу деп жазған.

Өткен ғасырдың басында қазақ тарихында психологиялық ой-тұжырымдары мен маңызды мәселелер жөнінде өз көзқарастарын, пікірлерін ортаға салып, сонымен ғылым-мәдениет әлеміне аты таныс қазақ оқығандары да болды. Бүгінгі таңда олардың еңбектерін ұлттық психология ұғымы туралы түсінік қалыптастыру мақсатында қолданып жүрміз. Мәселен, Шәкәрім Құдайбердіұлы психологияны «Жан сыры» деп атаған. Ақынның психологияға байланысты көзқарасын «Анық пен танық», «Қазақ айнасы», «Мұсылмандық шарты» т.б. шығармаларынан кездестіреміз. Ғұлама адамдарға сыртқы дүниенің, қоршаған табиғаттың жұмбақ сырын ұқ, танып-біл, оның өлшеусіз байлығын мұратыңа, қасиетіңе жарат, бұл үшін Алла тағала адамға ми берді, білу, нану, ұғыну, тану – бәрі ақыл ісі, олар мидан шығады деп тұжырым жасайды [118, б.17]. Ал енді алаш арыстарының бірі Жүсіпбек Аймауытов – қазақ даласынан шыққан тұңғыш психолог-зерттеуші. Оның еңбегі (Психология, 1926) осы ғылым саласында қазақ тілінде жазылған тұңғыш кітап. «Психология» кітабының алғы сөзінде: «Өзге білімдер затшылдыққа табан тіресе, аяғын нық басқан жоқ... Қарапайым адамға жұмбақ сықылды көрінетін талай нәрселер психологияда қаралады...» [119, б.3], – дейді. Автордың бізге қалдырған бай мұраларымен танысқанда бірден көзге түсетін ерекшелік – адам психологиясын жете әрі терең білуі. Кітаптың бірінші тарауында осы ғылымның екі жарым мың жылдық тарихынан мағлұмат береді. Мұнда рационалистік (ойлау), эксперименттік (тәжірибе) егжей-тегжейлі сипатталған. Кітаптың екінші тарауында адам жанын қайта құру мүмкіндігі туралы сөз болады, мінез-құлық, зерттеу (бақылау, сұрақ қою, әңгімелесу, эксперименттік әдістер) жан-жақты түсіндіріледі. Ол Қазақстан жерінде алғаш рет математика және оның «болжау логикасы» (ықтималдық теориясы) деп аталатын саласының көмегімен жан заңдылықтарын қалай зерттеу керектігін айтады. Үшінші тарауында «Тірі заттардың қылығын жалпы мінездеу» (қазіргі тілмен айтқанда «Психика және сана») деп аталады. Бұл бөлімде психофизикалық

және психофизиологиялық құбылыстар, атап айтқанда, жануарлар мен адамдардың организмнің ерекшеліктері, тітіркендіргіштігі мен агрессивтілігі, дағдылары, инстинкттері (соқыр сезімдері), олардың бір-бірінен айырмашылығы, дүние жүзіндегі өсімдіктегі тіршілік белгілері (тропизмдер) ғылыми талдауға негіз болады.

Жоғары оқу орындарында білім алу бастауыш мектепте немесе орта мектепте білім алудан ерекшеленеді. Басқа ерекшеліктерін сөз етпегеннің өзінде психологиялық айырмашылығы бар. Жоғары мектепте студент өзінің оқу іс-әрекетінде жоғары жаңа сатыға көтеріледі. Бұрынғыдай мұғалімнің күнделікті қадағалауымен және басшылығымен алынатын білімнен, ғаламның ғылыми жетістіктерін өздігінен игеруге ауысып, оқу және өзіндік оқыту әдістерін меңгереді. Оқытушы студентке өзіндік дамуына, шығармашылық потенциалын ашуға, зерттеушілік ізденісін арттыруға көбірек ықпал етеді. Ең бастысы студенттің оқу іс-әрекеті салдарынан оқытушы емес жоғары квалификациялы маман ретінде өз-өзін қалыптастырады. Білімді игеру, дағдыларды қалыптастыру және дамыту процестерінің тетіктері мен заңдылықтары студенттердің жасына және жеке ерекшеліктеріне де байланысты болатыны анық. Сондықтан осы айырмашылықтарды зерттеу міндеті дәстүрлі түрде оқыту психологиясының негізгі мәселелерінің біріне жатады.

«Студенттерді оқыту – олардың психикасы мен әрекетіне біліммен, қажетті білік, дағдылармен қамтамасыз ету мақсатында әсер ету. Оқыту барысында студенттердің түрлі психикалық ерекшеліктері дамиды. Оқыту болашақ маманның қалыптасуында маңызды рөлге ие. Ол ғылыми дүниетанымның жетілуіне, интеллектуалды дамуына және басқа да сапа қасиеттерінің қалыптасуына әсер етеді» [120, б.37]. Демек осындай сапа-қасиеттердің дамуы мен қалыптасуы, белгілі бір кәсіби әрекеттерге дағдылы түрде машықтандыру үдерісі білім алушының жекелеген пәндер аясындағы білімімен тікелей байланысты.

Оқыту психологиясы сонымен қатар оқу процесінде танымдық функциялардың даму механизмдері мен заңдылықтарына мән береді. Ғылыми және практикалық қызығушылық білім беру іс-әрекетінің жеке адамның ақыл-ойы мен шығармашылығына қалай әсер ететіні, ойлау, есте сақтау, зейін және басқа да танымдық функциялардың білім беру қызметінде қалай дамитыны туралы сұрақтар да оқыту психологиясына тікелей қатысы бар. Мәселен танымдық функциялардың дамуы дәстүрлі түрде әрі қарай оқудың сәттілігінің кепілі ретінде қарастырылады, сондықтан оқу іс-әрекетінде олардың қалыптасу заңдылықтарын білу және механизмдерді игеру білім беру практикасының маңызды мәселесі және педагогикалық психологияның мұқият назарында болады. Қоғам тұрғысынан білім беру іс-әрекетіндегі тұлғаның даму процесін өзін-өзі дамыту процесіне біртіндеп өзгерту үрдісі қажет. Сондықтан оқыту барысында жеке даму процесін өзін-өзі дамыту процесіне айналдыру тетіктері мен заңдылық-тарын зерттеу міндеті оқыту психологиясы үшін маңызды.

Оқыту процесінде бастамашы, басқарушы, реттеуші қызметін педагог атқарады. Сонда, оқыту – педагогтың іс-әрекеті. Ал оқу білім алушының белсенділік формасы болып табылады. Оқыту педагог қызметіндегі бірқатар маңызды кәсіби әрекеттерді айқындайды:

- Ақпарат беру;
- білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру;
- оқу процесіндегі қиындықтарды жеңуге көмек беру;
- білім алушылардың қызығушылығын, дербестігін және шығармашылығын арттыру;
- білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау.

Оқытудың сапалы болуы үш модельдің 1) оқыту мақсат-міндеттерінің (оқыту не үшін қажет?); 2) оқыту мазмұнының (нені оқыту керек?); 3) оқыту процесінің (қалай оқыту керек?) негізделу дәрежесіне байланысты. Сондықтан, жоғары мектептегі оқыту мақсаты әрбір болашақ маманның оқу әрекетін тиімді, табысты деңгейде ұйымдастыру болып табылады [121, б.179].

Психология ғылымының көрнекті өкілдерінің бірі Л.С. Выготский оқыту мен дамудың арақатынасы мәселесін шешудің өзіндік бірнеше тәсілдерін ұсынады: біріншіден, оқыту мен даму бір-біріне тәуелсіз екі түрлі процесс; екіншіден, оқыту кемелденуге негізделеді, оқыту мен даму процесінде пайда болатын мүмкіндіктерді пайдаланады; үшіншіден, оқыту мен даму екі түрлі салыстырмалы процесс; төртіншіден, оқыту дамудан кейін жүріп отыруы мүмкін, сонымен қатар дамуды алға жылжыта отырып, оның алдында болуы да мүмкін, – деген қорытынды жасайды [122].

Еліміздің білім беру саласында С.М.Жақыпов, Е.И.Исаев, С.Д.Смирнов, В.И.Слободчиков сынды ғалымдар студенттердің тұлғалық сапаларын қалыптастырудағы оқытушы мен студент арасындағы бірлескен іс-әрекеттің алатын орны мен оған психологиялық жағдай туғызуға қажетті шарттар жайлы өз еңбектерінде қарастырады. Қазіргі уақытта оқытудың тиімділігі мәселесі мемлекеттік деңгейдегі аса өзекті мәселеге айналып отырғаны белгілі. Бұл мәселені шешудің бір жолы – студенттердің теориялық білімді практикада еркін қолдана алатындай деңгейде қабылдауына көңіл бөлу. Психология ғылымының жетістіктері өмірдің барлық салаларында қолданылғанда, оларды оқу-тәрбие мәселелерін шешуге пайдалану қажеттілігі туындайды.

Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда педагогикалық талаптардың деңгейімен қатар психологиялық мәселелерді де ескеру қажеттілігі ерте заманнан бері айтылып келе жатса, қазір ол тәрбиенің басты міндеттерінің біріне айналып отыр. Психологиялық сипаттағы мәселелерді ескеру және оларды шешудің нәтижесінде оқытудың тиімділігінің артатыны, оқу іс-әрекетінің жетіле түсетіні, берілетін білімнің сапасы артатыны, білімді қабылдаушылардың тұлғалық дамуы қамтамасыз етілетіні және т.б. осы сипаттағы зерттеулер психолог ғалымдар П.Я. Гальперин, Б.Г. Ананьев, Л.В. Занков, Л.Б. Ительсон, В.В.Давыдов, А.В. Петровский, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, еліміздің ғалымдары С.М.Жақыпов, Қ.Б. Жарықбаев және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде сөз болады.

Қазақ ғылымында С. Ғаббасов оқыту мен тәрбиенің негізін құрайтын педагогика мен психология ғылымдарын бірлікте қарауды ұсынады. Өз зерттеуінде ғалым мынандай түйінді ой айтады: «Адам тәрбиесінде осы уақытқа дейін жалғасып келе жатқан сәйкессіздіктің ең тұрпайысы, бүгінге дейін педагогика мен психологияны біртұтас бірлікте қарамай, керісінше екі бөлек байланыссыз ғылымдар тәрізді болып қолданылуы болып табылады. Екеуінің де шыққан тегі – адам баласынан пайда болғандықтан, ендігі жерде педагогика мен психологияның методологиясы, жүйелері, негіздері біреу-ақ екенін мойындамай болмайды [123, б.76].

Оқыту мен дамудың өзара байланысы оқытудың теориялық маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл жөнінде ғалым Рубинштейн С.Л. (1889-1960) өзінің «Жалпы психологияның негізі» еңбегінде: Адам өз біліктілігін көтеру үшін білім алуы керек, ол іс-әрекетке қосылған кезде ғана жетіледі. Ал мектеп қабырғасындағы жылдарда оқуға ерекше мән беріледі, себебі бала білім ала отырып дамиды. Оқудың бұл кезеңі адам қалыптасатын іс-әрекеттің негізгі түрі болып табылады. Ойында, оқуда, еңбекте – тұлға барлығында бірге және әрқайсысында өзінше туындайды және қалыптасады [124, б.162], – деп жазады. Өзінің тұлғалық принципті анықтауында Рубинштейн С.Л. психологиялық ғылымдағы қалыптасқан жағдайды қолданды, бірақ осы жағдайды талдауды жалпы философиялық бағыттағы адам және оның еңбегі, іс-әрекеті негізінен алады. Ғылыми іс-әрекетінің бірінші кезеңінде ол-тұлғаның дамуы мен пайда болуын, оның іс-әрекетін айрықша белгілейді, ал екіншісінде-тұлғаның белсенділігі туралы айтады [124, б.164].

Отандық ғалым Қ. Жарықбаев психологиялық еңбегінде тұлғаға мынадай анықтама береді: «Тұлға – 1) дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны. Тұлға – әлеуметтік тіршілік ету әдісі жағынан дара болады, оның өзіндік дүниесі ерекше өмір жолын белгілейді және ол мазмұны жағынан әлеуметтік жағдайлармен анықталады; 2) адамдар арасындағы өзінің ұстанымын, орнын еркін және жауапкершілікпен анықтайтын, қоғамның өкілі ретіндегі адам. Ол қоршаған ортамен, қоғамдық және адами қарым-қатынастар жүйесімен, мәдениетпен өзара әрекеттестікте қалыптасады. Адам тұлға болып туылмайды, әлеуметтану процесінде тұлға болып шығады» [125, б.309], – деп көрсетеді.

Жеке тұлға немесе кісі қасиеттерін көптеген ғылымдар зерттейді: философия, социология, психология, этика, эстетика, педагогика. Олардың әрқайсысы жеке тұлға мәселелерін өзінің зерттеу пәнімен байланысты қарастырады. Адамның көпәспекттілі екенін оны атаудың өзінен көрінеді: «адам», «жеке тұлға», «тірі жан» (индивидуум), «өзіндік адам» (яркая индивидуальность). Адам деген ұғымды пайдаланғанда – ол биоәлеуметтік қасиеттермен сипатталатын, дискреттік белгілер жүйесін меңгерген, жоғары психикалық функциялары қалыптасқан, құрал-жабдықтарды жасап, оны пайдалана алатын жан деп түсінеміз.

Ал жеке тұлға деп жекелік психикалық қасиеттері дамыған, әлеуметтік ортада өмір сүруге және қарым-қатынас жасауға қабілеті қалыптасқан адамды айтамыз. Тұлға әлемдік мәдениет үшін де, философия, психология ғылымы үшін де өзекті мәселе. Адамды өзінің ең негізгі зерттеу объектісі ретінде қарайтын психология ғылымының тарихында – адам ұғымының ең жоғарғы мәні, онымен салыстырғанда нақты, мазмұнды, интеллектуалды, рухани дамыған, өзіндік ойы бар, өзін бағалай білетін, этикалық және эстетикалық құндылықтарды бойына жинаған адам деп көрсетеді.

Бұл ерекшеліктер жеке адам теорияларында көрсетілген:

1. Мәдени-тарихи даму концепциясы
2. Іс-әрекет теориясы.
3. Ақыл-ой қызметін қалыптастыру теориясы.
4. Ұйрету теориясы
5. «Бастапқы адамдандыру» концепциясы.

Философия ғылымдарының докторы А. Нысанбаев өзінің «Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі» атты еңбегінде: «Қазақ мәдениетінің өткені, оның терең рухани қыртыстары мен болмысы, бүгінгі мәдени ахуалдың қайшылықтары мен келешегі мәселелерін зерттеу өзінің көкейтестілігімен көзге түсіп, отандық философия ғылымына маңызды міндеттер жүктейді. Егер Батыста кәсіби формадағы университеттік философия үстемдік етсе, қазақтардың ұлттық дүниетанымы көркемдік және діни мәтіндердің дәстүрлі түрлерінде, өзіңіз айтқан ақын-жыраулардың, би-шешендердің, ағартушылардың шығармашылығында басым болып келеді. Бұл қазіргі кезде еуро-орталықтық ойлау тәсілінен арылған қазақ философиясының болашағы туралы мәселені күн тәртібіне қояды. Қазақтың бай төлтума мәдениетін қалпына келтіру, халықтың тарихын жан-жақты түсіну үшін де, оның дүниетанымдық негізі мен әдіснамалық құралын қалыптастыру қажет» [126, б.19-20], – деп жазуында үлкен мән жатқаны анық. Яғни, халықтық сана мен дәстүрді бойына сіңірген тұлға тәрбиелегенде ғана адамзаттың рухани биіктерге өрлеуіне ықпал етіп, ел болашағына еңбек ететін ұлттық тұлғаның қалыптасуына ықпал ете аламыз.

Білім беру саласында бірқатар мәселелерді шешуде әдебиетті оқыту әдістемесі психологиямен түйіседі. Бұл байланыс екі жолмен ашылады: ол көркем қабылдау психологиясы және оқыту психологиясы. Осы екеуінің негізінде білімалушылардың психикалық және адамгершілік дамуы, оларды тәрбиелеу мәселелері туындайды.

Әдебиеттің предметі адам, яғни адамтану екенін ескерсек, әрбір адам өзінше бір әлем, ашылмаған, зерттелмеген қазына деп санауға болады. Барлық нәрсенің өлшемі болып табылатын – Адам (Пратагор) болмысының табиғи, биологиялық, физикалық, философиялық, психологиялық ерекшеліктерін әр ғылым саласы өз тұрғысынан зерттеп, зерделейді. Әдебиеттанушы ғалым Т. Рақымжанов: «Егер психологияны адамның жаны туралы ғылым десек, көркем әдебиеттегі психологизм кейіпкердің өмірлік, қоғамдық, тұрмыстық құбылыстармен тамырласып, тонның ішкі бауындай жақындаса келе оның ішкі

драмасын, ішкі қайшылығын, сезік-сезімі мен ой-толғанысын да білдіреді» [127, б.3], – деп көркем прозадағы психологизмнің оқырманмен арақатынасын ашып көрсетеді.

Бірқатар мәселелерді шешуде жоғары мектепте мифтік сарындағы повестерді оқыту психологиямен түйіседі. Бұл байланыс екі жолмен ашылады: ол көркем қабылдау психологиясы мен оқыту психологиясы, білімалушылардың психикалық және адамгершілік дамуы, оларды тәрбиелеу. Ал әдебиеттегі психологизм – автордың өз кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесін оқырманға беруі. Өнердің басқа түрлерінде де сезім мен сезімді жеткізу қабілеті бар. Бірақ әдебиет өзінің бейнелілігінің арқасында адамның жан-дүниесін бүге-шігесіне дейін бейнелеуге қабілетті. Автор кейіпкерді суреттеуге тырысып, оның сыртқы келбетін, бөлменің ішкі көрінісін егжей-тегжейлі береді. Көбінесе әдебиетте кейіпкерлердің психологиялық күйін жеткізу үшін пейзаж сияқты әдіс қолданылады.

Бүгінгі әдебиеттану ғылымында прозалық шығармаларды лирикалық прозаның, психологиялық не философиялық прозаның үлгісі деп жіктеу, немесе «лирикалық роман», «лирикалық повест», кейде тіпті «лирикалық проза» деп жалпылай атап, ат қою бар. Бұлай ат қойып, айдар тағуда да ғылыми негіздер жоқ емес. Ол әрине жазушының эстетикалық таным-талғамына, пайым-парасаты мен сол көркемдік шындықты игерудегі көркемдік ізденістеріне тікелей қатысты дүние екені белгілі.

Көркем туындыдағы психологиялық талдау хақында белгілі әдебиеттанушы ғалым Б.Майтанов: «Психологизм – көркем әдебиеттің тұтас болмысынан ажырамас қасиет. Біз ол жағдайды байқай бермейміз. Сонымен бірге психологизм – көркемдік бейнелеу принципі, ойлау, жазушы талантының төл белгісі әрі стиль көрінісі. Әдеби туындыдан тек қана психологиялық талдау өнерін талап ету артық. Бірақ шығармадан адамдар психологияның шынайы болмысын тануға тиіспіз. Эпикалық дүниеге тән бейнелеу құрылымдарының бәрі дерлік – психологизмнің әрекет ету аялары» [128, б.335], – деп пайымдайды.

Қазақтың көрнекті қаламгері Мұхтар Әуезов: «Прозаға психология араласпа, өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы» [129, б.6], – деген болатын. Әдебиетті тек таптық тұрғыдан ғана қарайтын әрі социалистік реализмнің туы аспандап тұрған шақта заңғар жазушының бұлай деп пікір білдіруі, әрине, әдебиетке деген шын жанашырлықтан туған болуы керек. Дегенмен әдеби шығармада психологиялық элементтер болмаса, оның құны кетіп, көркемдігі кемиді деген сөз. Жалпы, кез келген қаламгер өз әдеби туындысында кейіпкердің сезімдері мен оның толғаныстарын көрсетуге тырысады. Дегенмен адам жанының ішкі иірімдерін ашудың әдістері әрқелкі болуы мүмкін. Жазушы кейіпкердің белгілі бір эмоциялық күйін оның туу себептерін сарапқа салмай-ақ ашып көрсетуі мүмкін.

Ал енді студенттерге повестерді оқыту барысында кейіпкерлер жүйесінің күйініші мен сүйінішін, қуанышы мен қайғысын, олардың әр кездегі сезімдік қалып-күйін ғылыми теориялық тұрғыдан сарапқа салып, шынайы бағасын

беру үшін оқытушы міндетті түрде психологиялық талдаудың амал-әдістеріне жүгінеді. Көркем шығармадағы кейіпкердің ішкі әлеміне терең бойлап, оның жан-жүрегіндегі тебіреністердің сырына үңілуді әдебиетте психологиялық талдау деп атайды. Көбінесе психологизм деп те атайды. Оның іргелі ұғым-түсініктері мен терминдер жүйесі, жалпы методологиясы, бұған дейінгі дәрісімізде айтып өткеніміздей, З. Фрейд пен К. Юнг секілді көрнекті ғалымдардың еңбектерінде жасалған. Әрине, көркем шығарманың психологиялық қасиетіне үңіліп, сырын ашуға деген ұмтылыс ежелгі дәуірлерден бастап-ақ жүзеге асқан. Дегенмен Фрейд пен оның ізбасарларының тұлға психологиясын терең зерделеуінің арқасында арнайы психологизм пәні жеке-дара дамып, қалыптасты. З.Фрейд ойынша «Психологияны талдау әдебиеттің міндетіне» жатады. Сонымен бірге, И. Тэн, Э. Эннекен, А. Потенбня, Л. Выготский, Г. Башлер т.б. сынды ғалымдар да әдеби мәтіннің психологиялық табиғаты туралы көптеген тұщымды тұжырымдар жасағаны белгілі.

Аты аталған ғалымдардың көбі көркем туындыны «автор-шығарма» және «шығарма-оқырман» байланысында алып қарастырды. «Көркем ойлаудың психологиясын, шығармашылық үдерістің динамикасын шұқшия зерттеу арқылы А. Потенбняның ізбасарлары «лингвистикалық поэтика» деген жаңа ұғым қалыптастырды, олар әдебиеттану мен лингвистиканың мәселелерін тұтас қарыстыруды мақсат етті. Жалпы психология мәселесімен айналысқан ғалымдар көркем әдебиетті зерттеуге басқа қырынан келді. Жоғарыда сөз еткен Л. Выготский өзінің «Өнер психологиясы» (1965) кітабында көркем өнердің оқырман мен көрермен психологиясына әсерін қарастырған. «Ғалым «объективтік психология» мен «жаңа өнертану» бағыттарының түйісетін тұстарына ерекше мән береді. Әлемді билеп тұрған жалпы биологиялық заңдылықтарды табуға бел буады, мұндай ниет оны фрейдизмге алып келді, ол да фрейд сияқты бейсана психологиялық құбылыстарға әмбебап мазмұн берді. Л. Выготский мен жақтастары автордың психологиялық дамуын шұқшия тексеруге кірісті, оның болмысындағы «күпияларды» жаңа жалпы психологиялық теория арқылы зерттеуге ден қойды. Психоанализ, оның пароліне айналған «либидо» ұғымы әдебиеттануға да әсер етті. Адамның іс-әрекетінің түбінде биогенетикалық заңдар жататындығын медициналық тәжірибемен дәлелдеу мүмкін болмағандықтан, бұл ғалымдар автордың «либидосы» мен оның кейіпкерлерінің «либидосының» арасындағы байланыс деңгейін зерттеуге ауысты» [130]. Сонымен бірге Зигмунд Фрейд негіздеп кеткен кейбір ұғым-дарға қарсы шығып, басқа пікір білдірген неофрейдизм өкілдері болды. Солардың бірі – Виктор Франкл. Ғалым зерттеу еңбектерінде «логотерапия» мен «экзистенциалистік анализ» – табиғат және адам мәнін философиялық, психологиялық және медициналық тұрғыдан зерделейді. «Адамның рухани дүниесіндегі проблемаларға, невроздарға қатысты тың идеяларды ұсынған. Оның ойынша адамды өмір сүруге құштар ететін негізгі мотив – адамның Мән қалауы» [131]. Ол ұштаған теория қалыптастырады: «Мәнге деген құштарлық ілімі», «Ғұмыр мәні туралы ілім», «Еркіндік еркі

туралы ілім». Франкльдің ғылыми теориясына сүйене отырып Гарольд Кушнер: «Өмір дегеніңіз – бұл, Фрейд айтпақшы, ләззат алу емес, немесе Адлер үйреткендей билікке ұмтылу да емес, ең алдымен, мән іздеу. Кез келген адамның алдында тұрған ең үлкен міндет – өмірден мән табу» [132, б.7], – деген пікір айтқан. Ал А. Адлер оның саналылық пен санасыздықтың аражігін ашып көрсетуін дұрыс деп санаған жоқ. Ал миф пен аңызға арқа сүйеген К. Юнг ұстазының «автор-шығарма» деген жүйесін өзгертіп, оның орнына «автор-дәстүр», «автор-реалдылық» деген бірліктерін ұсынды. Жалпы, психологиялық талдау әдісі өткен ғасырдың еншісінде қалып қойған жоқ.

Әдебиеттегі психологизм мәселесі әдебиеттану ғылымында да жан-жақты қарастырылып, арнайы ғылыми зерттеудің нысанына айналып отыр. Ол үдерістен қазақ әдебиеттану ғылымы да сыртқары қалған емес. Соңғы ширек ғасырда, яғни тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиеттану ғылымында психологизм мәселелері егжей-тегжейлі зерттеліп келеді. Атап айтқанда Г. Пірәлі, Б. Майтанов, А. Қалиева сынды әдебиеттанушы ғалымдар аталмыш пәнге қатысты арнайы монографияларын, оқу құралдарын жарияласа, кейбір зерттеушілер бұл туралы өздерінің пікір-көзқарастарын білдірген болатын.

Жоғары мектепте әдеби туындыларды (әңгіме, повесть, роман), өлең-жырларды, мәселен фольклорлық жыр үлгілерін немесе тарихи ескерткіштерді оқытқанда психологизм ұғымын кездестіруге болады. Сондықтан да психологизм ұғымын әдебиеттен бөліп қарай алмаймыз. Әлемде барлық ғылымдар бір-бірімен тығыз байланыста болғанымен, психологизм әдебиет пен психология ғылымын жалғастырып тұрған дәнекер ұғым десек қателеспейміз. Себебі көр-кем шығарманың негізгі объектісі де – адам. Адамның қайғырғаны, күлгені, күйіп-піскені, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы бәрі де көркем шығармада ап-айқын беріледі. Бұл қасиеттер мен сезімдер берілмесе, сол көркем шығарманы оқып отырған оқырман кейіпкерді тани алмайды, оны сезіне алмайды, себебі оқырман көркем шығарманы оқып жатып, кейіпкер қуанса – қуанады, қайғырса – қайғырады.

Мифтік сарындағы повестерді оқыту барысында психологиялық штрихтар әр шығармада әрқалай көріне беруі мүмкін. Ол кейде жазушының таланты мен талабына тәуелді жайт болса, кейде шығармадағы идеялық бағдарға да қатысты боп келеді. Мәселен Оралханның «Қар қызы» повесі мен Адам Мекебаевтың «Жезтырнақ» повесінде екі түрлі кейіпкердің жан-дүниесі суреттеледі. Дегенмен, психологиялық талдаулар жасап, кейіпкердің ішкі жан-дүниесін жан-жақты ашып, терең қаузау кез келген қаламгердің қолынан келе бермейтін күрделі де күрмеулі мәселе дер едік. Көркем әдебиеттің эстетикалық бояуын көбейтіп, әсерін арттыру үшін міндетті түрде психологиялық элементтер қажет болады. Оның үстіне, әдебиетте мінездеу, жинақтау ұғымдары бар екенін еске-руіміз керек. Мінездеу – даралыққа алып келеді, яғни кейіпкердің жеке тұлға-сын танып, оның жан сырына қанығу үшін де психологизмнің мүмкіндіктерін пайдалану керек болады. Осы арқылы жазушы кейіпкердің санасы мен көңіліндегі сан түрлі қақтығыстарды суреттеп береді.

Қазақ прозасындағы психологизмнің табиғатын зерттеген профессор Пірәлі Гүлзия оның ең басты үш ерекшелігін атап өткен болатын: «Біріншіден, психологиялық прозада оқиға, кейіпкер, кезең, уақыт, тақырып, идея т.б. деген мәселелер алдыңғы сапқа шыға қоймайды. Ол талап та етілмейді. Екіншіден, мұнда ең бастысы – жеке адамның ішкі өмірі, өмір мен өлім арасындағы кезеңде адамзат бастан кешетін азапты тағдыр тәлкегі, кейіпкердің күрделі тұлғаға айналуы көркемдік назарға алынады. Шығармада шым-шытырық оқиғалар тізбегінен гөрі жеке адам санасындағы сапалы өзгеріс, рухани қопарылыс, ішкі сезімдік құбылыстар тереңдетіле талданады. Үшіншіден, психологиялық прозаның эстетикалық, көркемдік әлемі өзінің жанрлық, көркемдік, стильдік талабына сай жеке санада жүріп жатқан ой мен сезім қайшылықтарын, сөз бен іс сәйкессіздіктерін тереңдеп талдап, көркемдік жүйеде саралайды» [133, б.10].

Бұл жерде ғалым өте орынды пікір айтып отыр. Өйткені психологиялық талдауда жеке адамның ішкі мұң-шері таразыға салынып, талдау нысанына алынады. Бұрынғы дәстүрлі әдебиетте көп жағдайда сыртқы әлем басты назарда тұратын да, жазушылар кейіпкердің қоршаған әлеміне көбірек көңіл бөліп, оқиғалық желінің соңында кететін еді. Сюжеттің маңызы мен салмағы басқадан әлдеқайда артық болатын. Ал өткен ғасырдың жартысынан бастап бұл дәстүр біртіндер басқа арнаға ауысты. Ендігі ретте қаламгерлер қауымы шығарманың көркемдік-поэтикалық қуатын арттыру үшін кейіпкерлердің сыртқы әлемінен гөрі олардың ішкі әлеміне көбірек басымдық беретін болды. Диалогтан монологтың бәсі жоғары бола бастады. Айналып келгенде, ендігі кезекті топтың емес, жеке тұлғаның болмысын ашып, бүтін бітімін жасау бәрінен де маңызды саналды. Расында да, бұл бұл жеке адамның психологиясы ғана ма? Олай десек, артық айтқандық болар еді. Шынтуайтында, жекелеген кейіпкерлердің қуанышы мен қайғысын суреттеу арқылы бір шоғырдың немесе бір қауымның, тіпті тұтас бір ұлттың басындағы бақ пен сорды ашып беруге болатынын осындай типтегі көркем шығармаларды оқу арқылы көз жеткізе аламыз, яғни жекелеген адамдардың психологиясын терең талдау арқылы тұтас бір елдің психологиясын аша алатыны үшін де психологизмнің артықшылықтары айрықша әспеттеледі. Жалпы, кейіпкердің ішкі әлемін ашу дегенде оның ой-толғаныстарын болымсыз баяндаулар мен құрғақ суреттеулер арқылы көрсетуге ұмтылыс деп түсінбеу керек. Жазушы шығармадағы кейіпкердің психологиясын таныту үшін әдеби шығармашалық әлемінде жиі қолданылатын көптеген әдіс-тәсілдерге жүгінеді. Кейде оқырман үшін болмашы көрінетін кішкентай детальдің өзі шығарма көркемдігін күшейтіп, кейіпкердің көзқарасы мен танымын танытуға қауқарлы болады.

Кез келген көркем шығарманы оқытуда кейіпкердің ішкі әлемін танытудың екі түрлі амал-әдісі бар. Бірі – сырттай, бірі – іштей. Біріншісінде жазушы кейіпкердің ойы, елесі, өз-өзімен сөйлесуі, өз болмысын қайта сарапқа салуы, сана ағысы, түс көруі, күнделік жазбалары, естеліктері мен хаттары, қиялы сынды мәселелерге ерекше назар аударады. Екіншісінде жазушы кейіпкердің сыртқы әлеміне, атап айтқанда, пейзажға, сөйлеу мәнері мен бет-

әлпетінің қимыл-қозғалысына, жестикуляциясы мен жүріс-тұрысына, портреттік сипаттамасы мен киім киісіне, тіпті үй ішіндегі кішкентай заттарға да көңіл аударып, мән үстеуі мүмкін.

Оқыту әдістер мен тәсілдердің жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Мұндай жүйеде әдістердің белгілі бір тобы басым болады. Сондықтан да оқыту процесінде нақты бір әдістердің басымдығына байланысты оқыту стилі анықталады. Оқыту әдістері оқытушының педагогикалық іс-әрекетке қатынас тәсілі ретінде болады. Ғылым мен тәжірибе оқыту стилінің бірнеше түрлері белгілі:

- Оқытудың репродуктивті стилі;
- шығармашылықпен оқыту стилі;
- эмоциялық-құндылық негізде оқыту стилі.

Осылардың ішінде шығармашылықпен оқыту стилінің орны ерекше. Білім алушының белсенділігін, бастамашылығын өзекті етуге, қолдануға бағытталады. Сонымен қатар, бұл оқыту стилі студенттердің шығармашылығын дамыту арқылы олардың танымдық іс-әрекетін жетілдіруді көздейді. Шығармашылықпен оқыту стилі диалог құруға негізделеді. Мұндай оқыту жағдайында «ашық қарым-қатынас» сабақтың ерекшелігі болып табылады. Шығармашылықпен оқыту стилі оқытушының төмендегідей іс-әрекет тактикасымен анықталады:

- Белгілі деректер, оқиғалар мен құбылыстарға байланысты ойлануға, талдауға және салыстыруға студенттердің қызығушылығын арттыратындай оқу-танымдық мәселелерді қоя білу;

- әр студенттің өз білімін тереңдетуіне, кеңейтуіне және оқу әрекетіндегі міндеттер мен мәселелерді шешудің стандартты емес әдіс-тәсілдерін іздестіруге психологиялық, педагогикалық жағдай жасау;

- білім алушының тақырып мазмұны бойынша өз бетінше, дербес түрде қорытынды жасап, жалпылау, нақтылау процестерін жүзеге асыруына психологиялық қолдау көрсету [121, б.206].

Педагогикалық психологияның негізгі міндеттерінің бірі дәстүрлі түрде оқытуды ынталандыру мәселесі болып табылады. Оқу іс-әрекетінің себептерін білместен, оқытудың табиғатын игеру мүмкіндігі туралы барлық дәлелдер мағынасыз. Педагогикалық психология әрдайым оқу мотивациясын мақсатты түрде қалыптастыруға, оқушының оқу іс-әрекетінің мотивациясына әсер етуге бола ма деген сұрақтарға қызығушылық танытады. Бұл мәселе білім беру психологиясының мәселелерімен ішінара байланысты.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман даярлау. Осы талапқа орай ізденімпаз оқытушының шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, студенттің жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арын таза ұстау – әр оқытушының борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, оқу орнын шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация оқытушысы – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, шығармашыл тұлға. Нарық жағдайындағы оқытушыларға қойылатын талаптар:

бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби біліктілігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Қорыта айтқанда, оқыту процесі дидактикалық жүйелер деп аталатын психологиялық тұжырымдамаларға негізделеді. Дидактикалық жүйе оқытудың мақсатына жетуге қызмет ететін, біртұтас құрылымды жасайтын элементтер жиынтығын құрайды. Дидактикалық тұжырымдамалардан үш нәрсені ерекше бөліп алу қажет:

1) дәстүрлі; 2) педоцентристикалық; 3) дидактиканың қазіргі жүйесі. Бұл процестердің өзіне тән қызметтері бар. Мәселен, оқытудың білім беру, оқытудың тәрбиелік, оқытудың дамыту қызметтері.

Оқытудың білім беру қызметі – бұл адам баласына білім байлығымен қаруландыру, оны өз бетімен білім алуға, іскерлік пен дағдыны игеруге даярлау.

Оқытудың білім беру қызметі – бұл адам баласына білім байлығымен қаруландыру, оны өз бетімен білім алуға, іскерлік пен дағдыны игеруге даярлау. Қазіргі кезде білімді толық игеру үшін оған қойылатын талаптарды ескерген жөн. Олар:

– Білімнің толықтығы – оқу материалдарын түсіну үшін танымдық іс-әрекетті іске асыру;

– білімнің түсініктілігі – оқушылардың өз бетімен ізденіп, ақыл-ойын дамыту;

– білімнің әрекеттілігі – жаңа білім алу үшін оқушыға бұрынғы білімін шеберлікпен қолдану мүмкіндігін жасау.

2.3 Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың педагогикалық негіздері

ЖОО-дағы оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етуде оқытушы тұлғасы, оның кәсіби біліктілігі, рухани байлығы және оқытудың ұстанымдары үлкен маңызға ие. Оқытушының тұлғалық және кәсіби маңызды сапасын қалыптастыру мәселесі психологиялық-педагогикалық зерттеулерде өз маңыздылығын қай кезде де жоғалтпаған. Мәселен педагогика тарихында бұрыннан жүйеленген, білім беру тәжірибесінде қалыптасқан білім беру ұстанымдары бар. «Я.А.Коменскийден басталған оқыту ұстанымдары И.Г.Песталоцци, К.Д.Ушинский, А.П.Пинкеевич, В.В. Давыдова и Л.В. Занков, Т.А.Ильина т.б. сияқты дидакт-педагогтардың дамытуы мен толықтыруы барысында оқытудың бірталай ұстанымдары түзіліп, оқу үдерісінде негізге алынып жүр. Оқу үдерісінің талаптары мен заңдылықтарына бағындырылған оқу ұстанымдарын жүйелеуде отандық педагог-әдіскерлер де тысқары қалған емес. Атап айтқанда Ы.Алтынсарин, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов оқыту ұстанымдарын қазақ мектептері мен оқушының жас ерекшелігі, білім алу деңгейіне сай қолдануды, «білімді түсініп қолдану» қажеттігін айтады» [134, б.104].

Білім беру үдерісінде оқыту мен білімалушыны дамыту үнемі бір деңгейде қаралуы заңдылық. Бұл талап мемлекеттің жүргізіп отырған саясаты

мен білім беру саласының арасындағы өзара сабақтастыққа қарай жаңарып, жетілдіріліп отыруы мүмкін. Яғни оқытуды жаңарту ортаға тікелей қатысты. Осыған байланысты Ж.Аймауытов баланың өз ортасында қалыптасып дамитынынын айта келіп: «Тәртіп пен оқыту жақындасып айқасу керек. Жақсылықтың не екенін білу аз, жақсы істі ете алатын ерлік керек. Бұл – оқыту мен тәртіптің істері. Бала әлеуметтік рухында тәрбиеленуі керек. Шәкірт көңілі соққан нәрсеге емес, істеуге міндетті нәрсеге үйретілуі керек. Ол мектеп ережесін құрметтей біліп, әлеумет, мемлекет тілегіне өз тілегін бағындырып үйрену керек» [135, б.34], – дейді.

Бұл жерде оқыту сапасы мен тұлғалық сапа бір деңгейде қарастырылатынын түсіну маңызды. Ж.Аймауытовтың бұл пікірінде мектеп жайында айтылғанымен бүгінде жоғары мектектегі оқыту процесіне де қатысы бар екенін аңғару қиын емес. Мәселен оқытудың мақсатын студенттің адами сапасын қалыптастыруға икемдеуден бастап білім мазмұнын тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға қарай бейімдеу, оқыту формалары мен әдіс-тәсілдерін субъектінің дамуына оңтайландыру, білім нәтижелерін құзыреттіліктер түрінде қалыптастыру мен бағалау жүйесін жасау қай заманда да өзекті болатыны анық. Ал Мағжан Жұмабаев: «Тәрбиеден мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару мақсат емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару..» [136, б.16], – деген.

Үзіліссіз ұрпақ тәрбиесі мен оқу-ағарту жүйесінің үлгісін назарға алған отандық ғалымдар тәуелсіздік алғаннан кейін педагогика пәнін қайта зерттеп, кеңестік ғылыми көзқарас пен еуропацентристік методологиядағы педагогиканың аражігін ажырату, дәстүрлі педагогиканың көкжиегін тарихи деректермен кеңейту мәселелеріне басымдық бере бастады. Мәселен Б.Р. Айтмамбетова, А.А. Бейсенбаева «Педагогика пәні және оның міндеттері» оқу құралында елдің интеллектуалдық және рухани қайта өрлеуінде педагогика ғылымының алатын орны мен міндеттеріне баса назар аударады [137]. Ал Г.К. Ахметова «Педагогика ғылымының мақсаты мен міндеттері» атты әдістемелік құралында педагогика ғылымының пайда болуы мен дамуы, оның категориялары мен жүйелік негіздері тұрғысынан қарастырады [138]. Оқытудың кредиттік технологиясына көшкеннен кейін жоғары оқу орындарында жаңа оқулықтармен қамтамасыз етуді қажет ете бастады. Сол кезеңде Қ.Т. Әтемованың «Педагогика негіздері: оқу-әдістемелік құрал» еңбегі «педагогика-психология» мамандығына арналған мемлекеттік білім беру стандарты негізінде дайындалған. Бұл еңбекте қамтамасыз ететін пән бойынша силлабус пен глоссарий, дәрістің негізгі мазмұны, практикалық жұмыстардың мазмұны мен студенттердің өз бетінше орындауына арналған тапсырмалар, білімді бақылауға арналған теориялық және тест тапсырмалары берілген [139]. Педагогикалық менеджмент мәселесі де соңғы кездері білім берудің өзегіне айналды. Осыған байланысты Н.С. Әлқожаева «Педагогикалық менеджмент» оқу құралын жарыққа шығарды. Аталған еңбек екі модульге бөлініп, зерттелген. Біріншісінде педагогикалық менеджменттің теориялық негіздеріне тоқталса, екінші бөлімінде білім сапасымен басқару, басқарудың тәжірибелік

негіздері мен басқару философиясына мән берілген [140]. Айтымова А.Н., Педагогикалық шеберлік [141], Аубакирова Р.Ж., Нұрбекова М.А. Педагогикалық зерттеу әдістемесі [142] еңбектері де педагогика ғылымында аса өзекті мәселелерді көтеріп отыр.

Білім беру жүйесінде оқу-тәрбие жұмысын түбегейлі қайта құру мен жаңалап, жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр. Өйткені экономикалық өсу мен азаматтардың әл-ауқаты үшін білімнің айтарлықтай маңызды екенін бүкіл әлем түсінді. Бұл – білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беру керектігі туралы мәселені қайта қарап жатқандығын аңғартса керек. Осы өлшеммен алғанда «XXI ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?», «Оқытудың қай ұстанымдарын пайдаланған жөн?» деген сауалдардың туындайтыны анық. Сондықтан да тәуелсіз еліміздің білім беру саласы дамудың жаңа сатысына көтерілуді мақсат етуде. Ол мақсатқа жету үшін әлемдік білім кеңістігіндегі жаңа тенденцияларды саралап, ең қажеттілерін оқыту үдерісіне енгізіп, білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға, тұлғаның бойында құзыреттіліктерді қалыптастыру, олардың өмірлік дағдыларын жетілдіру үшін отандық педагогика ғылымының алдына жоғары міндеттер қоюда.

Жалпы кез-келген оқу пәнінің білім беру мазмұны – оқытушының білім алушыға үйретудің педагогикалық негіздері, білім алушының болашақ тұлға, субъект, қоғамның жеке адамы үшін білім көзінің қажеттілігі мен құндылығын, жаһандану дәуірінде әлеуметтік ортаның рухани және материалдық мәдениет нормалары мен ережелерін игеруге тән тәрбиелілік қасиеттерін анықтап, оның білім алушының бойында материалдануына мән беретіні анық. Аталған рухани және әрекеттік құндылықтардың білім алушының бойынан табылуына пән оқытушысының кәсіби іс-әрекеті де ықпал етеді. Сонымен бірге, білім алушының оқу-танымдық іс-әрекетіндегі белсенділік пен қалыптастатын танымдық дағдылардың өміршеңдігі де мәнді роль атқарады.

Білім беру кеңістігіндегі педагогикалық заңдылықтар мен ұстанымдар қоғамдық өмірдің әр алуан саласындағы әлеуметтік және формациялық заңдылықтарға сәйкес өзгеріп отыруы қалыпты жағдай. Яғни, жалпыхалықтық білім беру үдерісі қоғамдық өмірден тысқары болмайтындығы белгілі. Осыған байланысты тілші ғалым Б.Д. Карбозова: «Қоғамдық өмірдің заманалар бойы ілгерілеп даму процесін тұрақты түрде басынан өткеруі сияқты педагогика ғылымының да қоғамдық қатынастармен қатар даму үдерісін басынан өткеруі заңды құбылыс. Әдістеме ғылымындағы инновациялық педагогикалық іс-әрекет қоғам дамуымен қатар жүретін процесс» [120, б.76], – деген пікір айтады.

Кез келген ғылымның тек өзіне ғана тән түсініктерін оның негізгі категориялары деп атаймыз. Педагогика ғылымының да өзіне тән негізгі категориялары бары белгілі. Мәселен: білім беру, тәрбие және оқыту. Бұл ұғымдардан яғни оқыту ұғымынан оқу, сабақ беру, ал тәрбие ұғымынан өзін-өзі тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу т.б. келіп шығады. Педагогикада басқа ғылымдардан енген ұғымдар да баршылық. Атап айтқанда: дамыту,

әлеуметтендіру т.б. Осы ұғымдар мен категорияларға байланысты К.Д. Ушинский: «Педагогика – ғылым, әрі адам тәрбиесі жайлы өнер» [139, б.14], – деген болатын. Яғни педагогикалық теорияларды меңгерту бір басқа да, ал оны қолдануды жүзеге асыру тіпті басқа мәселе. Өйткені оқыта отырып тәрбиелейміз, тәрбиелей отырып білім береміз. «Жоғары оқу орындарында педагогикалық білім беру – болашақ маманды қалыптастырудың алғышарттарының бірі болып табылады. Өйткені бүгінгі студент ертеңгі маман болғандықтан, ол қоғамдық әлеуметтік істерге араласады, адамдармен жұмыс істейді, ұжымдағы адамдар әлеуметтік топты құрайды, оған жас маман мүше болып кіреді. Олай болса жас маманның адамдардың тәрбиесінде де ықпалы болады»[143, б.517]

Жоғары мектепте көркем шығармаларды, повестерді оқытудың мазмұнын әдіс-тәсілдерін құралдарын және оқу жұмысын тиімді ұйымдастыру, дәріс немесе семинар сабағы барысында білімалушының іс әрекетін, жүйесін анықтауда дидактикалық принциптердің негізгі қағидалары мен әдістемелік ережелерді ескеру қажет. Әрине оқыту әдістері мен ұстанымдары білім берудің талаптары мен мақсаттарына кіріктіріле жүргізіледі. Сондықтан да әр кезеңде оқу ұстанымдарының бірі жетекші, өзгесі оқу мазмұнының жан-жақтылығын қалыптастырушы міндетіне қарай жұмсалады. Мәселен З.А. Исаева жоғары оқу орындарының оқыту ұстанымының екі жүйесін атап көрсетеді. Педагог-ғалым бірінші жүйеде ғылымилық, кәсіби шығармашылық-бағыттылық, шығармашылық белсенділік, жүйелелік, жеке жұмыстар деп көрсетсе, екіншісіне топтық жұмыстардағы белсенділік, интеграция, өзін-өзі жетілдіруге бағыттылығын жатқызады [144, б.86]

Әдістеме ғылымында педагогикалық негіздемелерді басшылыққа алудың нәтижесінде білім алушының болмысын қалыптастырудың әр алуан жолдары бар. Мәселен, қазақ әдебиетін немесе қазақ тілінің мәселелерін оқытуда педагогикалық аспектілерге басымдық беріп, көптеген әдіс-тәсілдердің элементтері ескеріледі. Оқыту әдістемесінде қолданылатын негізгі әдістердің бірі –тіл дамыту жұмысы. Осы мәселеге қатысты Ж.Балтабаева еңбегінде кешенді ұстаным, тілдік сезімге сүйену және оны дамыту ұстанымдары деген мәселелерге ерекше тоқтала келіп, «...тіл дамыту бағыттары кешенді жұмыстар бойынша жүргізілуі қажет...іскерлік ойындар, ойталқы, ойбөліс, шығармашылық т.б. тапсырмалар кешенді түрде орындалса ғана нәтижелі болады» [145, б.62] – деп, тіл дамыту жұмыстарының кешенді түрде жүргізілуі арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізуге болатындығын айтады. Ғалымның бұл ұстанымын повестердегі мифтік сарындарды оқытуда пайдалану арқылы болашақ маманның білім көкжиегін жетілдіріп, шығармашылық ойлауын дамыту нәтижесінде, тілдік бірліктер арқылы педагогикалық құндылықтарды бойына сіңіруге болатындығын байқаймыз.

Педагогикалық ұстанымдардың маңызы жайлы қазіргі зерттеушілерден А.Керімбекова:«Оқыту үрдісінде кез келген оқытушы дидактиканың ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, оқытудың мазмұнын, амал-тәсілдерін және ұйымдастыру формаларын таңдап, шәкірттерін жоғары нәтижелерге

жеткізуі шарт. Оқытушы дидактикалық ұстанымдарды дұрыс таңдаса, оқытуды дұрыс ұйымдастырса, сабақтың тиімді және нәтижелі болары даусыз» [146, б.149], –деген пікір айтады зерттеу еңбегінде.

Жоғары мектепте әдебиетті оқытуда педагогтар мойындаған дидактикалық принциптер (ұстанымдар) жүйесіне:

- ғылымилылық;
- жүйелілік және бірізділік;
- креативтілік;
- дүниетанымды дамыту;
- көрнекілік;
- теория мен тәжірибенің байланыстылығын қарастыруға болады.

Аталған ұстанымдарды ғылым жетістіктеріне, өмір талабына сай толықтыруға және түзетуге болады. Өз кезегінде бұл ұстанымдар педагогикалық процесті реттеп отырады. Олардың талаптары Ережелер арқылы жүзеге асады.

Оқытудың ғылымилық ұстанымы студентке көркем шығармадан берілетін білімнің мазмұнының ғылыми анық, дәлелді болуын талап етеді. Бұл ұстаным арқылы дүниені танып білуге болады. Адам өмірінде ғылымның рөлі күннен күнге артуда. Оқытудың мазмұны және оқытушының іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Мысалы, педагог ғалым ғылыми жаңалықтарын адам үшін қызмет ететінін түсіндіре отырып, студенттерде дүниеге диалектикалық, ғылыми-материалистік көзқарас қалыптастыра алады.

Қазіргі қазақ хикаяттарындағы мифтік образдарды оқытудың ғылыми ұстанымын екі бағытта қарастыруға болады. Бірі бүкіл оқу-тәрбие үрдісінің бүгінгі педагогика ғылымының жетістіктеріне, зерттеу әдістеріне негізделуімен байланысты. Кез келген зерттеудің нәтижесі әртүрлі бақылаулар мен ғылыми болжамдарға, теориялық негізді анықтайтын дәлелдер мен тұжырымдарға сай қарастырылады. Жоғарғы оқу орнында әдебиетті оқыту кезінде ғылыми ұстанымға сүйене отырып, оқу үдерісін тиімді жоспарлауға болады. Екіншіден, әрбір пәннің ғылыми негізі оның теориясында жатыр. Яғни қазақ әдебиетіндегі проза жанрының даму бағыты, ондағы көркемдік әдіс-тәсілдер, тақырыпқа қатысты айтар болсақ автордың повестердегі мифтік сарындарды қолдану ерекшелігі, тұтас шығармада көріне ме әлде мәтін ішіндегі мәтін ретінде қолданған ба? т.б. сипатын зерделеу тек теориялық білім негізінде жүзеге асары белгілі. Қазіргі қазақ прозасының даму үдерісін бағамдау, осы теориялық білімдерін көркем шығарманы талдауда, интерпретациялауда негізгі тірек етіп алынады және үнемі ғылыми негіздерге сүйену қажеттігі туындайды. Көркем мәтіннің поэтикалық мәселелерін зерделей отырып, мифтік сарындарға, образдарға мәтіндік талдау түрлерін қолдана алу үшін де ғылымилық ұстанымының мәні зор.

Ғылымилық ұстанымның нәтижелері оқу үдерісіндегі репродуктивті оқудан басталып, шығармашылық жұмыспен тиянақталу арқылы да көрінеді. Мәселен, бүгінгі қазақ прозасының жай-күйі, зерттелу аясы, қаламгерлердің қазақ повестерінде мифтік сарындарды қолдану сипаты қандай? деген

мәселелерден басталатын репродуктивті білім, пайымдау, зерделеу және шығармашылық ізденістер жасау әрекеттеріне жол салғанда ғана (ғылымилық ұстаным) өз жемісін беруі мүмкін.

Сонымен, мифтік сарындары бар повестерді оқытуда ғылыми принципке қойылатын талаптар:

- 1) Повестерді талдауда әдебиеттану ғылымының теориялық қағидаларын басшылыққа алу;
- 2) ғылыми-танымдық әдіс пен оқыту әдісінің сабақтастығын ескерту;
- 3) повестерге талдау жасауда білімалушыларға әдебиеттану ғылымын зерттеудің әдіс-тәсілдерін үйрету;
- 4) ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын тарихи-деректі сипатта баяндау т.б.

Бұл жұмыстар студенттердің немесе мектеп оқушыларының ұғым-түсінігіне сәйкестендіріле жүргізіледі. Яғни оқытудың ғылыми принципі білімалушының жас және жеке ерекшеліктерін ескеру принципімен тығыз байланысты.

Жүйелілік, бірізділік ұстанымы – білім беру саласында тиімділігі мен қажеттілігі дәлелденген ұстанымдардың бірі. Жалпы білім алу барысында білім берудің логикасы болсын, адам дамуының тәжірибесі болсын жүйелілікті талап ететіні анық. Өйткені жүйелі білім ғана өз нәтижесін береді. Мәселен, 1 курсқа қабылданған студенттер келе сала XIX ғасыр немесе XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетімен таныспайды. Білім беру бағдарламасындағы жүйесі бойынша өз ретімен білім алады. Халық ауыз әдебиеті, Ежелгі дәуір әдебиеті, Хандық дәуір әдебиеті т.б. жүйесімен айқындалған білім-баспалдағынан жаңа білімге қадам жасайды. Сонымен бірге бұл әдеби мұраларды хронологиялық принциппен оқыту орынды. Бұл әр тарихи кезеңдегі әдеби шығармалардың идеялық мазмұндық жағынан бір-бірімен өзекті байланысып, бір ойдан екінші ой туындап, олар келесі кезекті ой-пікірлермен логикалық жалғасып, мазмұн-мағыналық жағынан толығып, күрделеніп, байып отырғанын, яғни әдеби шығармалардағы логикалық жалғастықты білімалушылардың түсінуі үшін ыңғайлы. Жүйелілік танымдық, ақыл-ой, еңбек әрекетінде де қажет. Студенттер мифтік сарыны бар повестерді оқып, өздерінің ұғым-түсінігін баяндау, ой тұжырымын қорытып, дәлелдеуі, әр түрлі жазба жұмыстарын (эссе, реферат, курстық жұмыс т.б.) орындауында да жүйелілік болу керек. Сонда ғана олардың ақыл-ой логикасы, еңбек ету мәдениеті дұрыс қалыптасады.

«Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» пәнінің жұмыс бағдарламасын (силлабусын) түзуде де жүйелілік, бірізділік ұстанымын негізге алдық. Екі модульге бөлініп жасалған силлабуста алғашқы тарауда теориялық мәселер назарға алынса, екінші аралықта оқыту мәселелеріне басымдық берілді. Сол жүйелілік арқылы фольклорлық мұралардан бастау алған ұлттық құндылықтарымыз бен дүниетанымызды, мифтік сарындарды қаламгерлердің қолдану ерекшелігіне мән берілді. Повестердегі мифтік

сарындарды оқытуда жүйелілік және бірізділік принципін жүзеге асыруға қойылатын талаптар ретінде:

–қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытуда білімнің жүйесі мен логикасын және олардың ішкі сабақтастығын анықтау, оны оқу процесінде жүзеге асыру;

–қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытуда білімнің тарих, философия, психология, педагогика пәндерімен сабақтастығының жүйесін анықтау және оны жүзеге асыру;

–қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытуда студенттердің танымдық ақыл-ой әрекеттерінің жүйесін анықтау;

–қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытуда оқытушының оқыту жұмысын ұйымдастырудағы іс-әрекет жүйесін анықтау т.б. мәселесін қарастыру маңызды.

Креативтілік ұстанымы бірінші кезекте пән оқытушыларынан курсты оқыту масштабының түпкі мақсатын анықтауды талап етеді. Нақтырақ айтқанда оқу материалын үйретуде ғылыми-әдістемелік ізденуге бағытталады. Креативтілік – ағылшынның «Creativity» сөзінен аударғанда шығармашылық деген мағынаны береді.

Креативтілікті қабілеттердің арнайы түрі ретінде қарастыру өткен ғасырдың елуінші жылдары басталған. Ол белгілі Л.Терстоун мен Дж. Гилфорд сынды америкалық психологтар есімдерімен байланысты. Мысалы, Дж.Гилфорд креативтілікті нәтижелерді тану, тұлғааралық қарым-қатынастардағы күрделі жағдайлардың логикалық дамуын түсіну, адам мінездерінің ішкі мотивтерін түсіну қабілетімен байланысты әлеуметтік интеллект факторы ретінде қарастырады.

Креативтілікті – жаңа өнім деп немесе шығармашылық ойлаудың қорытындысы деп екі жақты пікір айтқан ғалымдар да бар (К. Тейлор, В.А. Терехов, О.К. Тихомиров және т.б.). Ал өзге зерттеулерде жаңаны құруда шығармашылық (креативтілік) процестің басымдылығы көрінеді деп санайды (Р. Арнгейм, А.В. Брушлинский, В.А. Моляко, Р. Уоллес, П.М. Якобсон және т.б.). «Бұл ұстаным әсіресе Р. Арнгеймнің еңбектерінде айқын көрінеді. Шығармашылық туралы ол туындататын нысанға қарап айтуға болмайды... Креативтілік – бұл білім, әрекет және тілектердің толық ашылуы» [147, б.176].

А.А. Иванченко крaтивтіліктің құрылымына өмірлік жасампаздық бағыттылығына сипаттама бере келе, аталған феномен «табиғилыққа тән адамның-homo sapiens өмірлік жасампаздық бағыттылығы ретіндегі сапа-қасиеті» [148, 400 б.], – деп түсіндіреді. Автордың ойынша: «Студенттік кезең – айқын өмір стратегиясының қалыптасу кезеңі және саналы түрде әлеуметтік, өмірлік кемелденудің бастамасы болғандықтан креативтіліктің қалыптасуында өте-мөте қолайлы болып саналады» [148, б.409]. Осыған байланысты Е.Е.Щербакова «педагогтар мен студенттер біріккен іс-әрекетте тиімділікпен өзара әрекетке түсу арқылы жағдаятты өзгерте алуға мүмкіндік беретін жеке тұлғаның психикалық және әлеуметтік даярлығы» [149, б.12].

Отандық креативті зерттеуші ғалымдардың еңбектерін қарастыратын болсақ Қ.М. Нағымжанова: «креативті ойлау полюстерді тепе-теңдікте ұстайды және қарама-қарсы көрінетін бірліктерді қосады. Студенттерді бақылай отырып, біздің аңғаратынымыз, олар көбінесе біз олардан күтетін жауаптар береді. Олар өздеріне толық сенімді болған нәрсені ғана айтады. Бірақ барлық жаңа шығармашылық анықталмаған, «ақылды және тапқыр» бала өзінің беделін жоғалтып алудан қорқады, шығармашылықтан қашады. Ал бұл жағдай механикалық ойлауға әкеледі. Бұл тұрақтылық сонымен қатар зерігуді тудырады. Механикалық ойлау шығармашылық ойлауға ең үлкен қауіп төндіреді, яғни ол тәжірибе мен жаңа нәрселерді ашу қабілетін жояды. Келесі қауіп қасақана сын болуы мүмкін. Көбінесе бірегей, дұрыс емес байланыс шығармашылық ойлаудың негізі болып табылады, ал ерте сын жаңа дамуды тұншықтырып тастайды» [150, б.42], – деп тұжырымдама береді.

Әрбір ғылымның ұстанымы дәлелденген, мақұлдауды күтеді. Бірақ, педагогикада оның сапалы көрсеткіштері мен пайда болу деңгейін толық анықтау мүмкін емес. Шынмәнінде креативтілікті сипатталып жүрген позициялардың біреуімен ғана түсіндірілсе, онда мәселе тек бір жақты қарастырылады. Тұлғаның шығармашылық әлеуеті жалпы креативтілігі дамиды, шығармашылық білім беру мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру және басқару ретінде қарастырылатын педагогикамен тікелей байланысты. Сондықтан шығармашылық білім мен тәрбие беру процесінде тұлға категориясы ретінде шығармашылықты дамыту мүмкіндіктерін зерттеу қажеттілігі күн сайын артып келеді.

Студенттердің дүниетанымын дамыта оқыту ұстанымы – құрылымы жағынан күрделі процесс. Оның бастапқы және ең өзекті элементі – білім. Мәселен дүниетанымның құрылымдық жүйесіне адамның негізгі принциптері мен рухани құндылықтарын жатқызу орынды. Дүниетаным түрлеріне бірнеше элементтер тән. Атап айтқанда философиялық, ғылыми, саяси, адамгершілік, эстетикалық т.б. Білім беруде осылардың ішінде философия ерекше дүниетаным және адамның рухани іс-әрекетінің көрнекті саласы ретінде қарастырылады. Философиядан өз-өзінен мифологиялық дүниетанымның іздері көрініс береді. Г.Гегель «миф дегеніміз – адам ақылының әлем алдындағы әлсіздігінің көрінісі» деп жазған. Ал мифология болса өте ауқымды әрі жан – жақты құбылыс. Ол әлем халықтарына түгел қатысты адамзат санасының өте ерекше қабаты. Осы тұрғыдан алғанда студенттерге повестерді оқытуда олардың дүниетанымын дамыту арқылы табиғатта және қоғамда болып жатқан түрлі құбылыстарға баға беріп, өзінің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын белгілі бір бағытқа салып отыру маңызды. Ал ғылыми дүниетаным арқылы білімалушының өмірдегі жақсы мен жаманға көз-қарасы қалыптасып, бағыт-бағдары айқындалады. Дәл осылай саяси, адамгершілік, эстетикалық элементтерін саралай аламыз. Шындығында дүниетанымды – бұл ақиқатты дүниеге, ондағы адамның алар орнына, болмысына және өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі деп те қарауға болады. Мысал ретінде студенттерге қазақтың бас ақыны Абай әлеміндегі – жүрек ісі, ақыл мен тіл мұраты туралы

терең толғанысын айту орынды. Бұл жерде ақын айтқан: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» мәселесін елдік мүдде тұрғысынан, парасат биігінен қозғау маңызды рөл атқарады. Одан кейін «адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озық» екенін көрсету арқылы оларға өмір мәні мен уақыт шындығын ашып көрсету орынды болса керек.

Оқуды іске асырудың көп жылғы тәжірибе нәтижесінде өзінің тиімді екендігін толық дәлелдеген ұстаным – көрнекілік ұстанымы. Көрнекілікті қолдануды Я.А. Каменский «оқытудың алтын заңы» деген екен. Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытуда табиғи, бейнелік, дыбыстық, символ-дық және графикалық көрнекіліктерді қолдану арқылы мына міндеттерді шешу маңызды:

- Студенттің ұғым-түсінігінің саналы және тиянақты болуын қамтамасыз етеді;

- білімалушының зейін, қабылдау, еске сақтау т.б. қабілеттерін дамытады;

- эстетикалық талғамын, ақыл-ой дағдыларын тәрбиелейді т.б. Ә. Мұханбетжанова «Педагогиканы оқыту әдістемесі» оқулығында көрнекілік түрлері деп:

- табиғи көрнекілі студенттерден нақты объектілермен (өсімдіктер, жануарлар, минералдар) танысуды талап етеді;

- студенттер эксперименттік көрнекілік арқылы химия және физика бойынша тәжірибелер жасайды;

- суретті көрнекілік – нақты дүниенің бейнесін көрсету (картина, бейнесурет, диапозитив, мылқау кинофильмдер, диафильм,);

- көлемді көрнекілік: макет, макет, муляж, геометриялық фигуралар, панорама;

- аудиовизуалды құралдар: дыбыс тақталары, қағазға жазылған материалдар т.б.;

- графикалық және таңбалық көрнекілік: абстрактілі ойлауды дамытуға көмектеседі, өйткені ол шартты белгілермен болмысты белгілейді. Олар: карта, жоспар, сызба, схема;

- жанама көрнекілік – жаңа бейнені бұрынғымен салыстыру және ол туралы түсінік қалыптастыру [151, б.92], – деп атап көрсеткен.

Жоғарыда ғылым жетістіктеріне, өмір талабына сай ұстанымдарды толықтыруға және түзетуге болатынын айтып өттік. Қазіргі таңда ынталандыру принципі білім беру саласында үлкен маңызға ие. Студенттер оқу мен білімге, оқытушы тұлғасына, сонымен қатар оқу-тәрбие жұмысының барлық әдістеріне, түрлеріне және формаларына құштар болса, олардың оқу әрекеті сенімді, ерікті болады. Сондықтан оқытушы ең алдымен сабақты қызықты, тартымды, әсерлі етуі керек. Мотивация принципі оқушыларға жеке көзқарасты талап етеді. Осыған орай В.С.Сухомлинскийдің берген кеңестері мыналар:

1. Студенттердің мүмкіндіктері мен ақыл-ой күштері бірдей емес.

2. Білім беру мен тәрбиелеудің барлық заңдарын қолдануға болады. Абстрактылы білім алушы жоқ (білім алушы әрқашанда дара және ерекше).

3. Барлық студенттер үшін оқуда табысқа жетудің бірыңғай алғышарттары жоқ.

4. Әрбір оқушының оқу әрекеті сәтінде не істей алатынын анықтау маңызды.

5. Оның ақыл-ой қабілетін одан әрі дамыту жолдарын анықтау маңызды.

6. Сіз білімалушыдан мүмкін емес нәрсені талап ете алмайсыз.

7. Бағдарламада қарастырылған деңгейге әрбір оқушының қандай жолмен, қандай кешігумен және қиындықтармен жететінін дұрыс анықтау қажет.

8. Әр білімалушы ой еңбегінде бағдарламаны қалай жүзеге асыру керек.

9. Әр оқушының күш-қуатын, мүмкіндіктерін ашып, ой еңбегінде қуанту.

10. Қиын білімалушыларға қабілетіне қарай интеллектуалдық тапсырмалар беру.


11. Әрбір білімалушының оқудағы және ой еңбегіндегі жеке үлгерімін анықтау қажет [152, б.95].

Осы сүрлеуді және жақсылық жалынының қызуын сақтау. Шарттары: жаңа және дәстүрлі емес оқыту нысандарын қолдану; ділгірлік оқыту; компьютерлік технологияны қолдану; интерактивті компьютерлік құралдарды қолдану; өзара оқыту (жұптық, топтық); білім, іскерліктерді тест сынағы арқылы тексеру; сыныпта жағымды микроклимат жасау; Педагогтің өз пәніне, білім алушыларға оң көзқарасы; білім алушылардың оқудағы жетістіктерін көрсету; білімнің оны ашқан адамдардық тағдырымен байланысы; оқыту нысандарын және әдістерін түрлендіру.

Теория мен тәжірибенің байланысы оқу мазмұны мен әдістеріне, түрлеріне тәуелді. Студенттерді өз саласының маманы ретінде дайындау сапасы жоғары болса, олар ертең заманауи өндіріске тез икемделетініне ешкім дауласпасы анық. Осыған байланысты оқытушы орындайтын Ережелерден: «оқу – өмір қажеттілігі» екенін ұғындыру, «үнемі теория мен тәжірибе байланысын» көрсетіп отыру, «адамзат тарихындағы өткен ғылыми білімдер мен заманауи білімнің маңызын» ашу, «жалаң теориялық білімнен алшақ болуды» ескеру маңызды. «Бұл принцип классикалық философияның өмір, тәжірибе таным көзі деген ережесіне сүйенеді. Өмір және практика білім алушыларға дұрыс бағыт береді, белсенді іс-әрекетке әзірлейді. Еңбек тәрбиесі жеке тұлғаны қалыптастырады. Оқытудың өмірмен, теорияның тәжірибемен байланысының жақсы болуы білім мазмұнына, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға, оқыту нысандары мен әдістеріне, еңбекке және политехникалық әзірлікке берілген уақытқа, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты» [151, б.90], –дейді.

Еліміз егемендік алғаннан кейін өткен ғасырдың 20-40 жылдарындағы көрнекті қоғам қайраткерлерінің педагогика ғылымына қосқан үлестерін, тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері туралы бай-мұраларын ғылыми тұрғыдан қайта саралап, бүгінгі заман талаптарына сай ашып көрсетуге мүмкіндік туды. Солардың ішінде – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы да бар. Оның «Әліппе», «Сауат ашу», «Тілашар» т.б. оқу-құралдары күні бүгінге дейін әдістемелік және тілтанымдық

тұрғыдан өз мәнін жоймаған құнды еңбектер екені даусыз. Ғалымның «Баулу мектебі» атты мақаласында: «Әдіс – керекшіліктен шығатынын, әдістің жақсы немесе жаман болмағы жұмсалатын орнының керек етуіне қарай» деген сөздері әрбір педагогқа бұлжымас қағида болары сөзсіз. Бүгінгінің тілімен айтсақ, осы жердегі мәніс білімі дегені – теориялық білім де, әдіс білімі – практикалық білім болып шығады. Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту барысында біз де осы Ахаң қалыптастырған әдіс білім мен мәніс білімге мән бердік. Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер оқытудың түрлі әдіс-терінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын айқындап көтеріп жүр. Десе де бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда аталған еңбектерінен бастау алатынын атап өткен жөн болар. Бұдан біз сан жылдар бойы жұртшылыққа ұсынылмай, әділ бағаланбай келген Ахмет Байтұрсынұлының оқу ағарту саласындағы әдістерінің өміршендігіне көз жеткізуімізге болады.



Сурет 1 – Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытуда қолданылған ұстанымдар моделі

3 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ МИФТІК САРЫНДАРДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЭКСПЕРИМЕНТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» пәнінің білім мазмұны

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» [87], – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісі технологияландыру мәселесін қойып отыр. Заман талабына сай білім оқу орындарында білім мазмұнын, оның құрылымдық жүйесін жақсарту білім реформасының жүзеге асуының басты шарты. Осы заманғы білім берудің стратегиялық мақсатында өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және әрекетінің шешімін таба білуге қабілетті, барлық істе сауатты тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету маңызды болып табылады.

Еліміздің жоғары білім беру жүйесінде барлық бағыттағы мамандарды дайындау және түлектердің болашақтағы өзінің кәсібін тиімді, сапалы етіп ұйымдастыруға, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылдыратындай дәрежеде орындауы тиіс мәселелер қай кезде де өзекті. Өйткені ең алдымен қоғамның және уақыттың жаңа мамандарға ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік тұрғысынан қоятын талабы күн сайын күшейіп келеді. Сондықтан да бұл бағыттағы зерттеулер мен практикалық ізденістер, мейлі ол нормативтік құжаттар болсын, мейлі жаңа жобалар болсын немесе арнайы білім беру бағдарламалары болсын жаңаруы кездейсоқ емес. «XXI ғасырдың оқыту жүйесінде меңгерілетін білімнің түпкі нәтижесі ең тұғырлы мәселеге айналды» [153, б.3]

Яғни білім беру салаларында болып жатқан реформалар, болашақ мамандарды өз мамандығын жан-жақты меңгерген, сапалық деңгейі жоғары, адамгершілігі мол тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталуда. Бүгінде жоғары білім беру жүйесінде оқыту үдерісін ұлттық құндылықтарға бағыттау гуманитарлық пәндерді, соның ішінде қазақ әдебиетін оқытудың тәрбиелік міндетін айқындауға негіз болып отыр.

Осыған орай, біздің зерттеу еңбегімізде жұмысымыздың нәтижесі ретінде жоғары мектепте «5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттері үшін қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытуда берілетін білім мазмұнын белгілеу міндетіне сәйкес «*Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту*» элективті курсының мазмұнын және оны оқыту әдістемесін ұсынып отырмыз. Аталған элективті курс бағдарламасы ақпараттық-танымдық материалдардың теориялық мазмұнына, көлеміне қарай 2 кредит (3 ECTS) Дәріс – 15, практикалық – 15 арналып жасалды. Оның СӨЖ -

7, СОӨЖ – 7 жұмыстарын құрайды (Силлабус *Қосымша А*).

Элективті курс екі модульге бөлініп дайындалды. Бірінші модульде «Қазақ фольклорындағы миф пен мифологиялық түсініктер» мәселесі теориялық тұрғыда қарастырылды. Ал екінші модульде оқыту мәселесіне назар аудару мақсатында «Қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың тиімді жолдарын» қарастыруды жөн санадық. Яғни, пәндер тақырыптың жаңалығы мен ақпараттық материал номенклатурасы бойынша екі модульге топтастырылды. Мұндағы «модуль» ұғымы бір оқу материалының логикалық аяқталған бөлігін білдіреді.

Элективті курстың қысқаша сипаттамасы: «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» курсына қазақ повестеріндегі мифтік фольклор элементтерінің дамуы мен қалыптасуы, көркемдігі, тарихи және дәстүр жалғастығы, тәуелсіздік кезеңіндегі повестердегі мифтердің ерекшелігі т.б. сынды мәселелер ғылыми-теориялық тұрғыдан түсіндіріледі.

Элективті курстың негізгі мақсаты – студенттерге қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды, олардың фольклорлық-этнографиялық тарихи негіздерін, оны зерттеудің тарихнамалық жүйесін, ғылыми-теориялық тұжырымдарды саралауға, білімгерлердің ізденістері бағыттары мен үйлесімі тұрғысында байыптауға бағдарлау, үйрету.

Элективті курстың міндеттері:

- қазақ фольклористикасындағы мифологияның зерттелу тарихына мән беру;
- миф теориясының фольклорлық-этнографиялық тарихи негіздерін таныту;
- мифологиялық ұғымдардың көркемдік ойлау дүниетанымын қалыптастырудағы, дамытудағы ықпалын айқындау;
- көркем әдебиет шығармаларындағы аңыздардың, мифтік сюжеттердің қолданылу мәнерін саралау;
- көркем әдебиет туындыларындағы мифтік желілердің көркемдік-стильдік ерекшеліктерін анықтау.

Элективті курстың пререквизиттері: «Қазақ халық ауыз әдебиеті», «Әдебиеттануға кіріспе», «Ежелгі дәуір әдебиеті», «XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы», «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» пәндері.

Элективті курстың постреквизиттері: «Қазіргі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы» пәндері.

Ұсынылған элективті курсты жүргізу барысында:

- дәріс барысында өз ойын еркін жеткізе алуына;
- студенттердің пәнге деген қызығушылығын оятуға;
- ұлттық болмыс-бітімді, құндылықтарды дәріптей білуіне;
- креативті ойлауына;
- шығармашылық қабілетінің шыңдалуына назар аударылды.

Жоғары мектепте дәріс беру – оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі формаларының бірі. Оқу үдерісінің басқа түрлеріне қарағанда дәріс пәннің оқу

материалын тез игеруге мүмкіндік береді. «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» курсы бойынша жүргізілетін дәріс сабақтарының тақырыптарын пән бойынша қалыптасуға міндетті білім мазмұнына сай төмендегідей жүйеледік:

- 1-тақырып. Фольклордағы мифологияның зерттелуі.
- 2-тақырып. Қазақ мифологиясының жанрлық ерекшелігі.
- 3-тақырып. Космогониялық, антропологиялық мифтер.
- 4-тақырып. Діни және гигантоманиялық мифтер, мифтердің жанрлық және тақырыптық ерекшелігі.
- 5-тақырып. Шежірелік және хикаялық қазақ мифтері.
- 6-тақырып. Жер-су атауларына байланысты мифтер.
- 7-тақырып. Қазақ философиясының қалыптасуындағы фольклор мен мифтің рөлі.
- 8-тақырып. Қазақ прозасындағы мифологизмнің көрінісі.
- 9-тақырып. Қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудағы инновациялық технологиялар.
- 10-тақырып. Ә. Кекілбаевтың повестеріндегі мифтік сарын.
- 11-тақырып. О. Бөкей повестеріндегі аңыздық-мифтік желінің көркемдік қызметі.
- 12-тақырып. Сәкен Жүнісов прозасындағы мифологизм.
- 13-тақырып. Ш. Айтматов прозасындағы мифологиялық құрылым.
- 14-тақырып. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ повестеріндегі постмодернистік белгілер.
- 15-тақырып. Т. Әсемқұловтың повесіндегі фольклорлық көріністер.

Элективті курстың бағдарламасын жасағанда мифтік сарыны бар қазақ повестерінің бәрі қамтылмады. Болашақ маман ретінде студенттердің кәсіби тұлғалық сапалары, оқытудың әдістемелік құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында мектеп бағдарламасында, әсіресе қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша (10-11 сынып оқулықтарына енгізілген) авторлар мен повестерді талдау нысаны ретінде ала отырып, сол туындыларды теориялық талдау және оларды оқыту мәселелерін назарға алдық. Өйткені жоғары мектепте оқылатын барлық пәндердің оқу бағдарламаларының мазмұндары жаңаланып, 12 жылдық білім беру жүйесіне көшуге бағытталғаны белгілі. Қазіргі уақытта 5-11 сынып оқу бағдарламалары толығымен жаңартылған білім беру мазмұнына көшіп, білімді бағалаудың жаңа жүйесі т.б. көптеген жаңашылдық орын алып отыр. Оқу мақсаттары дәстүрлі білім жүйесіндегідей, жалпы айтылып қоймай, әр пәннің мазмұнындағы жекелеген тақырыптың ажырамас компонентіне айналды.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі сабақ жүргізудің ең белсінді әрі тиімді түрі – лекция немесе дәріс. «Дәріс» латынның «lection» – оқу сөзінен шыққан. Дәріс ежелгі Грецияда пайда болып, көне Римде және орта ғасырларда өз жалғасын тапты. Дәріске оқу уақытының 30 пайызға жуығы бөлінеді. Ол өзекті проблемаларды игеру мен меңгертудің теориялық мәселелерін қарастыратын сабақ түрі.

Дәріс жүргізудің маңыздылығы жөнінде «Жоғары мектеп педагогикасы» атты еңбегінде А.К. Игібаева, А.Т Дюсенбаева:

– Дәрісті жүргізу барысында көлемді мәліметтерді жүйелеп беру қолайлы, мұнда тақырыптың басты мәселелері нақтыланып, материалдарды игерудің әдістемелік нұсқаулары беріледі. Оқулыққа қарағанда дәріс:

- Лектормен тікелей қарым-қатынас мүмкіндігін қамтамасыз етеді;
- Тақырып бойынша түрлі көзқарастармен танысуға мүмкіндік береді;
- жағдайдың ерекшелігін ескереді;
- Студенттердің меңгеріп отырған пәнмен тірі байланысты орнатуға көмектеседі[154, б.79], – дейді.

Дәрістің дәстүрлі және инновациялық дәріс деген түрлері бар. Дәстүрлі дәрістің инновациялық дәрістермен салыстырғандағы жеткіліксіздік танытатын тұсы – студенттерден кері байланыс алуға уақытының жетпеуі және студенттен кері байланыс дәстүрлі дәрісте қарастырылмайтындығы. Дәстүрлі дәрістің түрлері мен өткізілу барысынан гөрі, инновациялық дәріс түрлерін қолдану арқылы студенттерге жобалаудың теориялық негіздерін ұғындыру тиімді болатынына соңғы жылдары көп мән берілуде. Бұл жөнінде зерттеуші С. Симбаева: «Оқытудың белсенді және интербелсенді үлгілерін енгізу – бүгінгі таңда өзекті мәселенің бірі. Себебі, студент оқу үдерісіне белсенді араласқан кезде ғана берілген материалды жеңіл меңгеріп, жақсы есінде сақтайды, мәніне тереңірек үңіледі. Сондықтан да бүгінгі күн талабы – студентті белсенді әрекетке тарту. Оқыту үдерісінде тұлға зерттеу тақырыбына, талқыланатын мәселеге, жағдаятқа белсене араласып, сәттілікке қуанып, сәтсіздікке реніш білдіріп отырса ғана оның ішкі уәжі оянады. Сонда ғана білімді саналы меңгеруге ынтасы пайда болады. Ал оны қалыптастыру үшін белсенді оқу мен оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалану қажет. Сол себепті де қазіргі қолданыстағы белсенді оқу, интербелсенді оқу, енжар оқу сияқты түсініктердің аражігін аша білуіміз қажет» [155, б.4], – деген пікір білдіреді.



Сурет 2 – Белсенді емес оқытудағы оқытушы-студент қарым-қатынасы

Соңғы жылдары педагогикалық теорияда уақыт талабына сай жаңа терминдер, жаңа ұғымдар пайда болып, педагогика ғылымының басқа да пәндермен байланысын тағы да толықтырып отыр. Әсіресе білім беру, ағарту саласында жиі қолданылып жүрген «инновация» (латынның *innove* – жаңа, жаңа әдіс, әдістеме, технология, бағдарлама) терминінің өзі ауызекі тілдік айналымда ХҮІІІ ғасырдың өзінде пайда болса, ХІХ ғасырда ол ғылыми арнада кеңінен қолданыла бастаған. Инновациялық дәрістердің ерекшелігіне байланысты: «Қазіргі кезде жоғары оқу орны дидактикасында дәрістің инновациялық түрлері кеңінен қолданылатыны байқалады. Инновациялық дәрістердің дәстүрлі дәрістерден ерекшеліктері:

– студенттер пассив түрде тыңдап, конспект жазып емес, есесіне, өзіндік ойлау қызметі белсендіріліп, оқытушы жеткізген ақпаратты актив түрде қабылдап, өзінде туындаған ойларын оқытушымен бөлісуге мүмкіндігі болады;

– оқытушы студенттің танымдық белсенділігін арттыруы арқылы білім мазмұнын өз бетімен ізденіп кеңейтуге деген құлшынысын арттырады, осы мақсатта арнайы тапсырмалар беріледі;

– білім ақпаратын қабылдауда сезім мүшелерінің мүмкіндігінше мол каналдарын іске қосуы арқылы, ақпараттық-коммуникациялық технологияның, мультимедиалық, электрондық оқу құралдарының түрлі мүмкіндіктерін пайдалануы арқылы оқушы студенттің дәстүрлі дәрісті қабылдауындай механикалық жазып алуды емес, әрбір ақпараттың мазмұнына сыни бағалау қабілетін дамытады, солай етіп, білім ақпаратын саналы түрде қабылдауға дағдыландырады» [156, б.115], – дейді зерттеуші Ж.ІІІ. Жияшева.

Бүгінде интербелсенді әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, дәріс жүргізу белсенді процеске айналды. Оның басты ерекшелігі Интербелсенді («Inter» – өзара, «act» – әрекет) – үнемі біреумен» – өзара, «act» – әрекет) – үнемі біреумен әрекеттестікте, диалог құрып, әңгімелесу үстінде болуы тиіс. Яғни студент тек оқытушымен ғана емес, бір-бірімен кең көлемде әрекеттестікте болулары шарт. Интербелсенді әдістер арқылы студенттер оқу материалын жылдам меңгеретінін қазіргі оқу процестерінде көп айтылып жүр. Бұл әдісте «Қалай оқыту керек?» деген дәстүрлі дидактикалық сұрақ заңды түрде оқыту әдісінің категориясын шығарады.

Интербелсенді дәріс түрін көп зерттеген ғалымның бірі – ғалым Асхат Әлімов. Жоғары оқу орындарында интербелсенді әдістерді қолдану әдістері» атты еңбегінде былай дейді: «Лекция – өзекті проблемаларды игеру мен меңгерудің теориялық мәселелерін қарастыратын сабақ түрі» [157, б.239].

Сонымен қатар, бұл еңбекте интербелсенді лекцияның дәстүрлі лекциядан айырмашылығын айта келіп, дәрістің түрлерін төмендегідей жіктейді:

- проблемалық лекция;
- пікірталас лекция;
- лекция-консультация;
- лекция-конференция;
- лекция-пресс-конференция;

- сұрақ-жауап-талдау лекциясы;
- қатені түзету лекциясы;
- екі оқытушының лекциясы т.б. [157, б.241-247].



Сурет 3 – Белсенді оқытудағы оқытушы-студент қарым-қатынасы

Интербелсенді лекцияның бір түрі – проблемалық лекция. Аталған лекцияның құрылымында өзіндік ерекшеліктері бар. Шетелдік ғалымдар Н.В. Бордовская., А.А. Реан «Педагогика» еңбегінде: «Бұл лекцияда жаңа білім проблемалық сұрақтар, міндеттер мен жағдаяттар арқылы енгізіледі. Студенттердің таным үрдісі мен оқытушының диалогтық ынтымақтастығы зерттеушілік әрекетке жақындайды. Мәселенің мазмұны оның шешімін табуды ұйымдастыру немесе дәстүрлі және жаңаша көзқарастарды жинақтау әрі талдау жолымен ашылады» [158], – деген анықтама береді. Бұл анықтаманың А.Әлімовтің проблемалық лекция туралы тұжырымдамасымен сәйкес келетінін байқаймыз. Ғалым зерттеуінде: «Проблемалық лекцияларда қарастырылып жатқан тақырып бойынша бір-біріне қарама-қарсы пікірлер мен көзқарастар немесе қалыптасқан түсінікке қайшы теориялар көтеріледі. Әрине, олардың барлығы да негізгі мәселелерді қамтитын әрі мазмұнды тұрғыдан ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан маңызды болуы шарт. Зерттеу барысында пайда болған қалған сұрақтарды өзіндік жұмысқа тапсырып немесе семинар сабақтарда пікірталас, дөңгелек үстел форматтарында қарастырса болады»[157, б.243], – деген ой айтады.

XX ғасырдың екінші жартысы мен тәуелсіздіктен кейін әдістеме ғылымында отандық әдіскерлерден қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне байланысты оқулық пен оқу құралдарын жазған Ә. Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері (1966), А. Көшімбаевтың «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» (1969), Т.Қ. Жұмажанованың «Әдебиетті оқыту әдістемесі» (2009), Қ. Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту әдістемесі»(1997) еңбектерінде сабақтың түрлеріне, қолданылатын әдіс-тәсілдері (1.Түсіндірме оқу әдісі; 2.Баяндау әдісі; 3.Эксперимент әдісі; 4.Көрнекілік әдісі.) мен тақырыптарына қарай саралай отырып, қай сабақ типтерінде белсенді қолдану жайлы зерттеу жасады. Ал жаңа технологияларға негіздеп оқыту, сабақ жоспарларын түзу мен құрылымдық жүйесін жасауға үлес қос келе жатқан ғалымдардан «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» (2015) оқулығын жазған Б.Жұмақаева да дәрістің

бірнеше түрін атап көрсетеді: «Проблемалық дәріс, визуалдық дәріс, кеңес беру дәрісі, дуэт дәріс, шатастыру (катені түзету) дәрісі, сұхбат дәріс, дидактикалық дәрістер. (ми шабуылы арқылы), ойын түрлері қолданылатын дәріс, дәріс-конференция. пресс-конференция дәрісі» [115, б.89].

Бұл еңбекте автор лекция әдісінің тиімділігін бірнеше факторларға бөліп қарастырады: а) материалдың көлеміне; ә) материалдардың мазмұнына; б) берілетін уақыт көлеміне; в) қойылатын сұрақтарға; г) көрнекі құралдарды іріктей білуге; д) материалды қызықты етіп айта білуге т.б. Сонымен қатар *лекцияның мақсат, міндеттерін былайша жіктейді:*

1. Сабақтың идеялық бағытын қамтамасыз ету;
2. Оқушыларға белгілі бір ғылым саласы бойынша ғылыми ақпаратты жеткізу;
3. Ғылыми дәйектемелер, негіздемелер арқылы басты ақпаратты ғылыми кең арнада таныту;
4. Дәрістің эмоциялық қабылдануын қамтамасыз ету;
5. Ойды ретімен жүйелі түрде ұсыну;
6. Басты ойлар мен пікірлерді, көзқарастарды ерекшелей көрсету;
7. Түсінікті тілмен баяндай білу;
8. Жаңадан ұсынылатын терминдер мен атауларды түсіндіру [115, б.86].

Арнайы курсты оқыту барысында студенттерге оқылатын инновациялық дәрістердің тиімді бірқатар түрлері олардың орындайтын міндетіне байланысты таңдалынып алынады. Мәселен:

Кесте 3 – Арнайы курсты оқыту барысында жиі қолданылатын инновациялық дәріс түрлері

№	Дәріс түрлері	Дәріс процесіндегі оқыту – оқу әрекеттері мен олардың міндеттері	
		Оқытушы	Студент
1	Кіріспе дәріс	Арнайы курстың мақсаты мен міндетін түсіндіреді	Оқытушымен бірлесе отырып курсының құрылымын, кезеңдерін, ғылыми әдебиеттер тізімін, өзінің алдағы орындайтын алгоритмді қадамдары мен жоба орындау міндеттерін анықтайды.
2	Интерактивтік дәріс	«Мультимедиа, Аудио, дәріс» (Электрондық оқу құралы, эл.сөздіктер, эл.тест жинағы), «Бейне-дәріс», Мотивациялық баяндау өткізу әдістерін қолданады. Дәріс мазмұнын бейне-аудиожазба түрінде ұсынады.	Дәріс мазмұнын қорытындылайды, ұғымдар мен ұғымдарды есте сақтайды. Қажет болған жағдайда бейне және аудио дәрістерді қайта-қайта тыңдайды. Қосымша мультимедиялық жүйелерді пайдаланады.

3-кестенің жалғасы

3	Проблемалық дәріс	Эвристикалық әдісті қолданады. Студенттермен бірге шешім іздейді. Проблемалық жағдаят туындатады.	Бірнеше болжам ұсынады. Оқытушымен бірлесіп, топ болып ұсынған шешімін тексереді. Алынған ақпаратты жүйелейді.
4	Визуалдандыру дәріс	Дәрістің мазмұнын көру арқылы қабылдау формаларына - сызба, сурет, тірек конспект, модель түрлері арқылы ұсынады. Комментарий жасап отырады.	Өздері орындайтын СӨЖ, СОӨЖ жұмысына қажетті визуалдық формаларды іріктейді, оқытушымен бірлесе отырып, оларды жүйеге түсіреді.
5	Дуэт дәріс	Екі оқытушы шынайы педагогикалық жағдаятты модельдейді.	Екі оқытушының логикалық ойын ескере отырып, мәселен Шетел әдебиеті пәнінің оқытушысымен бірге тақырыбының теориялық және практикалық негіздемелері туралы өзіндік ой қалыптастыруға болады.
6	Мини-дәріс	Жоба орындаушы студенттерге презентация түрінде теориялық мәліметтер ұсынады	Презентациямен толық танысып, Жоба орындауға қажетті мәліметтерді іріктеп алады.
7	Шолу дәріс	Монолог әдісін қолданып, базалық білім мазмұнын анықтамалар, терминдер, дефинициялар түрінде ұсынады.	Өзіндік жұмыстар орындайды.
8	Кеңес беру дәрісі	Өзінің мақсатын сыныптың (студенттің) сұранысы бойынша анықтайды. Мұндай лекция тындарманның ынтасын туғызып, мұғалім мүмкіндігін толықтай пайдалануға мүмкіндік жасайды.	Өздері орындайтын СӨЖ, СОӨЖ жұмысына қажетті мәліметтерді іріктейді. Зерттеп жүрген тақырыбына байланысты туындаған сұрақтар бойынша кеңес сұрайды.
9	Шатастыру дәрісі (қатені түзету)	Алдын-ала жоспарланып ұсынылған қателер арқылы берілген ақпаратқа талдау жасайды, бағдарлайды және оны бағалау дағдысын қалыптастырады.	Мәтінмен жұмыс жасайды.
10	Сұхбат дәріс	Сабақ материалы сұрақтарға айналдырылып жауап алу үдерісінде мазмұн ашылады.	Осы лекция түріне кері байланыс жасау және кеңес беру лекциясы мазмұн жағынан жақын келеді.
11	Дидактикалық дәріс	ми шабуылы арқылы, ойын түрлері қолданылатын лекция	Шешімін іздейтін мәселелерді студенттер өздері қалыптастырып, оны өздері шешуге талаптанады.
12	Конференция-дәріс	Дәрістің модераторы ретінде, бірақ оқытушы ролінде өз ойын білдіріп отырады.	Тақырып бойынша баяндама жасайды, АКТ қолданып, өзінің ғылыми-практикалық шешімін қорғауға өз ойын дәлелдеуге қажетті аргументтер мен

			деректерді мол етіп ұсынады.
3-кестенің жалғасы			
13	Пресс-конференция дәрісі	Пән оқытушысы талқылау үдерісін ұйымдастырушы рөлін атқарады. Пресс-конференцияға бірнеше оқытушылар немесе сол салаға қатысты мамандар қатыстырылады. Сабақ соңында барлық қатысушылардың пікірлері мен ойларын қорытындылайды.	Лекция тақырыбы бойынша сұрақтар қояды.

Жоғарыда аталған дәріс түрлері қазіргі кезде жоғары білім беру саласында немесе мектептерде жиі қолданылып жүр. Әрине бұл дәрістің түрлерін оқытушы курс бағдарламасындағы дәрістің түріне, табиғатына қарай таңдайтыны анық. Мәселен, «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» элективті курсына кіріспе дәріс, интерактивтік дәріс, проблемалық дәріс, дуэт дәріс, сұхбат дәріс, дәріс-конференция дәрістері ұйымдастыруға болады.

Кіріспе дәрістің үлгісі.

Дәрістің тақырыбы: «Фольклордағы мифологияның зерттелуі»

Мақсаты: қазақ фольклорының зерттелу тарихын, фольклордың ауызекі сипаты, халықтығы, көпнұсқалылығы, синкреттілігі, тарихилығы, дәстүрлілігі, ұлттық сипаты т.с.с. жайында анықтау.

Тірек сөздер: фольклор, мифофольклор, мифологиялық фольклор.

Жоспары:

1. Қазақ фольклорын жинаудың ерекшеліктері
2. Қазақ фольклорының ХІХ - ХХ ғасыр басында жиналу тарихы
3. Фольклорды Кеңес дәуіріндегі жинаудың шарттары мен түрлері
4. Фольклорды жинау тәсілдері.

Интерактивтік дәрістің міндеті – оқытушы студенттің дәрісті тыңдауы барысында білім алуға деген мотивациясы жоғарылауына қажетті әдістерді қолдануы керек. «Оқытушы - студент», «студент -студент» формасындағы диалогтарды қолдануына болады. Дәріс тақырыбы бойынша сыни көзқарастарын, өзіндік бағалауын білдіруіне студенттерді ынталандырады. Осымен бірге, дәрістің «бейне-дәріс», «аудио-дәріс» формалары қолданылады. Дәріс процесінде мәселені шешуге қатысты мини-рөлдік ойындар қолдануға болады. Бұл дәрістің тиімді тұсы – студентпен кері байланыс орнатудың болуы және ол табиғи түрде жүретіндігі. Тәрбиелік ықпалы өте үлкен дәрістің бір түрі болып саналады.

Проблемалық лекция сабағының үлгісі.

Дәріс тақырыбы: О. Бөкей повестеріндегі аңыздық-мифтік желінің көркемдік қызметі

Сабақтың мақсаты:

I Оралхан Бөкей шығармашылығымен таныстырып, «Атау кере», «Мұзтау», «Қар қызы» повестері туралы мағлұмат беру;

II Жазушы повесінің негізгі идеясы мен көркемдік ерекшелігін талдай отырып, қаламгердің өзіндік шеберлігін таныту;

III. Оралхан Бөкей повестерін оқи отырып, ондағы мифтердің көрініс табатын тұстарын саралау;

IV. Аталған үш шығарманың бір-бірімен байланысын талдай отырып, мифтік желілердің философиялық қызметін миф пен аңыздың қызметтері мен ерекшеліктерін анықтау.

Проблемалық дәрістің міндеті – дәріс тақырыбы проблемалық жағдаят ретінде ұсынылып, студенттер мен оқытушы ынтымақтастық және эвристикалық диалог әдістерін қолданады, біріге отырып, зерттеу әрекетін оймен модельдейді. Бұл дәрісті өткізуге оқытушының терең дайындықпен келуі тиіс екені белгілі.

Дәрісті ұйымдастырудың формалары: топтық, ұжымдық, индивидуалды форма.

Сабақтың жабдығы: Интерактивті тақта, портрет, слайд, О.Бөкей том жинақтары. Тірек – сызбалар.

Топқа бөлу. Топтағы студенттердің санына сәйкес, шағын үш топқа бөлу. ЖИГСО стратегиясы бойынша тапсырма орындалады. Сабақ соңында «Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою» әдісі қолданылады. ЖИГСО әдісі деген не? Аз-кем мәлімет беру

Сабақ барысы:

I Қызығушылық ояту

– Оралхан Бөкей шығармашылығы туралы не білесіздер?

– Мектепте немесе төменгі курстарда оның қандай шығармаларын оқыдыңыздар?

– Жазушы шығармалары сіздерге ұнай ма, ұнаса, несімен ұнайды?

II Қарастырылатын сұрақтар:

Проблемалық сұрақтар арқылы шығарманың көтерген мәселесін айқындау:

«Қар қызы» повесі бойынша:

– Автор неліктен шығармасында Нұржан, Бақытжан, Аманжан сияқты кейіпкерлерін әкесіз өскен балалар ретінде бейнелейді?

– Шығармада Қонқай шал неліктен өзінің қылықтары, қылмыстары үшін жазаланбайтынына сенімді?

– Упрай бөлімше басқарушысы қыстың ортасында, қақаған аязда жас механизматорларды неліктен ит өлген жерге – Айыртауға шөп әкелуге жіберді?

– Бөлімше басқарушысы неліктен мал азығын табудың басқа амалын таппады?

«Атау-кере» повесі бойынша:

– «Атау-кере» сөзінің мағынасы?

– Шығармада қазақ тарихында болған қандай зұлмат суреттеледі?

– «Атау-кере» хикаятының ең негізгі көтерген тақырыбы, авторлық идея?

«Сайтан көпір» повесі бойынша:

– Повестегі кейіпкерлер жүйесі?

– Сайтан көпір хикаясы суреттелген оқиға қай жерде болған?

– Бас кейіпкер Аспанға деген ауыл халқының көзқарасы?

III «Проблеманы айқындау» кезеңі

IV Ой қорыту

«Проблема шешімін қолдану» кезеңі аталған лекция бойынша меңгерген білімдерін қолдану және сын тұрғысынан ойлауға арналған, коммуникация және рефлексияға арналған тапсырмалар арқылы бекітіп, студенттерді шығармашылық тұрғыдан жұмыстандыруға бағыттауға болады.

Конференция-дәрістің міндеті – студенттерге алдын ала тақырып беріледі, пайдаланылатын әдебиеттер мен қосымша ғылыми ақпараттар алуға болатын ресурстар көзі ұсынылады. Дәріс кішігірім конференция түрінде, студенттердің баяндама оқуымен өткізіледі.

Арнайы курстың теориялық тақырыптарын дәрістерден бөлек семинар, СӨЖ, СОӨЖ сабақтар түрінде меңгертудің де маңызы жоғары. Жоғары мектепте интерактивті оқыту әдістерін пайдалана отырып, студенттермен жүргізілетін аудиториялық дәріс, семинар, практикалық сабақтар, сондай-ақ студенттердің оқытушымен бірлескен өзіндік жұмысы, студенттің өзіндік жұмыстарында интерактивті әдістерді қолдану күрделі оқу материалын нәтижелі меңгерумен қатар, студенттердің таңдаған мамандығына сүйіспеншілігін және жауапкершілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұны семинар сабақтарындағы топтық шығармашылық тапсырмалардың орындалуынан көреміз.

Семинар сабақтарында белгілі бір жеке ғалымның басшылығымен студенттердің теориялық курс пен ғылыми зерттеу жұмыстарының әдістерін меңгеруін сипаттайды. Семинар сабақтары жоғары мектеп алдындағы міндеттердің өзгеріп отыруына орай үнемі жетілдіріліп отыратыны анық. Қазіргі кездері семинар сабақтары, негізінен, жоғары мектепте гуманитарлық, педагогикалық және техникалық пәндерді оқытуды ұйымдастырудың формасы болып табылады. Ол студенттерде ойлай білу мәдениетін дамытудың құралы болып саналады. Әрине, семинар сабақтарының жоғары оқу орындарында алатын орны мен ерекше функциялары, яғни студенттің әрдайым және үздіксіз ойланып-толғану күйінде болуына, ізденуге, зейінін шоғырландыруға негіз болатыны бұрыннан белгілі.

Арнайы курс бағдарламасын жүзеге асыру барысында семинарлардың дәрістің тақырыбымен тікелей байланысты түрін де, қосымша тақырып ретінде өткізілетін түрін де, практикалық семинар түрін де қолдану көзделді. Дәстүрлі семинар сабақтарын өткізуде оқытушы – дидактикалық процестің актив субъектісі болатын да, студент – оқулықтан, басқа білім көздерінен ақпараттарды жинақтап, біріктіріп, нәтижесін баяндап беретін ғана пассив субъект болып келді. Қазіргі кезеңде семинар өткізудің түрлері молайып, ақпараттық-коммуникациялық технологияның көмегіне жүгіне отырып, қызықты етіп өткізу мүмкіндіктерінің өрісі кеңейді. Жаңа педагогикалық

технология жүйесінде семинарлардың жаттықтырушы, инновациялық, студенттің белсенділігін қажет ететін түрлері туралы айтылды.

Мәселен студенттердің өзіндік жұмысы мен өздігінен білім алу үрдісі екі жақты болғандықтан СООЖ оқытушының басшылығымен, сонымен қатар студенттерді дербестігін, олардың қызығып, өз ықыласымен жасайтын әрекетінен тұрады.

СӨЖ-ын және СООЖ ұйымдастырудың мақсаты:

Оқытушы мен студенттің өзара бірлескен жұмысы (СООЖ) студенттердің пәнді жүйелі меңгеруіне, білім мен білік, дағдыларын қалыптастыруға, дәріс және семинар сабақтарында алған теориялық білімдерін талдап, қорытынды мен тұжырымдар жасауға және оларды практикада қолдануға үйретеді. Ал студенттің өзіндік жұмысы оқулықта берілген материалдарды, білім қорын өз зерттеу жұмыстары негізінде жаңаша қорытындылап, кәсіби міндеттерді шығармашылық тұрғыда шеше алатын дағдыға айналдыруды мақсат етеді. Силлабуста ұсынылып отырған СӨЖ түрлері осы мақсаттарды ескере отырып құрылды. Студенттердің өзіндік жұмыстары *зерттеу, ізденіс және шығармашылыққа негізделіп*, жазбаша түрде орындалуы керек.

Пән бойынша 7 СӨЖ, 7 СООЖ жұмысы беріледі. Олардың әрқайсысында 3 тапсырмадан берілді. Студент осылардың біреуін таңдауға құқылы. Әр тапсырманың соңында орындау талаптары және берілген жұмыс түрінің сипаттамасы көрсетіледі.

Практикалық сабақтарда білімгерлердің білігін қалыптастыру түрлі жаттығуларды орындау түрінде, іскерлік ойындарда әртүрлі рөлдер орындау барысында, білім жобаларын жасау және педагогикалық ситуацияларды модельдеу түрінде жүзеге асырылады. Қазіргі кезде ғылыми информацияның жедел өсуіне байланысты білімгерлердің өздігінен білім алып, өздігінен оқып-үйренуі өте маңызды болып отыр [159, б.4].

Студенттердің кәсіби біліктілігі мен құзыреттілігін жетілдіруде көмектесетін аудиториялық лекция, семинар, практикалық сабақтармен бірге, студенттің өз бетімен істейтін өзіндік жұмыстары (СӨЖ) және студенттің оқытушымен жүргізілетін өзіндік жұмыстарының (СООЖ) маңыздылығы зор. СООЖ арқылы танымдық біліктілікті жетілдіре отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізу студенттің кәсіби құзыреттілігін дамытып, белгілі бір білім-білік дағдыларын қалыптастырады. Бұл туралы педагогикалық сөздікте: «Өзіндік жұмыс дегеніміз – барлық құрылымның құрамаларында мәселені қоюдан бақылауды. Өзін-өзі бақылауды және түзедуді, қарапайым жұмыстың түрлерін күрделірегіне, іздену сипатында болатын студенттің өз бетіндік нақты деңгейінің болуын талап ететін оқу іс- әрекеті. Бұл студенттердің танымдық қабілеттерін қалыптастыратын, оларды үздіксіз өздігінен білім алуға бағыттайтын құрал» [160, б.124] деген анықтама берілген.

Баяндама арқылы берілген тақырып бойынша анықталған пікірлер мен тұжырымдарды жүйелеп беруге болады.

Студенттердің өз бетінше жұмыс жасауына мақала жазудың да маңызы

жоғары. Мақала – нақты зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми зерттеулерге талдау жасап, қорытынды беріледі. Сонан соң зерттеудегі өзінің аталған мәселеге қатысты көзқарасын ұсынып, оны дәлелдейді. Мақала соңында қорытынды тұжырымдар жасайды. Білімалушылардың курстық жұмыс немесе дипломдық жоба дайындап үйренуі үшін, алдымен реферат жазуға көңіл бөлгені орынды. Реферат – бірінші түпнұсқаның негізгі мазмұнының қысқаша, ықшамдалған нұсқасы. Түпнұсқада көтерілген барлық мәселені қамтуға тиіс. Реферат бірнеше құрылымнан тұрады:

- Реферат жазылатын материалдың не бөлімінің аты;
- тақырыбы;
- автордың аты-жөні, шығарған баспа, жылы (автор жөнінде толық мәлімет);
- рефератта жазылатын ойды ықшамдап көрсетеді (оған өз пікірін қоса алмайды);
- реферат мазмұны түпнұсқа бойынша берілген жүйемен, ізбен баяндалады.

Рефераттарды ақпараттық не болмаса реферат-конспект, реферат-резюме деп бөліп қарастыруға болады. Біріншісінде тақырыпқа сай барлық ақпараттарды көрсетеді, ал екіншісінде тек негізгі мәліметтерді тізіп береді, ал соңғысында қорытынды дәлелдерді келтірмеуге де болады.

ЭССЕ (фр. «essay» – попытка, проба, очерк) – очерк, шығарма, белгілі бір тақырыптарға ой толғау. Рефератпен салыстырғанда, эссе автордың өзіндік ойларының жиынтығы болып табылады. Бұл философиялық, тарихи-биографиялық, публицистикалық, әдеби-сыни, ғылыми-көпшілік немесе беллетристикалық сипаттағы жаңа сөз. Эсседе пайдаланған дерек көздер, дәйектемелер көрсетілуі керек. Эссе көлемі 1-3 бет немесе 350-500 сөз аралығында. Эссе жанры шығармашылық еркіндікті қажет етеді. Ол кез-келген стилде жазылады. Академиялық жазылым мәселелерін зерттеп жүрген Е. Оспанов «Эссе және оның түрлері» атты еңбегінде: «Академиялық эссе жазу барысында автор өз ұстанымын, идеясын жүйелі түрде жаза отырып, пікіріне қатысты дәлелдер мен дәйектер келтіруі тиіс. Автордың негізгі мақсаты – өз оқырманына өз ойын барынша тиянақты, мағыналық жағынан жүйелі етіп ұсыну болып табылады. Сондықтан эссе жазуда оның құрылымына, осы құрылымның логикалық түрде берілуіне аса мән беріледі. Эссенің мазмұндық тұтастығы осы құрылымға бағынады. Бірақ эссе құрылымының белгілі бір формуласы жоқ. Құрылым эссені тапсырмасына, яғни қай бағытта жазылуына тікелей тәуелді», - деген пікір айтады [161, б.3]. Аталған еңбекте автор эссенің бірнеше түрін атап көрсетіп: дискуссивті эссе, аргументтік эссе, салыстыру эссесі, себеп-салдар эссесі, келісу немесе келіспеу эссесі, мәселе және оның шешімін қарастыру эссесі, синтез эссе, сипаттамалық эссе, уәждемелік эсеге мысалдар мен жаттығу тапсырмаларын жүйелеп берген.

Жоғары кәсіби білім беруде әдебиетті оқыту әдебиеттің даму тенденциясына байланысты көркемдік құндылығы жоғары туындыларды меңгертуді көздейді. Әдебиет үздіксіз даму үстінде болатын процесс

болғандықтан, әдебиеттің соңғы жылдар ішіндегі табыстарының өзі қазіргі кезең әдебиеті курсының мазмұнына едәуір өзгерістер енгізіп, үнемі оқу бағдарламаларын жаңартып, қадағалап отыруды қажет етеді. Білім беруді түсінудегі өзгерістер оқытудың жаңа тәсілдерінің, білімалушыларды оқыту стратегияларының, құралдардың, әдістер мен әдістердің пайда болуына әкелді [162, б.206].

Оқу процесінде жеке тұлғаның білікті маман етуге бағытталған оқыту тәсілдерін озық тәжірибемен сабақтастыру бүгінде күн тәртібіне шықты. Өйткені, белгілі бір оқу орнын бітіріп шыққан түлектің алған білімі жұмыс берушінің талабымен сәйкес келе бермейді. Ақыры, сол маманға мұқтаж болып отырған жұмыс беруші жас кадрды қайтадан даярлап, оқытуға мәжбүр. Бесаспап жұмысшы мамандар даярлау – бүгінгі күннің басты мәселесі. Сондықтан да кәсіптік білім беру саласында студенттерді кәсіби мамандыққа үйрету және тәрбиелеуде өндірістік оқыту шеберлері педагог болып саналады. Оқу процесін жетілдіру, оқушылардың қазіргі кезеңдегі технологиялық процестерді меңгеруі үшін өндірістік оқытуда көптеген инновациялық әдестерді тиімді қолдана отырып, мамандығын жақсы меңгерген, білімін әрі қарай жетілдіріп отыратын білікті де, білімді кәсіби мамандар даярлауға әбден болады.

3.2 Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың инновациялық жолдары

Қазіргі кезеңде республиканың білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – білім алушы жастардың білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге көтеру. Ол үшін білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болу мүмкін емес. Уақыттың талабына орай педагогикалық технологияны меңгеру студенттердің кәсіптік, интеллектуалдық, азаматтық, адамгершілік, рухани және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Сонымен бірге өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бұл өз кезегінде бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау жоғары мектептің маңызды міндетіне айналып отыр деген сөз. Мемлекеттік тапсырысқа сай мамандарды даярлау үшін кез-келген жоғары оқу орнының ең бірінші мықты оқытушылық корпусы болуы қажет. Сәйкесінше, жоғары мектеп оқытушысына қойылатын кәсіби талаптар да жоғарылауда.

Оқыту технологиясы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолындағы алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс, құрал және түрлерінің жүйесі болып табылады. Қажетті мазмұнды, тиімді әдістер мен құралдарды бағдарлама мен қойылған педагогикалық міндетке сәйкес іріктей білу мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты. Берілген анықтамалардан «технология» *techné* – өнер, шеберлік және *logos* – ғылым, заң, яғни технология дегеніміз шеберлік (өнер) туралы ғылым екенін білуге болады [159, б.36].

Оқу технологиясын оқу әдістемесінен ажырата білген жөн. Олардың бір-бірінен айырмасы – оқу технологиясын қайталап, көбейте таратуға болады. Қай жағдайда да технология өзіне сай түзілген оқу процесінің жоғары сапасына және педагогикалық міндеттердің табысты шешілуіне кепіл бола алады. Ал әдістеменің соңғы тиімді нәтижеге жете алмауы жиі кездеседі. Сонымен бірге, әдістеме технологиялық деңгейге дейін көтерілуі мүмкін. Мысалы, жаңа материалды түсіндірудің белгілі әдістемесі бар. Егер ол әдістеме шынайылық, сенім, сәйкестік талаптарына орайласса, оны технология деп тануға болады.

Оқу технологиясы педагогикалық шеберлікпен өзара байланысты. Оқу технологиясын жете білудің өзі – шеберлік. Бір технологияны әрбір оқытушы жеке іске асырып отыруы мүмкін, ал осы іске асырудағы технологиялық ерекшеліктерден оқытушының оқу шеберлігі көрінеді. А.К. Игібаева, А.Т. Дюсенбаева «Жоғары мектеп педагогикасы» атты еңбегінде: «Педагогикалық технология кешенді, біріккен үрдіс. Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалар шешімін басқаруды қамтиды. Педагогикалық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі – теориялық негізде орындалуы (В.Б. Беспалько, В.В. Данилов, В.К. Дьяченко және т.б.), екіншісі іс-тәжірибемен жүзеге келуі (Е.Н.Ильин, С.Н. Лысенкова, В.Ф.Шаталов және т.б.)» [154, б.104], – деген пікір келтіреді. Яғни заман қаншама өзгеріске ұшыраса да, қоғам қаншама төңкерісті бастан кешірсе де өзгермейтін, білімнің қозғаушы күші болатын бір тұлға бар, ол – оқытушы деген ой келеді. «Қазақтың қаны бір, жаны бір қолбасшысы – мұғалім», – деп М.Жұмабаев айтқандай, ұрпағымыз саналы да білімді болуы – заман талабы және ортақ мақсатқа кіреді.

Осы орайда технология астарында не жатыр? Оқу технологиясы жөніндегі идея қашан пайда болған? деген сұрақтардың тууы орынды. Қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды зерттеп жазған оқулық, оқу құралы, диссертацияларды т.б. қарағанда мұндай ғылымдық мәні бар жаңалықты барлығы Я.А.Коменскийден бастайды екен. «Ұлы педагог – ғұлама 17-ғасырда-ақ оқудың «техникалық» (яғни «технологиялық») болатынын уағыздап, оның мүлтіксіз тиімді нәтиже беретін жолдарын іздестіріп бақты. Я.А.Коменский еңбектеріне үніле түссек, педагогикалық технологияға бастау берген даналық пікірлерді табамыз: «Дидактикалық машина үшін қажет нәрсе – 1) түбегейлі ойластырылған мақсаттарды; 2) сол мақсаттарға жетуге дәл икемдестірілген жабдықтарды; 3) мақсаттың орындалмауына мүмкіндік бермейтін нақты жабдықтарды қолданудың мызғымас ережелерін табуымыз керек» [159, б.10].

Ал оқыту технологиясын жаппай ендіруді зерттеушілер 60-шы жылдардың басына жатқызады және оны алғашында американдық, ал одан соң европалық мектептің қайта өрлеуімен байланыстырады. Шетелдегі педагогикалық қазіргі заманғы технологияларды зерттеуде неғұрлым танымал зерттеушілер ретінде Дж. Кэрролл, Л.Н. Ланд, Ю.К. Бабанский, Л.М. Эрдниев, Н.П. Раченко, Л.Я. Зорина, В.П. Беспалько, М.П. Хомерики есімдері аталады. Отандық зерттеушілерден Г.М. Құсайынов, Ж.Қараев еңбектерінде

педагогикалық технологияны – өнер, шеберлік, білік, білімді меңгерудің жаңа жолы (оқытуды ұйымдастырудың жаңаша формалары, әдіс-тәсілдері), оқыту процесін ұйымдастырудың, өткізудің жан-жақты ойластырылған педагогикалық қызметтің моделі деп көрсетеді.

Технологиялық өзгеріс тек білім саласында ғана емес саясатта да, экономикаға да түрлі өзгерістер алып келуде. Тіпті мемлекет тарапынан да қарастырылып жатқан заңнамалар, қабылданып жатқан бағдарламалар да білім саласының қоғаммен қатар дамып, ілгері жылжуын талап етеді. Осы орайда қазақтың бас ақыны Абайдың «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген сөзінің заманы енді туып келе жатқандай. Қазақстанның білім берудегі өзгерістері, талаптары – әлемдегі жаңа ақпаратқа ілесудің, заманауи технологиялық үрдістің ағымынан қалмаудың жолы, бұл білім саласында жаңаша әдіс-тәсілдердің заманы келді дегенді білдіреді. Дегенмен осы уақытқа дейін дәстүрлі оқытудың негізін қалаған, ХХ ғасыр басында сапалы білім берудің тың үлгісін жасаған, ғасыр жүгін арқалаған ұлы тұлғалардың әдістемелік ой-пікірлері әлі де маңызын жоғалтқан жоқ. Тіпті білім беру мекемелерінде қолданыстан түсіп қалмағаны анық. Тек уақыт өте келе түрлене түсті. Осыған байланысты ғалым Фаузия Шәмсиқызының: «Қазақ елінің білімі мен мәдениетіне, өркениетіне өлшеусіз қызмет еткен көрнекті ғалым, жазушы, тілші тұлғалардың оқу жүйесін жақсартуға арналған еңбектерінде қазіргі технологиялардың барлығы да көрініс тауып, сабақ сапасын арттыруға, мұғалім шеберлігі мен оқушы білімін жетілдіруге бағытталған. Әрине, ол кезде ғалымдарымыз оны «технология» деп атаған жоқ. Бірақ қазіргі технология түрлерінің ішкі мазмұны мен талаптарын, басты белгілерін сол кездің өзінде саралап, негізгі идеясын баяндаған» [160, б.6], – деген пікірінде үлкен мән жатыр. Жаңа педагогикалық технологияларды қолданысқа енгізуде оқу-тәрбие үдерісінің қолайлылық жағдайын туғызу, оның базалық қорын жасау – жұмыс сапасының негізі болып табылады. Осы орайда:

- ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогика, әдістемеден хабардар оқыта білетін мұғалім;
- оқыту ісіне керекті құралдар қолайлы һәм сапалы болуы;
- мектепке керегі белгіленген программа [159], – деген ағартушы-ғалым А. Байтұрсыновтың көрегенді пікірінің өміршеңдігін байқамыз.

Осы заманғы дидактикада әрқилы оқу технологиялары көрініс беріп жүр. Олардың көп түрлі болу себебі – әр автор мен орындаушының педагогикалық процеске өзінше жаңалық қосып, технологияға өзгеріс ендіріп баруымен байланысты. Мәселен В.П. Беспалько педагогикалық технологияны қойылған білім беру мақсаттарын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тәрбиелеу мен оқытудың теориялық негізделген үрдістерін жаңадан өндірудің, еске түсірудің құралдар мен әдістер жиынтығы ретінде анықтайды. Оның тұжырымдары бойынша технология төмендегідей шарттарды іске асыруы тиіс:

1. Оқытуда дайындықсыз әрекеттерді болдырмау;
2. Оқушының оқу-танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұны оқу-тәрбие үрдісінің жобасына негізделуі қажет [152, б.198].

Жаңа педагогикалық технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін, әр оқытушы педагогтік мақсатына, мүддесіне сай, өзінің шеберлігіне орай таңдап алады. Бұл жаңа технологиялар-білімалушылардың шығармашылық қабілеттерін, терең ойлай білуін, теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған. Осыған орай: Ынтымақтастықта оқыту технологиясы, «Білім беруді ізгілендіру технологиясы» (Ш.А. Амонашвили), «Дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы» (П.М. Эрдниев), «Дамыта оқыту технологиясы» (Л.С. Выготский, Л.В. Эльконин, В.В. Давыдов), «Модульдік оқыту технологиясы» (В.М. Монахов), «Проблемалық оқыту технологиясы», «Тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы» (В.Ф. Шаталов), «Түсіндіре басқарып оза оқыту технологиясы» (С.Н. Лысенко), «Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы», «Оқытудың компьютерлік технологиясы», «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқыту технологиясы» т.б. көптеген технологиялар енгізілді.

Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет-ақ. Жаңалықты меңгеру мен жүзеге асыруда дұрыс түсінбеушілік ұйымдастырушыға әртүрлі кедергі жасайтыны белгілі. Сондай педагогикалық технологиялардың бірі «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту». «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған білім берушілердің бірлескен еңбегі деп түсінуіміз керек. Бұл технологияның артықшылығы неде? Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы білімалушыларға кез келген мазмұн, түсінікке сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға сапалы шешім қабылдауды үйренеді. Жалпы сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының мақсаты үш кезеңнен тұрады. Олар:

- қызығушылықты ояту;
- мағынаны тану;
- ой толғаныс кезеңдері.

Қызығушылықты ояту кезеңінде білімалушылар немесе оқушылар бұрынғы білімдері мен сезімдеріне әсер етіп, жаңа білімге мазмұн қалап, болашақта зерттеу көмектеседі.

Мағынаны тану кезеңінде жаңа мәлімет пен идеяны немесе жаңа мазмұнды игеріп, іске асырады. Жаңа ақпараттарды қабылдай отырып, белсенді түрде іс-әрекеті басқаруы қажет.

Ойтолғаныс кезеңі үйрену процесінің соңғы фазасы болады да, бұл кезеңде оқушылар алған білімдерін сыртқа шығарып, түсінгендерін өз сөздерімен жеткізе бастайды.

«Сын тұрғысынан ойлау» технологиясының осындай ерекшелігін ескере келіп, «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» курсы оқыту тәжірибемізде сын тұрғысынан ойлау технологиясына басымдық бердік.

«Сын тұрғысынан ойлау» технологияларының ішінде білімгерді сын тұрғысынан ойлауға, дивергентті ойлауға әкелетін әдіс-тәсілдер қатарында

- «ақылдың алты қалпағы»;
- «дананың кілттері»;

- «ойлау карталары»;
- «кубизм» сияқты тәсілдер бар.

Бұл әдістердің ортақ ерекшелігі – олардың барлығы бір мәтінге әр қырынан келіп, әр тараптан талдап, саралап, сараптап, бағалайды. Сонымен қатар бұл әдіс шағын топтарда оқу материалын талдау мен талқылаудың тиімді құралы болып табылады.

Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» хикаятындағы образдар жүйесі бойынша тәжірибелік сабақта Эдвард де Боно қолданған «Ақылдың алты қалпағы» әдісі арқылы шығарманы талдадық.

Мәтін бойынша «Ақ қалпақтылар» тобындағы студенттерге неомифологияға тән фактілерді жинақтау тапсырылды. Мақсаты – әңгіме мәтініндегі барлық деректерге, фактілерге және маңызды бөлшектерге назар аудару. Барлық жиналған ақпаратты жүйелеу, кейбір мәселелерді талдау, ой толғау. Топқа қойылған міндеттер:

- Повестің оқиға желісінде уақыт пен кеңістікті айқындау. Повестегі оқиғалар нақты қай уақыт пен кеңістікті қамтиды? Мәтіннен дәйек, дерек жинау;

- Шығармадағы мифологияға қатысты деректердің неомифологиялық сипатын анықтау, басқа жазушылардың шығармаларынан және тарихи оқиғалардан үзінді келтіру;

- Неомифологизм табиғатын ашатын детальдарды бөліп көрсету, ортақ көрініс арқылы топтастыру.

«Қызыл қалпақ» тобындағы студенттерге «Бектордың қазынасы» повесіндегі образдардың табиғатын саралау міндеті жүктелді. Ондағы мақсат – әңгімедегі образдар жүйесін зерттей отырып, адам психологиясы мен эмоциясын берудегі неомифологизм мен жазушының шығармашылық мүмкіндіктерін саралау.

Міндеттері:

- Бекторының мифологиялық образын мәтін арқылы дәйектеу;

- Бекторы қандай мінез-құлықтарымен, қасиеттерімен ерекшелінеді?

- Бекторы бейнесінен өмір сүрген дәуіріне тән қандай белгілер аңғарылады? Деректер арқылы дәйектеу.

Кейіпкер психологизмін берудегі қаламгер тәсілін мысалдармен дәйектеу.

«Сары қалпақ» тобының мүшелеріне әңгімедегі көркем пейзаж мен портретті жасауда автордың қолданатын әдіс-тәсілдерін зерделеу тапсырылды. Мақсаты – автордың көркемдік шеберлігін таныту, идеясын қорғау.

Міндеттері:

- Мәтіннен кейіпкер портретін табу, портрет жасаудағы көркем детальдардың қызметін айқындау;

- автордың суреттеу тәсілдерінен мифтік сипатты айқындайтын деректерді жинау;

- автордың өзіне тән стилін анықтайтын дәйектемелер жинау;

- шығарма «неомифологизм ағымында жазылған» идеясын қорғау.

«Қара қалпақ» тобына «Бекторының қазынасы» повесіндегі романтикалық сарындарды табу тапсырылды. Мақсаты – «Бекторының қазынасы» неомифологизм ағымында жазылған шығарма деген идеяны теріске шығара отырып, қарсы уәж, дәйек табуға, пікір қорғауға үйрету.

Міндеттері:

–Шығармада постмодернистік сарындардың барлығын дәйектейтін мысалдар жинау;

–Постмодернизм ағымындағы өзге шығармалармен салыстыра талдау;

–Мәтіндегі неомифологизмдік, постмодернистік белгілердің шектестігін дәлелдеу.

«Жасыл қалпақ» иеленген топ студенттеріне повестің көркемдік тәсілі туралы креативті ойды қорғау тапсырылады. Мақсаты студенттерге тың идеялар мен жаңашылдыққа ұмтылдыру.

Міндеттері:

–Көркем мәтіндегі автор, кейіпкер, миф ұғымдарын түсіндіру;

– «Бекторының қазынасы» повесіндегі бас кейіпкер Қайырболдының мінезін сипаттау.

– «Повесть мифтік сарын бағытында жазылған» деген идеяны қорғау.

«Көк қалпақтағы» топқа басқа топтардағы идеяларды саралау-сараптау жұмыстары тапсырылды. Ондағы мақсат - пікірталас кезінде ұшқыр ойлы, біртұтас, логикалық тілге ие адамдарды анықтау. Жауаптарды салыстыру кезінде сыни тұрғыдан ойлауға мүмкіндік беру, бағалауға жағдай жасау.

Міндеттері:

–Топ мүшелерінің белсенділігін есепке алу;

–әр топқа өкіл болып бару арқылы топтағы жұмыс бағдарын анықтау (топтық жұмыс кезінде);

–топ жұмысын пікір қорғау сәтінде негізгі идеяларды есепке алу арқылы бағалау;

–топ жұмысының жетістігі мен кемшілігіне сараптамалық талдау жасау.

«Ойлау карталары» - мәтінді оқу мен талдаудың ең тиімді сыни тұрғыдан ойлау әдістерінің бірі болып табылады. Ойлау картасы сегіз түрлі тапсырмалардан тұрады:

–сипаттау;

–салыстыру және қарама-қарсы қою;

–ұқсастықтарды пайдалану;

–мәнмәтінде айқындау;


–жіктеу;

–бөлік/тұтас(мәтіннің белгілі бөлігі мен тұтас күйінде анықталатын мәселелерге арналған тапсырмалар);

–себеп пен салдар

–сабақтастықты анықтау.

Көлемді шығармалар үшін де, шағын жанрдағы әңгіме үшін де көркем мәтінді жан-жақты талдауға мүмкіндік беретін «ойлау картасы-тапсырмаларын» қолданған тиімді.



Сурет 4 – Ойлау карталары сегіз түрлі тапсырма түрі

Ендігі кезекте Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» повесін «ойлау карталарымен» топтық жұмыста талқыладық.

Бірінші топқа повесть қай бағытта жазылғанын анықтау тапсырылды. Шығарманың көркемдік қуатын анықтау үшін көңіл бөлінетін сипаттар:

- шығармадағы әлеуметтік шындықтың көрінісін анықтау.
- ащы шындықтың пародиялануы байқала ма?
- шығармада аңыз бен реалды өмірдің кірігуі көріне ме?
- мистика бар ма?

Екінші топқа кейіпкер қоғамдық мәселені талқылау (құрылым, стиль, көзделген аудиториясы, автор көзқарасы) тапсырылды.

Үшінші топқа Бас кейіпкер Қайырболдының Бекторымен кездескенге дейін және кейінгі психологиялық күйін салыстыра отырып шығарманың автор меңзеген идеялық мазмұнын ашу тапсырылды.

Төртінші топқа шығарманың композициялық құрылымын жіктеу тапсырылды.

Бесінші топқа әңгімедегі уақыт пен кеңістік, шығарманың бөлігі мен тұтас ауқымындағы автордың діттеген ойына қызметін айқындау тапсырылды.

Алтыншы тапсырмада шығармада кейіпкердің шыныда тұрған өз жүрегін көрген кездегі эмоциясын мысал арқылы дәлелдеу және Бекторының оған берген жауабын көрсету қажеттігі айтылды.

Жетінші тапсырмада өзге шығармалармен сюжет, идея, көркемдік тәсіл жағынан сабақтастықты анықтау берілді.

Сегізінші топқа автордың баяндау мен суреттеу тіліне еліктеп, авторға хат дайындау тапсырылды.

Одан әрі талдау «кубизм» стилінде жүргізілді. «Кубизм» алты түрлі тапсырмадан тұрады. Бір тақырып бойынша алты түрлі оқу әрекетін топтастыратын немесе бір нысанды алты түрлі бағытта талдайтын белсенді

әдістердің бірі. Бұл сыни тұрғыдан ойлауға және объектіні тануға бағытталған әдіс. Негізгі тапсырмалары:

- суреттеу (немесе сипаттау);
- салыстыру;
- зерттеу;
- талдау;
- қолдану(орны, мақсаты);
- дәлел келтіру түрінде келеді.

Бұл тапсырма арқылы повестің белгілі бір бөлігіндегі оқиға, зат, кейіпкер, интерьер т.б. шығарманы терең меңгеруіне, образдар жүйесін сипаттау, салыстыру және талдау, типтік кейіпкерлерді анықтау, шығарманың сюжеті мен композициясын талдау, шығарманың бөліктерін ұқсастықтары мен айырмашылықтары бойынша топтастыру, тақырыптық идеясы мен көркемдігін анықтау шығармадағы шешімін табу, көркем шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру, талдау, рецензия жазу, көркем шығарманың идеялық мазмұнына сүйене отырып, оқырман ойын ауызша немесе жазбаша жинақтау сияқты тапсырмалар ықпал ететіні анық. Жалпы біздің мақсатымыз көркем мәтінмен жүргізілетін жұмыстарды түгел саралап беру емес. Әдетте шығарманы оқып, игеру, талдау жұмыстарын қай бағытта жүргізу керектігі оқыту мақсатынан туындайды. Біз Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» повесіндегі сюжеттік желі, оқиға қабаты, өзіндік стилі, көркемдік тәсілін өзге қаламгерлермен салыстыра талдауды мақсат еттік. Сондай-ақ қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарыны бар бірнеше шығарманы қатар ала отырып, салыстыра талдау арқылы жүргізудің тиімділігін аңғардық. Мәселен М. Мағауиннің «Қыпшақ аруы» повесімен салыстыра талдауда модернизнің белгілері, шығарма желісінің эпсанаға негізделуі, екі шығармаға да ортақ тотем, образдар сомдаудағы даралық пен ұқсастық сияқты мәселелерді саралау қазіргі қазақ прозасындағы кейбір ізденістерді зерделеуге де мүмкіндік беретінін байқатады.

Мысалы, «Қыпшақ аруы» повесіндегі ойды жеткізудің көркемдік жолдары, астарлы мәтін, мүсінші, тас мүсін, аруақ т.б. Осындай бөліктердің қызметін зерттей келе, модернистік және постмодернистік бағыттардың белгілерін ажырата отырып, қазіргі қазақ прозасындағы жалпылық пен даралықты тануға болатыны анық. Әр қаламгердің жеке қолтаңбасын айшықтап, өзіндік стилін айқындау – оның көркемдік ізденістерін танытудың бір жолы деп айта аламыз. Ғалым Т.Ақшолақов: «Әр жазушының шығармасындағы көркемдік компоненттерді тани отырып, стильдік ерекшеліктерін анықтаймыз. Әр автордың өзіндік суреттеу стилі, сөз саптауы болады. Бұл жазушының барлық шығармаларында көрініс тапқан. Осы сурет және кескіндеме әдістері арқылы біз суретшілердің көркемдік даралығын танимыз. Сондықтан шығарманың көркемдік құрамдас бөліктерін беру авторлық стильді танытудың бірден-бір жолы деп білеміз» [165, б.174], – дейді. Бұған қосарымыз шығарманың көркем компоненттерін таныту үшін авторларымыздың шығарманың өн бойына тасалаған көркем деталіне, тіліне,

образ беру тәсілі мен шығармадағы композициялық қисындарға қарап қаламгердің даралық ерекшелігі мен қазіргі қазақ прозасындағы өзге қаламгерлермен ұқсастығын зерделеу маңызды. Сол арқылы қазіргі қазақ прозасындағы мифтік сарындарды танытудың да мүмкіндіктеріне жол ашылады.

«Әдеби шеңбер» тәсілі бойынша әр шағын топшаға әдеби мәтіндерді ұсына отырып талқылауға болады Мәселен, төрт шағын топқа тиісті рөлдер ұсынып, бір шығарманы немесе төрт топқа төрт түрлі шағын прозалық жанрдағы шығарманы ұсынамыз. Мәселен, Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» повесі, Сәкен Жүнісовтің «Аманай мен Заманай», неомифологизмнен Қанат Әбілқайырдың «Жыланның кегі» хикаяты, Ә. Кекілбаевтың «Күй» повестері.

Бөлінген топтардың студенттеріне рөлдер бойынша «Зерттеушілер», «Байланыстырушылар», «Дәйектеушілер», «Қорытындылаушылар» деп белгіленген тапсырмалар ұсынылды.

1. «Зерттеушілер» тобына бұл шығармалардың идеялық мазмұны мен композициялық құрылымын, шығарманың тілдік ерекшеліктерін, баяндау мәнерін зерделеу, көркемдік әдістің ерекшеліктерін көрсету тапсырылды.

2. «Байланыстырушылар» тобына берілген тапсырма: барлық шығармалардағы ортақ белгілерді, баяндау тілі, сөздік образдар мен суреттеу тәсілдерін, әр жазушының дара стилін айқындайтын образ жасау ерекшеліктерін көрсету, салыстыру тапсырылады. Бұл ретте барлық шығармалардың ортақ белгілерін келтіру арқылы дәлелдеуге басымдық беріледі.

3. «Дәйектеушілер» тобындағы студенттерге өз тобына берілген повестердегі тақырыптық, идеялық, композициялық-құрылымдық ерекшеліктеріне талдау тапсырылады. Сонымен қатар көркемдік тәсіл, стиль ерекшеліктерін танытатын дәйектемелерді жинақтау тапсырылады. Дәйектемелерді өз тобымен ақылдаса отырып, негізгі қорғайтын идеяларын нақтылайды.

4. Соңына қарай, «Қорытындылаушылар» тобы қазіргі қазақ прозалық хикаяттарындағы мифтік кейіпкерлерінің ерекшеліктерін, тақырып ізденістерін, шынайылығын, өмірмен байланысын, бүгінгі күннің рухын танытудағы ізденістерін, көркемдік тәсілдерін зерттей отырып, қорытындылайды.

Қазіргі қазақ прозасының бір бөлігі көрсетілген баяндау жанрындағы шығармалардың тілдік ерекшеліктеріне талдау жасау авторлардың дара ерекшеліктерін ашып қана қоймай, қазіргі көркемдік ізденіс сипатын бағалауға да қызмет етеді. Көркем әдебиеттің тілдік ерекшеліктерін талдауға арналған келесі тапсырма «Қазына іздеу». Бұл тапсырманың негізгі мақсаты салт-дәстүр, көркемдік әдіс-тәсілдер, басқа тілден енген сөздер, көнерген сөздер, тілдік тіркестер мен фразеологиялық айналымдар, сөздік бейнелердің ерекшеліктері сияқты бірқатар тілдік-семантикалық құралдарға тоқталады. «Қазына іздеу» арқылы студенттердің тек білу, түсіну немесе ойлау деңгейінде орындайтын тапсырмалар ғана емес, талдау, жинақтау, қолдану, бағалау деңгейін меңгеруге де мән беріледі.

Тәжірибелік сабақтарды қазіргі қазақ хикаяттарындағы фольклорлық сарындар мен неомифологизмдерді талдауға арнаймыз. Қазіргі қазақ прозасындағы мифтік образдар мен мотивтердің көрінісін талдау көркемдік ізденіс сипатын ашып қана қоймай, қазіргі өнер түрлері үшін де өзекті екенін байқауға болады. Шығарманы басынан аяғына дейін талдаудың тиімді әдістерінің бірі ретінде «Ойлау картасын» мқолданамыз. Ол үшін білімалушыларды бірнеше топқа бөліп, әр топқа оқиғаны толық аша алатын «ойлау картасы» арқылы тапсырмалар береміз.

Бірінші топқа шығарманың қай бағытта жазылғанын анықтау тапсырылады. Хикаяттың барысын анықтау үшін біз бірнеше критерийлер қойдық:

–повестегі әлеуметтік шындықтың көрінісін анықтау;

–ащы шындықтың пародиялануын қарастыру;

–хикаятта аңыз бен реалды өмірдің аражігін ажырату, ұштасатын тұстарын белгілеу.

Одан кейінгі топ кейіпкер болмысын айқындайтын заттық детальдарды тауып, сипаттайды. Қоршаған орта, кофе, алтын жүзік сынды бас кейіпкер образын аша алтын ұғымдар арқылы талдау жасайды.

Үшінші топқа Қайырболдының Бекторымен кездесетін көріністегі психологиялық күйін, шығарманың идеялық мазмұнын анықтау беріледі.

Төртінші топ шығарманың композициялық құрылымын жіктейді.

Бесінші топқа повестегі уақыт пен кеңістік, шығарманың бөлігі мен тұтас ауқымындағы автордың діттеген ойына қызметін айқындау тапсырылады.

Алтыншы топқа сюжет желісіндегі Қайырболдының басқа адамға ауысуы, яғни қазақ теледидарында қатардағы тележурналист-редактор болып қызмет істейтін Сағындық Тілешевке айналу себебін анықтау беріледі.

Жетінші тапсырмада мифологиялық образдар мен мотивтердің көрінісін табу беріледі.

Сегізінші топқа шығарманың өзге повестермен сюжет, идея, көркемдік тәсіл тұрғысынан сабақтастығын анықтау тапсырылды.

Тоғызыншы топқа автордың баяндау тілін анықтау тапсырылады.

Бұл әдіс оқушылар топта бірін-бірі тыңдай отырып жұмыс істегенде ұзын немесе қысқа қағаздарды талдау кезінде тиімді. Нәтижесінде бір сабақ аясында тақырыпты жан-жақты түсінуге жол ашылады.

Тақырыбымызды ашудың бір жолы «Кубизм». Текшенің алты қабырғасына сәйкес алты сұрақ құрастырып, алты топқа бөлеміз.

Суретте: студенттер Бекторының портретін сипаттайды.

Салыстыр: Ер Төстік ертегісіндегі Бекторы мен хикаяттағы Бекторының характерлері қаншалықты ұштаса алатындығын анықтайды.

Зертте: қазақ әдебиетіндегі аңыздық-ертегілік кейіпкерлер образын пайдалана отырып жазылған шығармаларды қарастырады. Ұқсастықтары мен ерекшеліктерін сараптайды.

Қолдан: сюжеттің шарықтау шегіндегі Сағындықтың Қайырболды Намазбеков деген даяшыны іздеп, таба алмауын өзек ете отырып шағын сюжет құрайды.

Дәлелде: Аякасты байып кеткен Қайырболдының мінезіндегі өзгерістерді айқындап, өз тұжырымын дәлелдейді. Жауыздық мен жанашырлық белгілерін айқындай отырып дәлелдейді.

Талда: Қайырболдын бала кезінде көлік қағып кетуі мен өзгенің Қайырболдының кішкене баланы қағып кетуінде қандай ситуациялық және психологиялық айырмашылығын жан-жақты талдайды

Алдымен студенттер кубиктің көмегімен тапсырмаларды бөліп алады. Әр топ өздеріне берілген тапсырма бойынша жазбаша жұмыс жасайды. Ортақ мәліметті топтың жауапты өкілі тақтада қорғап, сұрақтарға жауап береді. Осы қарқынмен топтар өзара нәтижелерін бағамдап, бірін-бірі бағалайды. Бұл әдістің тиімділігі топтық жұмыс арқылы әзірленетін тапсырмадан барлық білімалушының шет қалмауында жатыр. Жұмысты жан-жақты талдай отырып, бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыс істеп, басқаларды тыңдауға, бір-бірінен үйренуге дағдыланады. Керісінше талдау тізгіні оқытушыда болса, кейбір студенттер өз ойларын қосуға, өз пікірлерін білдіруге, келіспеушілігін ашық айтуға именугі мүмкін. Ал осы сәтте кейбір қатарластары сыни көзқарасын еркін айтып, пікір алуандығына жол ашады. Кубикті қолдану барысынла шынайылық бағалау жүйесінде де көрінеді. Яғни, көпшілік өздерін әділ бағалайды.

Расында, практикалық сабақтарда студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін дұрыс жолға бағыттайтын дидактикалық тапсырмалар мен сұрақтар бар десек қателеспейміз. Сұрақ-тапсырма берілгендіктен жұмыстың ізденіс бағыты соған қарай түзіледі. Осы орайда сұрақ қоядың маңызы жоғары. Дұрыс сұрақ қоя білу үлкен ізденіске жетелейді. Біз ұйымдастырған әдістемелік зерттеу жұмысында дидактикалық мәселелер мен тапсырмаларға ерекше көңіл бөлінді. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясына негізделген дидактикалық тапсырмалар кешенінің өзі білімалушыларды ақыл-ой әрекетіне, шығармашылық жұмысқа жетелейді. Біздің басты мақсатымыз «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» курсына өткен тақырыптардың барлығын жан-жақты талдау емес, керісінше әдістемелік жүйе, оқыту үлгісін жасау. Осыған байланысты бір тақырып бойынша бірнеше тапсырмалар топтамасын ұсыну орынды болса керек. Білімалушының оқу материалын білім деңгейінде ғана игеріп қоймай, эмоциясына әсер етерлік, терең зерделеп сезіне аларлық әдіс-тәсілдердің де маңыздылығына дәйек болады. Көркем шығарманың танымдық, дамытушылық маңыздылығымен қоса, эстетикалық, эмоциялық әсері де арта түседі. Осы ерекшелікке байланысты оқуда эмпатикалық диалог құру өте маңызды. Рөлдік ойындардың бұл тізбегінде кезектесіп ойнау маңызды.

«*Автормен сұқбат*», «*Кейіпкермен сұқбат*» әдістері студенттердің көркем шығарманы терең әрі жан-жақты талдай алуына, түсіне отырып, түйсіне отырып оқуына ықпал етеді. Мәселен повест кейіпкерлері: Бекторы, Қайырболды, Аристарх Никанорович, Сағындықтың психологиялық көңіл-күйін сезіну мен іс-әрекеті үшін аталған кейіпкерлердің ішкі жандүниесін

сараптауға арналған сұрақтар түзіледі. Алдымен сөз журналистерге беріледі. Басқа студенттерден тақырыптан ауытқымай, автор контексінде айтар ойлары сұралады. Осылайша біз әңгімелесіп отырған кейіпкерлеріміз шығарманың жан дүниесін сезініп, оқиғаның ситуациялық және негізгі психологиялық күйін бастан кешіреді. Кейіпкерлерге қойылатын сұрақтарды келесідей жіктеуге болады.

Бекторыға қойылатын сауалдар:

–Қайырболдымен кездескен кезде «... Иә, иә, сол баяғы перінің қызы Бекторымын!» деген сөзді естігенде қандай күй кештіңіз?

–Қайырболдыға әжесінің Ер Төстік ертегісін жиі айтатынын сезуші ме едіңіз ?

– Қайырболдыны байлыққа кенелту ойыңызға қашан келді?

– Неліктен Қайырболдыны еркіне жібердіңіз?

Ал, Қайырболдыға қояр сауалдар:

–Әжеңіз неге күнде тек қана Ер Төстік ертегісін айта беретін?

– Кафеде есеп айырысуға ақшасы жетпеген қыздарды алғаш көргенде қандай күйде болдыңыз?

–Бүкіл байлық қолыңызда болғанда өткен өміріңізді еске алушы ма едіңіз?

–Аристарх Никанорович жүзікті қымбат бағалағанда бірінші нені ойладыңыз?

Ендігі кезекте Аристарх Никаноровичке сұрақтар қойылады.

– Алтын жүзіктің өте құнды зат екенін қайдан білдіңіз?

– Қайырболдыға көп ақша беретіндей жағдай қайдан пайда болды?

– Бекторымен сіздің байланысыңыз бар ма?

– Қайырболдыны алғаш көрген кездегі сезіміңіз, қандай қылығы есіңізде қалды?

Бұл әдісті қолдану арқылы шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымын, кейіпкерлер іс-әрекетінің мотивін саралау студенттердің түрлі көзқарастары мен пайымдарын еркін ортаға салу түрткі болады. Студенттердің сюжеттік желі бойынша кейіпкерлерге дұрыс сұрақ қоюды үйретеді.

Келесі тәсіл – «Автормен сұқбат». Бұл сұқбат жанрына бірнеше әдіс алуымыздың өзіндік себебі бар. Біріншіден мифологиялық образдар мен мотивтерді не үшін қолданғанын анықтау маңызды. Екіншіден шығарманың түпкі идеясы қандай екенін түсіну, тіпті автордан артық түсіну мүмкіндігін қарастыру көзделеді. Студенттердің интерпретациялауы хикаят барысындағы диалогтар мен жасырын фактілерді анықтау арқылы ғана жүзеге асады. Ал мұқият оқыған студент шығарманың саяси астарын бірден ұғынады. Бұл – жаңа заманның қаруы. Яғни, айтар ойыңды көркем шығармаға селбестіру. Осы орайда, авторға, яғни, мифтік санадағы «Бекторыны» реалды өмірге әкелген Таласбек Әсемқұловқа қандай сұрақ қояр едік. Бірнешеуін тізіп көрелік:

– Неге Қайырболдының әжесіне тек Ер Төстік ертегісін айтқызыдыңыз?

– Неліктен Бекторы образын алдыңыз, мыстан, жалмауыз, перілермен байланыстыруды ойладыңыз ба?

– Үш түрлі кеңістік алуыңыздың сыры неде?

Осы сұрақтарға повесті барынша сіңіріп, автордың жағдайын зерттей отырып жауап берсеңіз, нәтижелі болмақ. Өйткені Таласбек Әсемқұлов негізгі ойды мифологиялық образдар мен мотивтер арқылы жақсы жеткізген. Бұл жерде талдау сабақтарының мақсаты - жасырын ойлар мен пікірлерді контекстте ұтымды әдістермен зерттеуді үйрену. Бұл тек бұрынғы фольклорда ғана емес, әр түрлі тақырыпта қалам тербеген жазушылардың шығармаларында басты кейіпкерлерін адам мен ат, адам мен елік, адам мен үйрек, адам мен дельфин етіп, сол арқылы сәйкес ойды енгізгендер де бар. Осыған ұқсас мотивтер мен бейнелерді жинаудың тиімді жолы кластер құру болып табылады. Кластер өз кезегінде талданған ойларды жинақтауға көмектеседі. Ұсынылатын тапсырмалар:

– суреттегі шығармаларға сәйкес уақыт пен кеңістіктің сыртқы түрін анықтау;

– кейіпкердің жеке өмірі қалай бейнеленгенін анықтау;

– шығармада кейіпкердің табиғатпен жақындығы қалай көрінеді?


Дәйектеме келтіру.

Осы үш көрсеткішке сүйене отырып, кластер құруға және белгілердің қаншалықты жақын екенін түсінуге болады. Авторлардың ойлары бір бағытта тоғысатынын түсіну қиын емес. Өйткені, бейнелері әртүрлі болғанымен, автордан алған мотив көбіне бір.

Тақырыпты ашудың тағы бір тәсілі – «Фишбоун». Бұл әдіс мәтіндік талдаудың бірнеше саласының жұмысын топтастыру және қорытындылау үшін тиімді. Тақырыптық және проблемалық талдауға, шығарманың сюжеті мен композициялық құрылымын саралауға, көркемдік тәсілдерді саралауға ыңғайлы. Мәселен «Автор Бекторы образы арқылы қандай өмір шындығын жазғысы келді?» деген проблемалық сұрағымызды қоямыз. Студенттер себеп пен салдарды осы тезис мәтінімен бірге қарастырады. Нәтижесінде қаңқаның соңына қорытынды жазылады. Студенттер тезистік жұмысты дәлелді түрде сипаттай алса, тақырып ашыла түседі.

«Қолжазба күнделігі» де көркем мәтінді талдап, түсінуде маңызды рөл атқара алады. Екі бөлікке бөлінген журналды пайдалана отырып, оқушылар сол жақтағы мәтіннен тірек сөздер мен үзінділер алады, ал оң жағына түсініктемелер жазады. Бірқатар студенттер мәтінді кезектесіп талдайды. Осы арқылы олардың қаншалықты түсінгенін білуге болады. Ең жақсысы ол студенттердің ақыл-ой қабілеттерін және олардың бір-бірінен қашықтығын анықтауға мүмкіндік береді. Себебі, кейбір студенттер күрделі терминдерді қолданып, күрделі түсініктемелер жасай отырып, шеберліктерін көрсете алады. Көркемдік әдіс жағынан ұқсас келетін шығармаларды салыстыра талдау көркемдік тәсілдерді меңгеруге көмектеседі әрі студенттердің есте сақтауын жақсартуға болады. А. Мекебаевтың «Жалмауыз» туындысын О.Бөкейдің «Кербұғы» шығармасымен салыстыра талдаудың ұтымдылығы байқалады. Екі шығарманың басты кейіпкерлерін «Венн диаграммасы» арқылы салыстыру, олардың айырмашылығын екі шеңберге түсіру, ұқсастықтарын қорытындылау

тапсырылды. Ендеше, қазақ прозасының қазіргі кезеңдегі даму арналарын жазушылардың белгілі шығармалары арқылы қарастырып, тақырыбына, ізденістеріне, көркемдік арналарына, тілі мен стиліне назар аударта аламыз. Жалпы қолданылған әдіс-тәсілдерді топтастырар болсақ.



Сурет 5 – «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» курсының оқытуда қолданған әдіс-тәсілдер

3.3 Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту бойынша эксперимент және оның нәтижелері

Кез келген ғылыми-әдістемелік жұмыс, ең алдымен, эксперимент жұмыстарына негізделеді. Эксперимент – зерттеу жұмысының нәтижесін көрсететін, қорытынды шешім қабылдауға бағытталған жұмыстың түрі. Білім беру жүйесінде эксперимент термині «ізденіс», «тәжірибе» секілді ұғымдармен сабақтаса түсіндіріледі. Әдіскер-ғалымдардың еңбектеріне, соңғы жылдары қорғалған диссертациялық жұмыстарға шолу жасағанда эксперименттің қалыптастырушы, анықтау, бақылау, оқыту, диагностикалық, қорытынды т.б. секілді түрлерін қолданғандарын байқадық. Сондықтан да жоғары мектепте қазақ повестеріндегі мифтік сарынды оқытудың әдіснамалық негіздерін анықтау үшін эксперимент жұмыстары ұйымдастырылды.

Эксперименттің негізгі мақсаты – оның әрбір кезеңдегі міндеттері және соған байланысты туындаған мәселелерді зерделеу болып табылады. Эксперимент базасы ретінде қарашаңырақ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті таңдалып алынды.

Эксперимент барысында студенттердің өз бетінше, шығармашылық, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, бақылау, жаңа технология арқылы оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану және оқытудың жолдарын анықтауға баса назар аударылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың негізгі мақсаты – қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың сапасын арттыру, жеке тұлғаның дамуына сәйкес әдеби материалдарды студенттердің толық оқып-меңгеруіне қол жеткізу, олардың әдеби шығармаларды талдау қабілеттерін қалыптастыру.

Эксперимент жұмыстары үш кезеңге топтастырылып жүргізілді:

- Бірінші кезең – анықтаушы эксперимент;
- Екінші кезең – қалыптастырушы эксперимент
- Үшінші кезең – бақылаушы эксперимент

Эксперименттің анықтау кезеңінде жоғары оқу орындарында қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарынды оқытудың ғылыми-теориялық моделі жасалып, жоғары мектепте аталған тақырыптарды технологиялармен оқытудың өзектілігі анықталды.



Сурет 6 – Анықтау экспериментінің бағыт-бағдары

Эксперимент жұмысының алғашқы кезеңінде студенттердің бұл тақырыпты қаншалықты деңгейде білетіндігін анықтап, жинақтау мақсатында арнайы сауалнамалық сұрақтар, тест тапсырмалары, әңгімелесу, жазба жұмыс түрлері, ауызша пікірлесу жүргізілді.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерге қатысты эксперименттік және бақылау топтары белгіленіп, бұл тақырыпты жан-жақты меңгерту үшін жоспарлы әдеби тапсырмалар жүйесі құрастырылды. Эксперимент барысында эксперименттік топтағы білімалушылар саны мен бақылау тобындағы студенттер саны анықталып, оқу материалының мазмұны, ондағы сұрақтар мен тапсырмалардың саны бір деңгейде қарастырылды. Мысалы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3 курс студенттеріне қазіргі қазақ повестерінде

кездесетін фольклор сарын үлгілері туралы білімдерін анықтау мақсатында сауалнама (авторлық әзірleme) құрастырылды.

Сауалнама 10 сұрақтан тұрады. Әр сұраққа «иә, білемін», «аздап білемін», «жауап беруге қиналамын» жауаптарының біреуін таңдайды. Сауалнамаға 132 респондент қатысты. Оның 68-і эксперимент тобында, ал 64 студенті – бақылау тобында қамтылды.

1. Мифология мен фольклордың өзара тығыз байланысы жайлы білесіз бе?

- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.
- Б) жауап беруге қиналамын.

2. Мифтерді зерттеу арқылы ұлттық таным мен халықтық наным-сенімдердің түп тарихын білуге болады ма?

- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.
- Б) жауап беруге қиналамын.

3. Қазақ мифологиясының жанрлық ерекшелігі туралы білесіз бе ?

- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.

Б) жауап беруге қиналамын.

4. Мифтік фольклорға этнографияның қатысы жайлы білесіз бе?

- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.

Б) жауап беруге қиналамын.

5. Мифтік сарыны бар көркем шығармаларды білесіз бе?

- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.

Б) жауап беруге қиналамын.

6. Жазушылардың көркем прозада мифтік сарындарды қолданудағы маңызын білесіз бе?

- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.
- Б) жауап беруге қиналамын.

7. XX ғасырдың басында мифтік образдарды кімдердің шығармаларынан кездестіруге болатынын айта аласыз ба?

- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.
- Б) жауап беруге қиналамын.

8. XX ғасырдың 60-80 жылдары жарық көрген жазушылардың повестерінде мифтік сарындар бар екенін білесіз бе?

- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.
- Б) жауап беруге қиналамын.

9. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдарда жарық көрген повестердегі мифтік образдардың ерекшелігі туралы білесіз бе?


- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.
- Б) жауап беруге қиналамын.

10. Мектеп бағдарламасына енген мифтік сарыны бар повестерді білесіз бе?

- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.
- Б) жауап беруге қиналамын.

Кесте 4 - Анықтау эксперименті кезеңіндегі студенттерге арналған қазіргі қазақ повестеріндегі кездесетін фольклорлық сарын үлгілері жайлы білімдерін анықтауға арналған сауалнама көрсеткіштері

Жауаптар	Иә, білемін		Аздап білемін		Жауап беруге қиналамын	
	n	%	n	%	n	%
Эксперименттік топ (60 студент)	19	27,9	22	32,3	27	39,7
Бақылау тобы (55)	17	26,5	21	32,8	26	40,6



Сурет 7 – Анықтау эксперименті кезеңіндегі студенттерге арналған қазіргі қазақ повестеріндегі кездесетін фольклорлық сарын үлгілері жайлы білімдерін анықтауға арналған сауалнама нәтижелерінің диаграммасы

Анықтау эксперименті кезеңіндегі студенттерге арналған қазіргі қазақ повестеріндегі кездесетін фольклорлық сарын үлгілері жайлы білімдерін анықтауға арналған сауалнамаға барлығы 132 студент қатысты. Оның жоғарыда

айтып өткеніміздей, 68 студенті – ЭТ-да, ал 64 студент – БТ-да болды. Сауалнама 10 сұрақты қамтиды. Сауалнаманың мақсаты – студенттердегі қазіргі қазақ повестеріндегі кездесетін фольклорлық сарын үлгілері жайлы бастапқы деңгейді анықтау. Сауалнамадағы әр сұрақ үш жауаптан тұрады. Алайда студент бір жауапты таңдайды. 5-кестеден көріп отырғанымыздай, «Иә, білемін» жауабына ЭТ-нан 19 студент, 27,9 %-ды көрсетсе, БТ-дағы 64 студенттің 17-сі «иә, білемін» жауабын таңдаған, бұл 26,5 %-ды құрайды. «Аздап білемін» жауабын ЭТ-дағы 68 студенттің 22-сі жауап береді, 32,3%-ды беріп отыр, бұл жауапты БТ-дағы 64 студенттің 21-і таңдап, 32,8 %-ды құрайды. «Жауап беруге қиналамын» жауабына ЭТ-дағы студенттердің 27-сі, яғни 39,7 % -ы жауап берді, ал БТ-да 26 студент, 40,6 %-ды көрсетті.

Сауалнама көрсеткіштері бойынша нәтижелерді талдайтын болсақ, студенттердің басым бөлігі төменгі деңгейді көрсетіп отыр. Орта деңгейдің ортақ қатынасы тұрақты сипатта. Ал жоғары деңгейдегі студенттер саны орта деңгейден төмен болып отыр.

Сонымен қатар 3 курс студенттерінің теориялық білімдері осы күнге дейін қаншалықты қалыптасқандығын анықтау мақсатында төмендегідей 5 сұрақ-тапсырмалар берілді. Сұрақ-тапсырмалар (авторлық):

1. Әбіш Кекілбаевтың «Күй», «Күйші» повестерін оқыдыңыз ба? Кейіпкерлері кімдер?

2. Шыңғыс Айтматовтың қай повесінде мифті қолданады?

3. «Қар қызы», «Сайтан көпір», «Атау кере» повестерінің авторы кім?

4. Нұржан, Аманжан, Бақытжан, Қоңқай шал қай повестің кейіпкерлері?

5. «Бекторының қазынасы» кімнің шығармасы?

Бұл сұрақтар 3 критерий бойынша бағаланды:

А) теориялық білімі қалыптасқан, мифтік білімі бар (2 балл)

Ә) мифтік сарындар туралы естулері бар, бірақ терең түсіне бермейді (1 балл)

Б) мифтік сарындар туралы түсініктері жоқ, қажет деп санамайды (0 балл) баллмен бағаланады.



Сурет 8 – теориялық сұрақтарға берілген жауап бойынша сандық көрсеткіші

Теориялық сұрақтарға берілген жауаптардың нәтижелері 100 пайыздық көрсеткішті көрсетпеді. Бақылау тобындағы 64 студенттің 51-і максималды 2 балды алса, қалған 13 студент 1 балл көрсеткішінен аса алған жоқ. Ал эксперимент тобындағы 68 студенттің 60-і максималды 2 балға ие болса, 8 студент 1 балл көрсеткішіне ие болды.

Әдеби-теориялық білімнің деңгейі анықталғаннан кейін шыққан нәтижелерді саралай отырып:

1. Оқу бағдарламаларында әдеби білім мазмұнын жетілдіру керектігі;
2. Жеке жұмыс жоспарлары, силлабустарда мифтік сарыны бар повестердің жекелей қарастырылмайтыны;
3. Студенттердің оқырмандық әлеуетінің төмендігі;
4. Көркем шығарманы түсініп оқу, саралап талдауға (пайыздық көрсеткішке қарағанда) дағдыланбауы т.б. анықталды.

Оқыту экспериментіне алынған топта элективті пән ретінде «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» курсы дәріс сабақтармен басталды. Дәріс сабақтардың кіріспе дәріс түрінен басталып, «шолу дәрісі», «проблемалық дәріс, кеңес дәріс, дуэт дәріс, сұхбат дәріс, дәріс-конференция, дидактикалық түрлері жүргізілді. Мәселен «Фольклордағы мифологияның зерттелуі» тақырыбында қазақ фольклорының зерттелу тарихын, фольклордың ауызекі сипаты, халықтығы, көпнұсқалылығы, синкреттілігі, тарихилығы, дәстүрлілігі, ұлттық сипаты т.с.с. кіріспе дәрісі арқылы жүзеге асырылды. Ал, «О. Бөкей повестеріндегі аңыздық-мифтік желінің көркемдік қызметі» деген мәселе проблемалық дәрісі арқылы жүргізілді. Жалпы әрбір дәрісте студенттің белсенділік көрсетуі оқу-үдерісі кезеңінде де бақылынды әрі дәріс соңындағы керібайланыс арқылы да айқындалды. Әр дәріс сабағынан кейін қолданылған керібайланыс түрлері:

1. Дәріс сабағының мазмұнынан анықтау сұрақтары;
2. Интервью парағы;
3. Кері байланыс матрицасы: (ұсыныс, кеңес, сын, баға);
4. Стикердегі жазбалар т.б. кері байланыс түрлерімен студенттердің білу, түсіну деңгейі анықталды. Эксперименттік жұмыс барысында оқыту әдістерін таңдау және оларды үйлестіру категориялар мен ұғымдардың мазмұнымен, олардың жоспарланған дәйектілігіне сәйкес қалыптасу сатысымен және аудиторияның білім-білік дәрежесіне қарай анықталды. Осы орайда әдістемелік еңбектер мен оқытудың таңа технологияларын сараптай отырып, практикалық (семинар) сабақтарын сын тұрғысынан ойлау технологиясында жүргізілді. СТО технологиясының тәсілдері сабақ мақсатына қарай жүйеленді, Мәселен, бірінші (қызығушылықты ояту) кезеңінде «Миға шабуыл» (жұптық, топтық тапсырмаларда); «басты терминдер», «Еркін жазба», «Т-кестесі», «Дұрыс және теріс мәлімдемелер», «Идеялар қоржыны», «Кластер», «Кілт сөздер» сияқты тәсілдер сұрыпталды. Ал оқу-таным үдерісінің екінші мағынаны тану кезеңінде «Инсерт – мәтінді таңбалау жүйесі», «Аялдап оқу», «Ақылдың алты қалпағы», «Ойлау карталары», «Кубизм», «Автормен сұхбат», «Әдеби шеңбер»,

«Дананың кілттері», «Қос жазба күнделігі», «Қолжазба күнделігі» қатарлы тәсілдер қолданылды(3.2. тараушасы).

Оқу-таным үдерсінің үшінші қорытынды деңгейінде «Эссе», «Қабырғадағы жазбалар», «Фишбоун», «РАФТ» «Дөңгелек үстел» т.б. тәсілдері қолданылды. Практикалық сабақтар барысында жоғарыдағы берілген педагогикалық әдіс-тәсілдер студенттерге жүргізілген сауалнамамен «жеңіл», «күрделі», «тиімді», «тиімсіз» өлшемдерімен бағаланып, қорытындысы шығарылды.

Кесте 5 – Қолданылған әдістерге берілген пайыздық көрсеткіші

1	«Ойлау карталары»	«тиімді»	«тиімсіз»	«күрделі»	«жеңіл»
Пайыздық көрсеткіші		45%	15%	25%	15 %
2	«Кубизм»	«тиімді»	«тиімсіз»	«күрделі»	«жеңіл»
Пайыздық көрсеткіші		50%	10%	20 %	20 %
3	«Дананың кілттері»	«тиімді»	«тиімсіз»	«күрделі»	«жеңіл»
Пайыздық көрсеткіші		45%	15%	30 %	10 %
4	«Әдеби шеңбер»	«тиімді»	«тиімсіз»	«күрделі»	«жеңіл»
Пайыздық көрсеткіші		53%	10%	17 %	20 %

Нәтижелерді саралай келе, прозалық шығарманың көркемдік қырын тану, көркем шығармалардың сюжеті мен композициясын талдап, идеялық бағытын анықтауда қолданылған әдіс-тәсілдердің әрқайсысының өзіндік үлесі болғаны байқалады. Топпен жасалған жұмыстарды бағалауға арналған тапсырмаларда қолданылған әдістердің біразы қамтылды. Нәтижесінде оқыту экспериментінің тиімділігі мен тиімсіздігін анықтауға мүмкіндік туды. Әр әдіске жеке-жеке тоқталмай-ақ, көркем шығарманы сiңiру, талдау, талқылау арқылы мән-мағынаны түсіну барысына қолданылатын әдіс-тәсілдердің пайызы төмендегідей:





Сурет 9 – Қолданылған әдістердің пайыздық көрсеткішінің динамикасы

Эксперимент кезінде алынған нәтижелер оқу үдересін тиімді ұйымдастыра білгенімізді, әдістемелік жүйенің дұрыстығын көрсетеді. Әдістемелік жүйе зерттеу барысындағы болжамымызды дәлелдейді. Ең бастысы педагогикалық эксперимент барысында студенттердің кері байланысы, бағалау жұмысына берген жауаптары, топтық жұмыс қорытындылары, стикерлерге жазған пікірлері ұйымдастырылған оқу үрдісінің тиімділігін анықтайды.

Соңғы қорытынды эксперимент оқу кезеңі аяқталғаннан кейін жүргізілді. Бұл кезеңнің мазмұны мен міндеттері оқыту әдістемесінің мақсатына қарай бағындырылды. Қазақ қаламгерлерінің көркемдік ізденістері, мифтік кейіпкерлер категориялары, олардың повестердегі көркемдік қызметін талдай білу туралы әдеби-теориялық білімнің қалыптасуына, шығарманы терең қабылдауға, түсінуге қызмет етеді. Сонымен қатар білімді, сауатты оқырман тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Сол себепті қорытынды эксперименттің сұрақтары мен тапсырмалары бұл болжамды растау немесе жоққа шығару мақсатына қызмет етті.

Сонымен қатар студенттердің теориялық білімін айқындайтын ашық, жабық тест түрлері, шығармашылық тапсырмалар (эссе) да негізгі қорытындыларымызға үлес қосты.

Эссе тақырыптары:

1. «Күй» повесіндегі кейіпкерлер образы
2. «Атау кере» повесіндегі жалпыадамзаттық құндылық
3. Т.Әсемқұлов «Бекторының қазынасы» әңгімесіндегі өмір шындығы

Эссе жазбалары төмендегідей критерийлермен бағаланды:

1. Эссе тақырыбының сәйкестігі, мағыналық тұтастық – 10 ұпай;
2. Мәселені берілген тақырып аясында нақты дәлелдемелермен шешу, өзіндік тұжырымдардың берілуі – 10 ұпай;
3. Ұсынылған тезистердің сауатты дәлелдемелермен дәйектелуі, түрлі көзқарастардың берілуі – 10 ұпай;


4. Ұғымдар мен құбылыстарды талдау кезінде салыстыру мен жинақтау тәсілдерін қолдана алу қабілеті – 10 ұпай;

5. Мәтінде қазақ тілінің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық және стилистикалық нормалары, орфография мен пунктуация ережелерінің сақталуы – 10 ұпай.

Ескерту: Жазба жұмыстан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50 ұпай

Эссе жазу барысында эксперименттік топ студенттерінің 27-і максималды 47 балл, 25 студент 45 балл, 16 студент 41 балл алды.

Ал, бақылау тобында бұл көрсеткіште айырмашылық бар екені анықталды. Бақылау тобының 25 студенті 41 балл, 20 студент 39 балл, 19 – 37 балл алған. Екі топтың нәтижелерін саралай келе эксперименттік топтың студенттері эссе жазу барысында тақырыпты игеру, тезистерді сауатты келтіру, дәлелдемел мен дәйектемелерді орынды қолдану, мәтінді талдауда нақтылыққа мән бергенін байқадық.



Сурет 10 – Эссе бойынша бақылау жұмысының сандық көрсеткіші

Эксперименттік жұмыстан кейін бақылау тобы мен эксперимент тобының көрсеткіштері салыстырылды. Атап айтқанда оқу процесіндегі сұрақтарға берілген жауаптар, топтық жұмыстағы пікірлер, топтық диалогтағы іс-әрекеттер, пікірлерді қорғау, өзіндік жұмыс т.б. нәтижелері сараланды. Тәжірибеге қатысқан бақылау тобы мен эксперимент тобындағы нәтижелері төмендегідей:

Эсседен кейін, силлабус бойынша 20 тест дайындалып, эксперимент тобынан да, бақылау тобынан да тест алынды (*Қосымша С*).

Бақылау тобы:

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSenZyE_X4S6n0xFMZeaomSlG332UAcXgR1Nb24MJiKeik-vbg/viewform

Эксперименттік тобы


<https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSc0LgnTMreIfVPxHHnJb8rEb2L4MAYE7WXItvSANJ1GS5d6xQ/viewform>

Тестке барлығы 132 студент қатысты. Яғни 68 эксперимент тобының студенттері, 64 бақылау тобының студенттері. Жауаптардың нәтижелерін саралай келе 8 сұрақ пен 15 сұрақтың арасында студенттердің жоғары деңгейде жауап бергендігін байқауға болады.

Қанағаттанарлық балл: 10,5 пен 20 аралығында,

Медиана: 11 мен 20 аралығында,

Диапазон: 1 мен 18 аралығында.




Сурет 11 – Тест тапсырмаларына қатысушылардың балдық өлшемі


Тест жұмыстарын құрастыру барысында бірнеше категорияларға мән берілді. Атап айтқанда:

- мақсатты болуы;
- қысқа, жинақы түрде болуы;
- ойдың логикалық құрылымы дұрыс;
- технологиялық;
- жауаптарды бағалаудың теңдігі;
- жауаптардың анықталған орны болуы.

Тест жұмыстарының нәтижесінде студенттердің белсенділік көрсеткіші төмендегідей болды:





1. Фольклорға тән емес ерекшелікті көрсетіңіз?



2. А. В. Алекторовтың көрсеткішінде фольклор жанрларының қай түріне көп мән берілген?



Сурет 12 – Фольклористикалық тапсырмалардың эксперименттік көрсеткіші, 1-бет



3.Ш. Уәлихановтың «Жоңғария очерктері» атты еңбегі қай жылы жарық көрді?



4.Қазақ фольклортану ғылымы өз алдына дербес ғылым ретінде қашан қалыптасты?

Сурет 12, 2 – бет



5.Кеңестік фольклористикада фольклор мен әдебиеттің өзара байланысын зерттеу қай жылдардан бастау алады?



6.М. Әуезовтің 1927 жылы жарық көрген зерттеу еңбегін атаңыз?



7.А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінің неше тарауы ауыз әдебиетіне арналған?



8.Космогониялық мифологияға не жатады?

Сурет 13 – Мәтіндік тапсырмалардың эксперименттік көрсеткіші



9. Антропологиялық мифтер дегеніміз не?



10. Аңыздардың жалпы адамзаттық мазмұны мен оның философиялық астарын ашқан ақын?



11. «Ер Төстік» ертегілердің қайсы түріне жатады?

12. Қай жылдары повестерде мифтік сарындарды қолдану дәстүрі кең етек алды?


Сурет 14 – Жаңрлық тапсырмалардың эксперименттік көрсеткіші




13. Перінің қызы кім...?

14. Бұл үзінді қай шығармадан алынған: «Құрбан қария анадайдан мола көрінсе болды, машинаны тоқтатып, жерге түседі. Сосын үшеуі шығып зиратқа беттейді. Құрбан қауымның құбыла жақ алдына шығып, дұға оқиды. Дұға оқып болған соң, қасынан бір уыс топырақ алып, қара молаға ішіндегі топырағы ойылып, қымыздық шыққан ескі көрдің үстіне тастайды. Сосын машинаға жеткенше артына қарамайды, тырс үндемейді».

Сурет 15 – Мазмұндық тапсырмалардың эксперименттік көрсеткіші, 1-бет




15. Қайсысы повестің мазмұнына сай?




16. Бала, Момын-қария, Оразқұл, жүргізуші-солдат қай повестің кейіпкерлері?


Сурет 15, 2-бет




17. «Сәукеле тау» туралы аңыз қай шығармада суреттеледі?



18. Қыпшақ ханы Көбектің бәдізші ұлы Саржан...қай хикаяттың кейіпкері?



19. «Ер Төстік» ертегісіндегі Бекторының зұлым бейнесі трансформацияланған хикаят?



20. Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» повесіндегі кейіпкерлерді атаңыз?

Сурет 16 – Персонаждық тапсырмалардың эксперименттік көрсеткіші

Қалыптастыру экспериментінен кейінгі бақылау кезеңінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттеріне арналған қазіргі қазақ повестеріндегі

кездесетін фольклорлық сарын үлгілері жайлы білімдерін анықтауға арналған сауалнамасы (авторлық әзірleme) қайта алынды.

Әр сұраққа «иә, білемін», «аздап білемін», «жауап беруге қиналамын» жауаптарының біреуін таңдайды. Эксперименттен соң сауалнамаға 132 респондент қатысты. Оның 68-і эксперимент тобында, ал 64 студенті – бақылау тобында қамтылды.

1. Мифология мен фольклор өзара тығыз байланысы бар екендігін білесіз бе?

- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.
- Б) жауап беруге қиналамын.

2. Мифтерді зерттеу арқылы ұлттық таным мен халықтық наным-сенімдердің түп тарихын білуге болады ма?

- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.
- Б) жауап беруге қиналамын.

3. Қазақ мифологиясының жанрлық ерекшелігі туралы білесіз бе?

- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.

Б) жауап беруге қиналамын.

4. Мифтік фольклорға этнографияның қатысы жайлы білесіз бе?

- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.

Б) жауап беруге қиналамын.

5. Мифтік сарыны бар көркем шығармаларды білесіз бе?

- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.

Б) жауап беруге қиналамын.

6. Жазушылардың көркем прозада мифтік сарындарды қолданудағы маңызын білесіз бе?

- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.
- Б) жауап беруге қиналамын.

7. XX ғасырдың басында мифтік образдарды кімдердің шығармаларынан кездестіруге болатынын айта аласыз ба?

- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.
- Б) жауап беруге қиналамын.

8. XX ғасырдың 60-80 жылдары жарық көрген жазушылардың повестерінде мифтік сарындар бар екенін білесіз бе?

- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.
- Б) жауап беруге қиналамын.

9. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдарда жарық көрген повестердегі мифтік образдардың ерекшелігі туралы білесіз бе?


- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.
- Б) жауап беруге қиналамын.

10. Мектеп бағдарламасына енген мифтік сарыны бар повестерді білесіз бе?

- А) иә, білемін.
- Ә) аздап білемін.
- Б) жауап беруге қиналамын.

Кесте 6 - Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі кезеңдердегі студенттерге арналған қазіргі қазақ повестеріндегі кездесетін фольклорлық сарын үлгілері жайлы білімдерін бақылауға арналған сауалнама көрсеткіштері

Жауаптар	Иә, білемін				Аздап білемін				Жауап беруге қиналамын			
	ЭД		ЭК		ЭД		ЭК		ЭД		ЭК	
n /% көрсеткіш белгісі	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
Эксперименттік топ (68 студент)	19	27,9	49	72,0	22	32,3	14	20,5	27	39,7	5	7,3
Бақылау тобы (64)	17	26,5	18	28,1	21	32,8	21	32,8	26	40,6	25	39,0



Сурет 17 - Экспериментке дейінгі және кейінгі кезеңдердегі студенттерге арналған қазіргі қазақ повестеріндегі кездесетін фольклорлық сарын үлгілері жайлы білімдерін бақылауға арналған сауалнама нәтижелерінің диаграммасы

Бақылау эксперименті кезеңіндегі студенттерге арналған қазіргі қазақ повестеріндегі кездесетін фольклорлық сарын үлгілері жайлы білімдерін бақылауға арналған сауалнамаға барлығы 132 студент қатысты. Оның жоғарыда айтып өткеніміздей, 68 студенті – ЭТ-да, ал 64 студент – БТ-да болды. 7-кестеден көріп отырғанымыздай, «Иә, білемін» жауабына экспериментке дейінгі кезеңде ЭТ-нан 19 студент, 27,9 %-ды көрсетсе, БЭ эксперименттен кейінгі кезеңде 49 студент 72,0%-ды көрсетіп тұр. Экспериментке дейінгі кезеңде БТ-дағы 64 студенттің 17-сі «иә, білемін» жауабын таңдаған, бұл 26,5 %-ды құрайды. эксперименттен кейінгі кезеңде 18 студент 28,1%-ды құрап тұр. «Аздап білемін» жауабын экспериментке дейінгі кезеңде ЭТ-дағы 68 студенттің 22-сі жауап беріп, 32,3%-ды көрсетіп отыр, эксперименттен кейінгі кезеңде 14 студенттің 20,5%, экспериментке дейінгі кезеңде бұл жауапты БТ-дағы 64 студенттің 21-і таңдап, 32,8 %-ды құрайды эксперименттен кейінгі кезеңде 21 студент 32,8 %-ды құрайды. «Жауап беруге қиналамын» жауабына экспериментке дейінгі кезеңде ЭТ-дағы студенттердің 27-сі, яғни 39,7 % -ы жауап берді, эксперименттен кейінгі кезеңде 5 студент 7,3%, ал экспериментке дейінгі кезеңде БТ-да 26 студент, 40,6 %-ды көрсетті, эксперименттен кейінгі кезеңде 25 студент 39,0 % нәтижесіне ие болып отыр.

Бақылау эксперименті көрсеткен нәтижелер эксперименттік топ студенттерінің көркем мәтінді терең талдай алатын қабілетті екендігін көрсетті. Бұл нәтижелерді салыстыра келе сауатты маман мен талғамы жоғары оқырман дайындауға қажетті амалдар жасалып, соңында шыққан нәтижелерді мақсаттың орындалуы деп түсінуге болады. Тәжірибеден кейін бақылау тобындағы студенттерге қарағанда тәжірибе тобындағы студенттердің білім, білік дәрежесі 4-7% -ға көтерілсе, орта деңгей 5-10 % ға, ал, төменгі көрсеткіш 10-15 % ға жоғарылады. Тәжірибе барысында байқауымызға (қайта сараптауларды қосқанда) қатысқандар ішінен тиімді нәтижені бергендердің саны 46 % болды.



Сурет 18 – Эксперименттік топтың талдау динамикасы




Сурет 19 – Бақылау тобының талдау динамикасы

Екі топтың да жоғары көрсеткіші 100% деп алынды. Эксперимент нәтижелерін шығаруға тест тапсырмалары, әңгіме-сұхбат, аналитикалық тапсырмалар, интервью, топтық жұмыстар нәтижесіндегі көрсеткіштерді «жоғары», «орта», «төмен» деңгей деп топтастыра отырып, екі мақсатта, экспериментке дейін және эксперименттен кейін қайта салыстырдық.

Кесте 7 - Бақылау экспериментінің нәтижелері

Деңгей	Эксперимент кезеңі	
	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
Жоғары	19%	27%
Орта	47%	59%
төмен	40%	25%



Сурет 15 – Зерттеу тобының жиынтық көрсеткіші

Қорыта келгенде, эксперимент нәтижелері қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарынды оқытудың негізгі ұстанымдары оның ұтымдылығын, ұсынылған әдістемелік жүйенің жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік беретінін танытты. Бұл рухани-танымдық қиындықтарды шешуге, студенттердің кәсіби дайындығын, кәсіби шеберліктерін арттыруға жол ашты. Жас мамандардың кәсіби-педагогикалық ой-өрісін, ауызша сөйлеуін жетілдіруге, материалды түсініп, меңгеруіне ықпал етті. Педагогикалық әдістерді жүйелі және ұтымды таңдау олардың шығармашылық ойлауын дамытып, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастырды.

Ең бастысы білімалушылардың ойлау, бақылау, жалпылау, өткенді еске түсіру және тәжірибеде теориялық мәселелерді түсіну қабілетін дамытуға көмектесті. Студенттерді сөйлеу мәдениетіне баулуға және олардың тұлғалық құзыреттіліктерінің қалыптасуына ықпал етті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мифтік таным негізінде туындаған оқиғалар мен сол негіздегі бейнелер адамзаттың эстетикалық мұраттарына қызмет етіп келе жатқанына арғы-бергі дәуірлердегі фольклорлық мұралар, ауыз әдебиетінің үлгілері, қазіргі көркем әдебиет туындылары мысал бола алады. Бүгінгі әдеби даму үрдісі, оның көркемдік жүйесіндегі мифопоэтикалық құрылым сананың әлемді танудағы рационалды-теориялық һәм ғылыми-танымдық көзқарасының мүлде бөлек поэтикалық танымының аясындағы дүниеге деген гуманистік қарым-қатынасты, сол негізде туындайтын адамзаттық ізгі тілектерді мұрат тұтады.

Қазіргі білім жүйесінің негізгі ерекшеліктері ретінде – өзіне тән ұлттық танымдық, тәрбиелік қырларын айту орынды. Сондықтан да қазақ әдебиетін оқыту тақырыбы ұлттық әдебиеттің дамуына да өз үлесін қосуда. Ал ұлттық әдебиеттің өркендеуі, дамуы – әр елдің болашағы.

Тәрбие процесі – педагогиканың тиімді әдісі. Мұнда білім беру, оқыту және тәрбиелеу процестері қатар жүреді. Соңғы кезде қазақ әдебиетін оқытудың жаңа ғылыми-әдістемелік жүйесіне, оны оқыту теориясына ғалымдар ерекше назар аударып отыр. Елімізде білім беру саласындағы реформаға сәйкес ұлттық өзіндік сананы жетілдіретін, студенттерді озық оқу жетістіктерімен қамтамасыз ететін, ұлттық салт-дәстүрге баулитын жаңа педагогикалық технологиялар пайда болуда. Оларды жүзеге асыру мақсатында елімізде бірнеше рет қабылданып, өзгертіліп, толықтырылған «Білім туралы» Заңдарға, «Білім беру тұжырымдамаларына» сәйкес білім беру жүйесін реформалау рет-ретімен жүргізіліп келеді. Осыған байланысты жаңа буын оқулықтары басылып, интерактивті технологиялар арқылы оқытудың түрлі әдістері қарастырылып жүр. Соңғы жиырма жылда әдебиетті оқыту мәселесі жаңа деңгейге көтерілді. Соның ішінде түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері жазылуда. Осы орайда педагогтардың, әдіскерлердің, психологтардың, ғылыми-педагогикалық орталықтар қызметкерлерінің жұмысының негізгі бағыттары қазақ әдебиетін оқытуда инновациялық технологияларды ұтымды пайдаланумен тығыз байланысты қарастырылады.

Білім беру мекемелерінің алдына қойып отырған мақсаты - инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында жеке тұлғаға жүйелі, нақты білім беру. Алайда, инновациялық педагогикалық технологияларды қажетті деңгейде қолдану және осы арқылы жеке тұлғаның білім деңгейін, шығармашылық қабілетін қоғамдық сұранысқа сай қалыптастыру барлық білім беретін мекемелердің дағдылы ісіне айнала қойған жоқ. Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану оқу үдерісін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып, әрбір білім мекемесінде өзіндік даму жолын табуға, әрбір оқытушыға өзінің әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізер еді. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың

инновациялық технологияларын оқу орындарының практикасына белсенді түрде ендіру – қоғам талабы.

Қазіргі қазақ прозасындағы мифтік сарындарды оқыту мәселесін зерттеу кезінде қорытынды нәтижелерге сүйене келе, төмендегідей тұжырымдар анықталды:

1. Қазіргі білім саласының алдында тұрған басты бағыт – жан-жақты дамыған рухани қазынаға бай, әлеуметтік бейімделген жеке тұлғаны қалыптастыру. Оқытушының оқыту мен тәрбиелеудің тиімді жолдарын іздеп қана қоймай, осы білімді студентке беруде олардың педагогикалық-психологиялық жағдайына көңіл бөлу қажеттілігі аса маңызды. Сондықтан да қазақ повестерін оқытуда студенттердің ойлау мен сезіну, қабылдау мен жинақтау қабілеттерін қалыптастыруға жақсы әсер ететіндігі анықталды.

2. Жоғары білім беруде қазақ хикаяттарындағы мифтік фольклорды сапалы деңгейде меңгерту мен меңгерудің тиімділігін арттырудың ұтымды әдістер жүйесі көрсетілді. Сабақты ұйымдастыру барысында озық технологиялардың кейбір үлгілерін пайдалана отырып, оқытудың жолдары қарастырылды. Атап айтқанда, сын тұрғысынан ойлау технологиялары бойынша өткен семинарларда студенттерге деңгейлік тапсырмалар, ұжымдық жұмыс, қазақ қаламгерлерінің шығармашылығын жан-жақты меңгеруге бағытталған тапсырмалар берілді. Сонымен қатар, бақылау және эксперименттік топтарда жүргізілген эксперимент нәтижелері көрсетілді.

3. Білімалушылардың білім, білік, танымдық, тәрбиелік және дамытушылық қабілеттерін зерттеуде эксперимент жұмыстары жүргізіліп, нәтижесі сараланды.

4. Дәстүрлі оқыту мен білім берудегі жаңа технологияларды бір-бірімен сабақтастыра меңгерту және оларды кіріктіру түпкі нәтижеде білім сапасын жоғары деңгейге жеткізудің ұтымды жолы екеніне көз жеткізілді. Білім берудегі дәстүрлі білім мен жаңа технологияларды кіріктіру білім сапасын жоғары деңгейге көтерудің ұтымды жолы екені анықталды.

Қорыта айтқанда, оқыту жұмыстары – шығармашылық жұмыспен өте тығыз байланысты. Өйткені, оқытушының оқыту пәнінің теориялық негіздерін жетік білуі – білімалушылардың пәнге дайындық деңгейін, оқыту барысындағы мүмкіндіктерді бағалай-бағдарлай білу үшін үлкен педагогикалық шеберлікті талап етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Қасқабасов С. Мифология. Фольклор. Әдебиет. Зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2014. – 344 б.
- 2 Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1989. – 360 б.
- 3 Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклорын зерттеу мәселелері: ХХ ғасырдың бірінші жартысы: филология мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Павлодар: Кереку, 2012. – 217 б.
- 4 Фольклорлық мұралар: жиналу, жариялану тарихы. – Алматы: Evo Prees, 2014. – 468 б.
- 5 Радлов В. Образцы народной литературы тюркских племен. Ч.6: Наречье таранчей. – СПб.: Императорская Академия Наук, 1907. – 659 с.
- 6 Потанин Г. В юрте последнего киргизского царевича // Труды по этнографии и фольклору. – Астана: Алтын кітап, 2007. Т.6. – С. 85-108.
- 7 Алекторов А.Е. Астраханский вестник. 1893. №1253, 1267, 1274, 1281, 1288, 1294, 1302, 1308, 1310.
- 8 Пантусов Н.Н. Образцы киргизской народной литературы. – Казань, 1909. – 60 с.
- 9 Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1989. – 283 б.
- 10 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. – Алматы: «Атамұра», 1996. –Т.3. – 768 б.
- 11 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
- 12 Әрінова Б. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы. Педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2003. –164 б.
- 13 Ыбырай Алтынсарин. Ильминскийге жазған хаты. Қазақ тілі: Оқу құралы. – Алматы: Білім, 1994. – Б. 104-105.
- 14 Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 160 б.
- 15 Сәтбаева Ш. Алтынсарин өрнектерінің кейбір сырлары. «Ыбырай Алтынсарин тағылымы». – Алматы: «Жазушы», 1991. – 320 б.
- 16 Кенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы әдебиет. Жетінші кітап. Жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Білім, 1993. – 248 б.
- 17 Ахметов З. Абайтану белестері // Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
- 18 Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. Педагогтық институттар мен университеттің филология факультетіне арналған. – Алматы: Мектеп, 1969. – 244 б.
- 19 Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1961. – 376 б.

- 20 С. Торайғыров қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан. // Айқап. – 1913. -№19. – 405 б.
- 21 Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана: Елорда, 2003. – 420 б.
- 22 Сыздықова Р. Сөз өнері. – Алматы, 1997. – 120 б.
- 23 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы / Құраст. Т. Әнесов, А. Мектепов. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 24 Дайрабаева А.Е. Қазақстанда дидактикалық ойлардың дамуы (XIX ғасырдың екінші жартысынан Қазан төңкерісіне дейін). Педагогика ғылымдарының канд. ғылыми дәрежесіне ие болу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 1994. – 170 б.
- 25 Әуезов М. Әдебиет тарихы: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 26 Досмұхамедұлы Х. Аламан. (Құраст, алғы сөзін және түсініктемелерін жазғандар – Ғарифолла Әнесов, Аманқос Мектепов, Шәмшәдин Керімов). – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.
- 27 Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2017. – 480 б.
- 28 Қирабаев С. Мектеп және қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1979. – 90 б.
- 29 Нұрахмет И. Қазақ әдебиетінің төркіні мен тарихын дәуірлеу. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Астана, 2005. – 41 б.
- 30 Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Бірінші кітап. – Алматы; Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1960. – 738 б.
- 31 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Санат, 1996. – 366 б.
- 32 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
- 33 Қондыбай С. Мифке оралу. // Рух-мирас. – Алматы: Арыс, 2006. - №2(5).– 115 б.
- 34 Найманбаев А.А. Миф и мифологический дискурс в современной прозе //«Результаты современных научных исследований» Материалы международной научно-практической конференции. 21 декабря 2017 г. – Астана: Қазақстан, 2017. – С. 254.
- 35 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы //Егеменді Қазақстан.– 2012.– 15 желтоқсан.
- 36 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. // Егемен Қазақстан. – 2017. – 12 сәуір.
- 37 Қасқабасов С. Ойеріс (Фольклор туралы). – Астана: «Астана полиграфия», 2009. – 320 б.
- 38 Абдуллина А.Б. Мифтік фольклор. Оқу құралы. – Ақтөбе: Принт-А баспасы, 2014. – 193 б.

- 39 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1998. – 384 б.
- 40 Элиаде М. Миф о вечном возвращении / Пер. с фран. Е.Морозова (1, 2, глава), Мурашкинцева Е. (3, 4 глава). -1998. -258 с.
- 41 Бирлайн Дж.Ф. Параллельная мифология/ Пер. с англ. А.Блейз. – М.: КРОН-ПРЕСС, 1997. – 336 с.
- 42 Юнг К.Г. Душа и миф шесть архетипов / Пер с англ. под рук. Юдина А.А., Наукманова В.В. – Киев, 1996. – 384 с.
- 43 Мелетенский Е.М. Поэтика мифа. – М., 1976. – 406 с.
- 44 Қасымжанов А. Рухани тамырлар. – Алматы: Білім, 1994. – 176 б.
- 45 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
- 46 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 510 б.
- 47 Аймұхамбетова Ж.Ә. Л.Н. Гумилев атын. Еуразия ұлттық университеті. Оралхан Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесі. Филол.ғыл.канд....дис.- Астана, 1999. – 126 б.
- 48 Қасқабасов С. Мифология. Фольклор. Әдебиет. Зерттеулер.– Астана: Фолиант, 2014.- Т.2. – 344 б.
- 49 Қондыбай С. Миф // «Әлемдік мәдениеттану ой-санасы». Он томдық. Мифология: құрылымы мен рәміздері. – Алматы: Жазушы, 2005. –Т.2 – 568 б.
- 50 Найманбаев А.А. Поэтикалық мифологияның көркем әдебиет пен әдебиеттанудағы көрінісі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2016. -№4 (58). - 252 б.
- 51 Найманбаев А.А. Түркі жұртына ортақ мифологиялық сюжеттер. Nevruz zirvesi. I.Uluslararası.Abay Kunanbayoglu. Kazak kulturu, tarihi ve edebiyati sempozyumu. –Antalya, 2018.-№ 20-23. -446 б.
- 52 Ғалиева А.Н. Қазақ прозасындағы мифтік шығармашылық // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2005.-№7(89). -320 б.
- 53 Классикалық зерттеулер: Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер Көп томдық. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2012. –Т.6. – 408 б.
- 54 Найманбаев А.А. Өтеген батыр жырындағы ел үмітінің көрінісі және мифтік персонаждармен генетикалық байланысы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. –2017.- №2 (44). – 241 б.
- 55 Жаксылыков А.Ж. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержанием в произведениях казахской литературы. Типология, эстетика, генезис: дис. докт. – Алматы, 1999. – 348 с.
- 56 Almas Naimanbaev. The problem of elimination of illiteracy by writing textbooks in the steppe // Orcion, 2019. – №35(88). – P. 543-566.
- 57 Мұсалы Л. Символ-берне туралы // Көк күмбез: Жас ғаламгерлер жинағы. – Алматы: Раритет, 2004. – 176 б.
- 58 Жанұзақова Қ.Т., Өтепбергенова Г. Қазақ прозасындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселесі // ҚазҰУ хабаршысы. Филологиялық сериясы. –2014.- №4-5 (150-151). -350 б.

59 Жанұзақова Қ.Т. Қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі (XX ғасырдың екінші жартысы). Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. – Алматы, 2010. – 44 б.

60 Мифы народов мира. Энциклопедия: В2-х т. / Гл.ред. С.А. Токарев. – М.: НИ «Большая Российская энциклопедия», 1998. – Т.2: К-Я. – 720 с.

61 Найманбаев А.А. Қазақ прозасындағы мифтердің трансформацияға ұшырауы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2016. -№6 (42). - 126 б.

62 Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Жиырма томдық.– Астана: Аударма, 2005. – Т.1.- 496 б.

63 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 350 б.

64 Тұңғышбаева Ғ.Ж., Қожахметова Ф.Б. Эпикалық жанрлар табиғаты // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. –2017. - №2 (166). -420 б.

65 Асылбекұлы С. Қазақ повесі (генезис, эволюция, поэтика). Монография. – Алматы: Үш қиян, 2008. – 196 б.

66 Таңжарықова А. Прозалық шығармалардағы этно-фольклорлық сарындар // ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. – Алматы, 2014. – 258 б.

67 Қасқабасов С. Алтын жылға. – Алматы: Жібек жолы, 2010. – 575 б.

68 Найманбаев А.А. Ә.Кекілбаев повестерінің сюжеттік желісін оқытудың ерекшеліктері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары сериясы» сериясы. – 2021.-№4 (78).– 57 б.

69 Мәуленов А. Ш.Айтматовтың повестеріндегі түркілік мифологияның трансформациялануы // Наука, новые технологии и инновации Кыргызстана. – 2015. -№ 5. - Б.217-219

70 Мирча Элиаде. Миф аспектілері // «Әлемдік мәдениеттану ой-санасы». 2-том. Мифология: құрылымы мен рәміздері. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568 б.

71 Орда Г. Сөз құдіреті. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2006. – 384 б.

72 Дандай Ысқақұлы «Сын өнері». – Алматы: «ҚАЗАқпарат», 2000. – 303 б.

73 Мағауин М. Қыпшақ аруы. – Алматы: Атамұра, 2006. – 250 б.

74 Мелетинский Г.Е. Поэтика мифа. – М.: Восточная литература, 1976. – 401 с.

75 Ақеділ Тойшанұлы. Алып шынар // Егемен Қазақстан газеті. Руханият. <https://egemen.kz/article/219262-alyp-shynar> 31 қаңтар, 2020.

76 Дидар А. Мұқтар Мағауин: титан тұлға. Эссе. // <https://adebiportal.kz/kz/news/view/22441>. 5 қаңтар, 2020.

77 Сәбит Жәмбек. // Қазақ әдебиетіндегі трансгрессия бастауы қайда? <https://adebiportal.kz/kz/news/view/20191>. 3 шілде, 2018.

78 Жанұзақова Қ.Т. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі романның жанрлық трансформациялануы. ПМУ хабаршысы, Филология сериясы. – 2014. -№4. - 272 б

- 79 Еремина В. Миф и народная песня-в книге: Миф, Фольклор, Литература. – Ленинград: Наука, 1978. – 520 с.
- 80 Тоқсамбаева А.О. Мұхтар Мағауин шығармаларының көркемдік-эстетикалық танымы // «Қазақ әдебиеті». Жинақ. -2005 .- №4.-46 б.
- 81 https://adebiportal.kz/kz/news/view/talasbek_asemkulov_bektorinin_kazinas_i__21217 30.02.2019
- 82 Мәдібай Қ.Қ. Көркемдік кеңістігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 215 б.
- 83 Досжан Д. Құм кітабы: Хикаяттар, әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1996. – 384 б.
- 84 Ақыш Н. Мемуарлық шығармадағы патриотизм // Ұлағат. – №6. – 2006. – 28-34 б.
- 85 Елеукенов Ш. Замандас парасаты. – Алматы: Жазушы, 1977. – 300 б.
- 86 Кемелбаева А. Тобылғысай. Повесть және әңгімелер. – Астана: Елорда, 2001. – 120 б.
- 87 Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. – Алматы: Юрист, 2007. – 42 б.
- 88 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы //28 ақпан 2007.
- 89 Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос. // Орыс тілінен аударған Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев.–Алматы:Жазушы,1986. – 124 б.
- 90 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973. – 448 б.
- 91Баласағұни Ж. Құт негізі – білік. // Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсінігін жазған А.Егеубаев. – Алматы: Мұратас, 1993. – 315 б.
- 92 Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. Диуани лұғат-ат-түрік. – Алматы: Ғылым, 1993. – 243 б.
- 93 Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет(Ақыл кітабы) Қазақшаға аударғандар М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Ша-фиғи. – Алматы: Мұратас, 1993. – 262 б.
- 94 Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) XV–XIX ғасырлардағы қазақ философиясының тарихи сипаттамасы / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 302 б.
- 95 Джонисова Г.К. Бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың ұлттық күндылық бағдарын қалыптастыру: пед.ғыл.канд....дис.- Алматы, 2010. – 127 б.
- 96 Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 282 б.
- 97 Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы: Білім, 2000. – 368 б.
- 98 Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім: дәстүр және көркемдік. Монография. – Семей: «Үш биік», 2007. – 225 б.
- 99 Ұзақбаева С.А. Халықтық педагогикадағы эстетикалық тәрбие: пед. ғыл. докт...дисс. – Алматы, 1993. – 420 б.

- 100 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – Алматы: Рауан, 1994. – Т.1. – 320 б.
- 101 Қалиев С.К. Қазақтың халық тәлім-тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері: пед.ғылым докт.... дисс., автореф. – Алматы, 1996. – 47 б.
- 102 Қожахметова К.Ж. Теоретико-методологические основы казахской этнопедагогики: дисс...док. пед. наук. – Алматы, 1998. – С. 431.
- 103 Оразбекова К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. – Алматы: Комплекс, 2000. – 397 б.
- 104 Джанзакова Ш.И. Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздері: пед.ғыл.докт...дисс... – Қарағанды, 2007. – 347 б.
- 105 Қазақ Совет энциклопедиясы. Бас редактор Қаратаев М. – Алматы, 1976. – 640 б.
- 106 Философиялық сөздік. Бас ред. Нұрғалиев Р.Н. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 б.
- 107 Худайбергенов Н.Д. Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар (1991–2016 жж.). Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. – Алматы, 2020. – 163 б.
- 108 Қасабек А. Ұлттық руханияттың құндылық болмысы // Қазақтану өрісі: Оқу құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 204 б.
- 109 Ғабитов Т.Қ. Философия. Алматы: Раритет, 2005. – 400 б.
- 110 Нұрышева Г.Ж. Адам өмірінің философиялық мәні. – Алматы, 2001. – 238 б.
- 111 Мадалиева Ж.Қ. Қазіргі заманғы білім беру философиясы: мақсаттары, міндеттері, функциялары. <http://www.rusnauka.com/>
- 112 Қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруындағы қазақ философиясының рөлі мен маңызы. Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты, 2020. – 341 б.
- 113 Лосев А. Ф. Мифология // Философская энциклопедия: В 5 т. – М., 1964. -Т.3 – 575 с.
- 114 Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім әлемі. – Алматы: Раритет, 2008. – 408 б.
- 115 Жұмақасеова Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 б.
- 116 Қазақстан: Ықшам энциклопедиялық сөздік / Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясы», 2006. – 704 б.
- 117 Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 384 б.
- 118 Айтбаева А. Шәкәрім Құдайбердіұлының діни-этикалық көзқарасы: Автореферат / Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті. – Алматы, 1996. – 26 б.
- 119 Аймауытов Ж. Психология. – Қызылорда-Ташкент: Қазан мемлекеттік баспасы, 1926. – 81 б.

120 Карбозова Б.Д. Қазақ тіліндегі омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын ЖОО-да оқытудың әдістемесі. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. -Алматы, 2019. – 167 б.

121 Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы: оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 492 б.

122 Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.: Педагогика, 1991. – 480 с.

123 Алиева Ж.А. Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. -Алматы, 2016. -144 б.

124 Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық.-Алматы, 2005. – Т.2.-476 б.

125 Жарықбаев Қ., Сангилбаев О. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 384 б.

126 Нысанбаев Ә. Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі – Мир ценностей независимого Казахстана. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2011. – 271 б.

127 Рақымжанов Т. Қазақ прозасындағы психологизм. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2016. – 160 б.

128 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.

129 Әуезов М. Анкетаға жауап. – Алматы: «Жұлдыз», 1991. – №10. – 129 б.

130 Есембеков Т.У. Көркем мәтінді талдау негіздері: оқу құралы / Есембеков, Темірғали Уразғалиұлы; Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 122 б.

131 Логотерапия немесе өмірге құштарлық. Отбасы хрестоматиясы. Алтыншы басылым / Құраст. Керімбай С., Нәби А., Төлеген М., Тайғарин С. – Алматы: «Отбасы хрестоматиясы» ҚҚ, 2022. – 472 б.

132 Виктор Франкл. Өмірден мән іздеген жан. – Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2020. – 192 б.

133 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербальді ишараттар, заттық әлем). Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.

134 Саметова Ж.Ш. «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар және оны оқыту (XXI ғасыр)». Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. – Алматы, 2021. – 181 б.

135 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1998. – Т. 4. – 460 б.

136 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 160 б.

137 Айтмамбетова Б.Р., Бейсенбаева А.А. «Педагогика пәні және оның міндеттері». Лекциялар курсы. – Алматы, 1991. – 67 б.

138 Ахметова Г.К. Педагогика ғылымының мақсаты мен міндеттері. Әдістемелік құрал. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 35 б.

- 139 Әтемова Қ.Т. «Педагогика негіздері: оқу-әдістемелік құрал». – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2006. – 116 б.
- 140 Әлқожаева Н.С. Педагогикалық менеджмент: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 68 б.
- 141 Айтымова А.Н., Шевченко С.А. Педагогикалық шеберлік: оқу-әдістемелік құралы. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2015. – 109 б.
- 142 Аубакирова Р.Ж., Нұрбекова М.А. Педагогикалық зерттеу әдістемесі: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2008. – 128 б.
- 143 Тіл және руханият: өзекті мәселелер. Халықаралық конференция материалдары. – Астана: Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2010. – 560 б.
- 144 Исаева З.А. Формирование исследовательской культуры выпускника университета как педагогическая проблема // Формирование личности учителя: межвузовский сборник научных трудов. – М.: Прометей, 1994. – С.85-97.
- 145 Балтабаева Ж. Студенттер тілін дамыту әдістемесі. – Алматы: Інжу-Маржан, 2008. – 190 б.
- 146 Керімбекова А. Қазақ тілін жоғары оқу орны студенттеріне фразеологиялық сөздік арқылы оқыту әдістемесі (гуманитарлық факультеттің орыс бөліміне арналған). пед. ғыл. канд. ... дис. қолжазба. – Алматы, 2010. – 156 б.
- 147 Калмыкова, З.И. Продуктивное мышление как основа обучаемости / З.И. Калмыкова. – М.: Педагогика, 1981. – 200 с.
- 148 Иванченко А.А. Проблема креативности в отечественной психологии // Проблемы сучасної психології. – 2012. -Вип. 16. – 820 б.
- 149 Щербакова Е.Е. Формирование педагогической креативности студентов вуза в условиях профессиональной подготовки: дис. ... канд. психол. наук. – Нижний Новгород, 2000.– 221 с.
- 150 Нағымжанова Қ.М. Университет студенттерінің педагогикалық креативтігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастырудың ғылыми негіздері: пед.ғылым. докт. ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. дис...автореф. /Қ.М. Нағымжанова. – Алматы, 2010. – 110 б.
- 151 Мұханбетжанова Ә. Педагогиканы оқыту әдістемесі. Оқулық. – Алматы: ЖШС РПИК «Дәуір», 2011. – 368 б.
- 152 Жусупова Ж.А. Педагогикалық шеберлік: оқулық. – Алматы, 2011. – 316 б.
- 153 Дәулетбекова Ж.Т. Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі. Монография. – Алматы: Ғылым және білім интеграциясы институты, 2017. – 240 б.
- 154 Игібаева А.К., Дюсенбаева А.Т. Жоғары мектеп педагогикасы: оқу құралы. – Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2013. – 147 б.
- 155 Симбаева С. Белсенді оқу мен оқытуда қолданылатын әдістер: әдістемелік құрал / құраст. С. Симбаева. – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» университетінің баспаханасы, 2019. – 133 б.

156 Жияшева Ж.Ш. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау. 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2021. – 165 б.

157 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені жоғары оқу орындарында қолдану мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2013. – 448 б.

158 Бордовская Н. В., Реан А.А. Педагогика. – СПб: «Питер», 2006. – 304 с.

159 Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: оқулық. – Алматы, 2014. – 360 б.

160 Акбулатов А.А. ХХІ ғасырдағы қазақ романдарын жоғары мектепте оқыту әдістемесі. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. -Алматы, 2018. – 165 б.

161 Оспанов Е. Эссе және оның түрлері. Оқу құралы. – Алматы: «ОНОН», 2022. – 120 б.

162 Almas Naimanbaev. Teaching Kazakh novels with electronic book applications; Teacher and student opinions. Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2021. – 16(5).-P.34-39

163 Нұрғазина Г. Қазақ әдебиетін оқытуда сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Көмекші құрал. – Семей, 2012. – 135 б.

164 Қазақ әдебиетін зерттеу мен оқытудың өзекті мәселелері. II кітап. – Алматы: «КИЕ» лингвотану инновациялық орталығы, 2010. – 152 б.

165 Ақшолоқов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. – Алматы: «Мектеп», 1975. – 185 б.

ҚОСЫМША А

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Бекітемін»
Институт директоры
А.В. Танжарикова
2020 ж.

SYLLABUS

1. Пән туралы ақпарат

Пәннің коды және атауы, циклы	Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту
Білім беру бағдарламасының коды және толық атауы	«5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті»
Оқыту нысаны (<u>күндізгі</u> , сырттай, кешкі қашықтықтан оқыту)	Күндізгі, 4 жылдық, 3 курс
Пәнді ұсынатын кафедра	Академик С. Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы
Контакттік ақпарат (телефон, e-mail):	Найманбаев Алмас Әбдіманапұлы e-mail: телефон:
Өткізу уақыты және орны: Аудиториялық сабақтар	Кестеге сәйкес:
СӨЖ, СОӨЖ (сағаты)	СӨЖ -7, СОӨЖ – 7
Кредит саны	2 кредит (3 ECTS) Дәріс – 15, практикалық – 15

2. Бақылау түрі (тест түріндегі емтихан)*

Критериалды бағалау: Үй тапсырмаларының немесе СӨЖ, СОӨЖ мерзімдері

ҚазҰПУ академиялық саясатына сәйкес жеңілдететін жағдайларда (ауру, шұғыл жағдайлар, күтпеген жағдайлар және т.б.) ұзартылуы мүмкін. Сындарлы сұрақтар, диалог, пікірталастарға қатысу, жаттығулар жасау және кері байланыс құпталады және көтермеленеді, ескеріледі және бағаланады:

1. Әр сабаққа тақырыпқа сәйкес, кестеге сәйкес алдын-ала дайындалу керек.
2. Үй тапсырмалары пән кестесінде көрсетілгендей семестр бойы бөлінеді.
3. Үй тапсырмаларының көпшілігінде бірнеше сұрақтар/тапсырмалар болады.
4. Семестр бойы сіз оқылатын материалды пайдаланасыз

СӨЖ көрсетілген мерзімде орындалуы тиіс. Көрсетілген мерзімнен кейін СӨЖ қабылданбайды.

Жиынтық бағалау:

Сіздің қорытынды бағаңыз мына формула бойынша есептеледі: $(АБ1+АБ2) \cdot 0,6 + Емт \cdot 0,4$

3. Курстың академиялық презентациясы

Пән бағдарламасы тақырыптық үрдісті сақтап құрастырылған. Әр тақырып оның мазмұнын ашатын негізгі мәселелер тізімін қамтиды, дәрістік курста жүйелі түрде баяндалады және студенттерге практикалық сабақтарда, сондай-ақ өзіндік жұмыс барысында оқытылады. Осы мәселелерді білу студентке оқу үдерісінде, ал оқытушыға бақылау іс-шаралары кезінде пәннің жекелеген тақырыптарын меңгеру дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді.

Оқу курсының типі: МК

Пәннің мақсаты: студенттерге қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды, олардың фольклорлық-этнографиялық тарихи негіздерін, оны зерттеудің тарихнамалық жүйесін, ғылыми-теориялық тұжырымдарды саралауға, білімгерлердің ізденістері бағыттары мен үйлесімі тұрғысында байыптауға бағдарлау, үйрету.

Пәннің негізгі міндеті:

- Мифтік фольклордың түрлеріне назар аудару;
- Қазақ фольклористикасындағы мифологияның зерттелу тарихына мән беру;
- миф теориясының фольклорлық-этнографиялық тарихи негіздерін таныту;
- мифологиялық ұғымдардың көркемдік ойлау дүниетанымын қалыптастырудағы, дамытудағы ықпалын айқындау;
- көркем әдебиет шығармаларындағы аңыздардың, мифтік сюжеттердің қолданылу мәнерін саралау;
- көркем әдебиет туындыларындағы мифтік желілердің көркемдік-стильдік ерекшеліктерін анықтау.

ББ бойынша оқытудың келесі нәтижелерін (ОН) орта мектептердегі әдебиет пәнінің құрылысы мен мазмұны, көркем шығармамен жұмыс жасау жолдарын, сабақ түрлерін, жазба жұмыстарының әдістемесін; орта мектептерде қазақ әдебиеті сабақтарының сағаттарын жоспарлауды, сабақты дайындап өткізуді, көркем шығарманы талдау жолдарын, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануды, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруды қалыптастыру болып табылады:

1. көркем шығарманы өмір оқулығы ретінде тани отырып, оқушыларға жеткізуде теориялық және әдістемелік білім жинақтау;
2. қазақ әдебиеті теориясынан алған білімдерін көркем шығарманы оқытуда пайдаланып педагогикалық әдіс-тәсілдерді топтастырып жіктеу;
3. білім беру ісінің пайда болу заңдылықтарын, қазақ әдебиетін оқытудың жеке ұстанымдарын, пәнаралық сабақтастығын, ерекшелігін тану, оқушы білімін бағалау;

4. көркем әдебиетті әлем әдебиетінің бір бөлшегі ретінде тани отырып, оны оқытудың өзекті мәселелеріне қатысты айтылған отандық және шетелдік ғалымдардың ойларын, пікірлерін түсіндіру;

5. көркем шығарманы талдай және сараптай алу, әдеби материалдарды талдау барысында өзіндік тұжырым мен қорытындылар жасай білу, қазіргі білім беру саласындағы технологияларды қолдану, педагогикалық әдеп, педагогикалық ортада өзіндік шешім қабылдау.

4. Курстың академиялық саясаты:

Оқыту әдістемесі бойынша теориялық және тәжірибелік әдістерді жүйелеу, оқыту әдістерінің дәстүрлі және жаңа тәсілдері, көркем туындыны талдаудың педагогикалық қағидалары туралы жан-жақты теориялық білімін жетілдіре отырып, кәсіби шеберлігі мен дағдысын қалыптастыру; Студенттің ойын ауызша да, жазбаша да жүйелі түрде жеткізуге машықтандыру

Академиялық тәртіп ережелері:

Сабаққа *міндетті/міндетті емес* қатысу, кешігуге жол бермеу. *Сабаққа кешігу және сабақта болмау 0 баллмен бағаланады.*

Тапсырмаларды (СӨЖ, аралық, бақылау, зертханалық, жобалық және т.б.), жобаларды, емтихандарды орындау және тапсыру мерзімдерін міндетті түрде сақтау. Тапсыру мерзімі бұзылған жағдайда тапсырма айыппұл баллдарын шегеру есебімен бағаланады.

Академиялық құндылықтар:

Академиялық адалдық және тұтастық: барлық тапсырмаларды орындау дербестігі; плагиаттың, жалғандықтың, шпаргалкаларды пайдаланудың, білімді бақылаудың барлық түрлерінде көшіріп алу және оқытушыны алдауды болдырмау.

Мүмкіндігі шектеулі студенттер e-mail бойынша кеңес ала алады.

5. Ақпараттық ресурстар: (Интернет-ресурстарды қоса алғанда)*

Негізгі әдебиеттер:

1. Мифология: құрылымы мен рәміздері // Элеуметтік мәдениеттану ой –санасы: Он томдық. 2 – том.: Алматы: Жазушы, 2005.- 568 б.; 15 – 560 – бб.
2. Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. 4 кітап.- к.1.-Алматы: Дайк- Пресс , 2004.- 504б.
3. Мифы народов мира: Энциклопедия; В 2 т. – 2-е изд.- М.: Сов., энциклопедия, 1987
4. Большой мифологический словарь / Сост. Александр Черныцкий/, М.: Голос, 2008 – 496 г.

Қосымша әдебиеттер:

1. Қасқабасов С.А., Миф пен эпсананың тарихилығы// Қазақ фольклорының тарихилығы.-Алматы: Ғылым, 1993 – 328б.; 82 – 129 – бб.
2. Мелетинский Е. Поэтика мифа.- М.: Наука: Редакция восточной литературы
3. Қазақстан басқсы – балгерлері. Алматы: Ана тілі, 1993 – 224б.
4. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері – Алматы: Алаш, 2003 – 328б.
5. Аймұхаметова Ж.Ә. Мифтің поэтикадағы қызметі. қазақ поэзиясы арқауында – Доктор. диссер., авторефераты – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2010 – 40 б.
6. Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: Ғылым, 2002 – 320 б.
7. Мәуленов А. Қазақтың прозадағы мифтік аңыздың қолданысы. – Алматы: Қазығұрт 2008 – 184б.
8. Б.Сманов көркем шығарманы талдау әдістемесі: Монография.- Алматы: ҚазҰПУ-дың «Ұлағат» баспасы, 2011.-344б
9. Жұматаева Е. Жоғары мектепте әдебиетті білімденудің инновациялық технологияларымен оқыту. /Монография. – Павлодар: «Кереку»–2012. – 224 б.
10. Бөрібекова Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет

11. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: *Оқулық* – Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 бет.

12. Сманов Б. Көркем шығарманы талдау негіздері. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2016. – 366б

13. Ә. Мұхтарова, Р.Бораш. Студенттердің кәсіби күзiретiлiгiн қалыптастыру. Оқу құралы. – Алматы; «Үш қиян» баспасы, 2020. -168бет.

www.qazaqtili.com www.minber.kz <http://kk.wikipedia.org> <http://malimeter.kz/>
www.rambler.kz www.kitap.qazbilim.kz. . <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/747>

Элективті курстың пререквизиттері: «Қазақ халық ауыз әдебиеті», «Әдебиеттануға кіріспе», «Ежелгі дәуір әдебиеті», «XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы», «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» пәндері.

Элективті курстың постреквизиттері: «Қазіргі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы» пәндері.




6. Оқу курсының тақырыбын іске асыру күнтізбесі:

Апт а /күн	Тақырып атауы (дәріс, практикалық сабақ, СӨЖ, СОӨЖ)	Сағат саны	Ең жоғары балл
1	2	3	5
I Модуль. Қазақ фольклорындағы миф пен мифологиялық түсініктер			
1	Дәріс 1. Фольклордағы мифологияның зерттелуі	1	1
	Практикалық сабақ 1. 1.1 Фольклордағы мифология туралы түсінік 1.2 Қазақ фольклористикасындағы мифологияның зерттелуі	1	5
2	Дәріс 2. Қазақ мифологиясының жанрлық ерекшелігі	1	1
	Практикалық сабақ 2. 1.1 Қазақ мифологиясының құрылымы 1.2 Қазақ мифологиясының жіктелуі	1	5
3	СОӨЖ 1 Кеңес беру және СӨЖ қабылдау: 1.1 А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан қазақ фольклорын зерттеушілер (слайд) 1.2 Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» кітабындағы фольклордың жіктелуі (реферат) 1.3 М. Әуезов – фольклортанушы ғалым (постер) 1.4. XX ғасырдың бірінші жартысында миссионерлік бағытта фольклордың зерттелуі (конспектілеу)	1	18
	Дәріс 3. Космогониялық, антропологиялық мифтер	1	1
4	Практикалық сабақ 3. 1.1 Дүниенің, ғаламның пайда болуы туралы мифтер 1.2 Адамның жаралуы туралы мифтердің ерекшелігі	1	5
	Дәріс 4. Діни және гигантоманиялық мифтер, мифтердің жанрлық және тақырыптық ерекшелігі	1	5
4	Практикалық сабақ 4. 1.1 Халық ұғымындағы дүние жаратылысы туралы мифтердің жанрлық сипаты (Топан су, аруақ, әулие-әнбиелер т.б.)	1	5

	1.2 Гигантоманиялық мифтер (Ертегі, әпсана-хикаяттардағы дәу, алыптар)		
	СОӨЖ 2 Кеңес беру және СӨЖ қабылдау: 21. Мифтік фольклор – жалпы ұлттық фольклордың бір саласы(конспектілеу) 2.2. Су иесі, Жер иесі туралы әңгімелер (реферат) 2.3. Кие, Құдірет туралы наным – сенімдер(кесте құрастыру) 2.4. Қазақ ертегілеріндегі алыптар бейнесі(тезис жасау)	1	18
5	Дәріс 5. Шежірелік және хикаялық қазақ мифтері	1	1
	Практикалық сабақ 5. 1.1 Шежірелік мифтер (Жерұйық, Өтүкен, Ергенекон т.с.с. аңыздық сипатына байланысты мифтер) 1.2 Хикаялық және тотемдік қазақ мифтері (ит, жылқы, аққу, түйе тотемдерінің таралуы жын-шайтан, албасты, пері, жезтырнақ,)	1	5
6	Дәріс 6.Жер-су атауларына байланысты мифтер	1	1
	Практикалық сабақ 6 1.1.Қазақ жер-су атаулары туралы мифтердің шығу тарихы 1.2. Әлем мифологиясындағы жер-су атауларына байланысты мифтер	1	5
7	Дәріс 7. Қазақ философиясының қалыптасуындағы фольклор мен мифтің рөлі	1	1
	Практикалық сабақ 7 1.1. Фольклордың қазіргі рухани жаңғыру үдерісіне әсері 1.2. Мифтерді тудырған ортаның ойлау жүйесі мен мифтік сананың даму кезеңдері	1	5
	СОӨЖ 3 Кеңес беру және СӨЖ қабылдау: 3.1.Төрт түлік иелері туралы мифтік әңгімелер: Қамбар ата, Ойсыл қара,т.б.(кесте дайындау) 3.2.Асан қайғының Жерұйықты іздеуі-түркі халықтарын ортақ сарын(ғылыми жоба) 3.3. Жезтырнақ, албасты, пері, жын – шайтан образдарындағы ерекшелік (слайд) 3.4. Ер Төстік ертегісіндегі аңыздық кейіпкерлер, олардың міндеті(салыстыру кестесі)	1	19
8	Дәріс 8 Қазақ прозасындағы мифологизмнің көрінісі	1	1
	Практикалық сабақ 8 1.1 XX ғасырдың I жартысындағы қазақ әдебиетіндегі мифопоэтиканың көрінісі 1.2XX ғасырдың II жартысындағы қазақ повестерінде мифтің қолданылуы	1	5
	1 Аралық бақылау		
	Барлығы	15	100
II Модуль. Қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың тиімді жолдары			
9	Дәріс 9. Қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудағы инновациялық технологиялар	1	1
	Практикалық сабақ. 9 1.1.Прозалық шығармаларды оқыту 1.2. Жалпы білім беретін мектептердегі әдебиетті оқыту мақсаттары	1	5

	Дәріс 10. Ә. Кекілбаевтың повестеріндегі мифтік сарын	1	1
10	Практикалық сабақ 10 1.1. «Күй» повесін орта мектепте оқытудың тиімді жолдары 1.2. «Күйші» повесіндегі мифопоэтиканың көрінісі	1	5
	СОӨЖ 4 Кеңес беру және СӨЖ қабылдау: 4.1. «Күй», «Ханша-дария» повестеріндегі кейіпкерлер образы(эссе) 4.2. Мифтік образдарды оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялар(слайд) 4.3. «Күй» повесінің идеясына сыни пікір(әдеби сын жазу) 4.4. Әбіш Кекілбаевтың «Күй» повесіне ҚМЖ дайындау	1	16
11	Дәріс 11 О. Бөкей повестеріндегі аңыздық-мифтік желінің көркемдік қызметі	1	1
	Практикалық сабақ 11 1.1. Оралхан Бөкейдің "Атау кере" повесіндегі кейіпкерлер жүйесі 1.2. "Атау кере" повесіндегі мифтік образдар	1	5
12	Дәріс12. Сәкен Жүнісов прозасындағы мифологизм	1	1
	Практикалық сабақ 12. 1.1. «Аманай мен Заманай» повесіндегі тарихи шындық және көркемдік шешім 1.2 «Аманай мен Заманай» повесіндегі «Сәукеле тау» аңызының көркемдік мәні	1	5
	СОӨЖ 5 Кеңес беру және СӨЖ қабылдау: 5.1 «Қар қызы» повесіндегі кейіпкерлер жүйесі(инсценировка) 5.2 «Мұзтау», «Сайтан көпір» повестерінің көркемдік тілі(реферат) 5.3 «Атау кере» повесіндегі жалпыадамзаттық құндылық(эссе) 5.4. С.Жүнісовтің «Аманай мен Заманай» романында көтерілген мәселе(реферат)	1	16
13	Дәріс 13. Ш. Айтматов прозасындағы мифологиялық құрылым	1	1
	Практикалық сабақ 13. 1.1. Ш. Айтматовтың образ жасау шеберлігі 1.2. Ш. Айтматовтың «Ақ кеме» повесіндегі кие ұғымы	1	5
14	Дәріс 14 Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ повестеріндегі постмодернистік белгілер	1	1
	Практикалық сабақ 14. 1.1 Қазақ повестеріндегі неомифологизм 1.2 М. Мағауиннің «Қыпшақ аруы» повесіндегі мифтің көрінісі	1	5
	СОӨЖ 6 Кеңес беру және СӨЖ қабылдау: 6.1 «Ақ кеме» повесінің әлемдік тақырыптармен үндестігі(слайд) 6.2 Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» повесіндегі ұлттық мүдде(эссе) 6.3 Постмодернизммен жазылған шығармалардың ерекшелігі(салыстыру кестесі) 6.4. Бұғы аңызының мәні(постер)	1	16
15	Дәріс 15 Т. Әсемқұловтың повесіндегі фольклорлық көріністер	1	1
	Практикалық сабақ 15. 1.1.Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» повесіндегі көркемдік ізденістер 1.2. Т.Әсемқұлов «Бекторының қазынасы» повесіндегі образдар жүйесі	1	5

СОӨЖ 7 Кеңес беру және СӨЖ қабылдау: 7.1 Т.Әсемқұлов «Бекторының қазынасы» әңгімесіндегі өмір шындығы(эссе) 7.2 Т.Әсемқұлов «Бекторының қазынасы» әңгімесіндегі кейіпкерлер жүйесі(талдау) 7.3 Сикырлы жүзік.Заман бейнесі(постер) 7.4. Бекторы мен Қайырболдыны мінездеу (салыстыру кесте)	1	17
2Аралық бақылау		
Барлығы	15	100

Ізденуші: Найманбаев А.А.  Қолы
 Кафедра меңгерушісі: Ильясова Н.Ә.  Қолы
 Институт оқу-әдістемелік бірлестігінің бастығы Юсуп А.Н.  Қолы

ҚОСЫМША Б

«БЕКІТЕМІН»

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры М.Ә. Бектемесов




2020 ж.

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу жүйесіне енгізу туралы АКТ

Докторант Найманбаев Алмас Абдыманаповичтың «Жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесі» тақырыбындағы докторлық диссертациясының нәтижелері «5В011700-қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының оқу үдерісіне «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» атты таңдау пәні ретінде енгізілді.

Филология және көптілді білім беру институтының директоры  А.В. Танжарикова

С. Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі  Н.А. Ильясова

Ғылыми жұмысты орындаушы  А.А. Найманбаев

ҚОСЫМША В

1. Фольклорға тән емес ерекшелікті көрсетіңіз?

- A) авторы болуы
- B) ауызша таралуы
- C) көп нұсқалылық
- D) дәстүрлік синкреттілік
- E) ауызша формада тууы

2. А. В. Алекторовтың көрсеткішінде фольклор жанларының қай түріне көп мән берілген?

- A) аңыз бен ертегілерге
- B) тұрмыс – салт жырларына
- C) жыр – дастандар мен қиссаларға
- D) ұсақ жанрларға
- E) айтыстарға

3. Ш. Уәлихановтың «Жоңғария очерктері» атты еңбегі қай жылы жарық көрді?

- A) 1861 жылы
- B) 1858 жылы
- C) 1873 жылы
- D) 1864 жылы
- E) 1859 жылы

4. Қазақ фольклортану ғылымы өз алдына дербес ғылым ретінде қашан қалыптасты?

- A) Қазан төңкерісінен кейін
- B) Ақпан революциясынан кейін
- C) азаматтық соғыстан соң
- D) Ұлы Отан соғысынан кейін
- E) ұлт-азаттық көтерілістен соң

5. Кеңестік фольклористикада фольклор мен әдебиеттің өзара байланысын зерттеу қай жылдардан бастау алады?

- A) 1920-шы жылдардан
- B) 1930-шы жылдардан
- C) 1940-шы жылдардан
- D) 1950-шы жылдардан
- E) ХІХ ғ II жартысы

6. М Әуезовтің 1927 жылы жарық көрген зерттеу еңбегін атаңыз?

- A) «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі»
- B) «Қобыланды батыр»
- C) «Әдебиет тарихы»
- D) «Халық ауыз әдебиеті»
- E) «Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті»

7. А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінің неше тарауы ауыз әдебиетіне арналған?

- A) 10
- B) 3
- C) 1
- D) 7
- E) 9

8. Космогониялық мифологияға не жатады?

- A) Түс көру, ежелгі наным-сенімдер туралы мифтер
- B) Дүниенің, ғаламның, адамның жаралуы туралы
- C) Ырым-тыйымдар
- D) Дүниені топан судың басуы жайлы мифтер
- E) Аруақ, әулие-әнбиелер туралы мифтер

9. Антропологиялық мифтер дегеніміз не?

- A) Адамның жаралуы туралы мифтер
- B) Алыптар турасындағы мифтер
- C) Шежірелік мифтер
- D) Аруақ, әулие-әнбиелер туралы мифтер
- E) Жер-су, тау мен тас жөніндегі мифтер

10. Аңыздардың жалпыадамзаттық мазмұны мен оның философиялық астарын ашқан ақын?

- A) Мұхтар Әуезов
- B) А. Байтұрсынұлы
- C) Абай Құнанбайұлы
- D) Міржақып Дулатов
- E) Сәбит Мұқанов

11. «Ер Төстік» ертегілердің қайсы түріне жатады?

- A) Тұрмыс –салт ертегілері
- B) Қиял – ғажайып ертегілері
- C) хайуанаттар туралы ертегілер
- D) шыншыл ертегілер
- E)Әдеби ертегілер

12. Қай жылдары повестерде мифтік сарындарды қолдану дәстүрі кең етек алды?

- A) 70-80 ж.ж.
- B) 60-70 ж.ж.
- C) 80-90 ж.ж.
- D) 50-60 ж.ж.
- E) 57-65 ж.ж.

13. Перінің қызы кім...?

- A) Бекторы
- B) Жантөре
- C) Ақторы
- D) Көкторы

Е) Кенжекей

14. Бұл үзінді қай шығармадан алынған: «Құрбан қария анадайдан мола көрінсе болды, машинаны тоқтатып, жерге түседі. Сосын үшеуі шығып зиратқа беттейді. Құрбан қауымның құбыла жақ алдына шығып, дұға оқиды. Дұға оқып болған соң, қасынан бір уыс топырақ алып, қара молаға ішіндегі топырағы ойылып, қымыздық шыққан ескі көрдің үстіне тастайды. Сосын машинаға жеткенше артына қарамайды, тырс үндемейді».

А) Таласбек Әсемқұлов «Талтүс»

В) Шыңғыс Айтматов «Ақ кеме»

С) Оралхан Бөкей «Атау кере»

Д) Әбіш Кекілбаев «Күй»

Е) С. Жүнісов «Аманай мен Заманай»

15. Қайсысы повестің мазмұнына сай?

А) «Атау кере» повесі бүкіл адамзаттық мәселелерді қозғайды

В) «Атау кере» повесі бүкіл адамзаттық мінезді қозғайды

С) «Атау кере» повесі адал махаббатты қозғайды

Д) «Атау кере» повесі бүкіл салт-дәстүрді қозғайды

Е) «Атау кере» повесінде тарихи мәселелер сөз болады

16. Бала, Момын-қария, Оразқұл, жүргізуші-солдат қай повестің кейіпкерлері?

А) Әбіш Кекілбаевтың «Күй» повесі

В) Шыңғыс Айтматов «Ақ кеме»

С) Оралхан Бөкей «Атау кере»

Д) Шыңғыс Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесі

Е) С. Жүнісов «Аманай мен Заманай»

17. «Сәукеле тау» туралы аңыз қай шығармада суреттеледі?

А) С. Жүнісов «Аманай мен Заманай»

В) М. Мағауин «Қыпшақ аруы»

С) Оралхан Бөкей «Қар қызы»

Д) Шыңғыс Айтматов «Ақ кеме»

Е) Таласбек Әсемқұлов «Бекторының қазынасы»

18. Қыпшақ ханы Көбектің бәдізші ұлы Саржан...қай хикаяттың кейіпкері?

А) С. Жүнісов «Аманай мен Заманай»

В) Оралхан Бөкей «Қар қызы»

С) М. Мағауин «Қыпшақ аруы»

Д) Таласбек Әсемқұлов «Бекторының қазынасы»

Е) Шыңғыс Айтматов «Ақ кеме»

19. «Ер Төстік» ертегісіндегі Бекторының зұлым бейнесі трансформацияланған хикаят?

А) С. Жүнісов «Аманай мен Заманай»

В) Оралхан Бөкей «Қар қызы»

С) М. Мағауин «Қыпшақ аруы»

Д) Таласбек Әсемқұлов «Бекторының қазынасы»

Е) Шыңғыс Айтматов «Ақ кеме»

20. Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» повесіндегі кейіпкерлерді атаңыз?

А) Бекторы, Қайырболды, Сағындық Тілешов

В) Қоңқай шал, Бекторы, Нұржан

С) мүсінші Көбеков Саржан, Бекторы, Айбике

Д) Бекторы, Бала, Момын-қария, Оразқұл

Е) Қайырболды, мүсінші Көбеков Саржан, Бекторы